



«ЖАМБЫЛ. ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ»
жобасын жүзеге асыру жөніндегі
РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Көшербаев Қ.Е. төраға

Аймағамбетов А.Қ.

Райымқұлова А.Р.

Ақыш Н.Б.

Әбдуәлі А.

Әбдіғұлов Р.

Есдәулет Ұ.О.

Жамбылова С.Т.

Искаков Ә.М.

Қалиева А.Қ.

Қасқабасов С.А.

Қирабаев С.С.

Құрманғалиева Ж.Д.

Матыжанов К.І.

Мәдібаева Қ.Қ.

Рақыш Ж.С.

Ханкей Е.

Ыбырайым Б.Б.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ЖАМБЫЛ

Шығармаларының
а к а д е м и я л ы қ
т о л ы қ ж и н а ғ ы

ҮШІНШІ ТОМ

Айтыстар



Алматы, 2021

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)
Ж 13

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті*

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Идея авторы және жоба жетекшісі:

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (жалпы редакциясын басқарған), Қасқабасов С.А., Мәдібаева Қ.Қ., Рақыш Ж., Ханкей Е., Елесбай Н. (жауапты редактор), Мүрсәлімова Н. (жауапты шығарушы), Әкімова Т., Салтақова Ж., Оралбек А., Набиолла Н.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Ыбырайым Б.
филология ғылымдарының докторы Ақыш Н.Б.

Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 3-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Елесбай Н., Салтақова Ж., Мүрсәлімова Н. – Алматы: ЖШС «Brand Book», 2021. – 544 бет.

ISBN 978-601-230-095-6

Жамбыл Жабаев шығармаларының академиялық толық жинағы текстологиялық зерттеулер негізінде қайта сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып ақынның 175 жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр.

Академиялық жинақтың үшінші томына ақынның айтыстары, қолжазбаларының факсимилесі, фотосуреттері топтастырылған.

**УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)**


ISBN 978-601-230-095-6 (3-том)
ISBN 978-601-230-098-7 (жалпы)

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2021



АЙТЫСТАР





**ЖАМБЫЛ МЕН АЙКҮМІС**

Жамбыл:

Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.
Әуірі басылмаған албырт едім,
Асығыс айтқаныма кінә қойма!

Айкүміс:

Аптығып, ә дегеннен амандаспай,
Әдепті үйренбепсің, Жамбыл, жастай.
Асылға арсыдағы қол жетпей ме,
Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай?

Жамбыл:

Айкүміс, асықпауға шамам бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін жатсам-тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға.

Айкүміс:

Біле ме пенде, шіркін, өз кемісін,
Ел кезіп, есер мінез сен де жүрсің.
Жаралған жат жұрттыққа ұрғашымыз,
Жарқыным, өкінбеші, сен мен үшін!

Жамбыл:

Барарсың бір жаманға өзің қор боп,
Отырсың қарқарадай әзір зор боп.



Көзіңе көк шыбынды үймелетер,
Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, күпінесің неге сонша,
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.
Қолдағы қаршығаңнан неге айрылдың,
Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Жамбыл:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп.
Арыны басылмаған арсыз көңіл,
Тағы да етіп отыр сізден үміт.

Айкүміс:

Жігітке көрінеді үміт жеңсік,
Жарымас ол мінезге көңіл көншіп.
Жарқыным, одан қайта қолқанды айтшы,
Әр нені тере бермей, құр білгенсіп?

Жамбыл:

Түйме емес, тоғыз емес тілегенім,
Жұбатпас көңіліңді құр өлеңім.
Болмасаң сөзге қасаң, іске тосаң,
Сырымды айттырмай-ақ білер едің...



Айкүміс:

Жамбыл-ау, жан екенсің сөзге сараң,
Жақпады қай мінезім бүгін саған?
Дітіңді білтелемей, білдіре айтшы,
Саласың қандай қолқа, тегі, маған?

Жамбыл:

Ауылым жайлап отыр Ақсеңгірді,
Көз сүзіп сіздің жаққа еңсем құрды.
Қолыма бір ұстатсаң түсінерсің,
Томпайған төсіндегі өртеңгірді.

Айкүміс:

Жамбыл-ау, ұстатпаймын, кінә қойма,
Кетейін қайтып ардан мына тойда.
«Жақсы сөз жан семіртгер» деген бар ғой,
Әдепті мінездерің жүрсін ойда.

Жамбыл:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.
Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын,
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше...



ЖАМБЫЛДЫҢ БАҚТЫБАЙ АҚЫНМЕН ТАНЫСУЫ

Бақтыбай:

Біздің ауыл Қаратал,
Шаңырақтың бойында.
Мен үйімнен шыққанда,
Сен бар едің ойымда.
Өзің қандай, мен қандай,
Жалыным аз бойымда.
Көне тартқан шағым бар,
Көзіңді сал, пайымда.

Қойшыны Құдай атарда,
Шопанға тиер таяғы.
Қырсау тартқан кісімін,
Мен өлеңнің саяғы.
Күй мен сөзді ағытқан,
Қайратым жоқ баяғы.

Ол күнімде іздеуші ем,
Тоятымды алыстан.
Он бір ақын Найманда,
Бірінің аты – Арыстан.
Арыстанмен мен едім
Күні-түні алысқан.
Алысқан соң жарай ма
Қатарыңнан қалысқан?
Сол бір ұлы дүбірде
Танбап едім шабыстан.
Көн сияқты кәріміз
Енді аяғы шалысқан.
Бір сөйлейін деп келдім,
Естіп сені дабыстан.



Қожақанның үйінде,
Ақын Жамбыл өзіңмен
Кезім осы табысқан.

Жамбыл:

Әуелі сәлем берейін,
Жасыңыз үлкен аға деп.
Өлең сөзге желейін,
Тұрғанында шама кеп.
Бойда қайрат барында,
Ойдан өлең төгілсін.
Сыйласуды көргенде,
Жұрт көңілі егілсін.
Майекеммен айтысып,
Мәлім болған өзіңсің.
Абақ, Тарақ арасын
Аралаған серімсің.
Алыс, жақын – бәрін де,
Саралаған ерімсің.
Алдыңызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаңыз берілсін.
Ұнамаса өлеңім,

Онда менен жерірсің.
Мен жөнімді айтайын:
Шапырашты елінде,
Қарақастек қонысым,
Майтөбенің төрінде.
Өлеңменен шырқадым.
Алатаудың беліне.



Тастап кеттім бір сарын,
Қырғыз, қазақ еліне.

Қаздай қалқып, ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған.
Айтқандары нұсқа еді,
Сөзі жаралған асылдан!
Айтар сөзім қысқа еді,
Тоқтатайын осыған.



**БӨЛЕКТИҢ ҚЫЗЫ МЕН ЖАМБЫЛ**

Қыз:

Көк шолақпен тепектеп,
Торы шолақты жетектеп,
Жанай берме көшімді,
Түйелерім шошиды.

Жамбыл:

Әсем басқан құла атың,
Өзінді де ұнаттым.
Жақындағым келеді,
Жақсы көрген жұратым.

Қыз:

Қашан құда болып ең Балғалымен,
Күн өткізген түрің бар сандалумен.
Балғалының батасы бұйырмайды,
Қол қусырып келсең де мал-жаныңмен.

Жамбыл:

Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ,
Жекжатымен ел өсіп жасаңдамақ.
Ел аруағын сыйламас есер қыздар,
Жеңіл сөйлеп орынсыз шошаңдамақ.

Жолаушылап келемін, өзім жүдеп,
Киім тозған, сәнім жоқ, жолға түнеп.
Жылы көріп жүзіңді жақындап ем,
Қомытсынып сөйледің үдеп-үдеп.



Қыз:

Жолаушы адам, білемін, жүдеп келер,
Еру елден бірдеңе тілеп келер.
Көш қасынан қалмайсың қосанжарлап,
Аулақ жүрсең, жарқыным, кім өкпелер!

Жамбыл:

Оның рас, жолаушы жүдеп келер,
Жүдесем де мен емес қыз өткерер.
Көкшолақпен көшінде бір жүрмесем,
Балғалыда Бөлектің қызы өкпелер.

Қыз:

Құла қасқа – бәсірем көшке мінген,
Құлақ жымса атыңды сескендірген.
Қапелімде қаларсың күлкі болып,
Кетсең деймін жарқыным көш шенінен.

Жамбыл:

Не қылсаң да кетпеймін мен қасыңнан,
Сүйкімді боп барасың алғашқыдан.
Ат тістесе атымды қуанамын,
Тәңірімнің ісі деп жармастырған.

**САРЫ АҚЫНМЕН ҚАҒЫСУ**

Сары:

Уа, шырақтар, мен едім
Сары Үйсіннің Сарысы.
Сарыбайды сыйлаған
Екейдің жас-кәрісі.
Жолы болар жігіттің
Оңға басар әр ісі.
Түбі жаман дерттің
Ем болмайды дәрісі.
Уа, Сарыбай, айтып бер,
Осы сөздің не болмақ,
Ойлағанға мәнісі?

Аздан соң:

Екейдегі Сарыбай,
Бойға қораш, ойға бай!
Әлгі сөздің мәнісін,
Отырмысың ойламай?

Жамбыл:

Саркемді састырып,
Сүйекемнен сүрінген.
Сізге жауап берейін,
Жақтырсаңыз, бүгін мен.
Ақындарды жеңгенде,
Ісіңіз оңға жүгірген.
Сүйекемді көргенде,
Жүрегіңіз түңілген.
Соның емін таба алмай,



Ой алысқа үңілген.
Жеңілгенді намыс қып,
Аш беліңіз бүгілген.
Сүйекем жоқ бұл жерде,
Дәрі берер тілінен.
Сол емес пе шешуі,
Өзіңізге-ақ жүгінем.



**МАЙКӨТПЕН ДИДАРЛАСУ**

Майкөт:

Сапар тартып келіп ем,
Сарыбайдың асына.
Отыз кісі елімнен,
Еріп еді қасыма.
Шырқайын деп шығып ем,
Майтөбенің басына.
Жаңғырықсын дауысым
Алатаудың тасына.
Естуші едім дабысын,
Жамбыл бар деп осында.
Ақын болса келмейді
Неге менің қасыма?
Неге сәлем бермейді
Мендей кәрі досына?

Жамбыл:

Ассалаумағалейкүм, Майкөт аға,
Есітіп дауысыңды келдім жаңа.
Алдынан үлкендердің өтпейін деп,
Аялдап әдеп еттім біраз ғана.

Сіз бе едің, ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.

Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.
Сүйреңдеп алдыңызда сөз сөйлемей,
Етейін деп ойладым әдеп-ізет.



«Сөйлеген аға тұрып ініден без»,
Ежелден елде сондай бар еді сөз.
Аралау ағайынды бір бұл емес,
Әлі де сізбен талай болармыз кез.

Майкөт:

Бәрекелді, Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің,
Аңғарыңды таныдым.
Көтеріліп желпіндім,
Аталы сөз мәні мол,
Жылағымды келтірдің.
Тал бойыңда бар екен
Алыс шабар серпінің.
Ұлы жүзді аралап,
Елдің жайын көп білдім.
Жасы үлкенді ағалап,
Мен де қызмет көп қылдым.
Тауып айтқан сөзіңе,
Селт еттім де, серпілдім.
Мейірім түсті өзіңе,
Бата берсем деп тұрмын.

Жамбыл:

Әумин, батаңызға көтердім қол,
Етейін сізге қызмет, мен осы жол.
Той қылып тобымызда отырыңыз,
Менің де, Майкөт аға, тілегім сол!



Майкөт:

Жан-жағыма қарайын,
Жағалай көз салайын.
Аман-есен жүрмісің,
Алыс жатқан ағайын.
Алдарыңа келгенде,
Әнге шырқап салайын.
Ұзақ күнге самғасам,
Саңқылдасын сарайым.
Қаздаңдатып саусақты
Қос ішекті қағайын.
Алатаудың төсінде
Аршындап бір шабайын.
Айта жүрсін сөзімді
Әңгіме қып маңайым.

Аман-есен жүрмісің,
Шапырашты, Екейім.
Ауылыңды ду етіп,
Ән таратып кетейін.
Саудегерден бөз қалар,
Ақындардан сөз қалар.
Айта жүрер артымда,
Сөзімді аяп нетейін!

**ЖАМБЫЛДЫҢ ШЫБЫЛ ШАЛҒА АЙТҚАНЫ**

Шыбыл шал:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын.

Сен бе едің, Жамбыл ақын, соның бірі,
Домбыра қолыңдағы – дию-пері.
Жоқ екен үкісі мен сылдырмағы
Көрейін, қандай өзі, берші бері!

Жамбыл:

Ей, не дейсің, Шыбылым,
Кеудеңде жоқ шыбының.
Құмға біткен селеудей
Селдір екен шығуың.
Әр рудың жүрмісің
Төлегелі шығының.
Шілше тозып кетіпсің,
Шашылып жүр сынығың.
Бір басыңа жетерлік
Былығың мен шылығың.

Жүнісбайға жүгінем,
Сөзді салсын сарапқа.
Шыбыл Шыбыл болғалы,
Бір кәдеге жарап па?

Төрт асылдың баласы
Төрт құлақты кемедей.



Ортасында Шыбыл жүр
Өрт өшірген немедей.
Қайтейн деп осыны,
Кетер едім елемей,
Елемеске болмады,
Жабысқан соң кенедей!



**ЖАМБЫЛ МЕН БӨЛТІРІК**

Жамбыл:

Келіп ем туғаным деп Қызылбөрік,
Кеткелі өлеңіме қылып жерік.
Қаңғырып қайтайын деп келгенім жоқ,
Қып-қызыл билеріңнің жүзін көріп.

Бермедің қалы кілем, бұлғын ішік,
Тамағым салқын тиіп қалыпты ісіп.
Бақайдың берекелі Дәркембайы,
Көрген жоқ бұрын саған ісім түсіп.

Біздің ел Алатаудың бауырында,
Сіздің ел Асы жайлау сауырында.
Атаңның Қыдыр шалған қонысында,
Жақсы ма жолыққаным ауруға?

Дәркембай, дәрісін тап, жібер емдеп,
Қалыпшын көңіл сынып, қатты дендеп.
«Алыстағы ағайыннан не алды екен?» – деп,
Жүрмесін жетегіме жұрт телмендеп.

Уа, Бөлтірік, Бөлтірік,
Сөз мәуіртін келтіріп,
Бір сөйлесең нетеді?
Сүйегімді жасыттың,
Кетейін бе өлтіріп!
Қалай жасып қайтайын,
Осы өңірде сен тұрып.
Ақын атың бар еді,
Сөйлесеңші серпіліп,
Жасыл жайлау, ақ орда



Қалсын біраз желпініп,
Неге отырсың үндемей,
Дәркембайдың алдында
Дәтің бармай іркіліп?

Бөлтірік:

Ой, Жамбыл-ай, Жамбыл-ай,
Қашан құлақ салды бай!
Сөз асылын тани ма,
Өзі ақынша қаңғымай?

Енші беріп, үй тіксе,
Әлі келмей жатқан жоқ.
Екей елі бұл өрдің
Келіп дәмін татқан жоқ.
Матап берсе Жамбылға,
Мал таусылып жатқан жоқ.
Думан қылды аулыңда,
Сөзін бұлдап сатқан жоқ.
Өлең беріп, жорға алса,
Жамбылдан бір сөз қалса,
Тарамай ма мақтан боп.
Ер көңілін таппасақ,
Үстіне ішік жаппасақ,
Қызылбөрік, Бақайды
Өр мінезді бұл Жамбыл
Жұртқа жаман атайды!

**ҚҰЛМАМБЕТ ПЕН ЖАМБЫЛ***(Сәкен Сейфуллин жариялаған нұсқа)**Құлмамбет:*

Құлмамбет менің атым – Құланаян,
Менің Құлан екенім тәңірге аян.
Албан, Дулат жиылып бата берсе,
Кеңес айтып, жырлайын етіп баян.

Құланаян Құлмамбет – менің атым,
Сайрайды кеудемдегі жазған хатым.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Құлақ салып, ұға бер, жамиғатым.

Руым – Құланаян, мен – Құлмамбет,
Сөйлесем, көңілімнен тарқайды дерт.
Әрі-бері бұл жазған зуылдасын,
Сөзімді ұға бергін отырған жұрт.

Қара күннің баласы Ысты пақыр,
Кім өлсе, соған түсер заманақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса, ол неме қайда жатыр?!
Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен,
Ертеңгі күн шаужайдан алар ақыр.
Сейтбаттал, Ер Әлінің соғысындай,
Не болса да болып қалсын, жылдам шақыр!

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Ақын болса қайда отыр ол немесі?!
Болар-болмас немесін ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?



Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс,
Менімен жарар ма екен салдыруға?
Топтан озған о дағы жүйрік болса,
Кесікбай, шапшаңырақ шақыр мұнда.

Жамбылды Құдайберген алып келді,
Жиылған халайықтың бәрі көрді.
Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң,
Жамбылға сүйкенісіп сөйледі енді.

Шапырашты, сөйлесең жаманың жоқ,
«Шүү» десең, бәрің жүйрік, шабаның жоқ.
Тантайлаған қырғызды бөкселеген,
Баяғыдай гулеген заманың жоқ.
Кіріп келіп есіктен үндемейсің,
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ.
Үндемей кіріп келдің тайпақ қара,
Өзің қандай, мен қандай, байқап қара.
Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ,
Не басыңа күн туды, дозақ қара?!

Ей, байқұс, үндемейсің, дертің бар ма,
Үндемеске қылған бір сертің бар ма?
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Ұстасар меніменен кертің бар ма?

Мен айтсам, айтам қалың байлығымды,
Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды.
Албан, Дулат жиылып бата берді,
Бұзбайды жандаралдар жарлығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер,
Сен де аянбай қимылда барлығыңды...



Жамбыл:

Қызғанша айғай шығып, едім салғыр,
Сөйлейсің әр немені, тілің шалғыр.
Келген жерден сөйлейсің тура тістеп,
Қалайша шайқақтайсың тәңір алғыр?!

Шырқасам болушы едім ақтангер мен,
Жаратты аспан, көкті дәнекермен.
Мылтықтай түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа келші бермен!

«Шүү» десе, жүйрік озар мың сан қолдан,
Демей көр, ескі аруақ, алып қолдан.
Қарасай, дем бере гөр, менің бабам,
Сілтейін будақтатып оң мен солдан.

Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман ба,
Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба?
Қарасайлап қосылсам бүйрегіңнен,
Ақырында кетерсің бас аманға!

Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,
Барымташы мал алмас анықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбекезік кісідей шалықтамай!

Ерлігім ерлігіңе дөп келеді,
Байлығыңа байлығым еп келеді.
Тантайлаған қырғыздай бөкселедім,
Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ,
Есіріп көрген жерден ентеледің!...



Құлмамбет:

Осыны көтке түртті ғой Құдай Тағала,
Жапанда жалғыз қурай болмас пана!
Ерлік пенен байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектеп қашарсың, байқұс бала.

Ерсарының жылқысын қаптатсам мен,
Басылып қалар еді бір отаның.
Қалайша болып отырсың қыр мойын,
Аз кідірсең болады сенің тойың!
Жалпы Дулат бұл жақта жата тұрсын,
Бабаның қаптатайын қалың қойын.

Тұра тұр, тағы айтайын көптігімді,
Көптікті айтсам үземін шеттігіңді.
Шапырашты күйіңменен байлық айтып,
Айыл жіппен тартып кел көттігіңді...

Жамбыл:

Мен барайын төменгі
Асыл менен Шыбылға.
Мықты болсаң, Құлмамбет,
Күрескеннен жығылма!
Бұл жақтағы Дулатты
Тастай бере асығып,
Бабаға барып тығылма.
Бабаң қойын бу қылып,
Әруаққа ұрынба!

Еш нәрсе қанша айтқанмен айта алмайсың,
Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың.



Құдайменде, Құттықсейіт жылқысының
Шетіне он күн жүрсең жете алмайсың.

Жүрісті атқа мен сені мінгізейін,
Аралатып сені мен жүргізейін,
Құдайменде, Құттықсейіт жылқысының
Шетінен сені апарып кіргізейін.

Құлмамбет:

О, жазған, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Бабаны айттым, тұрсын деп Дулат жайға.
Сенің байың жұқа бай, байғұс екен,
Қазыналы ойлағын Дулаттай ма?

Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлын желіде тулап жатыр.
Он түйеге көшкенде жамбы артады,
Әбекемнің тіккені жібек шатыр.

Бұл жерден сені жеңбей кетемін бе,
Ақшаға толтырармын етегіңді.
Албан жағы тоқтасын мұныменен,
Қасқараудан салайын Өтегенді.

Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Білемісің мың жылқылы жатыр Қанай.
Сатыпалды, Естемес, Ламақ, Самақ,
Бәрін бірдей айтамын біржолата-ай.
Шенет қалды тағы да бұл жағында,
Жаратқан оны да артық патша Құдай.



Жамбыл:

Олай десең барайын күнбатыста Сыпатайға,
Айтпай оны кетпеймін тегі жайға.
Жылқысының есебін адам білмес,
Мәлім шығар жалғыз-ақ бір Құдайға.

Жылқысының бергі шеті
Қарақыстақ, Қастекте.
Жылқышым мінер мес көкке,
Мен сөйлесем, қаларсың
Ашылмас тұман ескекке.

Жылқысының бергі шеті – Үшбұлақ,
Арғы шеті – Қозыбасы, Қордай-ды.
Оған тіл тигізген оңбайды,
Егіз екі болмайды.

Арғы шеті Бірғайты мен Теректе,
Жылқышылар мінеді көк серекке.
Тоқсан екі шолақты жиғанменен,
Көрмедім ондай байды төңіректе...

Құлмамбет:

Барайын Қасқарауда Бектен байға,
Тарпаң мен Тоқсейіттей байың қайда?!
Сары алалы көк жылқы өзінде бар,
Қожамберді атасы Телітайда.

Сұлтан жатыр Шоқпардың Қайқысында,
Жазған-ау, өлер жерің өзің ойла?!
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,
Шоманақ пен Шәкейдей байың қайда?!



Шапырашты басыңмен байлық айтып,
Сен кезікпей жатырсың ұрар сайға.
Қалай-қалай сөйлейсің, байқұс шолақ,
Сары майдан дәметкен кеудең қайда?!

Жамбыл:

Сыпатайдың артында Қақаман бар,
Қақаманның артында тақаған бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,
Тоқсан тұлып, алтын бөз жасаған бар.

Жеті мың қой бар дейді Қиықбайда,
Қаптап, қыбырлап жатады тұйық сайда.
Қаратай Қарынбаймен тағы да бар,
Үш мың жылқы бар дейді Телітайда.

Айтайын Төбетті мен, Тәңірі сүйген,
Оларға да қыдырдың көзі тиген.
Бәрі де өңкей бекзат, өңкей сыпа,
Жүйрік мініп, басына кәмшат киген.
Сенің тағы дәметкен кеудең қайда?
Алматыда барамын Медеу байға,
Сондай байың бар ма еді, бар еліңде?

Алматыдай шәріңе,
Он бес мың теңге төктіріп,
Көк күмбез үйді салдырған,
Қарасаң көзді талдырған.
Арғы шетін айтайын,
Қызылжар мен Семейден.
Мына шетін айтайын,
Тәшкен менен Нәмәнген,
Әндіжан мен Марғұлан.



Ақша деген неменді
Көн қапқа салып алдырған,
Қай сөзім бар қаңғырған?!

Құлмамбет:

Ертеде өтіп кеткен Ыбырайым,
«Шүү» десе, көк бестідей зымырайын.
Есқожаға тығылған жаман екен,
Бір саларға еліңде жоқ па байың?

Жамбыл:

Екейде шыққан озып Байсалбай-ды,
Жылқысы өңкей жорға тайпалмайды.
Жылқысы мен қойының есебі жоқ,
Он сегіз мың түйе бар Байсалбайда.
Жылқысының басына кедей барса,
Ат мінгізбей, тон жаппай қайтармайды.
Байғабат, Байсеркенің ақшасы суды бөгер,
Олардағы алдына жан салмайды.
Жүз бұзаулы сиыр бар Оспан байда,
Жеті мың қой қорада шулап жатыр,
Бес мың құлын желіде тулап жатыр,
Асылбегім алдына жан салмайды.
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Немене деп Құлмамбет сайтандайды.

Құлмамбет:

Айтасың, Шапырашты, ерлігіңді,
Шарайналап соқтырдым белдігімді.
Сертеңдеген Саурығың жаудан өлген,
Көзіме де ілмеймін ендігіңді...



Жамбыл:

Рас-ақ, батыр Саурық жаудан өлген,
Шаһит болып, тілегін Алла берген.
Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң,
Ағайынмен ұрысып, даудан өлген?!
Шапырашты, Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

Түлен түртіп отыр ма, таз Құлмамбет,
Алақандай басыңның бір қылы жоқ!
Қай жеріңмен боласың мәз Құлмамбет?
Албандар Құлмамбетті мақтаған соң,
Арқадан ауып келген ақтабансың.
Таз Албанның баласы десең-дағы,
Алты кісі жан беріп ақтап алсын!





ҚҰЛМАМБЕТ ПЕН ЖАМБЫЛ

(Үмбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқа)

Арбаөткелдің тобында, Іленің бойында Құлмамбет тоғыз ақынды жеңіп, беттетпей берекесін алып, жалғыз өзі әнге салып, көзіне жан көрінбей отырады. Албан, Дулат, Шапыраштының атақты, атышулы би, болыстарының бас қосқан съездіне Албан Тазабек, Сегізсары Түгелбай, Дулаттан Мәңке, Сәт, Алпысбай, Сержан, Саймасай, Ыдырыс, Тәнеке, Шапыраштыдан Нұрқожа, Байқожа, Құдайберген деген кісі тоғыз ақын бірдей жеңіліп қалған соң: «Мына шал, бәрінің сауырыңды алмақ болды ғой» деп ашуланып, «Жамбыл деген қайда, шақыр!» деді. Сонда Құлмамбеттен қорқып, сипақтап, «Құдай қандай пәлеге ұшыратасың?» деп далада қашып жүрдім. Бір жігіт танып қойып: «Жамбыл деген сенсің ғой» деп, «кейуана қатын, күйкі тұғыр тәрізді неме екенсің» деп үйге итеріп кіргізіп жіберді. Сәлемсіз, үн жоқ, түн жоқ, қорқып бұғып қалың кісінің арасында отыр едім. Сонда Құдайберген шашы тіп-тік болып ашуланды. Келгенімді Құлмамбет көзі шалып қалып сөйлей берді:

Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау,
Арам тер талай ақын болды бұлау.
Жамбылға сонда тұрып былай деді,
Басқасы болмаған соң аяғы лау.

– Болғанда ер ағадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан.
Бас қосып бағландармен қалмақ үшін
Ізденіп келіп тұрмын Қарқарадан.

Аузыңда сәлемің мен аманың жоқ,
Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан.
Жүрмегін омақаса орға түсіп,
Өмірі кішілікке баспай қадам.



Өлеңші иттен де көп, боқтан да көп,
Әйтеуір айтады ғой бірдеме деп.
Қайтқан құстай жиналып қалған екен,
Біразырақ сөйлесін Құлмамбет геп.

Өлеңші өршеленген толып отыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып отыр.
Мысалы дүниенің сол секілді,
Бәрі де көрмегендей болып отыр.

Өлеңші толып отыр көбелектей,
Тоғыз ақын толғанып төңіректей.
Тоғыз тұрмақ, ақының он бір болса,
Немене, бәрінді де басып өтпей.

Қамалып, қам теріге бүркеленбе,
Қысты күн қар астында қалған шөптей.
Меніменен жеңем деп, желікпей-ақ
Қойындар, абиырды шашпай-төкпей.

Апырмай, Құлмамбеттің келді кезі,
Қалай теріс болады айтқан сөзі.
Албан, Дулат бірігіп атқа қонса,
Ысты, Ошақты, Шапырашты дегенің немене өзі?!

Шапырашты дегеннің некесі жоқ,
Бай болады диқанға шекесі тоқ.
Албан, Дулат бірігіп атқа мінсе,
Дегеннің «Үш таңбалы» керегі жоқ.

Албан – аға болғанда, Дулат – іні,
Сөзінде Құлмамбеттің бар ма міні.
Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса,
Ысты, Ошақты, Шапырашты не болар көрген күні?!



Домалақтың төрт ұлы есен болса,
Барпы ішсең де қоймаспын бүгін сені.

Жөнделіп жүйткітуші ем жөнсіз жерден,
Мен жауға алдырмаушы ем елсіз жерден.
Мылтыққа түтеп тұрған қарсы шауып,
Асықсаң ажалыңа, келші бермен!

Болғанда мен – ақсұңқар, сен – бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық.
Болмаса аты шыққан Сүйінбайың,
Басқасын қою керек жылы жауып.
Ажал түртіп жүрмесін аңламастан,
Оқтаулы ақберенге қарсы шауып.

А, Жамбыл, Албан да ағаң, Дулат та ағаң,
Не қылса да артық тұр сенен бағам.
Қасқарау Нұрқанның жылқысын мен қаптатсам,
Қырылар, Шапыраштым, бұзау-танаң.
Мылтыққа салып қойған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа, келші, балам.

Бұлбұл қонақ бастанған Екейім-ай,
Жұлып алып басыңды кетейін бе-ай!
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді,
Түбіңе таза тақыр жетейін бе-ай!

О, Жамбыл, бүгін болар ұрын тойың,
Ертеңгі күн болады дәл шын тойың.
Тобықтай тозаңынан жол таппайсың,
Бабаның мен қаптатсам қалың қойын.

Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма,
Сенің байың шолақ бай, Дулаттай ма?



Әуелі Албан салайын, Дулат жайға,
Басқасын өз жайына қоя тұрып,
Қалың жатқан келейін Майлыбайға,
Мұнан соң мен барайын Бектембайға,
Тарпаң мен Токсейіттей байың қайда?

Жүз мың теңге сандығында шіріп жатыр
Баласы Ниязбектің Сәрсенбайда.
Дәметкен сары майдан кеудең қайда,
Жамбылым, енді келдің ұрар сайға.
Ойың бар айтыспаққа меніменен,
Түбінде кімге зиян, кімге пайда?!

Баласы Өтегеннің Нұрақан бай,
Хан Шойбек Қараүңгірде жатыр былай.
Кебекбай, Қарабай мен алыс жатыр,
Сатыбалды, Қанайды қайтесің-ай?

Және бар Тілеуқабыл, Үсенбайым,
Сөйлейді шаршы топта бұлбұлдайын.
Алма тартқан кісіге ат береді,
А, Жамбыл, білуші ме ең мұның жайын?!

Тағы бар Жайылмыста молда Сәтім,
Бақ пен қызыр іздеп кеп жолғасатын.
Әулеті Сегізбектің Серкебол-ды,
Салмағы қорғасындай қол басатын.

Бай болған Ормақайға Қызыр дарып,
Сымайыл келген еді қажы барып.
Солардың үлгі көрген ұрпағы еді,
Соғайын ер Мәңкені ауызға алып.

Алпысбай, Мәлбекпенен тағы да бар,
Қалай айтсам, сыйғандай шағы да бар.



Ыдырыс, Қостүтін мен ер Шуманак,
Кеңпейіл, кетпес дәулет бағы да бар.

Аманжол, Қасқарауда, бек Ноғайбай,
Түп-түгел мал мен бастың бәрі де сай.
Ерте жатып, кеш тұрған өңшең сырбаз,
Ішкені шай бұлардың, жегені май.

Атасы қызыр шалған Малдыбайдан,
Пірім медет тіледім Әжібайдан.
Күйкі тұғыр сықылды бір немені алып келдің,
Әйтеуір біреуімізден төгілді айран.

Құдайберген кісі жібер, Жамбылыңа,
Жамбылды болмады ма алдыруға.
«Жамбыл» деп осы арада жан мақтайды,
Сол неме жарар ма екен пар қылуға?

«Жамбыл» деп осы арада жан мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Көрерміз әуселесін аздан кейін,
Болар-болмас немесін ардақтайды.

Сол немең, қай жақта отыр, бермен шақыр,
Әлінің Сейітбаттал соғысындай,
Не болса да, боп қалсын, ақыр-тақыр.
Айтыспай бүгінгі күн кеткенменен,
Шаужайдан ертеңгі күн алады ақыр.

А, Жамбыл, үндемейсің дертің бар ма?
Бар сапар үндемеске сертің бар ма?
Шапқанмен к... мәлім Шапырашты,
Менімен сынасарға к...ң бар ма?



Есіктен кіріп келдің тайпақ қара,
Мен қандай, өзің қандай байқап қара!
Аузыңда саламың мен аманың жоқ
Не басыңа күн туды, жүзі қара?!

Сонда Жамбыл сөйлейді:

Ал, Қадір, атыңыздан, әуел Қадір,
Бұл жерге келіп отыр Екей Жамбыл.
Көсілген аяғыңды бір жимайсың,
Не басыңа күн туды, Тәңір алғыр!

Ал, Қадір, атыңыздан, Қадір дана,
Құлыңа «Алла» деген болғын пана.
Көсілген аяғыңды бір жимайсың,
Не басыңа күн туды, жүзі қара?!

Құлмамбет, сөз сөйлейсің анықтамай,
Алды-артыңды сөйлейсің парықтамай.
Айтатұғын кісінің өзіне айтқын,
Делбекезек кісідей шалқақтамай.

Ыстыда толып жатыр қой мен жылқы,
Қасабек Дәулетбақ пен қызыл түлкі.
Бабаның қата, қойын маған салып,
Досқа таба, дұшпанға болма күлкі.

Ал, Құлмамбет, Құлмамбет,
Ағып жатқан сумен кет!
Сумен кетсең ел ішер,
Судан шыққан бумен кет!
Онда да кесірің тиеді,
Қызарып батқан күнмен кет!
Күн де қайтып шығады,



Оттан шыққан күлмен кет!
Күлден ауру жұғады,
Қараңғы тұман түнмен кет!
Түн де қайтып келеді,
Асқарлы таумен кет!
Тауды да халық мекендер,
Кесірің, жұғар Құлмамбет,
Қу пәлекет, әрмен кет!
Таз Құлмамбет, сен салсаң,
Мен де салам байымды.
Мен де байдан ап жүрмін,
Азын-аулақ шайымды.
Асықпасаң, Құлеке,
Табарсың әлі-ақ жайыңды.
Менің де Құттықсейіт байым бар,
Қайтетұғын ойың бар?
Қалың байды қапдатсам,
Болатын әлі-ақ тойың бар.
Жылқысының бір шеті
Алматының өзенінде,
Бір шеті Қарақыстак,
Қастектің кемерінде,
Несі болмас Құданың берерінде.
Бұған қайтып жетесің?
Жалған сөйлеп не керек,
Айтайын сөздің төтесін.
Жылқысының шетіне
Жарамды атпен сабаулап,
Он күнде әрең өтесің.

Оны саған салып не етейін,
Оны да тастап кетейін.
Алматыда аяндап
Медеу байға жетейін.



Пар келмес сенің байың Медеу байға,
Бұл Жамбыл Медеуді айтпай кетпес жайға.
Тоқсан екі шолакты жиғаныңмен
Жазған-ау, бұған жетер байың қайда?

Қырық мың сомға жалдатып,
Қалаша көк үй салдырған.
Асыл тастан оюлап,
Қараса көзді талдырған.
Әндіжан, Тәшкен, Марғұлан,
Қызылжар, Семей, Жаркенттен
Керек болса ақшаны
Көн қапқа салып алдырған.
Ел көшкенде қазынасын,
Алпыс нарға арттырған.
Асыл кілем жаптырып,
Жібектен арқан тақтырған.
Әлемді алып байлығы,
Әсемдігін арттырған.
Оны саған салып не етейін,
Мұны да тастап кетейін.
Алатауды бөктерлеп,
Бұдан да сырғып өтейін.
Қалай айтсаң, солай айт,
Құлмамбет, саған төтейін.
Бұдан да шығып аяңдап
Қастекке барып жетейін.
Брысы судай өрлеген
Сұраншы, Саурық батырым,
Шеніне дұшпан келмеген.
Ақ кіреуке жамылып,
Ат кетпеген кермеден.
Садағын белге байланып,
Жауға қылыш сермеген.



Қамын ойлап халқының,
Тар кезеңді бермеген.
Тоятын тілеп алыстан,
Тұғырда тұрып жем жеген!

Барайын енді аяңдап Сыпатайға,
Бұл Жамбыл Сыпаны айтпай кетпес жайға.
Қайыры қарашаға сондай жақсы,
Қандырар сусындатып, қант пен шайға.
Жылқысының жоғарғы шетін айтайын,
Қарақыстақ, Қастекте.
Аралауға амандап,
Жылқышы мінер мес көкке,
Таз Құлмамбет, жолықтың,
Ашылмас тұман, ескекке.
Ырғайты, шеті жатыр Ақтеректе,
Арғымақ мінгізеді ат керекке.
Түгендеп бір жұмада бола алмайды,
Көсілтіп қамшы басып көксерекке.

Өзінде сексен үш мың жылқысы бар,
Асыл тұқым жинаған әр түлік мал.
Жарлы емес еш нәрсеге балалары,
Жегені шекер мен бал, жая мен жал.
Тоқсан екі жылқышы аралайды,
Оларға тіл тигізген жарамайды.
Қанша халық аралап жүрсем дағы,
Жалғанда көргенім жоқ ондай байды.

Мына шетін айтайын:
Қозыбасы, Қордай-ды,
Оған тіл тигізген оңбайды.
Қасиеті сонша мол,
Егіз де екі болмайды.



Жүгі қалып жұртында,
Керегесін көк итіне қомдайды.
Аузы асқа жарымай,
Сөйтіп, Құдай жондайды.
Көсегесі көгеріп,
Көгал жерге қонбайды.

Бұл сөзімді мұнда тастайын,
Сабыр қылып тастайын.
Теріскей тұрсын жайына,
Күнгеі жақтан бастайын.
Ол күнгеіді жерлеген,
Желмая мініп желменен,
Түрікпен мен Түктіқұрт,
Сол кісіден таралған.
Байтелі, Қаумен, Дәулетті,
Жәпек пенен төртеуі –
Бәрі бірақ әулетті.
Үш мың бес жүз жылқы айдап,
Түзеген көшін сәулетті.
Асықпай тыңда, Құлмамбет,
Берейін кезек нәубетті.
Онан бері асайын,
Теріскейге қадам басайын.
Жоғарғы шеті Мырзабек,
Бәрі де өңшең қара-көк.
Арғы атасы Қашке хан болған,
Қылған ісі Құлпейіске таң болған.
Аруақты бек болып,
Ауданымен көп болып,
Сондай-сондай жан болған.
Төменгі шеттен айтайын:
Әлі менен Нұрабай
Хан Қашке тұқымы.



Атасы жауға аттанып,
Ат құйрығын бұлады.
Онан былай өтейін,
Көзіңді сенің көр қылып,
Көлденендеп кетейін.
Ертелеп жүріп ентелеп,
Серектасқа жетейін.
Серектасты жерлеген,
Байлығы тасып көлдеген,
Қилыбайұлы Қожамбет,
Көк берендей түтеген,
Көкірегіне Құдайым,
Тоқымай нұрды бітеген.
Айға білеп ауызын,
Аршынға қолын сілтеген.
Көтерілсе талайым,
Түстік жерге тоқтамай,
Орынсыз мылтық оқтамай,
Өтеген, Қазыбекке барайын.
Сол жерде жатқан Өтен деп,
Атамыз қылған мекен деп,
Ыбырайымның алты ұлы,
Патшадайын өңленген,
Ең үлкені Нұрқожа,
Онан кейін Айқожа,
Онан кейін Байқожа,
Райыс, Дияс тағы бар,
Алланың берген бағы бар.
Ең кенжесі Аспарды,
Бұл Жамбыл көк қояндай қасқарды.
Шын пәлекет басталды,
Таз Құлмамбет сен болсаң,
Көлемін көктің бөктеріп,
Тіресең, таста аспанды!



Құлмамбет:

Жамбыл, отқа салар майың жоқ па,
Құдайға айтып сояр қойың жоқ па?
Есқожаға сүйенген жазған екен,
Саларға өз елінде байың жоқ па?

«Шүү» десең, Шапырашты, шабаның жоқ,
Бәрің жүйрік гулесең, жаманың жоқ.
Қырғызды «Қанайлаған» бөкселеген
Саурық, Сұраншыдай заманың жоқ.

Өлеңді бір соғайын түйдегімен,
«Әжібайлап» тиейін бүйіріңнен.
Не деп айтқалы отырсың бұл өлеңді,
Сен тұрмақ, үміткермін үйдегіңнен.

Ойбай-ай, мына к...е түртті Құдай Тағала,
Ісіне құдіреттің не дүр шара.
Шапырашты басымен шалқақтайды,
Орыстың заманына не дүр шара?

Шапырашты мақтанба, к... белгілі,
Әркім-ақ тұрған шығар беп-белгілі.
Құладыңды қайырып қуға салсақ,
Тышқан алған көруші ек бөктергіні.

Сен маған салғалы отырсың ба көптігіңді,
Тіпті керек қылмаймын септігіңді.
Айыл жіптен тартып кел шеттігіңді,
Ерегіссем, үземін көпшігіңді.
Салғалы отырсың ба ерлігіңді,
Ерлігің мен қыласың беклігіңді.



Ерлік пенен беклікте нең бар, сорлы,
Ерлік пенен беклігім сенен артық.
«Селтендеген серкенің ажалы» деп.
Ақыр түбі Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
К...і де сұртпеймін ендігіңді.

Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы,
Ерліктен тапқан олжа, пайдаң-дағы.
Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп,
Жайғар Сарыбоздың саймандары.

Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген,
Шоқпарлы Сарыбоздан жәбір көрген.
Ерлікте батырлықпен нең бар жазған,
Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.

Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан,
Дәлелді сөзім осы, естіп ұққан.
Иман айтып, жаназа шығармастан,
Апарып екі бүктеп, жерге тыққан.
«Алдымнан айғақ болып шығады-ау» деп,
Жүрмісің көлбелектеп, қорқып сұқтан?!

Жамбыл:

Екейден мен айтайын Байсалбайды,
Тең жорға төрт аяғы тайпалмайды.
Аңырып әніме аңдар қалатұғын,
Өленді бүйтіп жыршы айта алмайтын.
Апиыншы Албанды сонша мақтап,
Құлмамбет немене деп сайтандайды.
Миллион сом сандықта шіріп жатыр,
Мың сегіз жүз түйе бар бай Шалбайды.
Пақыр мен желісіне міскін барса,
Ат пен түйе мінгізбей қайтармайды.



Мың-мыңнан қойы қоздап, шулап жатыр,
Бес жүз құлын желіде тулап жатыр.
Екі адамға бір саба орнатады,
Қонақ келсе, қой сойып, қол қусырып,
Күнде той-тамашамен дулап жатыр.

Тағы бар бұ жағында Асылбегім,
Шынжырлы, шұбар балақ, қара көгім.
Байсерке, Байғабат пен ер Шотай мыңғып жатыр,
Айта берсем, таусылмас оның кебін.

Жақсылық жамандықпен тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Сатайдың Сапқасы өрде жатыр,
Оны да көрген дұшпан сескенеді.
Жалғыз-ақ, сен болмасаң, таз Құлмамбет,
Жамбыл да сенен өзге ақынды еңселеді.

Оның рас, таз Құлмамбет
Сұраншы Саурықпенен жаудан өлген,
Құдайдан шейіт болып, қаза келген.
Осы сөз қырсық болар, қойсаңшы сен,
Қажылық қып кетіп пе ед Мақсұт ағаң.
Шытыр жеген түйедей көні кеуіп,
Бір сайда іріп-шіріп, аунап өлген,
Ұрысып ағайынмен даудан өлген.
Өртүрлі жамандықты істеп өлген,
Қорлықпен будырып күштеп өлген.
О немең өлгенде де жөндеп өлмей,
Аузына бірдемесін тістеп өлген.

Не деп айтқалы отырсың, таз Құлмамбет,
Кәріқұл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
Алақандай басыңда бір қылың жоқ,
Боласың неменеге мәз, Құлмамбет.



Құлмамбет, мен білемін, түбің – Уақ,
Арқадан кісі өлтіріп, келдің шұбап.
Басыңды осы арада кесіп алсам,
Құныңды алар кісі жоқ, іздеп-сұрап.

Үстіңе жайдың оғын жайлатармын,
Екі қолыңды артыңа байлатармын.
«Без белет, кісі өлтірген қашқын жүр» деп,
Жұртыңа здавайттап айдатармын.

Құлмамбет,
Қызыңды төрт ат, жүз теңгеге сатып жүрсің,
Қызыққа тамаша мен батып жүрсің.
Дүниеге апиын ақыреттік азығың боп,
Соттан сотқа басыңды шатып жүрсің,
Сары иттей ине жеген қатып жүрсің!

Құлмамбет, ақын Шаншар, Суанды алдың,
Нашар едің, бұл күнде жуандалдың.
Сенің де мақтанатын жайың да жоқ,
Қуарып үш бешпетпен қуаңдадың.

Құлмамбет, Суанды алдың Албанменен,
Албандай бай болмадың алғанменен.
Байғұс-ау, қай жеріңмен мақтанасың,
Есің жоқ, шешең жұртта қалғанменен.

Арқадан ауып келген ақтабансың,
Елді алдап, ақынмын деп мақтанасың.
«Таз Албанның баласы Құлмамбет» деп,
Дүйсенбай, Сәт, Мәңке жанын беріп ақтап алсын.



* * *

Жамбылдың жеңіп, бәйге алған жері,
Жеңіліп Құлмамбеттің қалған жері.
Ішегі Құлмамбеттің үзіліп қап,
Осы екен, бір азғантай арман жері.
Желөкпе Құдайберген тентек адам,
«Жеңді, – деп, – біздің Жамбыл, не қылса да»,
Ұрыс-керіс, шатақты салған жері.
Сонан соң бұл Жамбылдың даңқы шыққан,
Болған соң абыройлы барған жері.

Жабайы Қызылбөрік өскен аң боп,
Қорлықпен Мақсұт батыр өлген жан боп.
«Астын кесіп аузына тістеген» деп,
Деген ат «Жамбыл жеңді» кеткен дың боп.





ЖАМБЫЛ МЕН САРБАС

Жамбыл ақын – 1852 жылы¹ туған. Ұлы жүз Екей руынан. Арғы атасынан бері қарай дәулетті болып, батырлық, ақындық дарытқан. Жамбылдың өз әкесі Жапа Сүйінбаймен аталас. Жамбылға 18 жасынан-ақ ата-бабасының бағы қонып, талай топтан озған шешен, қазақтың ішіндегі қатарынан мойны озған атақты ақын болған.

1895 жылы Алматы қаласында бұрынғы дағды бойынша би, болыстар жиналып ақша салып жатқан кезі еді. Дулат Қыбырай Қожанберлі болыстың үйінде Ноғайбай, Ысты Қасабек, Сәмбет Байболат, Көкірек Байназар, Қыбырай Мамай қазақтың бай, би, болыс, бектері жиналып отырғанда, Сарбас ақын келеді (Сарбас Қасқарау руынан). Жиналып отырған бектер кісі жіберіп «Жамбыл ақынды Сарбаспен айтыстырамыз» деп шақыртып алдырады. 150 сом бәйге тігіп, Жамбыл мен Сарбасты айтыстырады. Бұл жолы Жамбыл жеңіп, 150 сом бәйгені Жамбыл алады. Сонда Сарбастың бірінші кезеңінде айтқан өлеңі.

Сарбас:

Мен келдім домбырамды қолыма ала,
Бір сөзді өзім тұрып айттым жаңа.
Мен келген соң бұл жерде неге тұрсың,
Қара қайрақ сияқты қара бала.

Ішінде Қасқараудың Сарбасың мен,
Шапырашты кенеңнен Дулатым ден.
Домалақтай енеңе тіл тигізсең,
Аруақ пен Құдайға жолықтың сен.

Қасқараудың ішінде атым Сарбас,
Жақсылар сөйле дейсің, алдияр бас.

¹ Сабыр Шариповтың қолжазбасы (1927 жыл) бойынша берілді.



Бұл жерден жарты ауыз сөз алдырмаймын,
Былжырамай, сен өзін, еліңе қаш!
Мен Дулат деген ел едім,
Мен өзіме қарап тұрсаң,
Орнап жатқан көл едім.
Шапырашты басыңмен тұштақтама,
Жауырыныңнан жөнегін.
Мен Майкөттің сегіз ұлының бірі едім,
Мен сендейдің бәрін де,
Шаншытып тастап жүр едім.
Шақыртқан соң мыналар,
Бұл араға кеп едім.
Жасы үлкен ағамен
Былжырап боқты жемегін.
Нағашым Жалайыр ақын Қабан,
Осал жерден шықты демегін.

Қабанның арғы атасы – Әлік, Аман,
Біреу жүйрік болғанда, біреу шабан.
Біреу жақсы болғанда, біреу жаман,
Қара баланы бұл жерде жалтақтатып,
Әдейі сақтап тұр ма едіңдер,
Қадірлі бектер маған?

Сыртыңнан сені бағармын,
Қазықтай жерге қағармын.
Талай-талай мінің бар,
Іздеп жүріп табармын.
Көптігімді айтайын,
Жарықшақтың үш ұлы,
Дулат қандай?
Албан қандай?
Суан қандай?



Ішінде Қоңырбөріктің
Жуан қандай?
Ұзынағашта бидай бағып жатқан кедей,
Бұл жерге неғып келдің қуанғандай?

Шапыраштыны сенен Дулат көп едім,
Бәрі бай, бәрі мырза бек едім.
Егіншінің қосындай,
Берекесіз ел едің.
Үміт қылып келіпсің,
Сертпен алам демегін.
Бетімнен ала былшылдап,
Бекер боқты жемегін.
Мені алдырады демегін.
Төрт Дулаттың баласы,
Албан жатыр алыста,
Суан жатыр арыста,
Менімен түстің жарысқа.
Өңкей бектер қарап тұр,
Бәрің бірдей қалысқа.
Озбаспенен жарыспа,
Күш жетпеспен алыспа!
Дулаттап ұран шақырсам,
Ноғайбай мен Байболат,
О да келер намысқа.
Құр бекерге жарбаңдап,
Болмас жерде жабыспа!

Ат-тоныңды тартқын да,
Кете бергін дабысқа.
Елімнің шетін айтайын,
Жаркентті барып жерлеген,
Малы жерді керлеген.
Кеудеде кеңес кернеген



Байлық пенен көптікке
Ешкімге намыс бермеген.
Сарбас ақын бұл жерде,
Көл дүкендей орнаған.
Нағашы атам Мақтамазам әулие,
Қысылған жерде қолдаған.
Домалақтай енеме,
Тіл тигізген оңбаған.
Басында бар мазары,
Аузында бар ғазалы.
Бөген менен Шаянда,
Басында бар назары,
Түбінде бар базары.
Толып жатыр олардың
Айтатұғын ғазалы.
Дулатты тағы қозғайын
Өңшең туған тазаны.
Тіл тигізбе оларға
Құдайға болма жазалы.
Домалақтай енемнің
Қыбырай деген ел екен басында,
Шырақшы бар қасында,
Бейнет айдап келді ме,
Шапырашты осында.
Үміт қылып тұрмысың,
Сарбас ақын қасында?

Аз елде күн бар ма,
Бұл сөзімде мін бар ма,
Мен бір жүйрік бәйгілі,
Шапқанымда сын бар ма?!
Сыртыңнан бағайын ба,
Жын-шайтандай



Сені мен қағайын ба?
Не келіп, не кетпейді ағайынға,
Домбыранды алып келіп жалбаңдайсың,
Ағашыңды к...е қағайын ба!

Төрт Дулаттың баласы
Жер дүниеге сыймаған.
Айдап малын жинаған,
Ерегіскен дұшпанды
Еңкейтіп жүріп қинаған,
Қазықұртта Дулатқа
Құдай беріп, нұр жауған.
Бақ пен дәулет, оқ ауған.
Алдырмаған дұшпанға,
Іші толған бу сыбанған.
Қырық шілтен бабам жәрдем боп,
Алдырмаған бір таңға.
Нағашымды сұрасаң,
Мақтамазам әулие,
Жалынғанда аяған,
Жылағанда сүйеген.
Шошытпаған жүрегін
Алда берген тілегін,
Қадірлі өңкей бек қылып,
Тойғызған Құдай сүреңін.
Есепсіз қылып мал берген,
Қисапсыз қылып жан берген.
Дулат деген еліңмін,
Асуы жоқ беліңмін.
Көптігіме қарасаң –
Тастаса ине жерге түспейді.
Бектігіме қарасаң –
Жаман тамақ ішпейді.
Кербездігі ұстаса,



Ат үстінен түспейді.
Ақылына қарасаң –
Қайратпенен істейді.
Көшсе түйе тіздеген,
Дұшпанды жерді көргенде,
Алтыннан қылыш сілтеген.
Ақылына қарасаң,
Берендей боп түтеген.
Қалың жатқан Дулатқа,
Құдай нұрды бітеген.
Ең үлкенін қозғайын,
Төрт Дулаттың ұлының бірін,
Беталдыма былжырап тозбайын.

Өзім Дулат ішінде,
Шолақ сенің еліңнен,
Қайтып мен озбаймын.
Ең үлкені Сиқымнан
Кім шығар менің ырқымнан?!
Кім құтылар дейсіңіз,
Дулат деген жұртымнан.
Көзіме ешкім айтпайды,
Не демейді дұшпан сыртымнан.
Қалың Дулат ішінде,
Бай десең де менде көп,
Бек десең де менде көп,
Көп десең де менде көп,
Жер қайысқан мал да көп,
Ақыл айтар шал да көп.
Үзеңгісін шіреткен,
Жорға мініп жүйрікті қостаған.
Нелер жүйрік Дулатта,
Бекерге ауыз ашпаған.
Қонған қонақ үйіне,



Ет жемесе жатпаған.
Нелер бектер Дулатта,
Жазды күні бие сойып қақтаған,
Жорға мініп, жүйрікті қостаған.
Дулаттан шыққан
Төрт түсті ұлы,
Қисық сөзді айтпаған,
Арапты сөзден қайтпаған.
Өзінің сөзін ептеген,
Мына жатқан керіде
Дулатқа ешкім жетпеген.
Бақ пен Қыдыр басынан
Сабаса да кетпеген.
Шымыр деген елімнен
Таңсық қожа, Мамбетпен,
Байзақ шықты басынан,
Ақмолда шықты жасынан.
Алыс емес ол дағы
Екеуі де немере,
Айтымбет шықты қасынан.
Күнту, Жаңабай, Сәмбеттен
Арғы атасы Қосыдан.
Ғайып-ерен қырық шілтен,
Өтен қылған қасынан.
Бергі атасын айтайын,
Әйменбет пен Нұрақтан,
Егескенін жылатқан.
Қырық қақпалы шәрідей,
Қол жеткен жерін сұратқан.
Қылғанының бәрінде
Бір Құдайым ұнатқан.
Бергі атасын айтайын,
Дәуітәлі Семізім,
Ақылға шалқар көлдей теңізім.



Теңізімнен бастасам,
Тояр сенің негізің,
Шықпай қалар лебің,
Тоңқаярсың тоғызым!
Байболатқа қарасаң,
Жаннан артық сайманы.
Бір ауыз сөзін мың теңгеге бермейді,
Соншалық оның қымбаты
Құндыздан басқа кимейді,
Сұлудан басқа сүймейді.
Еш кісіге ұрынып,
Ешкімге тимейді.
Әділіне қарасаң,
Аш-арықты жинайды.
Ақылына қарасаң,
Батасын алып, шапан жауып,
Үлкендерді сыйлайды.
Екі беттен қан тамған,
Таңдайынан бал тамған
Он алты жасқа келгенде,
«Байболат елі» атанған,
Ер көңілі шаттанған.
Өңкей жақсыны жиып ап,
Боз биесін сойып, бата алған,
Содан былай Байболат елі атанған.
Атасы болған Шымырдан,
Мінген аты бүгілген,
Жорғадан басқа мінбеген,
Асылдан басқа кимеген,
Залалы көпке тимеген.

Шашылған елін жинаған
Қай сөзі бар Байболаттың
Бұл мұқамға сыймаған?



Ашылғанды қымтаған,
Жабылғанды шымқаған,
Жігіттерін жұмсаған,
Дастарқаны жайылған,
Соған барар сусаған.
Дастарқаны ешкімнің жетпеген,
Қайыңнан қатқан тездей боп,
Алдынан қисық кетпеген,
Жаман істі етпеген.
Қырық шілтеннің үстінен
Атасы Қосы түсіпті.
Назар қылып өзіне,
Дуа қонды сөзіне.
Тасық Қожмамбеттің
Орыс пен Орманға жеткен дабысы,
Қырғыз бен қазаққа еш кетпеген намысы.
Шымырдан шыққан Мәмбет би еді,
Құдайға жеткен налысы.

Мәмбетұлы Байзақ,
Қараса жатқан көл еді,
Асқар бір үлкен бел еді.
Қатарынан мойны озып,
Дүниеден жөнелді.
Ақмолда Байзақтың ұлы еді,
Балқожа Айтмәмбет о дағы
Байзақтың ұлы еді.
Менімен «айтысамын» дегеніңе,
Ел жабыла күледі.
Бестеректен шыққан Сәлімбай,
Бендеден тілін тартпаған.
Бетінен қаны тамылған,
Сөйлескен кісі сағынған,
Қорыққан кісі бағынған.



Ерлігіне қарасаң –
Кіреуке сауыт жамылған.
Кербездігіне қарасаң –
Етек, жеңін қағынған.
Сағаты жеткен ер екен,
Көрген кісі сағынған.
«Күнту» деген елінен
Намаз деген ер шыққан.
Төмен жатып құмсаған,
Қырық жігітті жұмсаған.
Қан көрмесе қылышы,
Қылышы жаман сусаған.
Күнтудан шыққан ер Намаз,
Дұшпанның қолын тұсаған,
Естіген кісі шошынған.
Талапкер болған жігіттер,
Кеткен емес қасынан.

Үшінші Ботбайға келейін,
Атасы болған Ботбайдан,
Жеті жылдай қыз қарап,
Сұлуды құшқан оқтайдан.
Бұл Дулатқа тіл тигізбе,
Дәм татқан жұрт едің,
Бейіс-шекер тақтайдан!
Төрт Дулаттың ұлына
Тигізбегін тіліңді,
Күйгізбегін үніңді.
Мен басында жұрт едім,
Дәм татқан бейіс шекер тақтайдан.
Қисынымен айтсам да,
Қай жерімнен жақпаймын?
Құдай Құлшағай, Әбелет,
Оның шеніне не қылған жан келеді?



Ботбайдан шыққан Сұбатай,
Тілеуберлі, Сиқыбай,
Елдің шетін жерлеген,
Ат кетпеген кермеден,
Қисық істі жөндеген.
Сұбатай батыр сөйлесе,
Қандай адам көнбеген.
Қатқан елді жібіткен,
Жүйрікті бағып жүгірткен.
Ерегескен дұшпанды
Жанынан түңілткен.

Қылышын жүріп білеген,
Дұшпаннан тілек тілеген.
Аттан қылған жүрегін,
Құдайым берген тілегін,
Өткізген Құдай білегін,
Қайтармаған жаннан жүрегін.
Асатайлақ елінен
Асыл жауһар түскен емес белінен.
Сексен беске келгенше,
Шенін дұшпан баспаған,
Ауылын жау шаппаған.
Ерегіскен дұшпанын
Жерден жаман қақтаған.
Есенбай мен Жанқойлық,
Есенбайдың үш ұлы
Тілеуқабыл біреуі.
Мал мен басты көп беріп,
Құдайға қабыл тілеуі.
Үсенбай шықты жасынан
Майемердің қасынан.
Көрген кісі шошынған,
Бұлбұлдай тілі сайраған,



Елдің қамын ойлаған.
Аңырақайды жерлеген,
Тілегі бар ма бермеген.
Тілеуқабыл бес ұлы
Жазық жерге сыймаған.
Малы жерді кернеген,
Түйесін алып тіздеген,
Қалы шеңгел көздеген.
Қайда дұшпан бар болса,
«Қайдасың?» деп іздеген.
Қораға қой иірген,
Ел-жұрттың бәріне
Жарлық айтып бұйырған.
Дұшпанының бәрі де
Аяғын тартып тиылған.
Тиылмаған дұшпандар,
Тірсегінен қиылған.
Жанқойлықтан шығыпты
Қозеке, Сіргелі, Төлеміс,
Төлемістен шықты Байқұлақ,
Дұшпаны өткен зар жылап.
Байқұлақтың баласы
Батырбек пен Садыбек,
Неше түрлі мәні көп.
Садыбектің баласы
Ідіріс пен Қостүтін,
Батырбектің баласы – Тәнеке,
О да шықты жасынан.
Ыдырыс пен Қостүтін,
Тәнекемен үшеуі немере,
Алыстан емес басынан,
Дұшпанды жеңіп қашырған.
Алматының бір шәрісін билеген,
Шешендерді сөйлетпей,



Аузын темір сыммен түйреген.
Бақытты берген басына,
Тақытты берген астына,
Кәріп пенен кәсірлер
Көп жиылған қасына.
Есенбайдың ұлы
Біреуі Шағатай
Өтен мен Жаушыдан
Шағатай шыққан жасынан.
Қылып өткен беглікті,
Атына шұғадан салған
Тоқым менен терлікті,
Қылған екен ерлікті.
Үш ұлы бар екен,
Маман, Жолан, Дәнненен
Жолан деген кісінің
Қырық кісінің күші бар.
Ерегескен дұшпанға
Неше алуан ісі бар.
Азуын айға білеген,
Байтеседей тісі бар.
Дәннен деген елінен
Сәмен батыр ол шықты.
Сан қолды қашырып,
Биік таудан асырып,
Қырғын-жойқын іс қылып,
Пәрменесін күш қылып,
«Сәмен» деген ұраны
Жерді жарып барады.
«Сәмен» деген ұранға,
Елдің бәрі қарады.
Ер Сиқымбай кешегі
О да Сәмен ұлы еді.
Күреңкей мен Шалабай,



Жанашырдың бірі еді.
Ноғай жатыр ішінде
Саламат Малмақ ұлы еді.
Жаулы жерді көргенде,
Төсекте ұйықтап жатпаған,
Даулы жерді көргенде,
Бүгіліп сөзден қайтпаған.
Ерлігі оның ұстаса,
Атқан оқтан қайтпаған.
Дұшпанды жерді көргенде,
Шошымайды жүрегі,
Қабыл еді тілегі.
Кербездігі ұстаса,
Шар айналдырған белдікті,
Қылып өткен ерлікті.
Шығып жүрген құмардан,
Бәйтеректей шынардан.
Ерлік пенен бектікті,
Аткөрпе мен терлікті,
Шағатай шығарған,
Үсенбайдың бір ұлы
Додадан шыққан
Долан деген би шыққан.
Жаңылмаған сөзінен,
Пара берсе, жарым тиын алмаған.
Арамдықтан аузына
Ештеңе де салмаған.
Ерегескен дұшпанның
К...інен қуып қалмаған.
Кәріп пен кәсірдің
Қас пен қабағына қараған.
Қолы жеткен жақсыны
Өз көңіліне санаған.
Ерегескен дұшпанды



Жаудан жаман талаған.
Бұйдас деген еліңнен
Шортанбай шыққан байлыққа.
Шырменбет Қарнақ,
Шықты билікке
Мырзалық онан аспаған.
Ақыл менен кеңеске
Еш адамнан саспаған.
Мырзалық пен бектікте
Еш адам аспаған.
Ноғайбайдың арғы атасы
Малдыбай мен Қонысбай.
Қай сөзім қалды жуыспай?
Әкесі оның Дәулетбақ,
Аруақ орнаған екен – қыдыр мен бақ,
Ноғайбай менен алтын тақ,
Талмаған екен тіл мен жақ,
Жәрдем болған аруақ!
Өлгенше бақ кетпей, тақ кетпей,
Халқынан шыққан жүйрік еді.
Сөйлесе алдына ешкім салмаған,
Төрт Дулаттың ішінде,
Ешкім озып, аузынан сөзді алмаған.
Қызыл тілі бәйгелі,
Сөзі болған әйгілі.
Ерегескен дұшпанның
Жүрегі болған қайғылы.
Қасқараудан шыққан ер Жайнақ,
Жасынан шығып жайнаған.
Ерлік қылып жасында
Жанына қылыш байлаған.
Қарадан шыққан хан Жайнақ,
Орга жасқа келгенде,
Болыс болып еліне



Шаруаға сайланған.
Шаруаның ішінде
Ғаріп пен кәсірге
Әділетін ойлаған.
Топ ішіне келгенде,
Бұлбұл құстай сайраған.
Әділдігін білдірген,
Ғаріп пен кәсірдің,
Жылағанын күлдірген.
Жаман істі қылмаған,
Жамандыққа көңіл бұрмаған.
Киімін киген тазадан
Ерегескен дұшпанды
Құтқармаған жазадан.
Көп жасап қайтты дүниеден,
Досына әсте тимеген,
Ғаріп пенен кәсірді
Бір өзіне жинаған.
Қасқарауда Қарабай
Жасынан шыққан бөлініп,
Туған айдай көрініп,
Тартқан жайдай керіліп,
Майлыбайдың ұлы еді.
Керім шықты жасынан,
Қайратын жұрттан асырған.
Елін жауға бермеген,
Сөзін дауға бермеген,
Кісісі жоқ батырдың,
Сөзіне ермеген.
Батырлықпен ол кетті,
Шешендікпен ол кетті,
Ана пішпеген тон кетті.
Жау ашпаған есігін,
Кеудесін тұнық жаратқан,



Шешен өзі кісі екен,
Жанды аузына қаратқан.
Керім батыр атанып,
Елдің шетін шетінетіп,
Ерегiскен дұшпанға,
Даяр болып ер жетіп,
Кебекбай шықты жасынан.
Қызыл тілі сүрінбей,
Ер сасатын жерінде
Ақыл тапқан бүгілмей.
Ерегiскен дұшпандар,
Кеткен емес кездесе,
Бір жанынан түңілмей.
Жан таңқалған сөзіне
Кім шақ келген өзіне?!
Заманында толған жан,
Уақытымен болған жан,
Сөйлеп кетсе сөзіне,
Келтірсе Құдай кезіне,
Дуа берді өзіне.
Жақсы көрген кісіге
Оң көзімен қараған,
Нәсілі нұрдан жаралған.
Үлкен съезд топ болса,
Жан аузына қараған.
Жақсы көрген жігітті
Өз көңліне санаған,
Ерегiскен дұшпанды
Көкпардай талаған.
Тәуір болған жігіттер
Кебекенді жанаған.
Жылағанды күлдірген,
Әділдігін білдірген.
Әділдігіне қарасаң,



Қара қылды қақ тілген.
Бір Құдайды ақ білген,
Ақылы толып кіріскен,
Атты мінген жүрістен,
Сұлуды құшқан, бейістен.
Тамағына бал жеген
Шекер, балмен күріштен.
Топ ішіне барғанда,
Сөз бастаған дұрыстан.
Заманында ешкім аспаған,
Үлкен съезд топ болса,
Сөзді бастап қасқарған.
Заманында Кебекбайдан
Ешкім аспаған.
Әділсіз сөзді айтпаған,
Айтқан сөзден қайтпаған.
Жандарал тұрса алдында,
Әділ сөзді бастаған.
Шойбек хан,
Қараүңгірді жерлеген,
Елдің шетін бермеген,
Кеудесін кеңес кернеген.
«Шекебай, Шойбек» атанып,
Ешкімге намыс бермеген.
Шекебай, Шойбек екеуі
Атасы болған Жаныстан,
Дабысы шыққан алыстан.
Ерегіскен дұшпанмен
Жолбарыстай алысқан.
Жаныстан үш ұл туған,
Жарылқамыс, Жанту, Жантаңнан,
Ол Жантудың баласы –
Жайылмыс, Байыс, Жамбай,
Нүкіс, Қыбырай, Өтеміс,



Қапал, Шегір, Құлболды,
Әрқайсысы туыпты арыс-арыс.
Жайылмыстың ішінен
Есенқұл шықты басында,
Есенқұлдан жеті ұл туып,
Жетеуі де жұлқынып шықты жасынан.
Баубек шықты хан болып,
Әшекей шықты нән болып.

Айдарбек шықты жұлынып,
Бигелді шықты түрініп.
Жүсіпбек шықты қарасаң,
Оймақтай аузы буылып
Жауы қалды сүрініп.
Ерегіскен дұшпандар,
Жалғыз жаннан түңіліп.

Дабысы келді алыстан,
Атасы болған Жаныстан.
Жаныстан шыққан
Төле бидің аруағы
Жер мен көкке жайылған.
Ол төренің аруағы
Ұлы жүзді билеген.
Ерегіскен дұшпанды,
Қайыстан жаман илеген.

Қатарынан бойы озған,
Ақылдыдан ойы озған.
Дұшпанын қуып тоздырған!
Аузына дуа бек қонып,
Бұл керуен оздырған.
Шешендерді қойғызған,
Қарны ашқанды тойғызған.



Әділдігін білдірген,
Ерегескен дұшпанның
Жүрегін тілдірген.
Әділдігін содан біл,
Жылағанды күлдірген.
Атасы болған Жартыптан,
Сүйегі болған алтыннан.
Боянбай, Туғанбай шықты жасынан,
Отыз ұлды Кәсенбай шықты
Кіндігінен Жарылқап
Екеуінің қасынан.
Әлдекені бай болып,
Саржан менен Саймасай,
Екеуі шықты болыс боп,
Болыс деген үлкен қоныс боп.
Шашасы жерге тимеді,
Маңдайы күнге күймеді.
Өлгенше маңдайына,
Таңдақ тимеді.
Қыры сынбай жүр еді,
Саймасай мен Саржан,
Бәзілдің ұлы еді.
Бұлардың қадірін
Дауан болып біледі.

«Әлдекен» деген байы бар,
Малы жерге сыймады,
Алтын менен күмістің
Үйінде есебі жоқ.
Атасы Жаныс болған соң
Онан бай өткен кесек жоқ.
Ал Жолсептің баласы
Еспенбет, Жанақ ұлы екен.
Онан туған Ормақай,



Оның туған ұлы екен.
Оның ұлы Ысмайыл,
Болыс болған басында.
Болыс болып жүріпті,
Қылшылдаған жасында.
Сонда Мәңке баласы
Хатшы болған қасында,
Жол таныды жасында.
Сөзі кірді хошыма,
Тұз тапты тұсында.
Жүйрік болып дуанға,
Жақсы деп ауызға білінді,
Кішкенедең жасында.

Ұсынған жерде дау тапты,
Қысылған жерде сөз тапты.
Сөз сөйледі кідірмей,
Дүниеден қайтты қайран ер,
Қызыл тілі сүрінбей.
Ақылы жеткен шешен еді,
Іс бастаған көсем еді.
Жасында кетті жалғаннан,
Кетпесіне шара жоқ,
Басына Құдай салғанға.

Алпысбай мен Майлыбек,
Тасболаттың ұлы еді,
Айтулы нақтың бірі еді.
Өзге таппаған амалды,
Алпысбай табар басында.
Жаудан қорыққан жан
Оның бәрі келер қасына.
Мизам жағына келгенде,
Алпысбайдан ірі өтпеген.



Ал, амалына келгенде
Тірі пенде жетпеген.
Жаудан қорыққан пенделер,
Қасынан кетпеген.
Қара дауға келгенде,
Орысқа кетті іс бермей,
Мизамына сүйеніп,
Алып шықты күш бермей.

Алысқанын жыққаны,
Табанға түскен дұшпаны,
Тірі жаны шықпады.
Болысып жүрген адамын
Қанат байлап аспанға ұшқаны.

Мұсахан Алпысбайдың ұлы еді,
Ерегескен дұшпанға
Қайтпайтын қара піл еді.
Жамбыл сенің айтысамын дегеніңе
Жалпы Дулат күледі.
Шапырашты ел едің
Үш жүз үйге толмаған.
Қыдыр мен бақ о баста
Сенің басыңа қонбаған.
Дулат деген ел
Тастаса ине үстіне түспеген.
Менімен ерегіскен кісілер
Бармағын аузына салып тістеген.
Теңім болса айтар едім тепсініп,
Өңім болса айтар едім өксініп,
Бұл жақтағы Албан болса,
Ол жақтағы Суан болса,
Қайтер еді Сарбасың,



Атын алып, қуған болса.
Қайтемін атын алып, қуалап,
Атын тартып, шапан жауып,
Алдымда тұрған болса.

Неге кетпей отырсың, қара бала,
Сарбасың сөйлей берсе
Таусылмас сөзі дана.
Шапырашты, Дулаттан
Төрт ат алдым.
Тіленші Бошқа шалдан
Бөрте ат алдым.
Ояздан келдім де,
Белет алдым.
Онан былай қайқайып,
Өрге салдым.
«Білсең Қызайың,
Білмесең Құдайың!» –
Деп отырған елге бардым.
Тоғыз күн сол арада өлең айтып,
Төрт ат, бірталай
Есепсіз шапан алдым.
Онан ат тізгінін бұрып,
Бері салдым.
Тезек деген төреңе өлең айтып,
Сары ат алдым.
Аузында түк тісі жоқ,
Көрі ат алдым.
Балғалы Бөлектің Бабайына өлең айтып,
Онан да мінілмеген құры ат алдым.
Бәзілдің Саржанына өлең айтып,
Арқасы жауыр бір ат алдым.
Қасқарау Ботбайдың
Немересіне өлең айтып,



Екі мүйізі тіп-тік
Құнан өгіз алдым.
Ботбай Сұбатайдың
Айқожасына өлең айтып,
Жирен төбел ат бастап,
Бір тоғыз алдым.
«Жақсылар жиналып жатыр» деген соң,
Бұл жерге мен іздеп келе қалдым.
Отырсың бұл жерде қара бала,
Неден үміт қыласың?
Аяймын, сен бейшара,
Әліңе қарап сөйле, Екей бала,
Шаншып сөйлеп отырмын шекей ғана!

Дулатты Дулат қылып,
Жаратқан Алла Тағала!
Бір ай жүріп,
Шетінен өте алмайсың.
Қарғығанмен еш жаққа
Жол тауып кете алмайсың.
Дулаттың бір шетіне көз жетпейді,
Тәңірім сүймес пендесін екі етпейді.
Қарасаң бірі – жуан, бірі – дара ағаш,
Құрық жалғап ұмтылсаң бой жетпейді.
Қалың Дулат ішінде мен тұрғанда,
Еш пенденің сөзі өтпейді.

Дулатты Дулат қылған мына Құдай,
Дулаттың төрт тірегін білесің бе ай?
Дулаттың білуші ме едің төрт тірегін,
Ешбір адам баспаған көкірегін.
Мен бір жүйрік,
«Шүү» дегенде жаннан озған.
Келіншектей майысқан, сен бір жазған.



Күні-түні айтысқанмен
Ешкімнен басылмайды көкірегім.
Қазықұрттың бауырында қалың Дулат,
Шапырашты, не таптың текке шулап?
Байлық пен көптікті мен сөйлесем,
Ет жүрегің тұрады тайдай тулап.
Қасқараудың ішінде Сарбас атым,
Хан-қараға көп өткен саясатым.
Бектікті, батырлықты мен сөйлесем,
Көткеншектеп шықпағай, азаматым.

Бұлбұл құстай сайраған менің тілім,
Бұлбұл құстай шығады менің үнім.
Қалың Дулат топырлап атқа мінсе,
Шапырашты, немене, көрген күнің?!

Сөйлетпегін тіліңді,
Үндетпегін үніңді.
Шығарар болсаң үніңді,
Тарылтармын күніңді,
Қағармын жыныңды!
Шақырып алып бұл жерге,
Сақтадың ба мұныңды?
«Үштаңбалы» дейтұғын
Жазған сенің еліңді.
Сенің үшін бұл жерге,
Байладым бекем белімді.
Ерегіссең менімен
Баспассың шенімді.
Жантелі бай, Нұрақан,
Атпен тартынған желімді,
Мен бір жүйрік сенімді,
Ол сықылды бай бар ма,
Сорлы сенің еліңде?



Шапырашты халық едің,
Теңгермеймін бойыма,
Не бар сенің ойыңда?
Ол басында білуші ем,
Жазған сенің жайыңды.
Үш арыс Жаныста,
Бүгежек Оймауыт,
О да жатыр алыста.
Шамаң келсе, бәйгеңді ал,
Меніменен жарыста.
Егер шамаң келмесе,
Үндемей отыр қалыста.
Бәйгені озған алар,
Иә, қалған алар.
Мен сөйлесем,
Ішің оттай жанар.
Дыбысыңды шығармай,
Үйден шыққын сұмырай!
Көрместей көңілің қалар,
Қыбырайдан шыққан Тілешбай
Оны айтсам болар көңіл жай.
Тілештің ұлы Жұмартай
Арылмаған байлығы,
Байлықпен өткен жарлығы.
Шойғараның ішінде,
Байбосынның Қоңырбай,
Мырзалық онан өтпейді,
Жалғаса да жетпейді.
Бектігімен өлсе де,
Бектің бойдан кетпейді.
Қарны ашқанға қой сойып,
Аямаған тамағын.
Күніне жүз кісі қонса да,
Бір жаппаған қабағын.



Асы жоққа ас берген,
Жалаңашқа киім боп,
Байлаусызға бір түйін боп,
Ел болса, жиын боп,
Шойғараның баласы –
Далбай, Дәліш, Қосбақ,
Бірдеме қылар осым-ақ.
Шыныменен сөйлесем,
Отыра алмассың қасыма-ақ.
Атасы оның Шығысбай,
Туғызған артық бар Құдай.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Шыққан екен басында-ай!
Өсіп-өнгенін сұрасаң,
Ол батырың осылай.
Қыбырай, Сарбас батырым,
Есікбай мен Оразбай,
О да менің жақыным.
Қожанберлі бардың
Кім табады ақылын?
Қара бала, көнбей отырсың,
Қысылады тақымың.
Жарылқамыс, Жанту ұлымын,
Қосылған ыстық-суығым
Ерегіспе менімен
О да менің жуығым.

Ерегіссең менімен,
Ісім түссін сенімен.
Тілімді алсаң, қор болмай,
Жүре бергін жөніңмен.
Енді не деп айтасың,
Алдырмаймын қайтесің?
Алатұғын жеріңді айт,



Ішіндегі шерінді айт,
Кетпейтұғын жөнінді айт!
Жеңетұғын еліңді айт!
Неше дуан жерді алған,
Тәшкеннен бері керді алған.
Албан, Суан ол дағы
Жарықшақтың баласы,
Ұлы жүздің қаласы.
Нанбасаң әуелі
Сынатып өзің қарашы.
Албан, Дулат ел қылған,
Асқар таудай бел қылған.
Текесті барып жерлеген,
Малы жерді кернеген.
Абақ би мен Жайнақты,
Атасы сан қараны
Алдына салып айдапты,
Шешендігін айтайын,
Бұлбұлдай тілі сайрапты.
Батырлығын айтайын,
Қылышын тасқа қайрапты.
Ақылгөйін айтайын,
Елдің қамын ойлапты.
Мінген аты көкбөрте,
О да осал кісі емес,
Жайнақтыңұлы Жансерке,
Абақ бидің Ниязбек кенжесі,
Құдайдың сүйген пендесі.
Қырық атанға алтын жамбы артады,
Өзім көргенім жоқ,
Көрген кісі «түндікте
Бес мың жылқы бар» деп айтады.
Сорлы Шапырашты
Бұған несін айтады?



Күш жетпеспен алысып,
Тырбандай беріп қайтеді?
Жансерке мен Байсерке
Ер Жайнақтың ұлы еді,
Қадірін исі қазақ біледі.
Арғы атасы Сайынбөлек,
Құдайназар дер еді.
Оның бәрін қозғасам
Шапыраштыға тиеді.
Айттыңұлы дер еді,
Айттан шыққан Абақ би,
Қызыр назар қылған жер еді.
Құнды бұлай дауласа,
«Абақ биге баралық» дер еді.
Үйіне келіп екеуі,
«Екеуміз де разы,
Хош болалық» дер еді.
Бозым деген елінен
Пұсырман деген бай шыққан.
Пұсырманның баласы
Тазабек деген ер шыққан.
Орыс пен Орманнан
Әсте беті қайтпаған,
Қаймығып тілін тартпаған,
Еш адамнан қорықпаған,
«Тазабек батыр» атанды,
Тізесі жауға көп өткен,
Қарымы елге көп жеткен,
Жүрек қайтпас ер екен.
Қырғыздан да қайтпаған,
Орыстан да қайтпаған,
Жалған сөзді айтпаған,
Шошынбаған жүрегі,
Қайтпаған бір Алладан тілегі,



Сондай болған сүреңі.
Орыспенен ұрысып,
Отыз орысты өлтіріп,
Кемеліне келтіріп,
Шалтабаймен екеуі
Қашып барған Құлжаға.
Дүниесін шаштырмай,
Ақырына келгенде,
Қайтып келді жұртына,
Үйреніскен ұлтына.
Қар жаудырып қабаққа,
Мұз төңкеріп мұртына,
Өзі тірі күнінде
Кім батып еді сыртына?

Атамқұл мен Қожамқұл
Қызылбөріктің ұлы еді.
Қызылбөріктің ішінде,
Керейқұл, Сақау дер еді.
Керейқұл, Сақау ішінде,
Мақсұт жаннан асқан ер еді.
Тамам Албан жиылса,
«Мақсұт білсін» дер еді.

Мақсұт шықты жасынан,
Жиырмадағы жасынан.
Қайратын халықтан асырған,
Ерегіскен дұшпандар,
Аяғына бас ұрған.
Қай қылығын ерлердің
Сарбас ақын жасырған?
Шормақ шықты
Қоңырбөріктің елінен.
Суаннан шыққан Қожбанбет



Суан деген ел еді,
Ол Суанның сегіз ұлы бар еді.
Төрт Ақшаның баласы
Төрт құлақты кемедей
Төрт Өмірдің баласы
Темірден соққан шегедей.
Суаннан шыққан Қожбанбет
Бойы биік төбедей,
Кебежедей қарыны,
Арғымақ аттай арыны,
Жер жарады дабылы,
Тілі бұлбұл шешені,
Болдырмайтын көсемі,
Ерегескен дұшпанның
Толысын енді шайқаған,
Жақсы-жаман бәрінде
Әділетпен байқаған.
Ерегіскен жерінде,
Айдаһардай ысқырған,
Артық жеген кісінің
Артығын алып құстырған.
Әділетін бұрмаған,
Әділетті кісі екен,
Күн шығарып тұрмаған,
Қызылбөрік Дәркенбай,
Бай, би болып жүрген жасында,
Жақсымен басын қосып,
Бір жүрген қасында.
Құдайын енді ойлады,
Қырық-елуге келгенде,
Іздеп Құдайын тапқалы,
Меккеге барды асығып,
Түйеге мініп асылып.
Кебежеге теңделіп,



Күнәсінен пәк болып,
Жаңа туған баладай
Кіршік жүзі өңделіп,
Меккені барып айналып.
Жазында барып Меккеге,
Күзінде қайтты жайланып.
Үйге келіп далаға шықпады,
Құраны мен тәсбих қолында,
Қыдыр шырау аузында,
Қолында бар тәсбиғы,
Бойында бар дәреті,
Аузында бар шәреты²
Басында бар дәулеті,
Сондай болған сәулеті,
Өзі Албанның әулеті.
Көкіректеген халықтан,
Байназар мен Жайлаубек,
Жауларменен алысқан.
Сайлауда Байболатпен
Үздіксіз алысқан.
Болыстықтан түсірген,
Үлкенінен кішірейткен,
Он басыға жаратпай тастаған,
Тастағанын ұлықта қостаған.
Қанат қосып екеуі,
Болымсыз сөзді айтпаған.
Екеуі бірдей бас қосып,
Бет алған жерден қайтпаған,
Жарамсыз істі қылмаған,
Қылатұғын ісіне
Қылмай көңіл тынбаған.
Еш пендеден

² Шараты – шариғаты.



Екеуінің сағы сынбаған,
Қылған ісін тындырған,
Егескен жауын сындырған.
Мизамнан басқа айтпаған,
Айтқан сөзден қайтпаған.
Мизамын тауып сөйлесе,
Жуанды жіңішкерткен,
Жіңішкені үзілткен,
Көзіне жасын тізілткен.
Кім басады шеніме
Ат жүздіріп келемін
Айдын шалқар көліме.
Менің күлкім келеді
Шапырашты сенің еліңе.
Еліме енді қарасаң,
Адам ұлы батар ма!
Шабынып қылыш шабар ма,
Шамырқанып мылтық атар ма!
Мұның бәрін естіп,
Жаны бар кісі жатар ма?
Қадірлі мен қызулы
Аты Дулат халқында
Ілесемісің нарқыма.
Шапырашты басыңмен
Өзің қарашы артыңа?!
Тамам Дулат біріксе,
Қоямын ба еркіңе!
Әлі кетпей отырсың,
Мен жетпей қоймаспын,
Өзім айтқан сертіме.
Құла мініп, жиренді жетелеп,
Сөз сөйлеші төтелеп.
Көп Дулаттың ішінде
Кермеден аты кетпеген,



Байлық, көптік одан өтпеген.
Шапырашты жазған-ай,
Қысқа жібің күрмелеуге жетпеген,
Шапырашты төстен кетпеген.
Бағып едің салықты,
Бір көрмедің жарықты.
Жүгіремін алысқа,
Керең тартар дабысқа.
Жарықшақтың үш ұлы
О да маған алыс па?
Атыңды тартқын да,
Жөнегін дабысқа.
Қарағын, меніңше,
Іс белгілі жақсылар
Қарағың, бұл іске.
Бұл жерде не деп қайтады?
Топырақтай Албан мен Дулатқа,
Неменесін айтады?
Терісінде шелі жоқ,
Керіліп жатқан елі жоқ,
Құр бекер не айтады,
Ештеменің жөні жоқ.
Кеңірдектен алайын,
Саған тісті салайын,
Айтып қара еліңді.
Айта алмасаң еліңді
Өкшенді көтеріп,
Таппаймысың жөніңді.
Қай айтатын елің бар,
Қай сөйлейтін жөнің бар?
Үш ананың баласы,
Үш-ақ жүз үйің бар,
Қай келетін күйің бар?
Кетпеймісің бұл жерден,



Басыңда сенің
Қай жөнді миың бар.
Қалың Дулат ішінде,
Қыдырлы мен қызулы менде бар,
Шоқай киген салықшы
Төсте жатқан сенде бар.
Меніменен айтысар
Қай жеріңде жөнің бар?
Айта алмасаң еліңді,
Дыбысыңды шығармай,
Кетпеймісің қасымнан.
Ерегіссең менімен,
Тұман болып кетпеймін,
Шапырашты қасыңнан.

Сарбас сөзін бітіргеннен кейін жиналып отырған қазақтың жақсылары отырып Жамбылға: – Сен айтысыңды бастамас-тан бұрын Домалақ деген әйелден Жарықшақтың тууы, оның Жарықшақ атанған себебі, онан Албан, Суан, Дулаттың та-рауын, осыны алдымен айтып бер? – деп әмір қылады.

Жамбылдың сондағы қойған сұрауларына жауап беріп, оны-мен бірге жалғастырған айтысын бастағаны.

Жамбыл:

Алматы деген шәріде,
Жұрт жиналып жатқанда,
Қыбырай, Қожамберлі болыс
«Жамбыл үйге кел» деп айтқанда,
Сәскеде келдім үйіне,
Тамам жақсы ат байлап,
Би, болыстар жиналып,
Қол, аузы етке майланып,
Табакқа қол қойғанда.



Сыпыра жақсы жайланып,
Тамақ ішіп, етін жеп,
Шай ішіп отырған кезінде,
Домбырамды өңгере,
Кіріп келдім еркіндеп.
Домбырамды қойдым да,
Шайды бірге ішкенім.
Әден деген старшын,
Түрегеп орын бергені.
Отыра қалдым орнына,
Ноғайбай мырза шіренген:
– Домбыра алған бұл кім? – деп
Теріс көзбен қарады.
Танып тұрып танымай,
Екі көзі жеп барады.
Осы неме екен деп,
Сөйлемеді шаншымай.
Қызынды ұрайын Екебай,
Жүр ме едің қаңғып жарымай.
Бірге отырған жолдасы
Қасындағы Қасабек,
Бір жолдасы Дәулетбақ,
Бөлтіріктің баласы.
Отырғанның біреуі –
Дәуітәліұлы Байболат
Деді құр кекеп «шошыма».
Бір жолдасы Көкірек Байназар,
Өңкей дәудің қасында.
Қожамберлі болыс үйінде,
Қыбырай Мамай қу бар,
Отырдым да іштім шай,
Қырына алды Ноғайбай,
Өңкей дәудің қасында:
– Сөйлемегін мұңаймай.



Сүйінбайым баяғыда
Былай өлең айтад деп,
Бір ағашты құшақтап,
Отырдың кеп қасыма ай.
Жамбыл деген неменіз
Екейдегі осы ма-ай?
Ноғайбайдың алдында
Сөз сөйлеші шошымай!
Орнын тауып айтпасаң,
Қамшы тиер басыңа-ай!
Сағынып жүрген немедей
Отырдың тақап қасыма-ай.
Бір ауыз сауал сұрайын,
Айта алмасаң өленді,
Ұрайын ба басыңа-ай?!
Домалақ, Жарықшақтан бастап,
Бір ауыз өлең айтшы көрейін.
Өлеңінді қозғашы,
Домалақ, Жарықшақтан
Бір ауыз өлең озбашы.
Бет алдыңа терме айтып,
Таңдайыңнан тозбашы.

Қожамберлі сені мақтайды,
Бұл маған неліктен
Жақын келіп жақтайды.
Кейбіреу айтса өленді,
Бекер аузын боқтайды.
Сүйінбайдың інісі деп,
Парасат қып мақтайды.
Сүйінбайдан басқа өлеңші
Сірә, маған жақпайды.
Домалақтан қозғашы,
Жарықшақтан озбашы.



Бет алдыңа бақырып,
Таңдайыңнан тозбашы.
Жамбылдың келді кезегі,
Мақтамағзамқызы екен
Домалақтай енеміз.
Қасиетті енеден
Енді сөйлей келеміз.
Домалақтай енеміз
Үш қатынның бірі екен.
Сары бәйбіше мықты кеп,
Көңілді бай қарамай жүр екен.
Байлық пен байдың жылқысы
Есебі жоқ көп екен.
Жылқыдан келсе бір күні,
Үлкен ақ жұлым үйі бар екен,
Жұлым үйден саңылау көрінді...
Домалақ енем қасында,
Бас жағында басында,
Екі қожа шам жағып,
Ат басындай Құранды
Қатар оқып отырған.
Жүзінен нұр тамғандай,
Мейірі жанның қанғандай.
Сары бәйбішеден жасырынып,
Анда-санда түнеді.
Түнеп жүрген шағында,
Жүкті болып қалады.
Айы жетіп тұрғанда,
Ел көшпекші болады.
Толғатады анамыз,
«Ішім ауырып отыр деп,
Ертең көшіп барам» деп,
Анам жұртта түнеді.
Жұртта көшпей қалады.



Бесін уақыт болғанда,
Қырғыздан шыққан Аққошқар
Шаппақ болып келеді.
– Мен бүгін Бәйдібектің
Көп жылқысын аламын.
Батаңды бер, Домалақ,
Сенің батаңды аламын.
– Қалағанымды бересің бе,
Мен батамды берейін?
Қуанышы сенде болсын,
Түпқызығы менде болсын,
Барасың, барасың да аласың, –
Деп батасын береді.
– Қандай бата мұның? – деп,
Қуанышы сенде, – деп,
Аққошқар кетті аттанып.
Таңға жуық болғанда,
Сан жылқыны шулатып,
Тай, құлынын тулатып,
Айдап алып жөнейді.
Домалақ тысқа шығады,
Аққошқар қасына келеді,
«Қалағаның бар ма» деп,
Келіп сөйлей береді.
– Көп жылқының ішінде
Тоқсан екі құлыны бар,
Бір сары айғыр бар еді.
Енесінің шуынан
Басқаны тіпті көрмеген,
Шыбыннан басқа қонбаған,
Желден басқа мінбеген,
Мойнына құрық тимеген,
Соны енді бергін деп,
Солай жауап қылады.



– Асауды қалай ұстап аласың,
Жүген, құрық тимеген?
– Ұстасам ұстап алайын,
Ұстамасам қалайын.
Құрайт, құрайт, жануар,
Құтың менде, жануар!
Бері келгін бізге деп,
Күдерінді үзбе деп,
Қазығың қалды менде деп,
Еңбегім кетер сенде деп, –
Құрайттады Домалақ, –
Ісімді Құдай жөнде деп.

Айғыр сонда келеді,
Омырауын иіскей береді.
Басына жүген жүгендеп,
Айдады жылқының өңгесін,
Аққошқар батыр түгендеп.

Екі аяқты тұсады,
Тырп етпеді жануар,
Жуас малға ұксады.
Түс мезгілі болғанда,
Сегіз ұл келді артынан,
– Айғырды неғып байладың,
Топ жылқың қайда? – деп,
Домалақтан сұрады.

Домалақ жайын айтып тұрады:
– Балалар, оған бармандар,
Түп қазығы бізде, – деп,
Таңға жуық болғанда,
Жылқың келер мұнда, – деп.



Арттан қуып барсаңдар,
Мерт боларсың, балалар,
Шылбырына оралып,
Жалына анам айтады.
Оның тілін алмады,
«Барамын» деп болмады.
Сегізі бірден жөнелді,
Сағаға таман келеді.
Саға судан өтеді,
Сонда қырғыз қулары
Жүз кісі бұқтырма қойып,
Бір таса сайға кетеді.
Алдына түсіріп,
Сегізін ұстап алады.
Сегізін бірдей бауыздап,
Атын жиып алады.
Бәйдібек бай артынан
Бір ұлымен келеді.
– Балаларың тіл алмай,
Осы жерден жөнелді.
Балаларың мерт болды,
Қайтпайтұғын серт болды,
Барып қара ұлыңды,
Жалған деме мұнымды.
Бәйдібек те кетеді,
Қайта оралып келеді.
«Балалар тегіс өліпті» деп,
Қайта келіп сөйлейді.
Домалақ енем бас болып,
Жегіп арба айғырға,
«Өлгенге енді қайғырма»,
Екеуі келіп жөнөді,
Өлікті салып арбаға,
Сегіз ұлымен келеді.



«Тез баламды көмгін деп,
Кіші жүз бен Орта жүзге
Кідірмей көшкін» деп,
Бәйдібек тоқтар емес мазалап.

Домалақтай енемнің,
Қасиеті көп еді.
«Таңға жуық болғанда
Жылқың келер» деп еді...
Ел ұйықтап жатқанда,
Түн ортасы болғанда,
Құрайт салды Домалақ.
Сары айғырдың даусына,
Тас жаңғырды, тас құлап.
Құлақтан өтіп барады!
Таң сарғайып келгенде,
Қалың жылқы шұрқырап,
Бәрі жосып келеді.
Көшіп дағы жөнелді,
Сегіз күндей көшеді,
Күні-түні тыным жоқ
Тыным қылған күні жоқ.
Кіші жүз бен Орта жүзге
Тақап барып қонады.
– Кіші жүз бен Орта жүзде
Бас қосқан жиылыс бар еді.
Мен соған барамын, – деп,
Домалаққа көзің қырын салғын, – деп,
Толғатып отыр осы, – деп,
Айтты дағы жөнелді.
Домалақ қатты толғатты,
Сырық, бақан орнатты.
Нәрсе саламыз дегенде,
Зеріп тартып түсірді.



«Жүктің сыртында
Бір пышақ арнап қойып ем,
Алып кел» деп еді,
Соған Зеріп жөнеді.
Сол жаққа кеткенде,
Қолын салды балаға,
Бар денесін көреді.
Шошағы қолға түседі,
«Еркек екен мынау» деп,
Еңбегіне сұқ қолын сұғып алады,
Бала талмаусырап қалады.
Сары бәйбішеден болғанын,
Зеріп сонда біледі.
Кіші жүз бен Орта жүз,
«Бәйдібекті көшіріп келеміз» деп,
Салып ауылға келеді.
Кіші жүзде бір оташы бар еді.
Кейде еміп, кейде ембей
Талып жатқан баланы көреді.
«Суық қолдың орны» деп,
Көзінше айтып береді.
Жарылған жерін басының
Ойып алып тастады,
Тасбақаның сүйегімен
Жарасын жамап емдеді.
Үш айда бітті жарасы,
Құдайдың құдіретін қарашы.
Төбесі жарық болды деп,
«Жарықшақ» деп атады.
Жарықшақтан туды үш ұл:
Бірі – Дулат, бірі – Албан, бірі – Суан,
Бәрінен де көп Дулат болды жуан.
Жуандықтың белгісі сол емес пе,
Өр қайсысы болып кетті әрбір дуан.



Бұрынғыдан есіткен
Ата жайы, ел сөзі.
Домалақтай ананың.
Жайы мәлім бізге осы.
Ата жайын ұқпастан,
Құр мақтанға жармасқан,
Сен Дулаттың бір езі.

«Сарбас ақын менмін» деп қылма жуан,
Шұбар бет, шолақ ерін, аузың жаман.
Жаман сөйлеп отырсың неге маған?
Майкөттің сегіз ұлының бірі едің,
Оңбаған, дағдың жаман!
Аузы-басың қуарған,
Ұрты-басың суалған,
Қайда сенің ата-бабаң,
Тұлпар мініп, ту алған?!
Бір жақсылық көрмеген,
Артынан ешкім ермеген.
Менде Шапырашты ұлы едім
Алтыннан қылыш сермеген!
Көп Дулаттың баласы,
Рас-ақ сенен аз едім,
Аз да болса батыр ем.
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп пестонды
Көк беренді кезедім.
Келді менің кезегім,
Келсе менің кезегім,
Кезегімді бір бермей,
Өртенді менің өзегім.
Сақалыңмен жалпылдап



Тересің Жамбыл тезегін.
Сырттан жорып жүріпсің,
Бай қадірін сағит байлайын деп,
Жақсыларды қорисың.
Шапырашты мен едім,
Қалың Дулат сен едің.
Аз да болсам әуелі
Ширегіме келмессің.
Дардай кісі жалпандап,
Бүйтіп боқты жемегін.
Қалап келген жерімнен,
Алмай кетер демегін.
Сақалыңмен жалпылдап,
Күндіз үрген иттей боп.
Үлкен басыңды кішірейтіп,
Неғып қалдың шиттей боп.
Бәленшеге жабысып,
Қанын сорған биттей боп.
Есқожа деген елімнен
Кім асты екен ерлікпен,
Кім жүрген менің шенімнен.
Асыл, жауһар кеткен жоқ
Сірә, менің белімнен.
Саурық шыққан басынан,
Көк шыбықтай иіліп,
Ерлік қылған жасынан.
«Әкең Саурық» дегенде,
Дұшпанын күндік жерден
Дабылымен қашырған!

«Ал, Саурық» дегенде,
Қалтырамады қандай жау,
Қарсыласып келгеннің
Қайтқаны бар ма есен-сау?



Қырғызға тыныштық салмаған,
Жауы бар ма алмаған.
Жұмасына ел шауып,
Қырғыз жаман зарлаған.
Мінген атын жаратқан,
Жұртты аузына қаратқан,
Қылышы қия шабылған,
Жүйрік аттың бәрі де
Пұшпағынан сабылған.
Найзасын ханға түйреген,
Мақтанбағын, Сарбасжан,
Қалың Дулат ішінде,
Дәу Сыпатай басында,
Андасы бар қасында,
Әлі төресі жанында,
Қасқарауда Қарабай,
Бет-жүзіне қарамай,
Қасқарау Қырбас батырды
Сұраншы шылбыр тағып мойнына,
Қан тамшылап қойнына,
Бірталай жерге сүйреткен.
«Сұраншы өлтірді» деп,
Дулатың сонда шулаған.
Сонда қалай қорықты
Сұраншыдай батырдан.
Сонда батыр Сұраншы:
– Екі-ақ кісі қырамыз,
Барып ойран саламыз!
Неге қарап тұрамын,
Әуез Атамқұл,
Сен бері кел, – деп,
Өз қасына шақырған.

Атамқұл келді қасына,
Қылышы бар бұлқынған.



Дұшпанды жерді көргенде,
Айдаһардай жұлқынған!
Қалың Дулат көргенде,
Қорықпап па еді сиқынан.
Сұраншыдай батырдың
Жан жүрмеген шенінен.
Алмастан соққан ақ қылыш
Еш кетпеген белінен.
Ашуланған кісіге
Қабағы жаман түйінген,
Досы қатты сүйінген,
Дұшпаны жаман күйінген.
Сұраншыны көргенде,
Аузын ешкім ашпаған,
Аяғын бейпіл баспаған.
Қарсы келген кісіні
Сүйретіп тастаған.
Сабырлықпен саспаған.
Көлденең атқан мылтықтан
Жан сауғалап қорғалап,
Әсте бір қашпаған.
Тілеуқабыл, Майемер
Саркемерде шабылған.
Қырғыз бен сартқа,
Албан, Дулат,
Көп болғанда сонда не қылған?!
Үш бөлінді бұл Дулат,
Бір бөлігі Іленің ар жағында,
Айсаның қарын өрледі.
Батыр деген Сыпатай
Жау қарасын көрмеді.
Сыпатайдай батырың
Түнде үркіп жөнеді.
Сарыбалақтың қасында,



Аңырақайдың тасында,
Соған басы тығылды,
Тығылған жерден келмеді.
Тойшыбек пұшық,
Қасқарау Керіммен қас екен.
Қырғызда Жантай, Жанғараш
Керімменен дос екен.
Шап деген екен Керімді,
Досына енді болысып.
«Сені шауып алады» деп,
Шабуылмен түнде хабар береді.
Түнделетіп Керім көшіп,
Үш күн, үш түн үріккенде,
Керім кетті төмендеп.
Ақтоғайдан барып шықты,
Қарт бурадай шөмендеп.
Тілеуқабыл, Майемер барды да,
Сарыкемерде шабылды.
Тілеуқабыл, Майемердің көші
Іленің түбегіне тығылды.
Құтырған Қоқан қолдары,
Бұларды қоршап алады.
Қыз бен жігіт тізіліп,
Су шетіне жығылды.
Жүрегі жаудан шағылып,
Суға аққан сорлылар
Тірі болсын неғылып.
Қыз-келіншек жарарын
Екіден түйеге мінгізіп,
Алып жаулар жөнелді.
Батысайы, баршаға,
Қырғыз, сарттың қолы кенелді,
Желдей гулеп жөнелді.
Ел мақтаған мақтаншағым,



Сонда к... ашылды.
Мал мен мүлкің қазынаң
Айдалаға шашылды.
Шапқан атты бөгеді,
Қызыл қанға ат тұяғы боялды.
Жауға біткен асыл ер
Найзасын тасқа таянды.
Арыстан туған ерлерден
Құдай несін аяды.
Қасқарауда Кәрібоз, Бауке,
Сұраншыға шауып барады:
– Сенен қайрат болмаса,
Қалғанымызды жау шабады.
Біздің Дулат көп жылап,
Сенен басқа батыр таппады.
Батыр деген Сыпатай
Аңырақайдан шықпады.
Ботбайдың шыққан батыры
Ықпалы оның төмен боп,
Арғы жақтан келмеді.
Сенен қайрат болмаса,
Іздер кісі болмады.
Шағатайдай халықты
Жібермеді Тойшыбек,
«Барайын» десе, «барма» деп,
Өңкей батыр бәрі де,
Алыста жатып иілмеді.
Жауды көрсе қуанған,
Тұлпар мініп, ту алған.
«Сұраншы», «Саурық» дегенде,
Қырғыз деген халықтың
Жылаған баласы жұбанған.
Дұшпанды жерді көргенде,
Мұртынан күліп қуанған.



Қасқарау Кәрбоз, Бауке кеп,
Атын тартып жылаған.
«Жүргін батыр, ұнаған,
Жаулы жерде бақ берген,
Дұшпанға жетер шақ берген,
Таңдайына сөз берген.
Асыл гауһар қылып,
От ұшқынды көз берген.
Қай дұшпан сенен сау кетер,
Қарсыласып кез келген.
Қатын-бала кетті деп,
Жарамдысын алды, – деп,
Жарамсызы қалды, – деп,
Сеннен қайрат болмаса
Керегіміз кетті, – деп,
Көп Дулаттың баласы
Көптігімен ісі жоқ,
Қарсы келер кісі жоқ.
Көп Дулаттың баласының
Жылаған мен шабылғанда ісі жоқ.
Қатын-бала зар жылап,
Күні-түні шуылдап,
Ет жүрегі суылдап,
Қыз-қатынды қырғыз, сарт,
Алып жөнелді дуылдап.
Бізде лажымыз құрыды,
Батырға келдік шаққалы
Қырық мың қол келіп қаптады.
Сенен қайрат болмаса,
Дулаттан кісі баспады.
Жылап тұрмын өзіңе
Жас таусылып, қан келіп,
Қалған жанға сен ие,
Жауап қылғын сөзіме.



Бірысқа шыққан батырсың,
Қырылып, шабылып жатқанда,
Қайтіп шыдап жатырсың?
Найзаңды тастан өткізген
Шын туған ұл едің,
Кәламыңды Құдай жеткізген.
Сенен қайрат болмаса,
Ажалымыз жетті деп,
Қыз-келіншек жарары,
Жау қолында кетті деп,
Атым тартып жылаймын,
Сенен рақым сұраймын.
Талабың судай тасыған!
«Қалың Дулат» дегенмен,
Жауды көрсе жасыған.
Бақыт берген жігіт ең,
Өзелде Құдай басыңнан.
Қырық мың қолға жан баспай,
Шапқын, батыр, аруаққа-ай!
Басқа шағар кісім жоқ,
Шабатұғын жан-жаққа-ай,
Атыңа мін, батыр-ай!
Жәрдем берер бір Құдай.
Шуылдап жатыр ел-жұртың
Қырық мың қолға қарасаң,
Іледен бері қаптаған,
Жас әйелді таптаған,
Қарсы келер кісі жоқ
Ел қалмады шаппаған.

Желісін үзіп жылқы алды,
Ерсіз отырып мүлік алды,
Сенен басқа бұл жерде,
Жауға шабар кім қалды?!



Тек дейтұғын кісі жоқ,
Еш адамның ісі жоқ
Біздің Дулат ішінде
Арттан барар кісі жоқ,
Беліміз біздің үзілді,
Сені көріп шаптым да,
Көңілім менің бұзылды.
Тал шыбықтай бұралып,
Сұлу қатын, сұлу қыз,
Көзінен жасы тізілді.
Қалың Дулат ішінде,
Ерлігінен саны көп,
Жауға шабар жаны жоқ,
Қара ағаштай Дулатты
Аңырақайға иірді.
Біздің елдің адамы:
«Сұраншыға шапқын» деп,
Бәрі бірдей бұйырды.

Енді бізден ес кетті,
Мал мен жанды жиып ап,
Сарт пен қырғыз солдатты,
Елдей көшісіп әкетті.
Жігітің сай болған,
Дұшпанды алып,
Көңілі жай болған.
Жылап келдім өзіңе,
Келтірді Құдай кезіне,
Мен де сенің туғаның
Алтын туым құлады.
Алдыңа келіп бейшара,
Жайын айтып жылады.
Шапса тасты кетілткен,
Ақтұяқ аттың тұяғы.



Мініп жүрген Ақтұяқ
Бұл дүниенің пырағы.
Сұраншы, сен емес пе ең,
Бұл қазақтың шырағы.
Шырағымен жандырып,
Жау қолынан алып бер,
Жесір менен жебірді.
Жесір-жебірлер кетті дуылдап,
Қыз-қатын қалды шуылдап.
Ет жүрегі суылдап,
Тұла бойы дуылдап.
Сенен басқа кісі жоқ,
Арғымақ ат бүгілді,
Қалың Дулат бейшара,
Дүниеден түңілді.
Тасқотаннан бері қарай
Ақ шатыр мен көк шатыр
Күртiнi жағалай тiгiлдi.
Түтiнi бу болып,
Жүрген жері шу болып,
Алғандары түйе боп,
Сойғандары бие боп,
Қазақтан алған малына,
Қырғыз бен сарт ие боп.
Қонып алып жағалап,
Күртiнi келiп өрледi,
Топырақтай ауыр қол.
Жаннан қорқар ер ме едің,
Онысын келдiм өзiңе,
Құлақ сал, батыр, сөзіме.
Ендiгiсiн өзiң ұқсат
Барар, бармас өзiңде?

Мұны естіген батырдың



Түгі шықты сыртына.
Жаудың көріп қырғанын,
Жаны ашыды жұртына.
«Аһласып келгенде,
Қалың қазақ өз елім,
Ел намысын қорғамау –
Ер жігітке бір өлім!»
Қайраты тасып батырдың,
Жауға қарап ақырды,
Жолдастарын шақырды.
Қасына үш жүз қол ертіп,
Ақтұяққа мінеді,
Он мың қолға тиеді.
Үш күн, үш түн соғысып,
Жауды шөптей жапырды.
Қырып-жойып, қалғанын
Ел шетінен қашырды.
Сөйтіп, біздің Сұраншы
Дулатты да қорғаған.
Тығылғанда қояндай
Дулаттың батыр дегені.
Сол Дулатты сақтаған,
Сұраншы біздің ер еді.
Кәне, осындай ерді айтпай,
Жатқа намыс бермеген,
Құр созасың өңешті.
Жамандарын айтып еліңнің
Қолынан боқ келмеген.

Сұраншы сонда ақырды:
– Андас, Нарбота,
Бері кел! – деп шақырды.
– Туманай, Шаңқан қайдасың?
Шақырды өңкей батырды.



– Дәуқара мен Шымырбай,
Шапшаңырақ келгін, – деп,
Түгі шығып бетінен,
Сұраншы батыр отырды.
«Үш жүз кісі жиылсын,
Шағып келді маған, – деп,
Мен барайын оған, – деп,
Үш жүз кісі қыдырып,
Күртiнi төмен қыдырып,
Аттың ендi тоқымын,
Шырғанақ, тiкен сыдырып,
Шомбалғанға қарап бұрылды.
Шомбалғанға шығып тұрып,
Жау қарасын көреді.
Үш жүз кісі иіріліп,
Шоқтай болып тұрады.
Қорқақтың түсі қашады,
Сабырсыз жаман сасады.
«Не қыламыз бұған? – деп,
Жер қайысқан қол екен,
Топырақтай мол екен»,
Нарбота салып уайым.
Андас айтты қайғыны:
«Не қыламыз, бұған? – деп,
Құмырсадай кісі екен,
Тегі қайтсақ қайтеді?
Шошынды біздің кісіміз,
Бұған қайтып келер күшіміз?!»
Уайым салып болмады,
«Қайталық» деп зарлады.

Сонда Сұраншы
Ашуланды жұртына,
Түгі шықты сыртына.



Аузы-басы көпіріп,
Тіл сыймады ұртына:
– Түнде жатсам түсімде,
Шырт ұйқының ішінде,
Оң жамбасымнан жатыр ем,
Сәтті күннің сәтіне,
«Қарасайлап» ақырып,
Түсіпін мұның к...іне.
Осы қолды қашырып,
Қордайдан қуып асырып,
Қызыл қанға батырып,
Қырғын-жойқын іс қылып,
Қанына жерді сасытып,
Түсімде мен жүріппін.
Кетші, қане, көрейін, – деп,
Қылышын алды суырып.
Заманасын қуырып.
– Талапкердің бәрі де
Бұл араға келмей ме,
Бүйткен сені көрмей ме,
Мұның қатынның ісі емес пе?
Ұялмай қайтып барасың,
Ел қарасын қалай көресің.
Ауылдағы ақсақал.
– Не ғылып келдің? – дегенде,
Не бетіңді айтасың?
Жаудан қорқып қайтқанша,
Қалың жаудан тайсалмай,
Жаралы болсақ болмай ма?
Ажал келсе үйде де кісі өлмей ме,
Бұл ісінді жау да көрмей ме?
Жауға бүйтіп сыр берсек
Дұшпанымыз күлмей ме?
Қайтшы, кәне, көрейін,



Қолыңда сенің өлейін.
Қылышпенен шапқылап,
Әуелі сендердің
Қызығыңды көрейін!
Жібермеді біреуін,
Бәрін-дағы иірді.
Сұраншы сонда
Батырлықпен бұйырды,
Қыбыланың қызыл желі,
Соққан екен самалы,
Андастың тапқан амалы
Кешке жуық болғанда,
Екі жүз жерден от жақты,
Амалды Андас сол тапты.
«Сарт ұлығына барғын», – деп,
Отар деген біреуді
Қолға қарай шаптырды.
– Сұраншы батыр
Көп қолмен келді, – деп,
Ебедейсіз молы-ды, – деп,
Мені жіберді білгіз, – деп.
Сұраншы қолы көп келді,
Қисық емес, еп келді.
Мың солдат келді,
Алматы деген шәріден
Бес жүз казак, орыс келді.
Қылыш, мылтық, зеңбірек,
Батырлары өте көбірек.
Жеңу үшін бұларды
Айла мен күш көп керек.
Мың солдат барыпты,
Қордайдың асуын алыпты.
Бес жүз казак, орысы,
Сұраншының қасында қалыпты.



Бес жүз казак-орысы
Сұраншының қасында.
Қылыш, мылтық, зеңбірек,
Орнап жатыр басында.
Сүт пісірім уақытта,
Келмек болды осында.
«Маған хабар бергін» деп,
Жіберіп еді өзімнен.
Қабыл көрсең сөзімді,
Тез дайындал, төзімді!
– Не дейсің, патшағар, – деп,
Шақырып алды қасына,
Қанжарын алды қолына,
Бояймын деп туымды,
Қанжар шапты басына,
Айтқанына нанбады.
Ақ қарабас туына,
Көлденең ұстап,
Хабаршыны бауыздап,
Қанымен туын қандады.

Айқай шықты өр жақтан,
Айқайды байқаса,
Құлағын салса қылжақтап,
Ет асылып, шай қайнап,
Айқай-ұйқай, қым-қуыт,
Қаптап келеді қалың топ
«Қарасайлап» айқайлап.
Асулы ет – асулы,
Сойылған мал – союлы,
Дүниесі шашулы,
Шабылған ел ашулы,
Қырғыз бен сарт қолы
Қос-қолаңын тастады,



Быт-шыт болып қашқаны.
Қашқан жаудың бәрі де
Жалпақтасқа жабылды.
Жүйрік аттың бәрі де
Қатты шауып сабылды.
Үш бөлінді бұл қырғыз,
Қырғыз қашты бір бөлек,
Сарт қашты екі бөлек,
Сұраншы түсті көтіне.
Кім қарайды сол кезде
Сұраншының бетіне.
Тұяғынан тік басып
Келген екен Ақтұяқ
Шабатұғын кезіне.
Өтегеннің аузында,
Аққорадан барды да,
Қолдың алдын өрге қайырды,
Қайырғаны зайыр-ды.
Шулатып алып баратын
Қыз бен қатынды,
Өтегеннің аузында,
Сұраншыдай батыры
Сол жерде айырды.
Қашқан жаудың бәрі де
Өтегенді өрледі.
Дулаттың бектері
Жау қарасын көрмеді.
Оңды-солды
Сұраншыдай батырың
Қылышын сермеді,
Жауға намыс бермеді.
Үш күндей ұрысты,
Сұраншыға бір адам.
Қарай алмай бетіне



Айқай салып Сұраншы,
Түсіп берді көтіне,
Омар батпан Шерінің
Соғысынан кем емес
Сұраншының соғысы.
Ат бауырынан қан ақты,
Жауды аузына қаратты.
Жан таңғалып тұрғандай
Іздеген жауға қиямет көрсетті.
Сұраншының өзіне,
Жан көрінбей көзіне.
Әзірет шерінің
Ұрысындай ұрысы.
Шапса қанға тұтылды
Қолындағы қылышы
Қылышынан қан кетті.
Үш күн ұрыс боп,
Өтегеннің жағасы
Көрінбейді өліктен.
Қылышы қанға бөгеліп,
Ер Сұраншы ұмтылды,
Етек-жеңін қымтанды.
Өтегеннің басында,
Ауызсудың қасында,
Қырғыздың қаны шашылды,
Абиыры ашылды.

Ақтұяқ атқа қарасаң,
Өрге-қырға шабылды,
Шын ермек табылды.
Боқты өзенге жеткенше,
Ақтұяқ ат талмады.
Қордайдың асуынан асқанша,
Алдына қара салмады.



«Қарасайлап» ақырып,
Жау көтінен қалмады.
Толып жатқан кісіден
Жетпіс-ақ кісі құтылды,
Қылышы қанға тұтылды.
Астындағы Ақтұяқ
Шапқан сайын жұтынды,
Сауыры сонда терледі.
Сұраншыдай батырың
Жаудан қайтар ер ме еді.
Ақтұяқ ат созылды,
Шапқан сайын озынды,
Тұяғынан шаң шықты,
Шапқан жерден қан шықты.
Қырық мың қолды
Ақырып жүріп жайлады.
Үш жүз жігіт қасында,
Толып жатқан ауыр қолды
Алдына салып айдады.
Андас шешен, Нарбота
Бұлбұл құстай сайрады.
Қашқан қырғыз, сартыңды
Ойбайына қоймады.
Сыртынан көрген кісілер
«Омар батпан Шерінің соғысынан
Кем емес», – деп ойлады.

Қылышын тасқа жаныды,
Сұраншы екенін
Сарттың бегі де таныды.
Қордайдан қайтып аспады,
Аяғын қия баспады.
Сонша қырғын ішінде
Сабырлықпен саспады.



Қазақ ұлы бәрі де
Батырға аузын ашпады.
Қарсы келген кісіні
Сүйретіп атқа тастады.
Қызылды көп-көп жылқыны
Сұраншы алып айырған.
Қыз, келіншек, қатынды
Айғайлап жаудан қайырған.
Салса найзасы
Қара тасқа өтеді.
Астына мінген Ақтұяқ
Төрт аяқты жылқыға,
Қуса барып жетеді.
Толып жатқан ауыр қол
Тепсініп келген жерінде,
Аламын деп келген елінен,
Қырғын болып таусылып,
Қор болып жеріне кетеді.
Мінген аты дүлдүл боп,
Андас шешен бұлбұл боп,
Жалғыз Құдай тіреу боп,
Нарботасы сүйеу боп,
Дәуқара мен Шымырбай,
Шарманның бірі еді.
О дағы қосылып,
Ат жалына түнесті.
Ботбайдан шыққан Сыпатай,
Үндемей жүр Сұраншы.
Дулатқа деп сөйледі,
Қырылған сарт пен қырғызың,
Қирап жатыр жолында.
Талапкер болған ер жігіт
Сұраншының соңында.
Астына мінген Ақтұяқ



Шабатұғын қоңында.
Сұраншының оңынан туған жұлдызы,
Қырылмаған құндызы,
Айғайдан өзі қалмаған,
Қуалаған дұшпанды
Ұзатпастан қармаған.
Шапырашты мен Дулатты
Сұраншының қолына бер деп,
Жақсыларың зарлаған.

Жауға алдырмас,
Дауға елді қалдырмас.
Ақтұяқ ат астында,
Он күн шапса болдырмас.
Сұраншыны барлаған,
Аруақ пен қыдыр
Басына келіп орнаған.
«Дулат» деген ел екен,
Жадағай, жайдақ дер екен.
«Шапырашты» деген ел екен,
Батыр туған дер екен!
Тілеуқабыл Майемердің бәйбішесі
Шапыраштының келіндеріне
«Тұқым алыңдар» деген екен.
Құран оқып сарнаған,
Ерегіскен дұшпанды
Найзаменен қармаған.
Күні-түні тынбаған,
Дұшпаннан сағы сынбаған.
Тамақ жеген алуа менен шекерден.
Шын ашуы келгенде,
Мұрты кетер тікшиіп,
Тақиясын шашы көтерген,
Намысымды әперген.



Жауды көрсе тап берген,
Маңдайыңа бақ берген,
Шешен қылып жақ берген.
Өзіне еркін шақ берген.
Қырық жасқа келгенше,
Сөзін жаман демеген.
Әлі төре батысып,
Шеніне оның келмеген.
Ерлік пенен намысқа
Ат сауырын бермеген!
Губернатор, жандаралдың алдында
Қаймықпай сөзін жөндеген.
Төре, қара жиылып,
Құмтөбедей үйіліп,
Ешбір адам болмады,
Сұраншы білсін демеген!
Жанып қойған ақ болат,
Сермегенде жау кесер,
Жаудан асып тау кесер,
Тастан өтер қылышы,
Қырық тоғызға келгенше,
Жұпар шөптей балқыды,
Сұраншының иісі.

Есқожа деген елімнен,
Ерлер шыққан еңіреген,
Кім жүрген менің шенімен?!
Саурықтай нау батыр
Он жеті жасқа келгенде,
Аттың мінді беліне,
Белгілі болды еліне.
Жетісуда қазақтың
Көрген күні кем еді.
Жан-жағынан күнде жау



Елге тыныштық бермеді.
Бір жағынан қалмақтың,
Ұрылары талады.
Бір жағынан қырғыздың,
Орман ханы анталап,
Күнде мазаны алады.
Үшінші жақтан Қоқанның
Бектер бегі қоқаңдап,
Әскерімен топырлап,
Ауыр салмақ салады.
Күнде тонау, шабыстан
Ел титығы құрыды.
Мал мен жаннан түңілді,
Жер мен судан қуылды.
Ел басына күн туды,
Қатын-бала, жас-кәрі
Беті жаспен жуылды.
Міне, сондай заманда,
Екіталай күн туып,
Ел қыспақта тұрғанда
Ел намысын жоқтаған
Батыр туған кім еді?!
Ел шетінен жау қуып,
Ерлікпен қайрат жұмсаған,
Батыр туған кім еді?!
Қалың жаудан қаптаған,
Қаймығып беті қайтпаған.
Ел тыныштығын сақтаған,
Халқы сүйіп мақтаған,
Ардагер батыр кім еді?!

Саурық еді арыстан,
Аз ауыл туыс Шапыраштыдан,
Дулатпын деп мақтанба,



Кеше елді жау шапқанда,
Аман алып қалған кім,
Қырғын, талау, шабыстан?!
Саурық еді ардагер,
Ел қорғасқан сондай ер.
Қаратал мен Көксудан
Ел бері ауғанда,
Желтоқсан айы болғанда,
Ботбайдан шыққан Сыпатай,
Тасыбек пен Діқанбай
Қаскелеңді өрлей қоныпты.
Сонда Саурық батырың
Жиырманың ішінде,
Жылқыны тауға салыпты,
Елу жігіт қасында,
Бақ-дәулеті басында,
Қаскелеңнің асуын
Таза бағып алыпты.
Өңкей батыр жиылып,
Діқанбайдың үйінде
Ұлы кеңес құрыпты.
– Бізде ішер азық жоқ,
Қонуға жазық жоқ,
Азықтан басқа
Бізде жазық жоқ.
Орманға тартуды
Біз берсек,
Тоғыз кісі жіберсек,
Бізге қоныс ол берсе,
Кеңшілікпен жол берсе,
Аяғын құрғақ арал қып,
Басын берсе.
Қара қоңыр көбікті қиып,
Үш жүз ат тарту біз берсек,



Тоғыз кісі жіберсек,
О да берер жауабын,
Азығы жоқ бейшара
Демей ме: «Алалық та сауабын».
Сабан шөпте, биеде құлын қалмады,
Айғырда жал болмады,
Осы істі қылмай болмайды.
Әлі төре жіберсін
Садықан деген баласын.
Төренің баласын бас қылып,
Тоғыз кісі барасың, –
Іс мәнісіне қарасын.
Диқанбай ұлы Тасыбек,
Біріне сен барарсың.
Шапырашты Сәт барсын,
Қасқарау Кебекбай ол барсын,
Бөлтірік ұлы Ысты Сандыбай,
Біреуіне ол барсын.
Жаныстағы Жетібектен
Олардың да бірі барсын.
Қырғыз Мәндеш байдың
Жақпай деген баласы,
Жетібекте, Жаныста
Шекейдің қызын алған күйеуі,
Балғожа, Медеу, Байзақ,
Оның барсын біреуі.
Шамырдың барсын тіреуі.
Артық, Аташ Текеде,
Соның барсын біреуі.

Сонда Диқанбай сөйледі:
– Ой, сендер бұл әңгімені
Қылып отырсың,
Біз ол жерге көшіп барған соң,



Қырғызға тыныштық салмайды.
Біздің қара мойынның көзі
Иесін тауып жоғалмай,
Шапыраштының қу баласы да,
Екеуі бірдей жоғалмай,
Жау к...інен қалмайды,
Онсыз бізге тыныштық болмайды.
Қыс ішінде бөлініп,
Мәнісіміз болмайды.
Жақтырмаймын мұныңды,
Тиындай көрмеймін құныңды.
Қыс ішінде бөлініп,
Кетірмей ме сыныңды, –
Деп отырған уақытта,
Сыпатай, Саурық
Жылқыдан келмей кешікті.
Есіктің алдына
Келіп тұрған екен екеуі
Әлгі сөзді есітті.
Есік ашты бір жігіт
Сыпатай кіріп келеді,
Саурық бірге кіреді.
Шуылдаған көп адам,
Үндеместен қалады.

– Ел ішінде, жау бетінде,
Шекті қорғап жатырмыз
Әңгімелеріңді айтыңдар.
Шулап тұрып, жым болып,
Жігерлерің құм болып,
Неге үндемей қалдыңдар?
Осылай Саурық айтады,
Сыпатай, Саурық:
– Қайсының қызыңды



Боқтап-боқтап зерледі.
Ешбір адам үндемей,
Қайырып жауап бермеді.
Шай құйып тұрған Тасыбек
Сел-сел болып терледі.
– Енді, Саурық, қайтеміз, –
Ақыл салып өзіне
Тасыбек қарап тұрып терледі,
Саурықтың айтқан сөзіне.
Сол кезде Саурықтың,
Жан көрінбес көзіне.
Өзіне ақыл салған соң:
– Біткен ісім жетті, – деп,
Тағы бізден көрерсің.
Орман сендерді менсініп,
Оңды жауап бермейді,
Кісі орнына көрмейді.
Барарында барарсың,
Қайтарыңда қор болып,
Жан-жағыңа қарарсың.
Жаяу шалмен ойнама.
Жаяу шалмен ойнасаң,
Өлмеймін деп ойлама.
Жөнді жауап бермейді,
Сені кісі орнына көрмейді.
Ол еркек туып,
Біз ұрғашы болып,
Туыппыз ба анадан.
Қанша алуан геп шығар
Қырғыз, қазақ арадан.
Құдайымызға жылалық,
Ұйқыдан сақтанып,
Жол күзетіп баптанып,
Өзіңді өзің қор тұтпа,



Тұралық та мақтанып.
Тоғыз кісі жөнеді,
Хан орманға келеді.
Салынған қонақ үйі бар,
Мейманхана үйге түседі.
Салынып қойған боза бар,
Кешке дейін ішеді.
Түскеннен соң аттарын
Тегіс алып жөнеді,
Күніне бір қойдың етін береді.
Тоғыз күн жатады,
Екі көзін сатады.
Әлі Орманды көрген жоқ,
Не жүрісің деген жоқ.
Тоғыз күн болғанда,
«Орман батыр келед» деп,
Көлденең көрпе құшақтап,
Бір жігіт келеді.
Орман батыр үйге кіреді.
Жеткені қолын, жетпегені етегін
Жабыла барып ұстады.
Орман барып отырды,
Айбынды үлкен кісі екен,
Шоқыдай болып отырды.
Қаражак, Қауғыл қасында,
Екі тізесін уқалап,
Шартасынан жүгініп.
Қандай қылып бастар, – деп,
Жаннан отыр түңіліп.
Қаражак, Қауғыл зарлады:
– Әй, күшті, алтын жүзді,
Шырын сөзді,
Гауһар жүзді,
Орман батырың жол болсын, – дейді.



– Не ғылып жүрсіндер,
Геп-кеңестеріңді, кәне, бізге айтыңдар.
Тоғыз күн болды,
Қамалып мұнда жатырсыңдар,
Кімнің ұлысыңдар,
Қандай бізде жұмысың бар?
Жұмысың болса айтыңдар,
Жұмыстарың бітсе, қайтыңдар!

Сонда Әліке тұрып сөйлейді:

– Біз Қараталдан, Көксулы жерден ауып келдік,
Батырға сәлем береміз, – деп шауып келдік.
Орман батырымыз, ауыз жылытамыз деп келдік.
Алыс жүрдік,
Жуық жүрдік,
Ыстық жүрдік,
Суық жүрдік,
Батырдың қадірін енді білдік.
Мұсылманның баласымыз,
Ер өліп, ерсі бұзып, ел шауып,
Жылқыны таудан ары қуып,
Біресе бері қуып,
Орман батырға
Жүз жылытқалы келдік жуық.
Бізде мал қыстайтын кең қоныс жоқ,
Жайлайтын жайланып егін мен өріс жоқ,
Сабан, шөптен келіп жатырмыз.
Айғырда жал қалмады,
Биеде құлын қалмады,
Қойда құйрық қалмады,
Жан сақтар жер болмады,
Жейтін азық болмады.
Батырға үш жүз ат тартуды



Әкеп біз берсек,
Батыр бізге қоныс берсе,
Басын Қарақоңыр Көбікті қылып,
Аяғын Құрғақ аралы қылып,
Батырмен қатар жатсақ.
Ойсыз ұл,
Мисыз құл
Ел ішінде бола ма?
Қырғыздан біреу,
Қазақтан біреуді сайлап,
Телі-тентек болса тыйып,
Дау-жанжалды бітісіп,
Ел арасында тұрса қайтеді?!
Анау Садықан Әлі төренің баласы,
Мынау Тасыбек Діқанбайдың баласы,
Мынау Әліке, Мырзабекпен Кәшкенің ұлы,
Мынау Қасқарау Кебекбай деген жігіт.
Мынау отырған Ысты Сандыбай
Бөлтірік батырдың баласы.
Анау – Теке Шоқан батыр,
Мынау – Шымыр Байзақ батыр ауылының жігіті,
Осы кәдімгі Әшекей Баубектің ауылының жігіті,
Мынау – Сиқым Шомай.

Орман отырып сөйлейді,
Орманның айтатын гебі бар.
Былтыр жылқысын Қарабалтаға қыстатса,
Жылқысын көктем уақытында
Үйіне қарай айдағанда,
Әр өзенге түскенде,
Не бай, не манап жүгенін қолына алып,
Алдынан шығады да:
– Ей, батыр, бір аттың майын бер, – дейді.
– Иә, өздеріңнің жылқыларың қайда?



– Саурық әкетті, – дейді.
Қай өзенге барсам да,
Саурық әкетті, – дейді.
Бергі өзенге түсем,
Ботбай Сыпатай әкетті дейді.
– Менің Орман батырлығым құрысын,
Елімнің үш бөлігінің бірі
Тіпті өсітіп қалған екен ғой.
Сен Дулат деген ел едің,
Құдайға жақын жан едің.
Аздап күнәсі бар екен,
Сыпатай батырдың күнәсін
Дулаттың аруағына кештім.
Саурықтың күнәсін кешпеймін,
Елімді тіпті өстіп тастаған екен.
Саурықтың қанын ұрттамай,
Не өз қаныммен ұртанбай,
Сірә да, тынбаймын.
Балаңды тыныш ұйықтатпаймын,
Іленің бер жағына да қоймаймын, – дейді.

Тоғыз жігіт қайтады
Саурық тұрды,
Сол асудың басында,
Елу жігіт қасында.
– Неғып кешіктіңдер,
Тоғыз күн жатып осында.
Орман батырдың
Келді ме сөзі қошымға?
Тоғыз күн жатып оралмай,
Не болды осынша
Жақсылық ісі бар ма?
Жақсы сөзі жоқ болса,
Айтатұғын ұсыныс бар ма?



Қаражак, Қауқыл сарнады:
– Қанын ішсем тоймаймын,
Бүйте берсе елімді,
Мұқата ма деп ойлаймын?
Азық, қоныс бермек түгіл,
«Іленің бер жағына қоймаймын.
Тыныш ұйықтатпаспын балаңды,
Көкіректен шығарамын санаңды.
Кете бер, қазақ, кете бер,
Көрсетпе маған қараңды.
Қазақтың атын әкеп бер,
Бұл арадан жөнелсін.
Жей бер, қазақ, қамыңды,
Сөндірермін шамыңды!»
Атын алып келеді,
Жаны тірі көнеді,
Атына мініп жөнеді.
Жылқыдағы Саурыққа келеді,
Орманның айтқан ол сөзін
Тегіс айтып береді.
Көкірегіне Саурықтың жік шықты,
Екі беттен түк шықты.
– Қырғыз еркек, біз қатын туыппыз ба? – деп,
Саурықтың келді ашуы.
Ізденіп жүрген бұл жаудан
Батырдың болмас қашуы.
Қара мұртты сылармыз,
Мәніне қарап тұрармыз,
Бір Құдайға жылармыз.
Тасыбек айтты бір сөзді.
Төрт жүз өгізбен
Төмен кетті астыққа,
Саурыққа ақыл салады.
Саурық батыр лезде



Үш жүз жігіт жиып алады,
Қаскелеңнен асып барады.
Айдап келетін ерлерді
Қайырып тосып алады,
Терметасқа салады
Ауылға айдап жіберді.
Көкбөрте ат астында,
Саурық тосып қалады,
Тоғыз жігіт кеткен соң,
Саурықтың амалы қатты қу еді,
Саурық бірдеме қылар деп,
Үмбетәлі, Шарғын
Екі баласын бас қылып,
Қаражак, Қауғыл ішінде,
Кірені аман әкелді.
Орман батыр жіберген,
Үш жүз кісіні.
Сендер енді жүре бер,
Жол аузына кіре бер.
Екі жүз үй салықшы,
Ішіп-ішіп бозасын,
Сонда жатып қалыпты.
Түс ауған шақ уақытта
Айдап кеткен өгіздің
Ізімен келіпті.
Астығымен төрт жүз өгізді
Қаскелеңге қарай
Айдап алып кетіпті.
Саурық жолды тосып қалыпты.
Терметаста еңкейіп,
Қарт бурадай шөңкейіп.
Ылдиымен ат қойып,
Келетін көп адамды көріпті.
Көрінбестен тұрындар,



Аттың мойнын бұрыңдар.
Жармысы өтсін кісінің
Құдай кезегін берсе,
Бұл бір тегін олжа, – деп, –
Тәуекел ғып тұрыңдар.
Жиырма-отыз кісі
Төмен өткенде,
Саурық ондалды,
Жанындағы мылтыққа қол салды.
Қырғызға шыққан қырсыға
«Әкең Саурық менмін» деп,
Үш атады мылтықты,
Жоғарғысы жоғары,
Төменгісі төмен,
Екі бөлініп қашады.
Жоғары қашқан кісінің,
Саурық түсті к...іне,
Кім қарайды бетіне.
Мылтықты келіп атқанда,
Түтініне қосты түтінді.
«Әкең Саурық!» дегенде,
Қырғызда ес қалмады.
Қырғызға түсті салмағы.
Түспеген қырғыз қалмады.
Күн батарға келгенде,
Үмбетәлі атын тастап,
Тасқа шығып барады.
– Хан Орманнан тумай кет,
Аяғына оқ тиген қарғадай
Қайда қашып барасың?
Орманның ұлы сен болсаң,
Қашкенің ұлы мен болсам,
Тереземіз тең болса,
Қылышпен, найзамен



Шабыса кетсек болмай ма?
Шынайы батыр сен болсаң,
Найза, мылтық қолыңда,
Шабыса кетсең болмай ма?
Шабысуға дәрмен келмесе,
Атыңды тартып бұл жерде,
Табыса кетсең болмай ма?
Балуан болсаң бұл жерде,
Алыса кетсең болмай ма?
Қорыққаннан аяғын оқ үзген
Ақсақ қарғадай
Тасқа қашып барасың.
Құтылмайсың менен, – деп,
Айрылмаймын сенен, – деп,
Мылтықты басынан асыра
Екі атып жіберді.
Үмбетәлі келді қасына,
– Аманбысың, Саурық, – деп,
Қол қусырып ол келді,
Құлдық ұрып қасына.
«Енді атына мінгіз, – деп,
Ауылға енді апар», – деп,
Үмбетәлі, Шарғынның
Екеуін де әкетті.
Әне бір кезеңге
Мен шығып қайтайын
Жүре бер, батыр, жүре бер».
Шауып шықты кезеңге,
Анау бара жатқан,
Қаражақ, Қауқыл, – деп,
Көзін салды өзенге.
– Токта, Қауғыл, тоқта, – деп,
Мылтығын басынан асыра атып жіберді.
Тұра қалды ол Қауғыл,



Саурық барды қасына.
– Қауғылмысың? – дегенде,
Саурық, балам, сенбісің? – деп тұрды,
Қасына енді кеп тұрды.
– Не деп ұрыстың ағаға,
Жапанда құла далада.
Ашып қара көзіңді,
Есті менің сөзімді,
Сақалыңды сылып алайын ба,
Ағаларға не дедің?
Кәне, сенің қайратың,
Көрсетші менің өзіме,
Сұғайын ба найза көзіңе.
Әкемдей үлкен кісі едің,
Айтып тұрмын бұл сөзді,
Өзің айтқан сөзіңе
Орманға мен не жаздым?
Ұрттағандай қанымды,
Шығарғандай жанымды.
Бәленше шабыс болғанда,
Сегізбектің тоғызы бірдей түсті
Қасқарау Керім қолына.
Өлтіргелі жатқанда,
Атаның ұлы шіркіннің
Қанын біз аламыз ба?
Ат-тонымен маған берсін.
Саурық кісі шаптырды,
Сұрағанға Керім бермеді.
«Қырамын мұның бәрін деп,
Кетіремін арын», – деп,
Керім батыр бермеді.
Саурық мінді атына,
Көңілі келді шатына.
Елу жігіт ерді



Саурықтың қасына.
Саурықты көрген соң,
Керім байпаңдай береді.
Ұялды ма, қорықты ма?
Тоғызын ат-тонымен шығарып,
Саурыққа әкеп береді.
Саурық алып тоғызын,
Аман-есен қайырып жіберді.
Жазығым қайсы Орманға?
Орман мені өлтіремін депті,
Ол қай жерінен арманда?
Қаражақ, Қауғыл, сен,
Айтамысың Орманға?!
– Айтайын, балам, Орманға.
– Егер айтпасаң, қайтесің?
– Айтпасам, Құдайдан қайтсын.
– Бар, Орманға айтқын, – деп,
Қоя берді Орманға.

Қауғыл түнде барады,
Орманға барып жылайды,
Көздің жасын бұлайды.
Жылағанын Қауғылдың
Орман батыр сұрайды.
«Осылай деді» деп,
Жылай береді.
Ауып келген екен
Саурықтың қонысы,
Расы еді сонысы.
Ата жеріне іс кетті,
Мықты жерге күш кетті.
Амалы қатты бала екен,
Ыңғайсыз жерде іс етті,
Амалсыз бізге енді істетті.



Ертең отыз кісі баралық,
Құдай басқа салған соң,
Аузына қаралық.
Тамырласып, достасып,
Адамымызды алалық.
Ертең отыз кісі атқа мінеді,
Қаражақ, Қауғыл ішінде
Отыз кісі барады.
Саурық тұрған жылқының ішінде,
Елу жігіт қасында,
Бақ дәулеті басында,
Жау келер ме мұның қасына.
Жүйрік ат, ер жігіт бәрі сай,
Тұрған еді қару-жарақ асына.
Керме тастан
Қатар-қатар көп адам,
Төмен келіп төгіліп,
Ат қолтығы сөгіліп,
Бір топ кісі артынан.
Саурықтың көзі бар
Жаннан асқан қырағы.
Бір топ кісі ішінде
Орман батыр келеді.
Көз жететін жер емес,
Саурық танып көреді.
Жаудан қалар ер емес,
– Мен жылқы жаққа барайын.
Саурық қайда? – деп сұраса,
Ауылға қарай кетті, – деп,
Жөнімді солай айтыңдар.
Көрінбейін көзіне,
Қайырғын жауап сөзіне.
Асылық сөйлеп жаяу шал
Өз обалы өзіне.



Орман: «Саурық қайда?» деп сұрады.
Саурық ауыл жаққа кетті деп,
Қайырлы жауап қылады.
Қашкенің ауылы – бас ауыл,
Бас ауылға барып түседі,
Тамақтарын ішеді.
Өзенменен жағалап,
Шауып барды.
Сыпатайдың ауылына
Шақырып алды
Сыпатайды қасына.
Орман батырың кеп түсті
Бас ауылдың басына.
– Ақылдасқалы, Сыпатай,
Сізге келдім осында.
Қалай қылып күтеміз?
Үй тігелік басына.
Онан соң ертіп келді
Диқанбайды қасына.

Диқанбай батыр үйден шықты:
– Біз Дулат болысып,
Құдайдан қорықсақ-шы.
Саурықты салды жел жаққа,
Сені салдық оң жаққа,
Өзіміз отырмыз
Қалың қазақ ел жақта.
Дауымызды алып бер, – дейміз бе,
Жауымызды шауып бер, – дейміз бе!
Біз Құдайдан қорықсақшы,
Жалпы Дулат болып,
Орман батырды күтелік.
Тоғыз үйді тігелік,
Биені соялық,



Жігітті қатар қоялық.
Тоғыз үйді ауылдың
Аяқ жағына тігелік.
Орманды шақырып,
Орманды қонақ қылмаққа.
Бие қалды сойылып,
Үй де қалды тігіліп,
Ел қалды жиылып.
Әлі Саурық барған жоқ,
Әлі Орманды көрген жоқ.
Қашке де отыр ішінде,
Диканбай да отыр осында,
Сыпатай отыр қасында.
«Саурық қайда кетті?» деп,
Қайта-қайта сұрайды.
«Саурық келе жатыр» деп,
Бір жігіт есік ашады.
Сәлем беріп кіреді.
Орман қолын ұстады,
Көрсетті бұған нұсқаны.
«Сен де менің ұлым!» деп,
Еңкейіп бетінен сүйіпті.
«Өкіл балам сенсің» деп,
Шығармады қасынан,
Құс ұшырмай басынан.

Таң атқан соң,
Орман билік қылады.
– Ой, бір билік қылайын,
Жаратса Құдай ылайым.
Төрт аяқтан қайту жоқ,
Екі аяқтыда сату жоқ.
Төрт жүз өгізді,
Арқан, жібімен,



Бидай, талқан, жүгімен.
Арқадан ауып келіпсің,
Сендерде азық жоқ,
Бұл ісінде жазық жоқ.
Қыбыланың қызыл желі,
Соққан екен самалы.
Жас та болса бұл Саурық,
Жаннан асқан амалы,
Түзелген ердің самалы.
Дулатпын деп көпсінбе,
Бай, бекпін деп тепсінбе!
Қаралық, Дулат, түсінсе,
Саурықтай болат батырдың
Алтын нұр толған ішіне.
Жаулы жерге барғанда,
Кіреді екен күшіне.
Даулы жерге барғанда,
Сөз толады ішіне.
Мың қарғаның тұяғы
Бір тұйғынға өтпейді.
Ашуы келген жерінде
Бір ойран салмай кетпейді.
Тамам қарға жиылса,
Бір сұңқарға жетпейді!
Саурықтай ер батырым,
Намысыңды әперген,
Маңдайына бақ берген,
Дұшпанды көрсе өшігіп,
«Мә, саған» тап берген!
Амалменен ер Саурық
Шөгіп жатқан Орманды
Пенде қып алдына әкелген!
Құдайым берген жүректі,
Берген Алла тілекті.



Көбелектей көп Дулат,
Көптігіңмен ісің жоқ,
Дұшпанға қылар күшің жоқ.
Бел қылатын ішінде
Саурықтай кісің жоқ!
Жау жағына ел бермей,
Дау жағына сөз бермей,
Қай дұшпаның кетіп еді
Саурық ерге алынбай?!
Қырғыз-қазақ жүрмейді,
Саурыққа жалынбай.
Сауыт-сайман сайланып,
Жалаң қылыш байланып,
Найзасын тасқа түйреткен
Саурыққа ерден кім жеткен?!
Асулы жерді күзеткен,
Жігіттің бәрін түзеткен.
Саурықтай батырға,
Дулат түгіл қазақта,
Кім шақ келген?!
Рас, Шапырашты,
Сенен аз едім.
Аз да болсам сенен,
Сенен баз едім.
Даулы жерге барғанда,
Саулап жатқан сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Найзаның ұшын безедім.
Келді ме менің кезегім,
Келсе менің кезегім,
Кезегімді бір бермей,
Өртедің менің өзегім.
Шапырашты мен едім,
Елдің шетін қыстаған,



Көлденең найза ұстаған.
Дұшпанынан қашпаған,
Ақыл, қайрат іс қылып,
Кезеңді жерде саспаған.
Ерегіскен дұшпанды
Тарттырған қара текедей
Шонтитып қана тастаған
Шапырашты мен едім.
Етімде бар тірлігім,
Аузымда бар бірлігім.
Ерегіспе менімен,
Қай жауыңнан қаймығып,
Қайда Жәкетай деп жалынып,
Қайда саған айтып ем?!
Найзаның басына
Желекті мен байладым.
Қаптаған қалың жауыңды,
Бір шыбықпен айдадым.
Уа, қауым жұрт, жиылған!
Ақылменен ойлаймын,
Ешкімнен сағым сынбады!
Ерегіскен дұшпанды
Түбіне жетпей тынбадым.
Сен Қасқарау ішінде
Қайда соғып тұрған дауыл ең,
Жылқы болсаң, жауыр ең.
Сен қайда Малдыбай мен Қонысбайдың
Бірге туған бауыры ең?
Сен Қордайдың астында
Көбік құрттап жатыр ең.
Кешегі сен,
Жайлау тимеген ауыл ең.
Сен қайдағы дүр едің,
Қанша малың болса да,



Қоныс тимей жүр едің,
Үстің толған кір едің,
Сан тимеген сасықтың
Кеше ғана бірі едің,
Сен Қасқарау ішінде
Сұлтанкелді Бөкенсің
Атып салған текемсің.
Өзіңе өзің сұқтанып,
Өз түбіңе жетерсің.
Өз малыңды міне алмай,
Өз асыңды іше алмай,
Өсерсің, бәсе, өсерсің!
Біздің Шапырашты ішінде
Қайыршы Тіленшімдей екенсің.
Аузы-басың бүрісіп,
Қол-аяғың тырысып,
Көрінгенмен ұрысып,
Долы қатын сияқты,
Құдайдың ұрғаны екенсің.
Мен отырмын сөз сөйлеп,
Қып-қызыл шоқтай боп.
Жаныс, Сиқым, Ноғайбай,
Тағы да Ботбай боп,
Екі бетінде тамтық жоқ,
Бетіңді адам көргісіз,
Жайлаудағы бұршақ ұрған боқтай боп.

Ағыным ақбоз аттың арынындай,
Дауысым аққан судың сарынындай.
Екі бетте тамтық жоқ Құдай ұрған
Қазып алған картоптың орнындай.

Мен сөйлеймін,
Үлкен үйдің төріндей боп,
Сен отырсың шал болып,



Мен отырмын жас жігіт өрімдей боп.
Жан біткенді бойыңа тоқсынбайсың,
Майлыбайдың баласы Керімдей боп.

Дардай кісі менімен былшылдайсың,
Аузындағы құсығың мен боғыңды жеп.
Аузына келгенін қайтармайды,
Осының мақұл ма, жиылған көп?
Биім атын айтайын Сарыбайым,
Саржандай болысым,
Түзелген менің қонысым.

Жұртқа аян менің дабысым,
Ешкімге кеткен емес намысым.
Би, болыстан кем емес,
Жөні келсе танысым.
Бәйге атынан кем емес,
Жүгірсем менің шабысым.
Кімге кетті намысым!
Басың сенің шатылған,
Басың пұлға сатылған.
Мақтана берме, сен Сарбас,
Саурықпен ерегісем деп,
Байұзақтай батырыңды,
Қоқандай ілескер Құсбегі
Зеңбірекке байлап атылған,
Басы бәлеге шатылған.
Ілескер Құсбегінің
Саурық өкіл баласы,
Сөздің келер данасы.
Ақылы бар кісілер
Сөз мәнісін қарашы.
Кешегі дәу Сыпатай,
Ол Ботпайдың баласы.
Сыпатайды арбаға таңып ап,



Ілескер Құсбегіне,
«Өлтіреміз» деп ап жөнелді.
Сыпатайдың «жазығы» –
«Қалмаққа қашып кетед» деп,
Дулаттың өзінің қылған жаласы.
Сонда Ботбай баласы
– Жазықсыз істі қылды, – деп, –
Саурыққа келіп жалынды:
– Сенен қайрат болмаса,
Сыпатай батыр кетті, – деп,
Сыпатай бұған не етті? – деп,
Саурық батыр барыңыз,
Сөзіме құлақ салыңыз»,
Ісі аққа Құдай жақ,
Сыпатайдың ісі ақ.
Өсекпенен ұстады,
Деген сөзді естіп,
Түзеген батыр нұсқаны.
– Олай болса, барайын,
Мәнісіне қарайын.
Түн ұйқыма қарамай,
Ат теріне қарамай,
Пәленшенің көк жорғасын
Сен маған әкеп бер,
Екі атпенен қосаттап,
Ілескер Құсбегіне барайын.
«Өкіл балам» деуші еді,
Алдына барып жылайын.
Екі атты мініп ап,
Күн-түн қатып жөнелді.
Саурық екі жорғаны мініп ап,
Бір күн, бір түн жүріп,
Олардан бұрын барыпты.
Ілескер Құсбегінен сұрады,



Сонда берді тілегін,
Қуатты ердің жүрегін.
– Балам не қылып жүрсің? – деп,
Ілескер Құсбегі
Саурықтан сонда сұрады.
– Жүрегіме қан түсті,
Қисық емес дәл түсті.
Аузымдағы арызым,
Мойнымдағы парызым,
Сыпатайдай батырым,
Өсекпен арбаға таңылды,
Не тобасынан жаңылды.
Сыпатайдай батырым,
Кеше ғана алдыңда,
Бұлбұл құстай сайраған,
Елдің қамын ойлаған,
Сыпатайды арбаға тандырған,
Дулаттың өзінің айтқан өсегі.
Тілекке келдім мен сізге,
Тілегімді берсеңіз айтамын,
Бермесеңіз, тақсыр, қайтемін?

Алдыңа келіп жылаймын,
Көздің жасын бұлаймын.
Өкіл балаң шын болсам,
Тақсыр, сізден сұраймын.
Берсең, тақсыр, кеп тұрмын,
Тілегімді бер деп тұрмын.
Неше күндей күн қатып,
Әреңдеп сізге кеп тұрмын.
Қалмаққа қарап,
Қимылдаса еліміз,
Дұшпанға қату беліміз.
«Өкіл балам» десеңіз,



Сыпатайды берсеңіз?
Өсек айтып жүрген арада,
Телі-тентекті тыйыңыз.
Жүргеніміз ақ жол боп,
Елі-жұрты жылады,
Көзінің жасы сел болды.
Бірқатар жанның серкесі,
Ел-жұртының еркесі.
Әппақ, мені жылатпа,
Алатауды құлатпа.
Әппақ іске өлтіре,
Қылма таба,
Өсек тасыған дұшпанға!
Маған сенсеңіз,
Бұл тіліме көнсеңіз,
Ақ қанын жерге тамызба,
Болмасын ел-жұрты таба!
Әппақ мені жылатып,
Тұрсаңыз ұнатып, –
Қол қусырып сұрады,
Түске дейін тұрады.
«Бір қасық қанын беріңіз»,
Деп Саурық сұрады.

– Әдейі өксіп келдің, – деп,
Балам саған бердім, – деп,
Жанған отты өшірдім,
Қанын саған кешірдім.
Бар жұмысың бұл болса
Жұмысыңды бітірдім,
Хош, балам, енді, – деді де,
Рұқсат берді өзіне,
Қабыл қылды сөзіне,
Ол түні енді қонды да



Ертең қайта салады.
Әулиеатадан
Қарсы алдынан шығады,
Шекердендерге салады.
Сыпатайдай батырды
Әулиеатада ажалдан
Айырып алады.
Сыпатайды босатты,
Саурықтай батырың
Сыпатайды өлімнен айырды,
Айырғаны зайырды.
Басында Ботбай қорықса да
Түбінде болды қайырлы.
Намысыңды әперген,
Жанжалды жерде нақ берген.
Алысқа кеткен намысты
Оймен батыр әкелген.
Саурықтай батырға
Қандай адам шақ келген.
Саурық барды артынан,
Сыпатайды босатып,
Жайғастырды елімен.
Қалың Дулат алдында,
Көрінді тағы ерлікпен.
Саурықтай батырдың
Көзін оттай жандырған.
Ерегіскен кісіні
Ес-түсінен тандырған.
Найзасын тасқа егеген,
Қолдың алдын бөгеген.
Атты мінген қылаңнан,
Сұлуды құшқан бұраңнан.
Жігітті жиған өнерден,
Қай дұшпанға



Кетіп еді намысың,
Жер жарады дабысың!
Саурықтан асып нең кетті,
Қолыңдағы асылың,
Білмейсің ғой мәнісін!
Дұшпаның қашқанда,
Арттан қуса жеткенмін,
Алдынан барсам тосқанмын,
Қай дұшпаныңнан қашқанмын?!
Жасықта көптік жоқ,
Асылда аздық жоқ,
Ауданың аз десең де
Таразыға салғанда,
Бәріңді де басқанмын.
Ілескер Құсбегінің
«Өкіл балам» дегенінің мәнісі,
«Қалмақтың алыс қонысы
Шақырасың елімді» деп,
Кетіп жүр екен намысы.
Саурықтай батырды
Ілескер Құсбегі
Шақырып алды қасына.
Теке жәуміт арғымақ
Мінгізеді астына.
Алтын қамқат жамылтып,
Асыл киім кигізді,
Алтын дуылға киігізді,
Саурықтың басына.
Отыз жігіт ертіп қасына,
Қалмақтың бастық ханына
Қалдар ханның жұртына жөнеді.
Қару-жарақ асына,
Аңдып жүріп бір күні
Ұрлап алып баласын.



Алып келіп баланы
Ілескер Құсбегіне береді,
Қарашы, ақылының данасын.
Қайратына қақ тұрған,
Айтқанына нақ тұрған,
Алып келіп баланы
Таза қылып бақтырған.
Тілегі қабыл болған соң
Ерлігін батырдың ұнатқан.
Жауының баласын алып,
Жауын жаман жылатқан.
«Өкіл балам, сенсің!» деп,
Саурық солай атанған.
Тілегі жаудан қайтпаған,
Саурыққа еш адам,
Әсте жаман айтпаған.
Саурықпен қас болған
Шымыр Байзақ батырды
Құсбегіне шақыртқан,
Зеңбірекке байлап атылтқан.
«Әшпақпын» деп ақсынба,
Дулат, сенің де
Талай ісің бар шатылған.
Түн болса көлеңкелі
Жарға бармаған,
Не артық сенің қатыннан?!
Саурықтай батырдың
Қозғайын оның затынан.
Саурық барып жауды алса,
Андас шешен дауды алса,
Ілесуші едің артынан.
Басы озған ерлер ғой,
Қатардағы халқынан.
Ол батырлар ұмтылса,



Етек-жеңін қымтанса,
Турамай, сірә, кетпейді,
Айбаты оның кем емес
Темірден соққан талқыдан.
Жауды көрсе тоқтатқан,
Дауды көрсе сөз тапқан,
Жауды көрсе ел шапқан,
Атасынан ел баққан.
Ешкімге зиян қылмаған,
Шашылғанын жинаған,
Меймандарын сыйлаған,
Дұшпандарын қинаған.
Қай ісі бар Саурықтың
Бұл халыққа сыймаған?!
Ерегіскен дұшпанды
Тезге салып түзеткен.
Даулы жерге барғанда,
Тіл мен жағын безеткен.
Еш адамнан қорықпаған,
Елдің шетін жайлаған,
Мамаға атын байлаған.
Сол кезінде Саурыққа,
Кім жетем деп ойлаған.
Өзі адамның батыры,
Көп үстінде ақылы.
Әділдігіне қарасаң,
Әділетпен сұрасаң,
Әділетті ісіне
Баласына болмайды жақыны.
Бурадай тісі сақылдап,
Дұшпанды жерді көргенде,
Алтын түсі жарқылдап,
Даулы жерді көргенде,
Екі көзі тұнжырап,



Ақ сауытын жамылған.
Ерегiскен дұшпанға,
Қарт бурадай шабынған.
Ұлы жүздің батыры
Сәніменен табылған.
Ішінен қаттау киінген,
Қайратына халық сүйінген,
Дұшпаны қатты күйінген,
Досы қатты сүйінген,
Алтыннан басына дуылға киінген.
Дуылғасы басында,
Қайратты туған ер жігіт
Бәрі де жүр қасында.
Сен Қасқараудың ішінде,
Малдыбай мен Қонысбайдың,
Айырылмастай қайдан бір едің?
Тұла бойың кір едің,
Қоныс тимей өзіңе,
Кірмедей болып жүр едің.
Жылқы болсаң, сүреңің
Торының бірі едің.
Сен қай уақта Дулаттың
Жығылғанын сүйедің?
Қой болғанда ұры едің,
Қасқараудың бірі едің,
Барып тұрған өзің сорлы едің.
Жылқы болса торы едің,
Аузыңнан қағынған,
Тұла бойың құрысқан,
Шеке басың тырысқан,
Жүрген жеріңмен ұрысқан,
Бәлекетті бастаған,
Басыңа бәле жастаған,
Екі бетте тамтық жоқ,



Сені кісі демей Қасқарау,
Бекер жолға тастаған.
Аузы-басың шошандап,
Өсектен басқа айтпаған,
Бәлекеттен қайтпаған.
Ұялатын бетің жоқ,
Ұстасатын к...ің жоқ.
Орыс салған сиядай,
Екі бетте тамтық жоқ,
Ара салған ұядай.
Сенің айтқан ол сөзің
Бұл халыққа сыя ма-ай?
Өсек болды айтқаның
Дардай кісі боп қалдың,
Сенің жақсы емес пе,
Жаман сөзден қайтқаның!
Басың жаман жалқау бәрі
Бұл сөзді менің айтқаным.
Бойың сенің құрыс боп,
Жүрген жерің ұрыс боп,
Қатынша өсек айтасың.
Дардай кісі боп қалдың,
Былжырап бекер қайтесің?
Ұялатын түсің жоқ,
Сүйенетін кісің жоқ,
Ұятпен ісің жоқ.
Қырық-елуге кеп қапсың,
Адамшылық түрің жоқ.
Ұят ойлап сақтансаң,
Анау үйдің қатыны
Аузыңа сиейін деп отыр,
Кісілік арың жоқ,
Бұл ұяттан сақтанғын.
Арыңды беліңе нық байлап,



Айрандай төгіліп жатпағын.
Жүрген жерің дуылдап,
Қатындар отыр шуылдап,
Өсек айтар «шіркін» деп.
Аузың жаман кісісің,
Тыныш отырмас бүлкілдеп.
Көзің жаман кісі екен,
Доланадай күлкілдеп.

Сарбас қайтып сөз таба алмай, жиылған жақсылар: «Жамбыл жеңді», – деп біледі, Жамбылдың жолын беріп жөнелтеді.





ЖАМБЫЛ МЕН ДОСМАҒАМБЕТ

1907 жылы Көпесбайдың ауылына Жалайырдан жиені Досмағамбет келіп жатқанда, Көпесбайдың ауылына өлең айта барған Жамбыл Досмағамбеттің қайдан жүргенін, кім екенін сұрап білген соң, оған тиісе өлең айтып отырады. Ақындығын жасырып жүрген Досмағамбет Жамбылдың сөздеріне шыдамай, онымен айтысып қалуды мақұл көріп, ертеңгі шайдан соң Жамбылға арнап сөз бастайды:

Әуелі тамам сөздің іптидасы,
Жиеннің жиырма үште еді жасы.
Сөйлейін Жамбылменен айтысқанын,
Жарандар, құлақ салып, сөз тыңдашы.

Жамбыл да өз тобынан асып жүрген,
Көп ақын беттей алмай қашып жүрген.
Сөйлеуге қара сөзге құстан жүйрік,
Көңілін талай жанның басып жүрген.

Сөйлеген талай топта таңлай қағып,
Жұртына өлеңменен жүрген жағып.
Бұл күнде Досмағамбет не болғанын,
Көрерсің, тамаша ғып тұрғын бағып!

Бар екен сөзге жүйрік Досмағамбет,
Жасынан жүрген екен өнер іздеп.
Көпесбай қарынбай да жатқан екен,
Қысты күн іздеп келіп нағашым деп.

Сол кезде Жамбыл ақын ол да келген,
Өлеңі ұйқы-тұйқы соққан желден.
Үйінде Көпесбайдың қона жатып,
Өлеңді білгенінше сабай берген.



Бұл Жамбыл сөз сөйлейді таңырқатып,
Өлеңнің бастан-аяқ бәрін шатып.
Жантай мен Сүйінбайдың айтысқанын
Сөйледі біразырақ шатырлатып.
«Бұл түннен аман шықсам көрермін», – деп,
Ол түні үндеместен қалды жатып.

Ал, енді сөйлер желіп Жамбыл ақын,
Ежелден топты жарған даңғыл ақын.
Баласы Кәрібайдың Үмбетәлі
Көрінді ақындарға тым-ақ жақын.

Сөйледі сонда Жамбыл бұған қарап,
Таң асқан іші-бауыры аттай жарап.
– Алдымда келіп менің, сөйле! – деді,
Баласың сен дағы ақын жаңа талап.

Ол бала сөз сөйледі тілді безеп,
Отырған әдеппенен көңіл тежеп.
– Сөйлей бер, білгенінше, Жамбыл аға,
Бір келген мейман едің, бердім кезек.

Жіберді сыпыра желіп Жамбыл ақын,
Көрінді көп ақыннан сөзі батым.
Думан ғып, жүз жыл дәурен сүрген болсаң,
Ойлағын, бір басыңа ажал жақын.

Халқына отыр Жамбыл нақыл айтып,
Жуық боп ағайынға, жақын айтып.
Елінің үлкен-кіші баршасына
Отырды әр нұсқадан ақыл айтып.
Көп айтты тоқталмастан сары таңға,
Өзінен басқа жоқтай бұл жаһанда.

*Досмағамбет:*

Самғаймын қанатымды, ал, аспанға,
Дүбірлеп дауысым кетсін таласқанда.
«Отырған төрт түйелі Жалайыр» деп,
Тиеді сөздің шеті анда-санда.

Сен мені жеңе алмайсың, арбасаң да,
Төрт бұрышын төңіректің жалмасаң да.
Иә, бабам, Қаблиса жәрдемші бол,
Халықта киен артық тандасаң да.

Нағашым бұл арада – ер Қарасай,
Келеді айта берсем сөз сарасы-ай!
Ескелді Балпық бабам жәрдемші бол
Бақтыбай, жәрдемші боп көз салсай!

Ілгері Шөже, Балта заманда өткен,
Қарқабат, Бұқар жырау, Қабан да өткен.
Абақтың аруағын аузыңа алмай,
Мақтандың «жүйрік жоқ деп маған жеткен!»

Сөйлейсің, барған сайын өктем-өктем,
Түскендей ата-анасыз аспан көктен.
Аралап Абақ-Тарақ жүрсең дағы,
Түспепті бұттан шалбар, қаптан шекпен.
Болсаң да он ауызды оралтармын,
Бұлттай болдырғанда тауға шөккен.

Атамыз бәріміздің – Абақ, Тарақ.
Ақынды көргенім жоқ, сенен салақ.
Бойыңда сыпалықтың белгісі жоқ,
Тал түсте кеткендай-ақ ұры тонап.



Ол да өткен Асанқайғы, Бұқар жырау,
Ол күнде шабыншылық қанды бұрау.
Қараспай жарлы-жалшы, нашарларға,
Хандардың мақсаты сол жұртты қинау.
Баяндап әңгімесін бастан-аяқ,
Айтысқан Жамбылменен сөзі мынау:

– Ал, Жамбыл-ау, Жамбыл-ау,
Сөз сөйлейін мен саған,
Таудан аққан бұлақтай.
Жасөспірім баламын,
Жапырағы жайқалған,
Көлге біткен құрақтай.
Лақ-текедей бақылдап,
Мазамды алдың шыдатпай.
Қойдағы азбан қошқардай,
Сөзіңді мен отырмын
Сірә де сенің ұнатпай.
Өлеңіңді қысқартқын,
Мұнан былай ұзартпай.
Буындырам мен сені
Бір шығармай үніңді,
Желкеңнен түскен тұзақтай.
Жәудіретем көзіңді,
Қалдырамын сөзіңді,
Қараңғы түн болғанда
Алдыңда жанған шырақтай.
Меніменен шайқасып,
Айтысып өлең байқасып,
Қалып жүрме ұятқа-ай!
Жас ақыннан сүрініп,
Жете алмайсың мұратқа-ай!
Жете алмассың қуғанмен,
Мен бір асыл туғанмын.,



Арғымақтай буданмын.
Тұлғанды сенің айтайын,
Тұлпарлығың байқайын.
Сұлыға тойған қазанат,
Маған қайтып жетерсің?!
Алдында жүрген пырақпын,
Енді маған нетерсің?!
Меніменен айтыссан,
Түбіңе өзің жетерсің.
Оныменен тұрмайсың,
Бұл арадан кетерсің.
Қайырылып сынса қанатың
Қасірет-қайғы шегерсің,
Ақындығың шамалы,
Әңгімешіл екенсің.
Тонауға түскен ұрыдай,
Ат-тонынан айрылған,
Табанынан тайырылған,
Жасыған жездей майрылған.
Басыңда жөнді бөркің жоқ,
Адам көрер көркің жоқ,
Ақынмын деп мақтан ба?
Сөзіңде құнды серпін жоқ.
Өз пиғылыңнан тапқандай,
Ер болып жау шапқандай,
Құлаққа маза бермедің,
Даңғаза, дабыл қаққандай.
Алдында жиған малың жоқ,
Мойныңа салған салың жоқ.
Жыршы емессің бақсысың,
Дүниеге тапшысың,
Бақсы да, сірә, болмадың,
Өлең айтып оңбадың.
Ел ішінде азыпсың,



Бір Құдайға жазыпсың.
Шекпенің жоқ сенің де,
Сен бір жүрген зәлім-ді.
Бір бойында сәнің жоқ,
Аралап Абақ жүрсең де,
Үш күн жатар жайың жоқ.
Жаман тамды салдырған,
Орыстан зақұн үйреніп,
Ағайын көңілін қалдырған.
Еліңде бір байлық жоқ,
Қазан асқан жеріне
Сабан-топан жақтырған.
Кеште ойнаған бақсыдай
Саған қобыз шалдырған.
Сені көріп отырмын,
Өзімнен-өзім қапалап,
Түсіңе сенің қарасам,
Жүні түскен жапалақ,
Жаратқан ием, Құдай-ай!
Нағашы жұртым ер екен,
Сауыққойшыл ел екен.
Көтереді ақын деп
Мұның несін сән қылып?
Біздің елде бұл болса,
Аяқ жолын таба алмай,
Кетер еді қаңғырып.
Айтысайын деп тұрсың,
Менімен қатты қам қылып.

Ал, Жамбылым, Жамбылым,
Өлеңге жүйрік даңғылым.
Өнерің болса, бастағын,
Сөйлеп бір, сөйлеп тастағын.
Мініңді айтып берермін,



Ақыным Жамбыл, саспағын!
Армансыз бол, ақыным,
Мықтап бір ойла осы жағын
Айт, аян ба, ақыным,
Ақындығың болғанмен
Жоқ екен биттей тақылың.
Елден-елді қыдырып,
Жауыр боз ат астыңда,
Тозып жүрген тақымың.
Кім жығылып, кім жығар,
Байқармыз сөздің ақырын.
Жеңемін деп ойлайсың,
Меніменен ойнайсың.
«Әсем болсаң, бәсең бол»,
Деген, қане, бұрынғы?
Өзіңді өзің көтеріп,
Сонша неге болмайсың?!
Бергеніне Құдайдың
Қанағат қылып тоймайсың.
Ел қыдырып сүмеңдеп,
Жасыңнан қылған әдетің,
Елден-елге қыдырып,
Астыңа мінген ерің жоқ.
Қол берген мықты пірің жоқ,
Өміріңді өткіздің
Халықты кезіп, қаңғумен,
Жарыған, сірә, жерің жоқ.
Айтқаның ылғи өтірік,
Сөзіңе сенің сену жоқ.
Көп сөйлейсің көпіріп,
Көпірудің жөні жоқ.
Қорықбайсың бейшара,
Өлеріңнің шағында,
Кетер ем ұрып бір жерге,



Азырақ қорқып отырмын,
Сақалыңның ағынан!

Жамбыл:

Сонда Жамбыл ышқынды,
Өлеңге алғыр, ұшқынды.
Жамбылдың айтқан өлеңі
Дұшпанға қайрат күш қылды.
Айнадай ашық жырларым,
Халықтың көңілін хош қылды.
Ұшса, талмас қанатым,
Аспанда қыран құс қылды.
Жеңбек қайда Жамбылды
Сенің айтқан өлеңің
Тараған бізден ұшқын-ды.
Қысым көрсең Жамбылдан,
Деп жүрмегін түбінде,
Қандай іске тұс қылды.
Арбаөткелдің түбінде
Бір күн, бір түн шайқасып,
Өнерін әбден байқасып,
Жамбылмен қатты айқасып,
Құлмамбет те жеңген жоқ.
Жеңбек тұрмақ Құлмамбет,
Нысанаға келген жоқ.
Қаракерей Түбек те,
Жалайырда Қарқабат,
О да айтысып көрген жоқ.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Ешкімге намыс берген жоқ.
Жеңіліп қайтты Құлмамбет,
Сол айтыста жердей боп,



Құр сүлдесі, өлген жоқ.
Көпшілікке бет бұрып,
Азғырушы адамға,
Қараспайтын қабанға,
Сол күнде-ақ Жамбыл көнген жоқ.
Еңбегім сінді еліме,
Домбыра байлап беліме,
Сол үшін бағым сөнген жоқ.

Тарта сөйле тіліңді,
Танимысың піріңді?
Танымасаң піріңді,
Айтайын сенің мініңді.
Әдеппенен сөйлер ең,
Егер болсаң білімді.
Аплатоным не болды,
Көп оқыған ілімді?
Сикыршы, қожа, молдалар,
Бағындырған халықты.
Өтірік айтып, елді алдап,
«Мұхаммед» деген ұранға,
Зекет, құшыр бергін деп,
Сөзіме менің көңгін деп,
Жұрттың бәрін ұйытқан,
Сағит жазған Құранға.
Патша мен хан, шенеуник,
Би мен болыс, бай-манап,
Кедейдің жерін тартып ап,
Шенінен ешкім жүргізбей,
Кіргізген сызып планға.
Нашарың қалып салықта,
Байларың көшкен шығынға.
Әліңді білмей асығып,
Жолығарсың ылаңға,



Қаптаған қара тұманға!
Артықша қылып туғызған,
Бұл Абақтың баласын.
Жайлау, қыстау, мекен қып
Тау мен шөлдің саласын.
Көптігін айтсам Абақтың,
Аз ғана ауыл Жалайыр,
Қарамды көрмей қаласың.
Қайтер екен десем мен,
Өршеленіп барасың.
Тіл тигізсең бабаңа,
Өртке күйіп, жанасың.
Ажырата сөйлегін
Бай, кедейдің арасын.
Құр кепкеннен пайда жоқ,
Сөйлегін сөздің данасын.
Жығылғанды, жыққанды
Сонда білер әр адам,
Өзінің білсе шамасын.
Ұзын сарын жүйрікпін,
Әңгімеге қанасың.
Ой мен жырды тербетсем,
Қазір естен танасың.

Албырт жиен, Жалайыр,
Маған қарап не дейсің?
Мен жайыңды айтайын.
Жалайыр сен, кедейсің,
Кедейліктің белгісі
Жақын-жуық келмейсің.
Шыққан жерің мен болсам,
Менен шыққан сен болсаң,
Кімді кімге теңейсің?!
Бір ұстасып қалсам деп,



Өзінді-өзің шенейсің,
Кеп отырма ойнағың,
Алды-артыңды ойлағың.
Іле бір судың балығың,
Жағалай жатқан салығың,
Жылдан-жылға қоймадың.
Қарның шығып тоймадың.
Тұздап балық қақтадың,
Елің кедей болған соң.
Дарияны жақтадың.
Кедейліктің белгісі,
Іледен алған балықты
Сары майдай сақтадың.
Қонақ келсе үйіңе,
Союға мал таппадың.
Жүз жылқыны өргізіп,
Жеріңде мал бақпадың,
Жалайырды мақтадың?
Айлық жерді ауызбен
Бір-ақ күнде аттадың.
Би мен болыс қолына
«Шығыным» деп бересің,
Жазы-қысы тапқаның.
Заманақыр болды ма,
Өз тұқымым өзіме
Жау болып, бүгін шапқаның.
Ел байлығы өзінде,
Тіл байлығы сөзінде,
«Малы жоқ тақыр кедей» деп,
Өтірік жала жаппағың.
Ерегіссең менімен,
Мен айтыссам сенімен,
Шығып кетер аптабың.
Молда емессің сиқырсың,



Зікір айтып зарлаған.
Жаназа оқып өлгенге
Ысқат, підия жалмаған.
«Шариғат жолы мынау» деп,
Қараңғы, надан халықты
Көзді жұмып алдаған.
«Зекет, құшыр бергін, – деп,
Қайыр-зекет бермесең,
Сөзіме менің көнбесең,
Дозақ бар, – деп қорқытып,
Қылмаған пәлең қалмаған.
Аттана шауып бай өлсе,
Төрт түлікке сай өлсе,
Қирағаттап Құранды,
Шариғат айтып сарнаған.
Оңбайтын молда жері осы,
Өлсе кедей бармаған.
Жақсы көрсе молданы,
«Көз бояушы, залым» деп,
Көпшілік неге қарғаған?

Елде көп әлім молда, залым молда,
Халыққа залымдығың мәлім, молда,
Сиқырлап азғырасың әзәзілді,
Қосылмас біз бен сіздің қаның, молда.

«Құдай – бір, Құран – шын» деп азғырасың,
Ораза, намазсызды жазғырасың.
Жол сызған келешекке дәнемең жоқ,
Мұнымен қайтып жұртты мәз қыласың.

Аңлап бас, аяғыңды аңғырттанбай,
Білемін жұрттан шыққан сабағыңды.



«Ер өлер ерегiссе» деген сөз бар,
Есiңе түсiремiн баяғыңды.

Абакқа қай қазақтың малы жетер,
Көз көрмей, жалған сөздің бәрі бекер.
Іледен ала қыстай балық аулап,
Созылып көктемге әрең жаны жетер.

Бұл елде кедей бар ма балық жеген,
Балықты Жалайырда Салық жеген.
Қайырлы болса байың салтанатты
Балықты судан алып нағып жеген?

Мақтайсың ауқатың сол балығыңды,
Кім айтар «жаманда деп халығыңды».
Роман земескеймен борыш төлеп,
Өтейсiң әрең зорға салығыңды.

Қу молда, неге сонша мақтанасың,
Мақтанып, көтеріліп, шаттанасың.
Балықтан тапқаныңды шығынға сап,
Старшын, би болысты атқарасың.

Адам жоқ жақсылыққа таласпайтын,
Кедейге қайырсыз бай қараспайтын.
Мойнына ауыр жүкті арта салып,
Иттердің мінезі осы аластайтын.

Байлардың құлқы жаман мақтайтұғын,
Ат мініп, асын ішкенді жақтайтұғын.
Нашардың күшіменен пайдаланып,
Жері осы маған мұның жақпайтұғын.

Қу молда, орыны жоқ сарнамалық,
Байлар жүр кедей күшін пайдаланып.



Байды мақтап, нашарды аузыңа алмай,
Мұнымен оңаласың қайда барып?!

Шықпайсың қыр басына мұныменен,
Сөйлегін бұлды сөзді құныменен.
Кетерсің жерге кіріп, жынды, антұрған,
Мен саған қаһарлансам шыныменен.

Жамбылдың айғай салған даусына,
Тау мен тас ән қосады үніменен.
Не жеңіп, не жеңіліп тез тоқталық,
Созылып отырғанша күніменен.

Аз сөздің тәттілігі болар балдай,
Жеңуге үміттің көңілің дардай.
Қабанды Бақтыбаймен ап келмесең,
Келеді шаужайымнан ешкім шалмай!

Айтыссаң, бұғын бекем белінді сен,
Көтере көп мақтадың елінді сен.
Бұл жаққа күліп келіп, налып қайтсаң,
Табуға қиын болар жерінді сен.

Әдепті мейман болсан, сыйың болар,
Сый білмес сиыр болсаң, қиын болар.
Алыстан аңсап келіп, ақсап қайтсаң,
Бас қосқан талай-талай жиын болар.

Әр істі кетер көңіл жоғары алып,
Бұл істің уағында болғаны анық.
Кезекті сөзің болса, тағы сөйле,
Осымен бір кішкентай доғаралық.

*Досмағамбет:*

Ал, Жамбылым, Жамбылым,
Ежелден жүйрік даңғылым.
Алпысқа жасың келгенде,
Төгілген тасып дариядай,
Басылып қалған шәңкілің.
Мен бір енді сөйлейін,
Жалайырдың бегінен,
Белгілі ата тегінен,
Шынжырлы балақ көгінен.
Айтуға тура кеп отыр
Абақ-Тарақ шегінен.
Ноқтағасы, қолбасы,
Дулаттан бізге не пайда,
Құмырсақдай көрінген.
Теріп айтып келермін
Меркіден арғы еліңнен
Қалың Ботпай керіңнен.
Меркіден арғы еліңнің
Бозадан басқа асы жоқ.
Жар жатақтың астында,
Күнге күйіп ол түскен,
Қыздарыңның шашы жоқ.
Бірін-бірі көп дескен,
Бозақормен ептескен.
Жақынынан басқа қасы жоқ,
Досмағамбет бұл молда,
Әрбір әнге салады.
Меркіден бергі туғаның
Үй басына бес тауық,
Кіристиан боп қалады.
Қысты күні болғанда,
Көшкіннен өлген бұғының



Терісін сылып алады.
Алып келіп базарға,
Бестен өріп салады.
Бес тиыннан ақша алса,
Жерден алтын тапқандай
Қуанып үйіне барады.
Енді айтайын, Жамбылым,
Меркіден бергі еліңді.
Кіристианға жазылған,
Бәрі орысқа көнімді.
Меніменен айтыссаң
Сындырармын беліңді.
Көкектен басқа құсың жоқ,
Көкпектен басқа шөбің жоқ.
Қозы жауырын, қурай бұт,
Жігітіңнің күші жоқ.
Көкнәр ішкен кісідей,
Адамыңның түсі жоқ.
Кезек ауырып тұрғандай,
Түсі менен есі жоқ.
Етін нанмен көбейткен,
Тамының к...ін шөмейткен,
Сиырын айдап, «өк-өк» деп,
Тышқан боғын етектеп,
Жүк бұрышына жияды,
Сары майдай жентектеп.
Қорқып сенен қалмаспын,
Тапқан анам «еркек» деп.
Қорқып, бұғып қалмаспын,
Алдыма сені салмаспын.
Шапқан жерін қиятын,
Күшін қолға жиятын,
Қалай айтсам сыятын,
Өткір құрыш алмаспын.



Тарлан тартып қалыпсың,
Аузыңнан шалыпсың.
Буыныңды бекітіп,
Аяғыңды дәл басқын.
Жыққанымыз алуға,
Жұртқа олжа салуға,
Бәйгіге тігіп мал-басты.
Айтысам деген онда жоқ,
Келе-ақ өзің жармастың.
Сендей-сендей көп ақын
Көргенде мені өтінген.
Ашынса тілді болмай ма?
Таяқ өтсе етіңнен.
Меркіден бергі туғаның,
Он-он үйің бірігіп,
Әрбір тауға бекінген.
Шегаралас болған соң,
Хан Орманы бас болып,
Қырғыз шапқан шетіңнен.
Өзі жақсы еліңнен,
Сенің тиіп кесірің,
Көшкін басып жыл сайын,
Берекеңді кетірген.

Сия салдым сауытқа,
Құмармын жастан сауыққа.
Еліңді қырғыз шапқанын,
Олжаға қырғыз батқанын,
Жылы есімнен шығыпты,
Ит пе, қой ма, тауық па?
Ақыным, Жамбыл, долықпа,
Асығып өлең айтам деп,
Бір киеге жолықпа!
Елің кедей болған соң,



Мал таба алмай, қыз сатқан.
Менің жеген балығым
Мұнан жаман болып па?!
Артықша ақын емессің,
Бұл арада біз көрген,
Біз де ақынбыз ізденген.
Байлығың сенің қайда бар
Мал орнына қыз берген?
Бір жарамды жігіті,
Дулатыңның Алпысбай,
Күнде арақ ішкені,
Орыс үйі түскені.
Зақоскесі қиярдан
Алдында тақтай үстелі.
Сен Абақтың жүйрігі,
Мен тұлпары Тарақтың
Жаңылдырма тілімді.
Жаратқан, Тәңірім, күштісің,
Дүниеге жан ғып жараттың.
Алуан-алуан қылып,
Жер жүзіне тараттың.
Бәрекелді, Жамбылым,
Өтірікті шындай ғып,
Жалған сөзді жымдай ғып,
Жанды аузына қараттың.
Сатып алып кеселді,
Пайдасы қанша арақтың?!
Салты осы ма еліңнің,
Биі, байы, болысы,
Босатпас алдын қабақтың.
Арақ десе, жымыңдар,
Құлқыны құрып қылмыңдар.
Мейлі, қазақ, орысы.
Ішпесе басы ауырар



Қалаға жақын қонысы
Күнде салып салықты,
Зар қақтырып халықты
Мойнынан түспес борышы.
Жеріңді сатып ұлыққа,
Жесе, тоймас құныққа,
Тарылған жұрттың өрісі.
Оразалы дегенің
Қарындасын өзі алып,
Есітпеген жол салып,
Бір баланың кесірі
Тоқтады Дулат қозғалып,
Көп ұзартып созбалық.
Бұл да жетер басына
Не қылайын қозғарып!

Жамбыл:

Албырт жиен, Жалайыр,
Еліңнің салты мынадай,
Қызды өсірдің бұладай.
Алыстан келген сәудегер,
Керегеңді сатып ап,
Кездемесін сатылап,
Бір төсекте жатып ап,
Зауқын сафа қылады ай,
Мақтанарлық жайың жоқ,
Желпінген көңіл басылып,
Желіккен жүрек тынады-ай.
Сәудегер, молда зұлымсың,
Халықтың көзін боядың,
Қайыр басқан тұмадай.
О да сенің кесірің,
Кемітіп жұрттың несібін



Басыңды төре сұрады-ай,
Мен боламын ханың деп,
Хан салығы қалың деп,
Хандығым жұртқа мәлім деп,
Еліңді қысты қынадай.
Ханнан көріп қанауды,
Ат, айғыр қалмай жараулы,
Күйзеліп жұртың жылады-ай.

Көтердің жұртқа бас қылып,
Абылай атты ханыңды.
Қайыры көпке тимеген,
Қаны қара залымды,
Залымдығы мәлім-ді,
Алдына тура бара алмай,
Барып жауап ала алмай,
Айта алмадың зарыңды.
Жылқы, түйе, сиырмен,
Қой, ешкіні «сойыс» деп,
Тарту тарттың барыңды.
Тартып алды еріксіз
Жүк артатын нарыңды,
Жылатып кемпір-шалыңды.
Хан жарлығы солай деп,
Бізге қазақ оңай, – деп,
Жер жақсысын бай алып,
Бай патшаға таялып,
Өрісің қатты тарылды.
Ел қорғайтын ерлерің
Алдына барып бас иіп,
«Алдиярлап» жалынды.
Төрелер келіп, жай салды,
Алтынемел белінен.
Жайлау, қыстау мекен ғып,



Күреңбелдің жерінен.
Мал, басында ерік жоқ,
Жүре алмай қорқып шенінен.
Мықты болсаң сұраттың
Ханға неге еліңді?!
Қаны қара сұмырай,
Қатты басты белінді.
Үн шықпадың, тұншықтың,
Шығара алмай шерінді.
Ханның сесін қайырып,
Еліңді даудан айырып,
Алмадың қалай кегінді?!
Мықты болса қайда еді
Ескелді би мен Балпығың?!
Төреге елің сұратып,
Нашарларын жылатып,
Қадірін білмей халқының
Елеуреп ең ентігіп,
Басылды ма қарқының?!
Ат-тоңыңда көп олжа,
Басың аман тұрғанда,
Қайт еліңе, жарқыным.
Жалайырдың ішінде,
Сенің бабаң Балғалы.
Балғалының байлығын
Отырсың ба салғалы?
Байлығың сонша көп болса,
Неғып жүрсің бұл жақта,
Зекет, құшыр алғалы?
Қажылық қалып жайына.
Қожамет, Қожақан
Үйінен арақ кетпейді,
Сөзімнің бар ма жалғаны?
Бәрін де айтып берермін,



Тағы да болса қалғаны.
Ақбұйым, Құяс шектес ел,
Керегесі көктес ел.
Түбінде тату болмайды,
Кедей мен бай кектес ел.
Байдан кедей бөлініп,
Байға қара көрініп,
Кедейден тату өтпес ел.
Аузың бармай отыр ма,
Айтуға Көлбай, Маманды.
Мырза, Күшік, Жалайыр,
Андаста зұлым Аманды?
Кедейге жаны ашымай,
Жақсылық іздеп басына-ай,
Жоламай пенде қасына-ай,
Шулатып бала-шағанды.
Би мен болыс, бай-манап,
Пристов, князь, чиновник,
Асықпасаң аз жылда,
Ақ патшамыз өлді деп,
Жақсылық жоқ енді, деп,
Жалтыратар табанды.
Жарыққа шығып түнектен,
Құтылып жуан білектен,
Қайнап ақыл жүректен,
Аман болсақ көрерміз,
Жаңарған жаңа заманды,
Жаңадан туған адамды.
Мейлі кәрі, мейлі жас,
Бәріне хат танытар,
Оқымаған наданды.
Шалағайын берік қып,
Жүйрік етер шабанды.
Түзелер сонда ел деді.



Ақ патша құлап тағынан,
Айырылып баста бағынан,
Елге мұра болады,
Хан жайлаған жер деді.
Бұлай деп Жамбыл кәрі ақын
Сөзіме жауап бер, – деді.
Сиқыршы залым, қу молда,
Бұған жауап бермесең,
Қыс к...ді сен деді.
Сөз иесі мен деді.
Ашып қара көзінді,
Жөндеп сөйле сөзіңді.
Мен боламын нең? – деді.
Бір қаруы қайтқан жоқ,
Саған айтқан өлеңім,
Ағып бір кеткен сел, – деді.
Ақын болсаң, осыны айт,
Кезекті сөзді тосып айт,
Айтысатын дау болса,
Қарсы келген жау болса,
Екі бөліп тастайтын,
Жаудан қорқып саспайтын,
Тура жолға бастайтын,
Көпшіліктің досын айт!
«Сөзі артылып жеңер» деп,
Жүрегім сенен шошымайт!

Халықтың досы кім десең,
Айтайын мен білмесең.
Өлгенменен барабар,
Бір басыңды кірлесең.
Көмусіз бір күн қаласың,
Көпшілікті тілдесең,



Елді жауға бермейтін,
Шетіне дұшпан келмейтін.
Ерегіскен еңірейтін,
Қанша дұшпан болса да,
Шыбын құрлы көрмейтін.
Бақытын жұрттың өрлетіп,
Мәңгі қалар сөнбейтін.
Есеңгіреп жүрмесең,
Елді неге даттайсың?!
Екі жүзді болмасаң,
Байды неге мақтайсың?
Қайыры көпке тимеген,
Әкімдікпен билеген,
Жарлы-жалшы сүймеген
Ханды неге жақтайсың?
Артыңнан түссе қуғыншы
Тау мен тасқа батпайсың.
Бай-манаптар жоғалып,
Жарлы-жалшы оңалса,
Кірерге көр таппасың.
Барар жер, батар тауың жоқ,
Қайтып жаның сақтайсың?
Деп айтты Жамбыл сол күнде,
Мықтылықтың белгісі,
Патша мен хан зор күнде.
Темір тордың ішінде
Қамаулы қазақ қор күнде.
Менің көрген түсімде,
Түсімде көрген есімде,
Қаптаған қара бұлт басып,
Жерді тұман буыпты.
Бір мезгілде қарасам,
Ай менен күн туыпты.
Нұры жұртты балқытып,



Жерге түскен тұманды
Желпуішпен қуыпты.
Жақсы-жаман демейді,
Еңбекші тап халықтың
Бәрі өзіне жуықты.
Тілімнен бал сорғалап,
Перне де саусақ жорғалап,
Ойымнан өлең жосылар.
Ақынның жыры тербелер,
Көңілдің болса қосы бар.
Алдымызда аңсап тұр,
Аман болсақ көрерміз,
Халықтың қамқор досы бар.
Жанын құрбан қылатын,
Табанды боп тұратын,
Ашық досы осылар.

Айтысып жүрген дауды алар,
Аңдысып жүрген жауды алар,
Көпті көрген көнемін,
Жүрегім неден шошынар!

Ақынның жыры қозғалса,
Ағып жатқан тоқтаусыз
Бұлақ емей немене?
Данамыз ұлы Сталин³
Бақыттың шамын жандырған,
Шырақ емей немене?
Жер жүзінің партия
Ұраны емей немене?
Қызыл әскер халықтың

³ Айтыс өткен кезде Совет өкіметі орнамаған. Ол сөздер айтысты жеткізуші Үмбетәлінің сөзі.



Қорғайтұғын дұшпаннан
Құралы емей немене?
Арт жағында жеткіншек,
Қаулап өскен жайқалып,
Құрақ емей немене?
Он жасында секіріп,
Жарға ойнаған жас бала,
Лақ емей немене?!





ЖАМБЫЛ МЕН ШАШУБАЙ

Алматы қаласындағы Байбұлан байдың үйінде үлкен жиын болады. Бұл жиында ел кезіп, серілік қып Арқадан келген Шашубай былай өлең бастайды:

Шашубай:

Ақынның сүйір келер тіл мен жағы,
Іркілмей осы күнде сөйлер шағы.
Көрмекке бізге уәжіп нұр дидарың
Жетісу, аманбысың, өң саңлағым?

Жайылды Шашубай боп менің атым,
Кеудемде саудырлап тұр жазған хатым.
Бұл жерде дәм-тұз айдап, жүз көрістік
Жүрмісің жалпы тегіс, асыл затым?

Жүрмісің аман-есен, молла Сәтім,
Ілгері болыстардан салтанатың.
Сұңқар болып туыпсың Ниязбектен
Тарайды Есенқұлдан арғы затың.

Және де жәрдем болған бабаң Жаныс,
Ер дейді қазы болған жұртқа қалыс.
Шашубай күнде бүйтіп келе бермес,
Теңіздің аяғында, жерім алыс.

Жүрмісің есен-аман, өң саңлақтар,
Көк мұзда тағасыз ат тайғанақтар.
Сарыжан, Саймасаймен аманбысың,
Аш-арық кембағал мен сізді жақтар.



Жайындай өрге жүзген қадамдысың,
Өр жерден атағың бар, хабарлысың.
Дулатта мойны озған жігіт дейді,
Алпысбай, Мәңкеменен аманбысың?

Ыдырыс, Қостүтінмен атаң – Жұбай,
Дәреже сендерге де берген Құдай.
Шынжырлы жеті атаңнан келе жатыр,
Рақым, молла Мәди, амансың ба-ай?!

Сөйлейді сөйле десең, бұл Шашубай,
Дәреже өз басыма берген Құдай.
Алматының саңлағын тегіс жиып,
Той қылды компания Байбұлан бай.

Сұрасаң, менің атым Шашубаймын,
Болғанмен үйде кедей, түзде баймын.
Баласын Орта жүздің айдап жедім,
Қалтамның түбі тесік байымаймын.
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Желге ұксап ұйтқып соққан зуылдаймын.
Өлең жақтан сағынды сындырмаймын,
Еш нәрсе сонда-дағы тындырмаймын,
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,
Табаным қызған сайын бұлдырлаймын.

Албанда о да өткен Абақ, Жайнақ,
Өтіпті Сайымбөлек саңлақ айдап.
Саңлағын Жетісудың көргеннен соң,
Сөйлейді бұл Шашубай тамашалап.

Мен келдім Орта жүзден теңізді өрлеп,
Қыдырып сөз қозғадым көлденеңдеп.
Жол басып он сегіз күн зорға жеттім,
Саңлағын Жетісудың көрейін деп.



Бәрің де аманбысың, есен-аман,
Шүү десе жүйрік озар мыңнан саннан.
Отырмыз ғанибетпен жүз көрісіп,
Отырмын тамаша етіп жоқтан-бардан.

Дуаным Қараөткел мен Қарқаралы,
Барады кешкі базар тарқағалы.
Еті қызып алған соң тоқтала ма,
Өлеңді тағы да отыр шайқағалы.

Шашубай өлең жаққа қадам басты,
Бұл күнде сіздермен кеп амандасты.
Жүйріктің топтан озған біреуімін
Келді де қалың шаңға араласты.

Желгенде жер қалмайды күрең аттан,
Жолаушы жолым алыс келе жатқан.
Жүйрікпін шартараптың тұзын татқан,
Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан.

Шашубай менің атым, елім қырда,
Сол қырдан Құдай айдап келдім мұнда.
«Кәрі орнында бір шырақшы бала» дейді,
Кедей, бай, дегдар болыс амансың ба?!

Сұраншы қарсы шапқан атқан оққа,
Шашубай көп сөйлеген талай топқа.
Компания Байбұлан той қылыпсың,
Бізбенен қармасарға ақын жоқ па?

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса тез алдыр, Байбұлан бай,
Болар-болмас немесін ардақтайды.



Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді,
Ішкені Ұлы жүздің шөп келеді.
Орта жүздің ішкені дөнен қымыз,
Ұлы жүз көженің қоюына өкпелейді.

Орта жүз Ұлы жүзден бай келеді,
Ірбіттен сірісімен шай келеді.
Бәйгені алса, Орта жүз жүйрігі алар,
Шолағы Ұлы жүздің қай келеді!

Бар екен Орта жүздің төрт баласы,
Халайық, мен айтайын, сен санашы.
Төртеуінің арасы он күндік жол,
Келеді осылайша шегарасы.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Халқымның топтан озған жүйрігімін.
Ұлы сарын жүйріктің біреуімін,
Жұртыма нарық көрсеткен үлгілімін.

Байбұлан, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Тағалы төрт аяғы мен бір жорға,
Ылайық тар көшеге салдыруға.
Ақын болса тез келсін бұл араға,
Бізбенен жарар ма екен пар қылуға?!

Руым Орта жүздің деген жері,
Жалпы отыр Жетісудың кемеңгері.
Жүрексініп тұрғандай не бар мұнда,
О, шіркін, ақын болса келсін бері.

Біздің геп, айта берсе, толып жатыр,
Бірі көшіп, біреуі қонып жатыр.



Сейтбаттал, Ер Әлінің соғысындай
Не де болса, боп қалсын, бері шақыр!

Бұл уақытта Жамбыл Рапикиев байбатшаның үйінде Мәңке, Сәміжан қонақ болып отыр еді. Шашубайдың шақыруы бойынша Байбұлан бай Жамбылдарға 4-5 трашмоңкемен 5-6 кісімен Рапикиев байбатшаның қонақтарымен барлығына кісі жібереді. Сонымен барлығын алдыртады. Турадан тура Байбұлан байдың қонақтарының үстіне бір топ адаммен түскенде, Байбұлан байдың қонақтары мас болып отыр еді. Шашубай ұйытқып соққан желдей қызумен әндетіп отыр еді. Болыстардың барлығы да мас, олардың ішіндегі болыстарды мақтап отырған Байбұлан байдың үйінде жатқан Шашубай ақын да қызу еді. Рапикиев байбатша үйіндегі қонақтарымен олардың үстіне кіріп келеді. Оларды әкелген Байбұлан байдың жіберген адамдары да тегіс келеді. Бұларға зал үйдің бір жағынан орын береді. Бұл жерде Жамбыл сырлаған шолақ домбырасымен кіріп отырғанда: «Жамбыл осы домбыра ұстаған ғой» деп, Шашубай көре салып сөз бастайды:

Әрине, Шашубайдың айтар сөзі,
Көп көрген мұндай топты шырай жүзі.
Сырлы ағашын қолына ұстаған боп,
Келіпті азап айдап, бұл кім өзі?

Сонда Байбұлан бай: – Сенің іздеп шақыртқан Жамбылың – осы, – дейді. Онан сайын екпіндеп Шашубай сөйлеп кетеді:

Алматы тауы – адыр, жері – дала,
Шашубай сөз сөйлейді, сөзі – сара.
Үлкенге саламың жоқ, аманың жоқ,
Күн туды не басына, жүзі қара?!

Жүрмісің аман-есен, ақын Жамбыл,
Өлеңге жастайыңнан болдың даңғыл.



Саламың жоқ, үлкенге амаңың жоқ,
Күн туды не басыңа, Тәңір алғыр!

Шашубай арақ ішіп, желдеп отыр,
Қайдағы асыл сөзден тергелі отыр.
Ерден шыққан қатындай неме екенсің,
Ауылшылап келмесең сөйлей отыр!

Орта жүз Ұлы жүзден көп келеді,
Бәрі де Орта жүздің бек келеді.
Аянбай, барың болса, қамдана бер,
Шапандай қанжығаға бөктереді.

Бәрі де көрініп тұр, беп-белгілі,
Сақтанба, көрмегендей, к...т белгілі.
Ақсұңқардай қырындап мен тұрғанда,
Тышқан алған мақтайды бөктергіні.

Арқада мен айтайын салдығымды,
Мұнда келсе айтайын,
Барлыбек, Бақия, Тұрлыбек хандығымды.
Ашулансаң аспанды тастап жібер,
Сен де аянбай қимылда барлығыңды.
Барлыбек Тұрлыбекпен аман болса,
Жандарал да бұзбайды жарлығымды.

Жамбылжан, танымайсың мен баяғы,
Қолыңда асай-мұсай, шал таяғы.
Ағат кеткен сөзім жоқ, отырған көп,
Тең тиер өлеңімнің төрт аяғы.

Бір көзі Сәміжанның қысық екен,
Байбатшаң Мәңке менен пұшық екен.
Бірің ойқы болғанда, бірің шойқы,



Бәрі де бап қосылып отыр екен.
Күйкі тұғыр сияқты неме екенсің,
Келгеннен соң не тұрыс, батыр-еке?!

Жамбыл:

Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай,
Мал алмас барымташы анықтамай.
Айтатұғын кісіңнің өзіне айтқын,
Делбекезек кісідей шалықтамай.

Зұлжалал, Әбілқайыр, Ақтан пәрмен,
Жаратты аспан көкті дәнекермен.
Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон,
Асықсаң ажалыңа келші бермен!

Сөйлесең мен сықылды кемеңгерге,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Шұбырып, ақтабан боп келген Арғын,
Желіктің өз-өзіңнен неменеге?

Сорыңды, бүйте берсең, қайнатармын,
Бент қылып қол-аяғыңды байлатармын.
Без белет, шұбырынды жаман Арғын,
Жеріңе часабаймен айдатармын.

Халқымда мен бір жүйрік озып жүрген,
Әр жерге құлашымды созып жүрген.
Арқадан ауып келген ақтабансың,
Желігіп өз-өзіңнен мақтанасың,
Шұбырынды Арғынсың тозып жүрген.

Арқадан ауып келген жалаң аяқ.
Сен-дағы қимылдадың аямай-ақ.



Бұл жаққа жан бағуға келдің қаңғып,
Тиіп кетіп жүрмесін саған таяқ.

Ажалдың оғы келгенде,
Қорғаны болмас көбенің.
Түсі суық келеді
Төрт қырланған жебенің.
Аптықпай сөйле, Шашубай,
Сынып қалар бедерің.
Қаңғып келген аш-арық,
Тойынып кеткен басына,
Берекелі ел едім,
Сен қашан меніменен тең едің?
Шұбырынды Арқадан,
Ақтабан болған неме едің!

Сонда Шашубай сөйлей береді:

Ей, батыр, Арғын деген ағаң енді,
Алдына жол салдырған данаң енді.
Ашулансам, желкенді жермен қиям,
Шығарма дыбысыңды, бәлем, енді!

Шашубай сөйлеп кетсін інің енді,
Ініңнен соң не болар күнің енді!
Желкенді ашулансам, жермен қиям,
Аузыңды байқап сөйле, ұлым, енді.

Төгіліп менің сөзім келе жатыр,
Қолыңда бектерімнің алтын шатыр.
Өзіңді өзің көтеріп желікпегін,
Аузыңды бағып сөйле, Жамбыл батыр!
Қайсымыз жеңсек те сынға түсіп,
Арт жағы болып қалсын ақыр-тақыр.



Бұл күнде дәуірлеп тұр Байбұлан бай,
Жал мен жая жегені қант пенен шай.
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақия тамам төре,
Бұлар да неше мұқам білген, айла-ай.
Жетісудың тілеуі тағы боп тұр,
Бұлар да заманында бір шарайна-ай.

Ұлық боп Ұлы жүзге болған төре,
Не қылғанмен бұлардың ақылы өре.
Басшы боп Ұлы жүзді сұрап тұр ғой,
Ие боп, осы күнде сіздерге де.

Бұлардың шартарапқа даңқы кеткен,
Бұл күнде қазы боп тұр әділетпен.
Көшедегі орнатқан панардай боп,
Жарығы түсіп тұр ғой барша көпке.

Сөйлесе сөз келеді Шашубайдан,
Сен оңайсың, Жамбылым, ішкен шайдан.
Байлығым мен бектігім сенен артық,
Бір зыркырап жүгірейін әлдеқайдан.

Қараөткел дуанында менің жайым,
Әр түрлі өнері бар Шашубайдың.
Емеспін Жетісудың шолағындай,
Өлеңге соғып тұрған борандаймын!

Қайырлы Байбұландай байың қайда-ай,
Бұлардың нұры балқыр туған айдай.
Күрсілдек, омырау соқпа неме екенсің,
Мұнымен жеңемін деп ойламағын,
Дәметкен сенің дағы кеудең қайда?



Басамын осыменен қарқыныңды,
Аузымнан шығарайын алтынымды.
Ерден шыққан қатындай неме екенсің,
Езермін бала құстай алқымыңды.

Жамбыл:

Сонда Жамбыл сөйлейді,
Ескен желдей гулейді,
– Елірме, батыр, сен, – дейді
Желіксең де мінекей,
Мен аса алмас асу, бел, – дейді.
Өзіңді өзің көтеріп,
Мақтай бердің есіріп,
Мақтансаң да, батыр-ау,
Сендей неме ширегіме келмейді!
Сөйледің сен де аянбай,
Ал, Жамбылдан сөз шығар
Асылдан ұшқан қылаудай.
Өлеңнің дария кенімін,
Еділ менен Жайықтай.
Зырқырап Жамбыл сөйлесін,
Өрге жүзген қайықтай.
Сынға түссін сөзіміз
Осы отырған халыққа-ай.
Бақ-дәулетім басылмай,
Жетісудың саңлағы
Тегіс отыр қасымда-ай.
Бағып сөйле аузыңды,
Елірмегін, Шашубай,
Ерегіссең менімен,
Тауып ұстас теңіңмен.
Ерегіссең, Шашубай,
Еңсенді үзіп кетермін



Аспаннан түскен жасындай.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Ту түбінде тулаған
Шапырашты Наурызбай
Соларға да кезек бермеген,
Ұлы жүздің ішінде
Ұраным менің Қарасай.
Мен Қарасайдың ұлымын,
Айтулының бірімін,
Нар кілемнің түрімін,
Қызыл тілін безеген,
Найзасын тасқа егеген.
Мен алды-артыңды буамын,
Сені асырмаймын кезеңнен!

Мен дағы тоқтамаймын айтар сөзге,
Аса алмас құлаш ұрдың асқар белге.
Бай болған саудаменен Байбұланды,
Буландың неменеге батыр-еке?

Байбұлан мініп келген қара ала атты,
Келді де Алматының дәмін татты.
Алматы тастағында қара лашық
Тікті де үш жыл жатты,
Неше жыл қарала атпен отын сатты.
Бұл арадан ауып келген кембағал деп,
Тері-терсек алсын деп аралатты.

Сөйтіп жүріп бай болды Байбұланың,
Қойшыменен ұрысқан байлар құсап,
Мен жақсылығымды айтқаным жарамас-ты.
Бағып сөйле аузыңды, Шашубайым,
Ауруға ауру қосар деген жаман бақсы.



Қос сертпелі қақпандай Мәңке, Сәтім,
Сәтті күнде туылған азаматым.
Сұңқар болып туылды екеуі де,
Көп Дулаттан тарайды арғы заты.

Төре деп мұнша неге мақтанасың,
Барлыбек, Тұрлыбек, Бақиясын.
Сен сайлан да көкке қарап ақиясың,
Тозақтың ортасында қоқиясың.
Мұсылманға тағы жоқ жақындығы,
Орыстың баса киіп тақиясын.
Түрегеліп сиесің жөні келсе,
Дініңе кесек атқан сен бір сұрқиясың!

Мұны есіткен соң Бақия (ояздың тілмәші, Арғыннан шыққан) соңы жанжал болып, ұрыс шығып, екеуі де тоқтайды: «Не айтса да екі ақынға бірдей ерік берілген, төренің мұнысы әділдік емес, Жамбыл жеңді, жеңілген жақ ат-шапан айыбын төлесін» деп, Жамбылды жақтай шығып, ақыры екі жағы да бір-біріне тоқтамай тарайды. Сондықтан Арқа жағының ақындары: «Айтыста Шашубай жеңді» дейді, Шашубайдың өзі де «Мен жеңіп едім» дейді. Ал, Жетісудың ақындары мен Жамбыл өзі де: «Жамбыл жеңді» дейді. Мына айтыстың түріне қарағанда Жамбыл жеңген сияқты.

**ЖАМБЫЛ МЕН БАЛЫҚ**

Балық:

Жамбылым, жастығыңа мас болмағын,
Басыңды қаси беріп таз болмағын.
Алдыма ешбір ақын шыққан емес,
Мойныма шалма салып, жыққан емес.
Әліңді біл, мастанба, жыршы балам,
Бекерден шоң ақынға қас болмағын.

Тәңір қолдап, өзіме сөзді берген,
Қыдыр дарып, жырла деп, құшақ керген.
Азуым – құрыш, арқа-белден тістеп салам,
Ашуыма тие берсең, пішіп салам.
Балыққа тиісем деп, сорлы жігіт,
Бағаң кетіп, көп ішінде пәс болмағын.

Жамбыл:

Балық аға, айтқан сөзің тантық болды,
Жерге сіңбес қара батпақ шалшық болды.
Жастығым көкірегімді ерітеді,
Жырларым тау желіндей сергітеді.

Балық аға, болмас кептің басын шалдың,
Көпшілік баға берер, қалқып қалдың.
Апыр-ай, ақылыңнан алжастың ба,
Неліктен піштіргенге назар салдың?
Егерде мал шіркінді көксеп жүрсең,
«Алып кел» деп нашардай білек түрсең.

Қордайдың белін асып келе қалғын,
Қазақтың таналарын жиып берем.



Шоң ақынның ақысын жемек пе едің,
Көп ішінен қозы-лақ қайыр берем.
Балаңмен, Балық аға, жастас едім,
Найманбай айтысқа түссе, қашпас едім.

Жырыңды естіп, көңілді ойға келдім,
Атан түйе тайрандап, мас болған ба?
Өзінің ақ сақалын сыйламастан
Тайлақ түйеге жанасып дос болған ба?

Жамбылдың осы сөзінен кейін Бәйтiк қолын көтерiп: «Тоқтат жырыңды, Балығым, сөзді жалғастырудың қисыны болмай қалды», – дегенде, ол: «Батыр, өзiм де байқап тұрмын. Жамбыл сөз тауып кеттi. Алла Тағала өмiр берсе, ақындықтан бақыт табарсың, Жамбылым. Найманбай екеуiң бiрiңдi бiрiң қадiрлеп, сыйласып жырлап өтiңдер», – деп батасын бередi.





ЖАМБЫЛ МЕН МОЛДА БАҒЫШ

Жамбыл:

Келіпсің қазақтардың даласына,
Жат емес, бауырластар арасына.
Қай жердің қырғызысың жүдеп-тозған
Жансың ба абақтыдан қашып-пысқан?

Киімің жыртылыпты, өзің – арық,
Неліктен, бауырым-ай, болдың кәріп?
Азапқа сені кімдер салған екен,
Өзіргі көрген дүниенің жалған екен.

Қазақ пен қырғыз өзі бір туған ғой,
Қалсайшы, өткерелік бір үлкен той.
Ерткен келіншегің қазақ екен
Ақсүйек екен, адаспай қарма бекем.

Төскейде малы жатса араласып,
Төсекте басы бірге бауырласып.
Атыңды естіп қалдым тұрған елден,
«Жыр айтқан бір өзгеше сабаз екен».

Басыңнан не іс өтті, айтып бергін,
Арнайы даңқыңды естіп қайтып келдім.
Қазақтың кең даласын аралағын,
Сүйінбайдай әуендетіп сабалағын.
Үлкенмін бірталай жас өзіңнен мен,
Қазақ пен қырғыз үшін жырлап келгем.

Молда Бағыш:

Қазақтың келіп қалдым қаласына,
Кеңпейіл бейне қырғыз арасына.



Өмірден көп жамандық көріп келдім,
Тигім жоқ өткен күннің жарасына.

Абақтыдан келемін жаяу-жалпы,
Тоқтағұл өткен екен осы жолды.
Түрменің не екенін ескермеппін,
Жүріппін масайраумен оңды-солды.

Киімім түгел жыртық, өзім – арық,
Жаяулап, азап шегіп болдым кәріп.
Жазықсыз жазаланып жаттым жылап,
Жаным да жабырқады әбден сыздап.

Қазақтан жәрдем алдым иба қылған,
Қазақ пен қырғыз үшін жырлап тұрам.
Қалар ем туған елім күтпегенде,
Қалың ел қалқан болар зор келгенде,
Көп жылдар кісендеулі жаттым шыдап,
Орыстан қорлық көрдім әбден қурап.

Жамбыл:

Орыстың қорлығын көп біз де көрдік,
Еліміз қырылысып, сан шабысып.
Бір-бірін сатады да, шабады да,
Қинасып, мазақтасып, арпалысып.

Барлығы өтер-кетер қайырылмай,
Күшің жина, қайрат қылғын.
Барарсың Алатауыңа аңсап күткен,
Өз елің қазағыңа құрмет қылғын.

Түрменің қиындығы шығар естен,
Сабыр қыл, өз-өзіңді ұста бекем.



Талайлар жылап-күліп өткен екен,
Мен сені өз бауырымдай жақын көрем.
Жүр бірге, ауылыма алып кетем...

Молда Бағыш:

Рахмет пейіліңе, қазақ бауырым,
Көп болды мұндай сыйды көрген жоқпын.
Қазақ пен қырғыз екеуі бір туған ғой,
Ел-жеріңменен есен-аман болғын.



**ТОҚТАҒҰЛ МЕН ЖАМБЫЛ**

Тоқтағұл:

Ойыңды айтып отыр, Жамбыл ақын,
Көпшілік біздің жырға өте жақын.
Бірлесіп қазақ, қырғыз бұзылмасақ,
Болмас деймін, Жамбыл ақын, бізге тақым.

Алматы сенің шәрің, менің шәрім,
Қыдырып қазақ елін келдім бәрін.
Азапты сен де тарттың, мен де тарттым,
Аждаһарың салған еді бізге зәрін.

Сұрасаң Тоқтағұлдан осы халды,
Құрықтап қол-аяққа кісен салды.
Қайрат қыл, Жамбыл ақын, тайынбағын,
Жаратқан алады екен шыбын жанды.

Көп сүйме, төрт түлікті, жиған малды,
Түбінде сол сорады ақтық қанды.
Түрмеде көпті көріп көсем болдым,
Аяма балшебектен ыстық жанды.

Келешек қандай оңат, қандай болат?
Әр адам ойға түссе тақыр тоймайт.
Дүниеде қанша санды адам болса,
Қара жер өмірінде қанға тоймайт.

Қартайсаң көкірегің біліп тұрат,
Мөлтілдеп көзден жасың құйып тұрат.
Қартайдым деп қайтесің есепке алып,
Артыңнан асыл жастар өсіп тұрат.



Күн шығып, жарық болып, қайта батат,
Білімді қайтіп шыдап үйде жатат?
Арада әрбір түрлі адамдар бар
Сыртыңнан білдірместен алдап сатат?

....⁴

Жамбылдың жауабы:

Қырғыздың бір сұңқары қырлап кеткен,
Түбінде ақындығың түпке жеткен.
Дұшпандық бола беред көре алмастан
Біз түгіл, бізден мықты Пушкин өткен.

Дүние бірде болады, бірде болмайды,
Бақ-дәулет бір адамға дәйім қонбайды.
Тоқтағұл, өткен іске өкінбегін,
Басыңда бұл жамандық қайта болмайды.

Еліңе бар, еш уақытта тастай алмайды,
Ақынды шорқақ адам бастай алмайды.
Күн шығып, жер жүзіне нұрын шашса
Дұшпанның күші кетіп, қақсата алмайды.

Қалдырмас мені жерім, қазақ елім,
Өңгіме қылар қыздар менен Жұпан келін.
Жамандық, жақсылықты еске алысып,
Сыйласады өткендегі батыр шерің.

Таң атып, құттықтасып бұлбұл келер,
Досым деп мың қайрылып сәлем берер.
Мүсәпір, мұңлы-шерлі жүрегіңнен
Мұз еріп, ішіндегі мұң да кетер.

⁴ Айтыстың соңғы шумақтары жоғалған.



Сен дағы бір шынардың бұлбұлысың,
Талықпас көп жиынның дүлдүлісің.
Ақиқат аз болған соң айла қанша,
Қапаста қайғы тартқан көк бөрісің.

Хабарыңды мен ұғып қайғырғанмын,
Қартайып асыл жастан айрылғанмын.
Көрерге бұлбұлдардың күні жоқ деп,
Азабын ардың тарттым құрған жанның⁵.



⁵ Айтыстың соңы жоқ.



НҰРИЛА МЕН АҚЫНДАРДЫҢ АЙТЫСЫ ЖӘНЕ ЖАМБЫЛДЫҢ ТӨРЕЛІГІ

Нұрила:

Жантұдағы мен болсам Нұрила ақын,
Шырқағанда шығандап шықсын даңқым.
Құбылтып ырғағымен даусым әнді,
Ынтасымен тыңдайды сүйіп халқым!

Жасымнан шаршы жиын топқа түстім,
Ақынмен көңіл соққан көп айтыстым!
Телегей теңізіне көптің малтап,
Халықтың қайнарынан шәрбат іштім.

Сондықтан мүдірмейді тіл мен жағым,
Кенеттен тез қамданып ой, қиялым,
Алдында әлеуметтің сөйлегенде,
Кетеді екіленіп аруағым.

Жолдаспын өмір серік өлеңменен,
Құдықтан өнер қаздым тебенменен.
Кененді бір көруге құмар едім,
Атақты әншіл ақын дегенменен.

Жеңіп ем былтыр ғана Арғынбайды,
Осы үйде домбырасы даңғырлайды.
Мен бар жерде айтпастай болып еді,
Ақын, шіркін, әйткенмен, ар қылмайды.

Өлеңімнің шыдамай таяғына,
Жеңіліп ең, Байбурыл, баяғыда.
Оспан, Мақыш, сенің де есінде ме
Ақсағаның жем түсіп аяғыңа.



Айтыспаған менімен Шүкітай бар,
Жампаңдаған қасыңа Жартыбайды ал.
Ұлы тойда осындай кез болғанда
Қалдым демей қапыда айтысып қал!

Үмбетәлі жай сөзге шамданатын,
Бар қобызы Бармақтың таңданатын.
Менімен осы жерде көп ақын бар
Айтысуға қайсысы қамданатын?

Ортамызда ежелгі жырау отыр,
Барлық ақын бас қосқан мынау отыр.
Сіз тыңда, сізден соңғы айтысалық,
Жай бізді Жамбыл ата сынап отыр.

Дулат ақыны Шүкітай:

Қапы ма едің, қарағым, Шүкітайдан,
Атым түсті аузыңа сенің қайдан?
Өз өнерім өзімді тарықтырмас,
Көмек сұрап көргем жоқ Жартыбайдан.

Айтыспаған сазайым тек болмаса,
Сені білем, Нұрила, кішкентайдан.
Атақ, ізет, абиыр сақтамасақ
Біреуімізден, шырағым, төгілді айран.

Жанту болсаң, Нұрила, Жаныс едім,
Ауылыңмен ағайын, таныс едім.
Екі Жаныс жеңгенде бірін-бірі,
Бір емес пе ойлашы намысы елдің.

Аулақта әлі де бір айқасармыз,
Қара өлеңмен қағысып, шайқасармыз,



Оңашалау Дулаттың бір тойында
Ақындықтың әр түрін байқасармыз.

Той бастауға әлгіде ол таласты.
Жолын қуып атаның Шапырашты,
Жүлдесіне солардың жүйрік тиді
Білетіні жоқ па екен сөз ұйқасты?

Дулат ақыны Бармақ:

Қобыз қылы қолында, мен ғой – Бармақ,
Әлден келсе, абиыр әркім алмақ.
Неге қажет жоқ жерде руласып,
Шапырашты, Дулатпен бола қалмақ.

Құбыладан оң тұрып жел соққанда,
Жер түбіне кетеді жеңіл қаңбақ.
Айқайласып келгенде арты жеңіл,
Шапырашты жай тұрсын жүлде алмай-ақ.

Не дейді бір-біріне екі Дулат,
Шапырашты жай ғана тұрсын тыңдап.
Бетіне ұстап келетін Жамбылы бар,
Сүйінбайдан кейінгі кәрі шумақ.

Айтыспаймыз, әрине, Жамбылменен,
Басқасының, байқасам, нарқы төмен.
Екі Дулат демесең осы арада,
Айтысуға ылайық әнші Кенен.

Айтсаң, Кенен, абайлап, байқап сөйле,
Нұриланың тұңғыық сөзі терең.
Ер жігітке өлгенмен тең болады,
Жеңілгенде осындай әңгімеден.



Дулат ақыны Кенен:

Бір сөзге тиянақты болмай палуан,
Имендің бе ізденген өнерпаздан.
Неге састың, сөзіңнен неге адастың
Қажығандай қайқандап Нұриладан?

Ел ақынын қомсынып Бармақ отыр,
Бұйрық айтып біреуге арнап отыр.
Жұлындырып ежелден отыратын
Мұның сөзі қыршаңқы, түйе қотыр.

Атағымды жоймаймын әнім барда,
Жұртқа Кенен қадірлі дәнім барда.
Әнші басқа, әртүрлі ақын басқа,
Менің мұндай жарысқа мәнім бар ма?

Атышулы ақын ғой алты алашқа,
Қайрап салса, өтетін қара тасқа.
«Шапырашты» дегенге шыдай алмай,
Дайындалып өзі отыр бір шайқасқа.

Безеп қапсың қолыңа домбыраны,
Болмағанды болымды болдырады.
Қима сөздің қиынын табушы едің,
Қамданбасаң бола ма, Үмбетәлі?

Шапырашты ақыны Үмбетәлі:

Сүйегімнен Бармақтың сөзі өтіп,
Табаныма зырқырап барды жетіп.
Жамбылдан басқа ақынды көзіне ілмей.
Делебемді қоздырды екпіндетіп.



Өрен жүйрік өлеңге Үмбет едім,
Жүрген, тұрған жеріме міндет едім.
Түлкісін қызыл алтай сөздің қуып,
Апарып өз ініне індетмін.

Қандай ақын қайтарар қаруымды,
Желді күнгі дауылдай сарынымды.
Өртіне көңіліңнің су сепкендей,
Бір басамын, Нұрила, жалыныңды.

Сұрастырып жүргенде осы керден,
Естідің бе бір пенде мені жеңген.
Әрбір сөзді аңдысып айтысқанда
Аспау керек шегінен жалғыз сөйлем!

Ақпай-тоқпай дедің де кеттің қойып,
Ортасынан түскендей мұздың ойып.
Әлде қалай болады деп ойламадың,
Сөзбен жұрттың мәселін қырып-жойып.

Ала сөйлеп әркімді омырауға,
Ұшырадың, Нұрила, үлкен дауға,
Аттан байтал аптығып озған емес,
Сұрамаспын сондықтан сенен сауға.

Байтал мінсе кейбіреу қылмаңдатып,
Шекесінен басады жылмаңдатып,
Адымы алыс атпенен жарысқанда,
Басып озар байталды шыжбаңдатып.

Нұрила:

Екі сөзге келмей-ақ «еркек» дедің,
Сөз нақысын білмейтін тентек пе едің?



Айтысудың қағысып ығын білмей,
Келген сөзді аузыңа жентектедің.

Ақын десем, шіркін-ай, әңгі ме едің,
Әңгіменің бұзасың дәмді жерін.
Мен тартатын алдыңа сый табағын
Сен сықылды болушы еді мәңгілердің.

Айтар сөзден адасып албырттандың,
Мен талайын албырттың қаңғыртқанмын.
Жем жеген екі мезгіл сәуіріктей боп,
Әулігіп айдалаға аңғырттандың.

Көк байтал көрдің бе аттан қалысқанын,
Ауыздықпен алдында алысқанын.
Үш бәйгеден күніне келген жүйрік,
Менің сондай сенімен жарысқаным.

Талай топқа бұл Нүрік баратұғын,
Әнім осы той болса салатұғын.
Сен сияқты өлеңге қыры барлар
Тал бойыма таңырқап қалатұғын.

Шыға салма жүйрікпін қыз күнімнен,
Тосқауылға тоқталып бір мүдірмен.
Атағы бар, даңқы бар талай жерде
Салғыластым сан қабат, саркідірмен.

Боламын деп өлеңге көңілі теңдей,
Бір шалымға көбісі қалған келмей.
Үпірмәлік ішсең де, Үмбетәлі,
Мен жеңемін сөзіңді бұйым көрмей.



Үмбетәлі:

Шешен десем, Нұрила, шатпақ па едің,
Сұлу десем, сұмпайы сатпақ па едің?
Аты шыққан әйгілі жорға десем,
Арқасына ер батқан ақсақ па едің?

Үлгі көрген халықтан, шаршы көрген
Ақын десем әншейін шап-шақ па едің?
Тұлпар жүйрік тұқымы көк байталдың,
Өз ойыңша озғанын мақсат көрдің.

Қанша айтқанмен байталдың бағасы кем,
Ұрғашы да болмайды еркекпен тең.
Қара тілді әйелдің талайымен
Қақтығысып әр жерде сөйлесіп ем.

Ырық бермей отырсың сен де маған,
Оңай намаз емеспін онша саған.
Ұзақ жолға шыдамай тайталасып,
Қарғып кетсем қаласың қанжығадан.

Жақсы әйелге тең еркек жолғаспаған,
Алғашқыда абайлап арбаспаған.
Өзіңе сай бір жүйірік көк байталда,
Жаман тұғыр тоқтады шалғасқадан.

Намыстанба, Нұрила, жаным, оған,
Өзіңнен кем еркегің, тидің соған.
Тұяғындай тұлпардың серпінменен,
Қаптай берсін бетіңе ұшқан тозаң.

Өлеңімнің тасқыны астан-кестен,
Жұдырығы ұрғандай апай төстен.



Үмбетәлі ақын, Нұрила, балшық болсын,
Сен сықылды жеңілсем кеңкелестен.

Нұрила:

Сен болмасаң жарымес, мен емеспін,
Байқап сөйле, антұрған, кеңкелес кім?
Ұйқы-тұйқы сөзінде қызығарлық
Не қыл дейсін инедей болса кескін.

Матауы жоқ, түйінді байлауы жоқ,
Сұйық сөзді сапырып, желдей естің.
Алақандай аузыңа ем қонбаған,
Мінезіңе ежелгі өкінбеспін.

Өзі куә өзіңе өз өлеңің,
Қай сөзіңе тасырқап бөгелемін,
Шайқасуға менімен шамаң болса
Әуселенді, әрине, көрер едім.

Ылғауыма жарайтын ыңғайың жоқ,
Тізгініңді ірікпей қоя бергін.
Тезек терген бәйгенің атындай ғып,
Шаңымды да көрсетпей жөнелемін.

Көңіл құсы көкейге тез қонады,
Көп мылжыңның аяғы ез болады.
Екі тәуір бірігіп баспайды ауыр
Бір жақсыға бір жаман кез болады.

Құдайдың білесің бе қоры тапшы,
Жалпы көпке жетеді қайдан жақсы?
Ақынның атағына кір жұққызып,
Диуана, ел қыдырған сен бір бақсы.



Ақынмын деп ұялмай жүрсің өзің
Бес тиынға тұрмайды айтқан сөзің.
Өз бойыңды өлшеспей өмірменен,
Не қыласың тексеріп жұрт мінезін.

Үмбетәлі:

Көргенім жоқ, Нұрила, сендей пірсіз,
Өнерлінің өмірі жұртқа мінсіз.
Шаңқан боздай сөзіме шаң жұқпайды,
Ішегі домбырамның ешбір кірсіз.

Тал бойымнан мін тапсаң, бір табасың,
Өйте берме үнемі, ей, үмітсіз.
Қандай жерден қауіпті сын тақсаң да,
Отырамын осы жерде мен күдіксіз.

Азар болса шығарсың долы қатын,
Долы менен перінің жолы жақын.
Ізденген мақсатына жетпей қоймас,
«Бір асқанға, бір тосқан» жолығатын.

Шыдамай шын перінің зардабына,
Долы қашып, именіп, қорынатын.
Қонған бақыт басымнан тек ұшпаса,
Сендей сайтан жолымда соғылатын.

Тілің шайпау, шатпарақ, сөзің қатал,
Мың қаралы еркекке біткен сақал.
Әйелдің анық пірі сондығынан,
Қарсы келсең, ісіне аруақ атар.

Тәубалаңғын тіліңнің жазасына,
Тие бермей Үмбеттің мазасына.



Өнегеде үлкенді сыйламасаң,
Жолығасың шоқпардай назасына.

Шимай-шатақ сөзінді шатпақтама,
Пәк денесін біреудің сатпақтама,
Сөз аяғы біткенше албырттанып,
Ақылы жоқ адамдай асқақтама.

Нұрилла:

Ей, Үмбет, ақындықпен арындадың,
Жорғадай жолға түскен ағындадың.
Антұрған, әзіл сөзге наза болып,
Табаны жоқ адамдай тарынбағын.

Елімнің жолықпасам сілесіне,
Үмбеттің киесіне табынбадым.
Шалаға жанып тұрған жақындасып,
Темірдің қызуына қарылмағын.

Салтымнан самғағанда адаспаймын,
Саналы болса сөзің таласпаймын.
Бойыңда шықпай жүрген ұшығың бар,
Өлеңмен оңды-теріс аластаймын.

Бетінде сақал, мұрттан тұлдыр да жоқ,
Қырғандай ұстарамен бұлдыр да жоқ,
Секілді кәрі кемпір кейіптенген
Қазақтың сендей көсе ұрығында жоқ.

Ой, сана, сезіміңді мөлшерлесем,
Ақындық ақыл, дарқан қимыл да жоқ.
Қатыннан қасабалы неңіз артық,
Ер белгі иегінде бір қыл да жоқ.



Болғанда бетің тықыр, бойың мықыр,
Қитықтау мінезің бар, желкең шұқыр.
Кескінің келісімсіз, таңқы мұрын,
Торсықтай майлап қойған қара жылтыр.

Жабысып сары шаяндай елді мақтап,
Ән қосқан домбыраға тырқы тыңқыл.
Сыртымнан жеңемін деп желпініпсің,
Естіп ем өсегіңді сенің былтыр.

Өлеңге мығым болсаң сығымдаймын,
Ер болсаң, тыпырламай менен құтыл.
Артықша менен сенің қай жерің бар,
Не жеңіп, не жеңіліп, сөзден ұтыл.
Өткендей өңменіңнен осы сөзім,
Ал, Үмбет, жетең болса, ал енді ұмтыл!

Үмбетәлі:

Ат жақты, сұңғақ бойлы, түсің бөрте,
Әркімге шолжаңдаған сөзің ерке.
Сыртыңнан сыр білмеген сұлу дейді,
Бойыңа шақ болмаған ойың келте.

Сенімен сөйлесуге арсынамын,
Ойынды бойыңды менен шаршыладым.
Өз бойыңа өз ойың жетпеген соң
Жамбасыңа сөз басып қамшыладым.

Сөзбенен қолтығыңды қытықтаймын,
Ширатып бостығыңды пысықтаймын.
Жібінді ескеніме ширамасаң,
Өлеңнің өкпесімен ұшықтаймын.



Төңкеріліп отырмын судай жылжып,
Кездеспеген бетіме бір қиындық.
Иегімде бір қыл жоқ бозбаламын,
Сақалдың сәні бар ма бес тиындық.

Мінезінді, сырынды білдім сенің,
Бір адамсың бұлт етпе, түлкі құйрық.
Долы құйын секілді ұйтқып, шалқып,
Жылт етесің сынаптай қолдан сырғып.

Мықыр кескін бойымнан садаға кет,
Сен сықылды емеспін бояма бет.
Сөзіңнен көң-қолаңса иісің шықты,
Пайым қылып бір-екі сөйлесіп ек.
Мәнері жоқ сөзбенен маза бермей,
Сандаласың әйтеуір бірдеме деп.

Қабағыңа қара қас сызылады,
Сөйткеніңмен кім саған қызығады.
Алты тиын алмаймын бағасына,
Атым үркіп арбаңнан бұзылады.

Шаптың қарсы, не десем, бетке дүрсе,
Ысқырғандай орданың оқжыланы.
Аулақ жерге шенімнен, алас-алас,
Десем қата болмайды Нұриланы.

Нұрила:

Айқастың, Үмбетәлі, арыстандай,
Қойғыласып қолма-қол салысқандай.
Қиынға қия шауып, қисын тауып,
Өрге бір өршеленіп жарысқандай.



Сасқаныңнан садаға сөзге түсіп,
Жеңілгенің, қой болмас, қарыштанбай.
Үмбеттің айтқан сөзін жақтаушылар
Отыр ма екен осында намыстанбай.

Шынын айтқан адамға ел сенеді,
Арам сөзден ақ денем жиіркенеді.
Ақылсыз ұлғайғанын есіне алмай,
Сақалсыз бозбала боп белсенеді.

Көп ішінен көсеге орын бар ма,
Шайқай берсем әңгіме теңселеді.
Орынсыз оғат келген омырау сөзді,
Дәл ұстаған табанда еңсереді.

Айта берсем әр неңді ауырлайсың,
Шала піскен бейшара, қауындайсың.
Қанша айқайлап ышқынып әуліккенмен,
Мерзім жерден ойдағы табылмайсың.

Ала жіпке ат қойып ала бөтен,
Айдаһарсың, ақынды жылан десем.
Үш тамызып басына ақ құйдым ғой,
Ирелеңдеп ініңе кетсең екен.
Келер сөзді өзіңе неге айтасың,
Намыстанба тағы да әңгі десем.

Әңгілігің емес пе, алдырмадым,
Шаңымды да шапқанда шалдырмадым.
Жетең болса жетерлік есең болды,
Айтқаныңды азасыз қалдырмадым.

Екі туып енеңнен сен келсең де,
Осы болды есіңнен тандырғаным.



Жаман сөзбен жағымсыз Үмбетәлі,
Құлағымды сасытып даң қылмағын.

Жеңілерін Үмбеттің Жәкең біліп,
Байқауымша маған бір қалды ұмтылып,
Талайдың-ақ шапанын шешіндірген,
Айтыспаққа ынтасын жұлқындырып.

Ал, Жәке, Үмбетәлі тері тұлып,
Қаупитқан ішіне бір сабан тығып.
Түбінде бір керегі болар десең
Апарып босағаңа қойғын іліп.

Қару өлең бұл сөзге қайдан тапсын,
Жүйрігінің Нұрила басын тартсын.
Кім жеңді осы арада, кім жеңілді,
Қазылық енді осыған Жәкең айтсын!

Жамбыл:

Жамбыл сөзін бастаса, бастан айтар,
Түйіп түгел соңына тастап айтар.
Бақ берген маңдайына бас бармақтай,
Жүлде алады әр жерде жүйрік байтал.

Бағы жанса байталдың бағасы зор,
Адасқанын Үмбеттің байқады ол.
Бұл жердегі айтыстың мазмұнынан
Нұрилаға беретін теңеуім сол.

Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған,
Көрген жұрт көз мөрімен растаған.
Кәрі демей, жас демей айтысатын
Сүйінбайдан соңғыға мирас қалған.



Әйелдің асқан биік құзарынан,
Өлеңнің тау мен тасын құлат маған.
Кәрі тарлан Жамбылдан дәмең болса
Аупығыңды басайын шыдатпаған.

Ерден басып екпінді жұлдең озды,
Өлеңшінің көбісі шілдей тозды.
Шапырашты мен Жамбыл Қарасайлап,
Ұмтылғанда үстіңе перім қозды.

Құнжындап домбыраға менің арқам,
Ауызымнан ақтарылды өлең дарқан,
Еліңде ерлік бар ма, байлық бар ма,
Мәнісін байқасалық, айтшы, қалқам.

Айтылса әрбір өлең әніменен,
Дауыс та құбылады сәніменен,
Аршын сөздің асылын ақтар бері,
Сөліменен, маңызды дәміменен.

Жауап үшін осындай жас кезінде,
Сөкет болмас айтысқан кәріменен.
Бала күнгі әндерім – ескі жолдас,
Ада-күде кеткен жоқ әлі менен.

Нұрилла:

Сөз құраған ауызға әрбір әріп,
Зерек адам сөзімнен пайдаланып,
Әркім сөздің ығынан қисын терсе,
Ақын атқа қонады өлең дарып.

Домбыраға бас қосқан салды әнімен,
Тыңдаған жұрт қалады тояттанып.



Сіз – дарқан, сізден үлкен ақын бар ма,
Жасым кіші әйелмін, жолым – нәзік.

Дауысыңды неше қилы әсемдейсіз,
Желдетіп дауылыңнан бәсеңдейсіз.
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын
Әлдилеп алдына алған әкемдейсіз.

Киліккенің бола ма енді бұған,
Айтыс болып әлінше өтті думан.
Болмас жерге болмаймын онша бәдік
Қинамаңыз, мен сізге ізет қылам.

Мен түгіл, ат үркеді атағыңнан,
Озған басып жүйріксің қатарыңнан.
Жасыңа құлдық қылдым, мені босат,
Айналайын, ататай, сақалыңнан.

Келін болып еліңе былтыр түстім,
Сізге жайын айтпақпын бұл жұмыстың.
Екіқабат сондықтан жағдай болып,
Босанғалы болып еді маған үш күн.

Баланың қарамастан туғанына,
Орап тастап кетіп ем құндағына.
Ат жіберіп, әдейі шақырған соң,
Өлең айтып бергелі мұндағыға.

Аяғыма сол менің бала шідер,
Қайтуыма сондықтан ұлықсат бер,
Бөгелуге емшегім сыздап отыр,
Бөбегіме, ататай, мені жібер!



Жамбыл:

Жамбылдың жасы жетті жетпістерге,
Мұндай бала көргем жоқ өткір тілге.
Дауысың көкке жетіп, аспан жарған
Естідік әуезінді бір түн біз де.

Олай болса, тоқтату мүмкін емес,
Бар, шырағым, ұлықсат бердім сізге.
Қаратабан болғанда қарашығың
Шақырамын, кел сонда біздікіне.

Сөзіңнен сорғалаған тамады алтын,
Аңқылдаған адамға көңілің жарқын.
Бала жастан өлеңге Жамбыл құмар,
Басылатын жайым бар әнмен мауқым.

Тербеткен жүрегімді жас баладай,
Құлағымда тұрады осы даусың.
Барғын, балам, аман бол жолыққанша,
Бәрекелде, үстіңе көп нұр жаусын!




АЙТЫС
ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ
ФАКСИМИЛЕСІ





ҚОСЫМШАЛАР







Түсініктер

Жамбыл мен Айкүміс. Жамбылдың жастық кезі, бозбалалық өмірінен көрініс беретін, әсіресе, ертеректегі қыз бен жігіт айтысының классикалық үлгісі саналады. Айтыс алғаш Ғали Ормановтың жазып алуымен, ақынның 1946 жылғы жинағында жарық көрген. Мұнан соң Жамбылдың әр жылдардағы (1955, 1957, 1982, 1996, 2012 (2014) жарияланымдарында дерлік қайталанып басылды. Айтыс ұзынсонар кезектен тұрмайды, қыз бен жігіт бір-бір шумақ өлеңмен жауаптасып, қайымдасып айтысады. Мазмұнынан жігіттің жастық жалыны, қыздың әдептілігі, ұяңдығы аңғарылады. Сондықтан, бұл – эстетикалық әсері мол, көркемдік деңгейі жоғары, тәрбиелік мәні бар айтыс. Аталған айтыстың негізінде белгілі композитор, Қазақ КСР-нің халық артисі Латиф Хамиди «Жамбыл мен Айкүміс» (либреттосы Қ.Бекхожин) операсын жазды. Композитор айтыстағы Жамбылдың сарынын 1934 жылы ақынның өзінен нотаға түсірген. Алғаш театр сахнасына 1946 жылы көрсетілді. Сонымен қатар қазақ ақындары да Жамбыл мен Айкүміс айтысының негізінде көркем шығармалар (драмалық айтыс) жазды.

Айтыс тарихы туралы 1946 жылғы жинақта: «Жамбыл жиырма жеті жасында қыз алып қашқан (1870 жылдар⁶). Бірақ оны біреудің жесірі деп Сарыбай би еліне қайтарып берген. Соған ыза болып, Жамбыл ел кезіп кетеді. Жайлау үстінде ел қыдырып жүріп Мырзабек елінде Айкүміс деген ақын қызға кездеседі. Қыз да Жамбылды сыртынан біледі екен, екеуі бір тойда бірін-бірі қалап айтысады» делінген.

Басылым көрген нұсқаларымен салыстырғанда айтарлықтай өзгешелік жоқ. Тек Жамбылдың кезегіндегі:

Түйме емес, тоғыз емес тілегенім,
Жұбатпас көңіліңді құр өлеңім.
Болмасаң сөзге қашақ, ішке тосаң,
Сырымды айттырмай-ақ білер едің, –

⁶ 1955 жылғы жинақта 1871 жылы деп көрсеткен.



дейтін өлеңіндегі «сөзге қасаң», «іске тосаң» сөздері, барлық жинақтарда «сөзге қашақ», «ішке тосаң» болып берілген. Негізінде «болмасаң сөзге қасаң, іске тосаң» болуы керек.

Жинаққа М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақталған машинкаға басылған нұсқасы (ӘӨИ:Қ.160) бойынша ұсынылды.

Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы. Айтыс алғаш Ғали Ормановтың жазып алуымен Жамбыл шығармаларының 1946 жылғы жинағында жарық көрген. Мұнан кейін ақынның әр жылдардағы (1955, 1957, 1982, 1996, 2012 (2014) жинақтарында қайталанып басылды. Тек 1996 жылғы жинақта «Бақтыбаймен дидарласу» деп берілген. Айтыс Жамбылдың Құлмамбет, Сарбас, Шашубай ақындарымен айтысқанындай ұзақ тартысқа, шиеленіске ұласпаған. Мұнда айтысудан көрі амандасу, Бақтыбай ақынның ізеті, Жамбылдың құрметі басым. Жамбыл Бақтыбайдың жасы үлкен, көпті көрген ақын екенін айта келіп, тіпті өзінің ақындығын сынатып, бата алмақ ойы болады. Бұған:

Алыс-жақын – бәрін де,
Саралаған ерімсің,
Алдыңызда сөйлейін,
Өлең бойы көрінсін.
Егер сөзім ұнаса,
Оң батаңыз берілсін.
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірсің, –

деген сөздері дәлел. Екеуі де бір-бір кезекпен тоқтайды. Болашағынан үмітті жастың жақсылардың алдын көру, батасын алу – бұл бұрыннан келе жатқан дәстүр. Сол себептен де, Жамбылдың Жалайыр елінде Бақтыбай ақынмен ұшырасуы кездейсоқ болмаса керек.

1946 жылғы жинақтың түсінігінде де: «Айтыс Жамбылдың 27-28-дер шамасында (1973 жылы) Жалайыр жерін аралаған кезінде



өткен. Балғалы руының адамдары: Қожақан, Молдағұлдардың ауылында Бақтыбай ақынмен кездесіп, өлеңмен танысқан» деуі біздің тұжырымызды нақтылай түседі. Осы кездесуінде Бақтыбай Жамбылға разы болып, батасын берген деседі.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазбалар қорында Жамбыл шығармаларының 1953 жылы баспаға дайындалған машинкаға басылған нұсқасы сақталған (ӘӨИ:Қ.440). Осында айтыс соңындағы Жамбылдың:

Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ
Пірім еді бас ұрған, –

деп келетін шумағы үстінен сызылған. 1946 жылғы жинағында басылған осы шумақ жоғарыда көрсетілгендей, 1953 жылғы сызып тастағанның себебінен 1955, 1957 жылғы жинақтарына кірмеген. Тек 1982 жылдан бергі жинақтарында толықтырылып берілген.

Жинаққа ӘӨИ қорындағы машинкаға терілген нұсқасы (Қ.440) бойынша ұсынылды.

Бөлектің қызы мен Жамбыл. Айтыс алғаш Ғали Ормановтың жазып, тапсыруымен Жамбылдың 1946 жылғы жинағында жарық көрген. Мұнан соң ақынның әр жылдарда шыққан жеке жинақтарында басылды. Мәтін Жамбылдың жастық шағында Жетісу жерін аралауы, ақындыққа төселіп, өнерге құлаш ұрып жүрген күндерінің куәсі іспетті.

Жамбыл 1873 жылдар шамасы Жалайыр елін аралап, Бақтыбай ақынға жолығып, еліне қайтқан сапарында Балғалы руының ауқатты адамы Бөлектің жайлауға бет алған көшіне кездеседі. Бұл жөнінде Жамбыл өзінің әдеби хатшысы Ғали Ормановқа: «Шеңгелдіден Қарашоқыға қарай бет алған қалың көшке жолықтым. Көш алдында тоғыз түйе жетелеген құла



қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы саф күміс, кигені дүрия-торғын, салтанатты қыз екен. Не де болса, қатарласа жүргім келді. Жетегімдегі торы шалақты қамшылап жіберіп, қызға қатарласа кеттім. Бір-екі рет салқын қарап қойды да, қыз өлеңді қоя берді. Біраз айтысып ек, шешесі тоғыз беріп тоқтатып қойды⁷», – дейді.

Бұл айтыс қыз бен жігіт қайымдасуының шағын үлгісі саналады. Алғашқы басылымда «Бөлектің қызының Жамбылмен қағысуы» деп берілген. Ал, 1982, 1996 жылғы жинақтарда «Жамбыл мен Бөлектің қызы» атауымен басылған. Айтыстың машинкаға басылған нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы (ӘӨИ:Қ.160). Буманың сыртында «кезінде жазып алған хатшыларына беріліп растатылды. Бұл қолжазба – Ғали Орманов растаған қолжазба» деген ескертпе жазылған. Мәтіннің қорда сақталған нұсқасы мен барлық басылымдарында еш өзгеріс жоқ.

Сары ақынмен қағысу. Айтыс алғаш Жамбылдың әдеби хатшыларының бірі Ғали Ормановтың жазып алуымен 1946 жылғы жинағында жарық көрген. Бұл екі ақынның сөз қағысы айтыстан көрі шешендік сауал мен шешендік тапқырлыққа келіңкірейді. Себебі, Сары ақын мен Жамбылдың бір-бірін қалап айтыспаған. Сарыбай биге қонаққа келіп отырған Сары ақын:

... Түбі жаман дерттің,
Ем болмайды дәрісі.
Уа, Сарыбай, айтып бер,
Осы сөздің не болмақ,
Ойлағанға мәнісі? –

⁷ Жамбыл Жабаев шығармаларының толық жинағы // Редакциясын қарағандар: С.К. Кеңесбаев, С. Мұқанов, Ғ. Орманов, Ә. Тәжібаев (редактор). – Алматы: Қазақтың Біріккен мемлекеттік баспасы, 1946. – 737 б.



деп жұмбақтатып сауал тастайды. Осы кезде Сарыбай би ойланып қалғанда, Жамбылдың Сары ақынның жұмбағын шешіп, орынды жауап беруімен қағыс аяқталады. Бұл жайында Жамбыл Ғ.Ормановқа: «Үлкенсаз жайлауында отырғанда Сарыбайдікіне бір топ кісі түсе қалды. Ішінде Сары ақын бар екен, Сарыбайды әдейі іздеп келіпті. Сәлемдесіп төрге жайласқан соң-ақ Сары ақын Сарыбайды бүріп жібереді. Сарыбай сасайын деген соң, мен барып ара түсе кеттім», – депті. Осы кездесу Жамбылдың отыз жасында, шамамен 1876 жылдары болған.

Жинаққа мәтін 1946 жылғы басылым бойынша ұсынылды.

Майкөтпен дидарласу. Екі ақынның Сарыбай би асында дидарласып, өлеңмен қағысуы алғаш Жамбылдың 1946 жылғы жинағында жарық көрген. Мұнан кейін Жамбылдың әр жылдарда жарияланған жеке жинақтарында қайта басылды. Мұнда ақындар екі-үш қайтара кезек алып айтысқанымен, шын мәнінде үлкен тартысты айтысқа ұласпаған. Отыз кісімен асқа келген Майкөт ақынның Жамбылдың алдынан шығып сәлем бермегеніне айтқан ағалық назы, Жамбылдың әдептілікпен берген қисынды уәжі айтылады. Осындай себептен де екі ақынның сөз қағысуын 1946 жылғы жинақта «Майкөтпен дидарласу» деп атаған. Кейінгі жеке жинақтарында да осы атаумен беріліп келеді. Айтыс басылымдарын салыстырғанда тек 1982 жылғы жинақта бірінші Жамбылдың кезегінде 15 жол кіріспе өлең қосылған:

Үлкенсаздың басында,
Кішісаздың қасында,
Сарыекемнің асында,
Қамбардың қара қасқа атындай,
Мен саламын желіске.
Құйрығымды түйген соң,
Қанатымды сүзген соң,
Жел аударған қаңбақтай,



Келді сөйлер кезіме.
Үлкен аға, кіші іні
Сөйлеп бір енді берейін.
Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын үдеген,
Қас сұңқарды айтамын,
Алыстан тоят тілеген.

Аталған өлең жолдарының қайдан алып қосқаны туралы түсінік берілмеген. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорындағы қолжазба нұсқаларымен (ӘӨИ: Қ.160, 440, 444, машинкамен терілген) салыстырғанда, бұл өлең жолдарының жоқ екені анықталды. Сондықтан әуелгі қалпын бұзбай Майкөттің амандасуынан басталатын нұсқасы ұсынылды.

Жамбыл мен Майкөт ақынның кездесіп, өлеңмен сәлемдесуінен соң Майкөт Жамбылға бата бермекші болады. Жамбыл да:

Әумин, батаңызға көтердім қол,
Етейін сізге қызмет, мен осы жол.
Той қылып тобымызда отырыңыз,
Менің де, Майкөт аға, тілегім сол! –

деп, алақан жаяды. Алайда Майкөт өлеңін елмен амандасудан бастап:

Сәудегерден бөз қалар,
Ақындардан сөз қалар
Айта жүрер артымда,
Сөзімді аяп нетейін! –

деп қысқа қайырады. Сөз жобасына қарасақ, бата берілмеген. Соған қарағанда, бұл айтыстың толық нұсқасы, әсіресе, Майкөттің батасы бүгінге жетпеген болуы мүмкін.



Айтыс мәтіні жинаққа ӘӨИ қолжазба қорындағы машинкаға терілген нұсқасы (444-бума) бойынша ұсынылды.

Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны. Жамбылдың Шыбыл (ру аты) шалмен сөз қағыстыруы алғаш Ғ.Ормановтың жазып, тапсыруымен Жамбылдың 1946 жылғы жинағында «Жүнісбайға жүгіну» атауымен жарық көрген. Әр жылдарда жарияланған жинақтарында тек атауы өзгеріп басылған. Қағысу өлеңнің шығу тарихы туралы 1946 жылғы жинақтың түсінігінде: «1890 жылдың орта шенінде Жамбыл Албан еліне барған. Жол бойы Түрген тауының төсіндегі Төре жайлауында отырған Асыл деген елдегі көңілдес адамы Жүнісбайдікіне түседі. Онда Шәутен, Шөпшек деген болыстар бір Шыбыл (ру аты) шалға өлең айтқызып отыр екен. Жамбыл барған соң, жұрттың беті соған ауып: «Жамбыл сөйлесін, Жамбыл айтсын!» деген сөздеріне намыстанып, Шыбыл шал шағып сөйлегенде, Жамбылдың берген жауабы осы екен», – деген мәлімет келтіреді.

Қағыс өлеңнің машинкаға терілген нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазбалар қорында сақталған (ӘӨИ:Қ.160, 440, 444). 1953 жылғы баспаға дайындағанда жинақты құрастырушылар «Жүнісбайға жүгіну» дегеннің үстін сызып, қара қаламмен «Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны» деп өзгерткен (ӘӨИ:Қ.440). 1955 жылдан бастап кейінгі 1957, 1982, 2012 (2014) жылғы жинақтарында осы тақырып енгізілген. Тек 1996 жылғы жинақта 1946 жылғы жинақтағы атауды қолданған.

Жинаққа мәтін ӘӨИ қолжазба қорындағы машинкаға басылған нұсқасы (Қ. 440) бойынша ұсынылды.

Жамбыл мен Бөлтірік. Жамбыл бастап, Бөлтірік қостаған бір-бір кезекті қағыс өлең Ғали Ормановтың жазып алуымен алғаш Жамбылдың 1946 жылғы жинағында «Албан елінде» деген атпен жарық көрген. 1953 жылғы баспаға дайындалған, машинкамен терілген нұсқасында жинақты құрастырушылар



«Албан елінде» деген тақырыптың үстін сызып, қара қаламмен «Жамбылдың Бөлтірікке айтқаны» деп өзгерткен (ӘӨИ:Қ.440). Кейінгі 1955, 1957 жылғы жинақтарында осы тақырыппен берілген. Ал, 1982, 1996, 2012 (2014) жылғы жинақтарда «Жамбыл мен Бөлтірік» деп берілген. Оған себеп мәтінде екі ақынның да сөзі бар.

Жамбыл мен Бөлтірік ақын сөздерінің шығу тарихы туралы 1946 жылғы жинақтың түсінігінде: «1890 жылдары жазда Жамбыл Албан ішінде Қызылбөрік руына барыпты. Қарқара жайлауына дейін қыдырып өлең айттыпты. Қызылбөріктің Дайырман деген байы Жамбылға үш күн өлең айтқызып, 50 сом ақша, бір ат беріпті. Жамбыл соған өкпелеп, қасына Албан ақыны Бөлтірікті ертіп, Асы жайлауында отырған Бақай Дәркембай ауылына түсіп, сонда Қызылбөрікті шағып айтқан өлеңі екен», – деген дерек келтіреді. Бұл мәліметтер шындыққа саяды. Себебі, Ғали Орманов Жамбылдың өз аузынан жазып алғандығы дәлел болады.

Құлмамбет пен Жамбыл (*Сәкен Сейфуллин жариялаған нұсқа*). Жамбыл мен Құлмамбет айтысының алғашқы нұсқасы саналатын бұл айтыс 1931 жылы Сәкен Сейфуллин дайындаған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары»⁸ жинағында жарық көрген. Алайда, ақынның кейінгі әр жылдарда жарық көрген (1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996) жеке жинақтарына енгізілмеген. Тек 2008 жылы Тұрсынбек Кәкішевтің құрастыруымен шыққан С.Сейфуллиннің көптомдық шығармалар жинағының 9-томында⁹ және 2012 (2014) жылғы Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық шығармалар жинағының бірінші томында¹⁰ қайта жарияланды. Айтыс мәтінінде кейінгі айтушылар, жырлаушылар жеткізген сөздер аз кездеседі.

⁸ Ескі әдебиет нұсқалары. Құраст. С.Сейфуллин. – Алматы, 1931

⁹ С.Сейфуллиннің көптомдық шығармалар жинағы. Құраст. Т.Кәкішев. 9-том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2008. – 246-252-бб.

¹⁰ Жамбыл Ж. Толық шығармалар жинағы. 4 томдық. Құрастырған, түсініктемелерін жазған: Р. Әбдіғұлов. Т. 1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат баспасы», – 2012. – 304 б.



Аталған айтыстың түпнұсқалылығы жайында белгілі әдебиет зерттеуші, Жамбылтанушы ғалым Р. Әбдіғұлов 2012 (2014) жылғы шыққан Жамбылдың толық шығармалар жинағының түсінігінде: «С.Сейфуллиннің Жамбылдың өз айтуынан жазып алғанының дәлелі: айтыстың 1940 жылы шыққан жинақтағы нұсқасында кездесетін редакциялау белгілерінің жоқ екенінен де көрінеді» дейді. Айтыс нұсқасы шағын болғанымен негізгі сұлбасы, мазмұндық, мағыналық жақтан әр кезегі бір-біріне сәйкес келеді.

Жинаққа 1931 жылғы Сәкен Сейфуллин жариялаған нұсқа бойынша ұсынылды.

Құлмамбет пен Жамбыл (Үмбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқа). Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар және сирек кітаптар қорында біріктіріліп тігілген үш дәптерде үш айтыс мәтіні жазылған (ОҒК:Қ.317). Бірінші дәптерде 1943 жылы Кенен Әзірбаевтың айтуымен хатқа түскен «Сұллубике мен Зейнептің айтысы», екінші дәптерде 1938 жылы Саяділ Керімбековтың айтуынан жазып алынған «Саяділ ақынның өзінің әйелімен, қызымен айтысы», ал үшінші дәптерде 1935 жылы Үмбетәлі Кәрібаев өткізген «Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысы» сақталған.

Осы уақытқа дейін белгісіз болып келген мәтіннің бірі – «Жамбыл мен Құлмамбет айтысындағы» ұқсас екі нұсқаның екі адамға телінуі. 1940 жылғы латын әрпімен басылған Жамбылдың жинағының түсінігінде аталған айтысты «Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институтына алғаш жазып әкелген ақын Саяділ Керімбеков» деп көрсетеді. Ал, 2012 (2014) жылғы жинақтарда¹¹ айтыстың 1931 жылғы, 1940 жылғы басылым

¹¹ Жамбыл Ж. Толық шығармалар жинағы. 4 томдық. Құрастырған, түсініктемелерін жазған: Р. Әбдіғұлов. Т. 1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2012. – 304 б.; Жамбыл Ж. Толық шығармалар жинағы. – 4 томдық. Құрастырған, түсініктемелерін жазған: Р. Әбдіғұлов. Т. 1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2014. – 304 б.



көрген нұсқаларымен қатар үшінші Үмбетәлі Кәрібаев нұсқасы берілген. Ү.Кәрібаев жеткізген нұсқа алғаш 1998 жылы шыққан «Құланаян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына...» жинағында жарық көрген¹².

Аталған басылымдарға және жоғарыдағы көрсетілген (ОҒК:К.317/3) қолжазба нұсқасымен текстологиялық тұрғыда салыстыру, сараптау жұмыстары екі адамға телініп жүрген екі нұсқаның негізгі өзегі Үмбетәлі нұсқасымен қиюласатынын көрсетті. Осы жерде «Үмбетәлі жинаушы ма, әлде өзі жырлады ма, болмаса, Саяділдің аузынан жазып алды ма» деген сұрақ туындайды. Себебі, 1940 жылғы басылымдағы «жазып әкелген Саяділ Керімбеков» және қолжазбадағы «жинаған Үмбетәлі Кәрібаев» деген сөздер күдік ұялатады. Айтушысы жазылмағандықтан «Үмбетәлі Кәрібаев нұсқасы» етіп қалдыруды жөн санадық.

Жамбыл Жабаевтың академиялық жинағын әзірлеу барысында 1935 жылғы Үмбетәлі Кәрібаев қолжазбасы мен 1940 жылғы басылымы салыстырылды. 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012 (2014) жылғы жарияланған айтыс нұсқасы аздаған алып-қосулар болмаса, 1940 жылғы жинақ бойынша берілген.

¹² Құланаян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына. Құр.Т.Әлбеков. – Алматы: 1998.



1935 жылғы қолжазба (Үмбетәлі Кәрібаев нұсқасы)	1940 басылым	Жол реті
Қара сөзді кіріспеден басталады.	Кіріспе жоқ	
Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау	<p>Қолжазбада жоқ: «Құлмамбет менің атым құлан аян, Менің Құлан екенім тәңірге аян. Албан, Дулат жиылып бата берсе, Кеңес айтып жырлайын етіп баян. Қара күңнің баласы Ысты пақыр, Кім өлсе соған түсер заманақыр. Жамбыл деген бар дейді бір немесі, Ақын болса ол неме қайда жатыр? Бүгінгі күн елеусіз қалғанменен, Ертеңгі күн шаужайдан алар ақыр. Сейітбаттал, ер Әлінің соғысындай, Не болса да болып қалсын, жылдам шақыр! Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды, Еркек қойдай құйрығын салмақтайды. Ақын болса қайда отыр ол немесі, Көрелік оны неге ардақтайды.</p> <p>Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа, Жамбылды болар ма екен алдыруға? Албан, Дулат тобында мен бір жорға, Менімен жарар ма екен шалдыруға? Тең жорға төрт аяғым бірдей шалыс, Менімен жарар ма екен салдыруға? Топтан озған о дағы жүйрік болса, Кешікпей шапшаңырақ шақыр мұнда!</p> <p>Жамбылды Құдайберген алып келді, Жиылған халайықтың бәрі көрді. Жамбылды ол Құлмамбет көргеннен соң, Жамбылға сүйкенісіп, сөйледі енді». Осыдан соң ғана «Сондағы Құлмамбеттің сөзі мынау» деп басталады. Бұл 28 жол өлең 1931 жылғы С. Сейфуллин жариялаған нұсқадан алынып, Үмбетәлі нұсқасының басына қосылған.</p>	1-жол
Болғанда <i>ер</i> ағадан, тон жағадан	Болғанда <i>жол</i> ағадан, тон жағадан	5-жол
Өлеңші иттен де көп, боқтан да көп, Әйтеуір айтады ғой бірдеме деп. Қайтқан құстай жиналып қалған екен, Біразырақ сөйлесін Құлмамбет гәп.	4 жол өлең 1940 жылғы жинаққа кірмеген. Бейәдеп сөздің қолданысына байланысты болса керек.	13-16- жолдар
<i>Қамалып</i> қам теріге бүркеленбе	<i>Жамбыл</i> , қам теріге бүркеленбе	25-жол
Албан, Дулат <i>бірігіп</i> атқа қонса	Албан, Дулат <i>бәрі кеп</i> атқа қонса	31-жол



<i>Ысты, Ошақты, Шапырашты</i> дегенің немене өзі?!	Шапырашты дегенің немене өзі?! (Ұйқастың бұзылмауы үшін басындағы «Ысты, Ошақты» дегенді алып тастаған.	32-жол
Бай болады диқанға <i>шекесі</i> тоқ.	Бай болады диқанға <i>тамағы</i> тоқ.	34-жол
Барпы ішсең де қоймаспын бүгін сені	Сірә, жеңбей қоймаспын бүгін сені	42-жол
Қырылар Шапыраштым, бұзау-танаң. Мылтыққа салып қойған мен бір пестон, Асықсаң ажалыңа, келші, балам.	«Қырылар Шапыраштым, бұзау-танаң» дегеннен соңғы екі жол өлең түсіп қалған.	56-58- жолдар
Тобықтай тозаңынан жол таппайсың	Тобықтай түзу жерден жол таппайсың.	65-жол
Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма, Сенің байың шолақ бай, Дулаттай ма? <i>Әуелі Албан, салайын Дулат жайға, Басқасын өз жайына қоя тұрып,</i>	«Аңлашы, Албан бай ма, Дулат бай ма, Сенің байың шолақ бай, Дулаттай ма?» деген жолдан соңғы екі жол өлең түсіп қалған.	67-70- жолдар
Кебекбай, Қарабаймен алыс жатыр	Көбікбай, Қарабаймен алыс жатыр	82-жол
Тағы бар Жайылмыста <i>молда Сәтім,</i> Бақ пен қызыр іздеп кеп <i>жалғасатын.</i> <i>Әулеті</i> Сегізбектің Серкебол-ды	Тағы бар Жайылмыста <i>Молдаш, Сәтім,</i> Бақ пен қызыр іздеп кеп <i>жалғасатын.</i> <i>Дәулеті</i> Сегізбектің Серкебол-ды	88-90- жолдар
Ыдырыс, Қостүтін мен ер Шуманақ	Ідіріс, қос тотым мен ер Шуманақ	98-жол
Күйкі тұғыр сықылды бір немені алып келдің, Әйтеуір біреуімізден төгілді айран. <i>Құдайберген кісі жібер, Жамбылыңа, Жамбылды болмады ма алдыруға.</i> <i>«Жамбыл» деп осы арада жан мақтайды, Сол неме жарар ма екен пар қылуға?</i> <i>«Жамбыл» деп осы арада жан мақтайды, Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.</i> <i>Көрерміз әуселесін аздан кейін, Болар-болмас немесін ардақтайды.</i> <i>Сол немең, қай жақта отыр, бермен шақыр, Әлінің Сейітбаттал соғысындай, Не болса да, боп қалсын, ақыр-тақыр.</i> <i>Айтыспай бүгінгі күн кеткенменен, Шаужайдан ертеңгі күн алады ақыр</i> <i>А, Жамбыл, үндемейсің дертің бар ма?</i> <i>Бар сапар үндемеске сертің бар ма?</i> <i>Шапқанмен к... мәлім Шапырашты, Менімен сынасарға к...ң бар ма?</i> <i>Есіктен кіріп келдің тайпақ қара, Мен қандай, өзің қандай байқап қара!</i> <i>Аузыңда саламың мене аманың жоқ, Не басыңа күн туды жүзі қара?!</i>	«Күйкі тұғыр сықылды бір немені алып келдің, Әйтеуір біреуімізден төгілді айран» дегеннен соңғы « <i>Не басыңа күн туды жүзі қара</i> » деп аяқталатын 21 жол өлеңнің орнына: <i>«Шапырашты, сөйлесең жаманың жоқ, «Шуу» десең, бәрің жүйрік, шабаның жоқ. Тантайлаған қырғызды бөкселеген, Баяғыдай гулеген заманың жоқ. Кіріп келіп есіктен үндемейсің, Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ. Үндемей кіріп келдің тайпақ қара, Өзің қандай, мен қандай, байқап қара. Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ, Не басыңа күн туды, дозақ қара?! Ей, байқұс, үндемейсің, дертің бар ма? Үндемеске қылған бір сертің бар ма? Албан, Дулат жиылып бата берді, Ұстасар меніменен кертің бар ма? Мен айтсам, айтам қалың байлығымды, Дулаттан жиып жүрсің шайлығыңды. Албан, Дулат жиылып бата берді, Бұзбайды жандаралдар жарлығымды. Ашулансаң аспанды тастап жібер, Сен де аянбай қимылда барлығыңды»</i> деген 20 жол өлең 1931 жылғы нұсқадан қосылған.	106-128- жолдар



<p>Ал Қадір, атыңыздан, әуел Қадір, Бұл жерге келіп отыр Екей Жамбыл. Көсілген аяғыңды бір жимайсың, Не басыңа күн туды, Тәңір алғыр!</p> <p>Ал қадір, атыңыздан, Қадір дана, Құлыңа «Алла» деген болғын пана. Көсілген аяғыңды бір жимайсың, Не басыңа күн туды, дүзі қара?!</p> <p>Құлмамбет, сөз сөйлейсің анықтамай, Алды-артыңды сөйлейсің парықтамай. Айтатұғын кісінің өзіне айтқын, Делбе кезек кісідей шалқақтамай.</p> <p>Ыстыда толып жатыр қой мен жылқы, Қасабек Дәулетбақ пен қызыл түлкі. Бабаның қата қойын маған балап, Досқа таба, дұшпанға болма күлкі.</p>	<p>Қызғанша айғай шығып, едім салғыр, Сөйлесең әр немені тілің шалғыр. Келген жерден сөйлейсің тура тістеп, Қалайша шайқақтайсың, Тәңір алғыр!</p> <p>Сөйлесем өлеңімді түптеп бермен, Құйылар сөз нәсері көктен, жерден; Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон, Асықсаң ажалыңа келші бермен.</p> <p>«Шуу» десе, жүйрік озар мынау жолдан, Демей көр, ескі аруақ, алып қолдан. Қарасай, дем бере гөр, менің бабам, Сөйлейін будақтатып оң мен солдан.</p> <p>Құлмамбет, сен жақсы да, мен жаман ба, Ақында сен жүйрік те, мен шабан ба? Қарасайлап қосылсам бір бүйірден, Ақырында кетерсің бас аманға!</p> <p>Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай, Құлмамбет сөз сөйлейсің анықтамай. Айтатұғын кісінің өзіне айтқын, Делбе кезек кісідей шалықтамай!</p> <p>Ерлігім ерлігіңе дөп келеді, Байлығыңа байлығым еп келеді. Кісіні дым білмейтін тапқандай-ақ, Есіріп көрген жерден ентеледің. Жамбыл кезегіндегі 24 жол өлең аздаған редекциялық өңдеулермен 1931 жылғы нұсқадан алынған.</p>	129-144- жолдар
<p>Таз Құлмамбет, сен салсаң, Мен де салам байымды. <i>Мен де байдан ап жүрмін, Азын-аулақ шайымды. Асықпасаң, Құлеке, Табарсың әлі-ақ жайыңды. Менің де Құттықсейіт байым бар, Қайтатұғын ойың бар?</i></p>	<p>Таз Құлмамбет сен болсаң, <i>Мен де алдыңа тартайын Мақтан қылар жайымды, Арқаларсың уайымды, Ел байлығын қаптамсам, Болатын әлі-ақ тойың бар.</i></p>	160-167- жолдар
Несі болмас Құданың берерінде	Несі болмас Құданың бермесінде	174-жол



<p>Оны саған салып не етейін, Оны да тастап кетейін. Алматыда аяңдап Медеу байға жетейін.</p> <p>Пар келмес сенің байың Медеу байға, Бұл Жамбыл Медеуді айтпай кетпес жайға. Тоқсан екі шолақты жиғаныңмен Жазған-ау, бұған жетер байың қайда?</p> <p>Қырық мың сомға жалдатып, Қалаша көк үй салдырған. Асыл тастан оюлап, Қараса көзді талдырған. Әндіжан, Тәшкен, Марғұлан Қызылжар, Семей, Жаркенттен</p>	<p>Медеу байды мақтаған 14 жол өлең кірмей қалған.</p>	<p>181-194- жолдар</p>
<p>Жылқысының жоғарғы шетін айтайын, Қарақыстақ, Қастекте. Аралауға амандап, Жылқышы мінер мес көкке, Таз Құлмамбет, жолықтың, Ашылмас тұман, ескекке. Ырғайты, шеті жатыр Ақтеректе, Арғымақ мінгізеді ат керекке. Түгендеп бір жұмада бола алмайды, Көсілтіп қамшы басып көксерекке. Өзінде 83 мың жылқысы бар, Асыл тұқым жинаған әр түлік мал. Жарлы емес еш нәрсеге балалары, Жегені шекер мен бал, жая мен жал. Тоқсан екі жылқышы аралайды, Оларға тіл тигізген жарамайды. Қанша халық аралап жүрсем-дағы, Жалғанда көргенім жоқ ондай байды.</p>	<p>Байлық, бақыт тек оның ерлігінде Ерлікпен ел намысын берді кімге?! Өңкей сасық байларың сен мақтаған Қолдарынан түк келмей жүр өмірінде.</p> <p>Кімнің бар Сыпатайдай төңіректе, Арғымақ мінгізеді ат керекке. Түгендеп бір жұмада бола алмайды, Көсілтіп қамшы басып көксерекке. Ерлігі мен жомарттығы жаннан асқан, Пайдасы тиіп жатыр күнде көпке.</p> <p>Кім мақтамас қайрымды ер Сыпатайды, Дәулетімен ораған Алатауды. Қанша халық аралап жүрсем-дағы, Жалғанда көргенім жоқ ондай жанды. Сыпатай байдың байлығын мадақтайтын 14 жол өлең редакцияланған.</p>	<p>229-243- жолдар</p>
<p>Үш мың бес жүз жылқы айдап, Түзеген көшін сәулетті.</p>	<p>Өнері асып әр жаннан, Түзеген көшін сәулетті.</p>	<p>266-267- жолдар</p>
<p>Ыбырайымның алты ұлы, Патшадайын өңленген, Ең үлкені Нұрқожа, Онан кейін Айқожа, Онан кейін Байқожа, Райыс, Дияс тағы бар, Алланың берген бағы бар. Ең кенжесі Аспарды...</p>	<p>Ыбырайымның алты ұлы, Алтауы да арыстан. Дұшпанын табанына жанышқан. (аттары аталмайды)</p>	<p>303-310- жолдар</p>



<p>Сұраншың сарттан өлген Сайрамдағы, Ерліктен тапқан олжа, пайдаң-дағы. Қамалға қан тартқан соң қойып кетіп, Жайғар Сарыбоздың саймандары.</p> <p>Саймансыз Сайрамдағы сарттан өлген, Шоқпарлы Сарыбоздан жәбір көрген. Ерлікте батырлық пен нең бар жазған, Быт-шыт қып денелерін жерге көмген.</p> <p>Жамбасы Сарыбайдың сонда шыққан, Дәлелді сөзім осы, естіп ұққан. Иман айтып, жаназа шығармастан, Апарып екі бүктеп, жерге тыққан. «Алдымнан айғақ болып шығады-ау» деп, Жүрмісің көлбелектеп, қорқып сұқтан?!</p>	14 жол өлең қысқартылған.	347-360- жолдар
<p>Жалғыз-ақ, сен болмасаң, таз Құлмамбет, Жамбыл да сенен өзге ақынды еңселеді.</p>	<p>Жалғыз-ақ, сен болмасаң, таз Құлмамбет, Қай ақынға бұл жамбыл дес береді.</p>	384-385- жолдар
<p>Оның рас, таз Құлмамбет, Сұраншы Саурықпенен жаудан өлген, Құдайдан шейіт болып, қаза келген. Осы сөз қырсық болар, қойсаңшы сен, Қажылық қып кетіп пе ед Мақсұт ағаң, Шытыр жеген түйедей көні кеуіп, Бір сайда іріп-шіріп, аунап өлген, Ұрысып ағайынмен даудан өлген. Әртүрлі жамандықты істеп өлген, Қорлықпен будырып күштеп өлген. О немең өлгенде де жөндеп өлмей, Аузына бірдемесін тістеп өлген.</p>	<p>Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген, Халық үшін шәйіт болып жанын берген. Елді қорғап өлгеннің арманы не, Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген. Қажылық қып кетті ме Мақсұт ағаң? Ағайынмен ұрысып даудан өлген.</p> <p>Шапырашты, Дулаттың бәрі куә, Шытыр жеген өгіздей аунап өлген. Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ, Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.</p>	386-397- жолдар
<p>Құлмамбет, қызыңды төрт ат, жүз теңгеге сатып жүрсің, Қызыққа тамаша мен батып жүрсің. Дүңгенеге апин ақыреттік азығың боп, Соттан сотқа басыңды шатып жүрсің. Сары иттей ине жеген қатып жүрсің!</p>	5 жол өлең қысқартылған.	410-414- жолдар
<p>Осы екен бір азғантай арман жері. Желөкпе Құдайберген тентек адам, «Жеңді, – деп, – біздің Жамбыл, не қылса да», Ұрыс-керіс, шатақты салған жері. Сонан соң бұл Жамбылдың даңқы шыққан, Болған соң абыройлы барған жері.</p> <p>Жабайы Қызылбөрік өскен аң боп, Қорлықпен Мақсұт батыр өлген жан боп. «Астын кесіп аузына тістеген» деп, Деген ат «Жамбыл жеңді» кеткен дың боп.</p>	«Осы екен бір азғантай арман жері» дегеннен соңғы 9 жол өлең қысқартылған.	430-439- жолдар



Айтыс нұсқаларын текстологиялық тұрғыда салыстыру, саралау жұмыстарының нәтижесінде – 1940 жылғы жинаққа «Жамбыл мен Құлмамбет айтысын» дайындағанда, 1935 жылғы Үмбетәлі Кәрібаев қолжазбасын негіз еткен, арасына 1931 жылғы С.Сейфуллин жариялаған нұсқаның кей шумақтарын, тіпті, айтыс кезегін толығымен бергені анықталды. Бұл бір жағынан құрастырушылардың Сәкеннің атын атауға тыйым салған уақытта, оның 1931 жылғы жариялаған айтыс нұсқасын 1940 жылғы Үмбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқаның арасына жасырып, сыналап кірістірген деген тұжырым жасауға болады. Сонымен бірге айтыстың көркемдігін арттыру мақсатында, не болмаса діни ұғымдағы мәтіндердің орнына басқаша мән беру сияқты редакциялық өңдеулер жүргізілген. Мәселен, «Ал, Қадір, атыңыздан, әуел Қадір» дегенді «Қызғанша айғай шығып тілім салғыр» десе, «Құдайдан шейіт болып, қаза жеткен» дегенді «Халық үшін шәйіт болып» деп жанамалаған.

Мәтінде байларды мақтаған жерлерді түгел өзгеріске ұшыраған. Жамбылдың «*Мен де салам байымды, менде байдан ап жүрмін, азын-аулақ шайымды*» деген сияқты сөздерін өзгертіп, «*Мен де алдыңа тартайын, Мақтан қылар жайымды, арқаларсың уайымды*» десе, «*Менің Құттықсейіт байым бар, қайтетуғын ойың бар?*» деген жолдарды «*Ел байлығын қаптамсам, болатұғын тойың бар*» деп жеке байдың атын ел байлығына ауыстырған.

1940 жылғы жинақта Жамбылдың төртінші кезегі етіп берген:

Барайын Қасқарауда Бектен байға,
Тарпаң мен Токсейіттей байың қайда?!
Сары алалы көк жылқы өзінде бар,
Қожамберді атасы Телітайда.
Сұлтан жатыр Шоқпардың Қайқысында,
Жазған-ау, өлер жерің өзің ойла?!
Барайын Жолсейітте Шоранбайға,
Шоманақ пен Шәкейдей байың қайда?!
Шапырашты басыңмен байлық айтып,



Сен кезікпей жатырсың ұрар сайға.
Қалай-қалай сөйлейсің, байқұс шолақ,
Сары майдан дәметкен кеудең қайда?!

деп айтылатын 12 жол өлеңді 1931 жылғы нұсқадан қосқан. Ал, бұл жолдар түпнұсқада Жамбылдың бірінші кезегінде айтылады және аздаған өзгешеліктері бар.

1940 жылғы жинақта «Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың» деген өлең жолынан соң:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт! –

деп ерлікті мақтап, байды жаман көрсеткен сөздер кейіннен қосылғанға ұқсайды. Себебі, түпнұсқада жоғарыдағы сөздер кездеспейді. Аталған өлең жолдарын Жамбылдың екінші кезегі етіп қосқан. Және де қолжазба нұсқасында «Ыбырайымның алты ұлы» дегеннен соң алты ұлдың есімдері аталады. Онан соңғы бес жол өлеңнен соң Жамбыл кезегі аяқталады. Ал, 1940 жылғы жинақта «Ыбырайымның алты ұлы, алтауы да арыстан, дұшпанын табанына жанышқан» деп айтылады да, алты ұлдың есімі кездеспейді. Жамбыл кезегінің соңын байларды есекке теңеген және «Берекелі елді айтам, ел тұтқасы ерді айтам» деп сол заманның идеологиясына ұнамды сөздерге өзгерткені анықталды. Бұл сөздер айтыстың қолжазба нұсқасында жоқ. «Ойбай, к...ке тұртты ғой Құдай Тағала», деп басталып, «Орыстың заманында не дүр шара» деген шумақты:

Осыны түлен тұртті ғой, Құдай Тағала,
Жапанда жалғыз қурай болмас пана!
Беглік пенен байлықтан сөз қозғасам,
Көткеншектен қашарсың байғұс бала, –



деп сыпайылаған. Және оны Құлмамбет сөзінің екінші кезегі етіп берген.

Осындай аралас нұсқалардан құралып, коммунистік қоғамның идеологиясына байланысты көп өзгертулерге, өңдеуге ұшыраған айтыс нұсқасы қысқартылып, жинаққа 1935 жылғы қолжазба нұсқасы (ОҒК: Қ. 317, 3-дәп.) бойынша өзгеріссіз ұсынылды.

Жамбыл мен Сарбас. Айтыс 1895 жылы Алматы шаһарында Қожамберді үйінде өтеді. Ұлы жүз руларының атқа мінер адамдары – ақсақалдары, болыс, билері, қариялар жиналып бас қосқанда 150 сом бәйге тігіп Сарбас пен Жамбылды айтыстырғаны, Жамбылдың жеңіп бәйге алғаны айтыстың кіріспесінде айтылып өтеді.

Мәтін алғаш Жамбылдың 1940 жылғы латын әліпбиімен басылған жинағында жарық көрген. Мұнан соң ақынның әр жылдардағы (1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012 (2014) жеке жинақтарында осы нұсқа қайталанып басылған. Мәтіндік құрамында айтарлықтай өзгеріс, өзгешеліктер жоқ. Алайда, 2012 (2014) жылғы Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық шығармалар жинағының бірінші томында аталған айтыс нұсқасымен қатар, бұрын еш жерде жарияланбаған «Жамбыл мен Сарбас» айтысының көлемді нұсқасы жарық көрген¹³. Айтыс мәтіні Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының Қолжазба және сирек кітаптар қорында сақтаулы (ОҒК:Қ.645/3). Қолжазба қалың дәптерге күлгін сиялы қаламмен, араб әрпінде жазылған. Қолжазбаны араб жазуынан кирилл әрпіне түсірген белгілі әдебиеттанушы ғалымдар: Сейілбек Сәкенов пен Рафат Әбдіғұлов. Қолжазбаның алғашқы бетінде «Жинап тапсырған – Шарипов Сабыр, 1927 жыл» деген жазумен қатар, «Алынды. 3.ҮІ.38 жыл» деген ескертпе жазылған. Айтыс мәтінінен соң Жамбылдың

¹³ Жамбыл Ж. Толық шығармалар жинағы. 4 томдық. Құрастырған, түсініктемелерін жазған: Р. Әбдіғұлов. Т. 1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2012. – 304 б.



«Замана ағымы» дейтін ұзақ толғауы да (60 бетке жуық араб әрпінде) сақталған.

Аталған жинақта осы күнге дейін басылым көріп келе жатқан нұсқа мен Сабыр Шарипов жазып алған айтыс нұсқасы қатар берілген. Текстологиялық жұмыстар бұл екеуі бір айтыс екенін көрсетіп отыр. Айтыстың қолжазба нұсқасын тексергенде мәтіндердің үстінен сызылған беттердің өте көп екені байқалды. Осы сызылған мәтіндер 1940 жылғы жинаққа енбеген, ал сызылмаған мәтіндер басылым нұсқасын жолма-жол қайталайды. Мұнан шығатын қорытынды: «Жамбыл мен Сарбас айтысын» әуелі жинаққа дайындағанда (1940) мейілінше қысқартып, тіпті, өлеңдегі ұйқастарды, ондағы буын сандарының өзгерістерін бір жүйеге келтіріп, көркемдеп редакциялаған. Ал, кейінгі жинақтарында әуелгі басылымды негіз еткен де, қолжазбамен, түпнұсқамен текстологиялық жұмыстар жасалмаған. 2012 (2014) жылғы толық шығармалар жинағындағы бірінші нұсқа ретінде берілген мәтінді қысқартып, түпнұсқа негізінде қайта саралауға тура келді.

Біріншіден әуелгі басылым мен соңғы басылымға дейінгі қалып қалған өлең жолдарын қайта қалпына келтіру, қанша жол қысқарылғанын, қанша сөздердің редакцияланғанын анықтау болса, екіншіден 2012 (2014) жылғы жинақтарда Сабыр Шарипов жазып алған нұсқаны араб әрпінен кирилл әрпіне түсіргенде көптеген сөздер мен сөйлемдердің дұрыс аударылмағаны, тіпті, бір бетте екі қатар түскен арабша мәтіндердің орындары араласып кеткені анықталды.

Түзетілген, редакцияланған және қысқартылған өлең жолдары:

1927 жылғы С. Шарипов жазып алған қолжазба нұсқасы	1940 жылғы басылым	Жол рет саны
Қара қайрақ сияқты қара бала	Қара сирақ, қалбағай қара бала	4-жол
Шапырашты кенеңнен дулатым ден	Шапырашты кенедей, дулатым кең	6-жол
Жақсылар «сөйле» десе, алдияр бас	«Жақсылап сөйле» дейсің, алдияр бас	10-жол



Мен өзіме қарап тұрсаң	Мені байқап қарасаң	14-жол
Шапырашты басыңмен тұштақтама	Шапырашты ел ме екен	16-жол
Жаурыныңнан жөнегін	Ойқастау саған жөн бе екен	17-жол
Шаншытып тастап жүр едім	Жаныштап, жастап жүр едім	20-жол
Шақырған соң мыналар	Шақырған соң қауымым	21-жол
Жасы үлкен ағамен, Былжырап боқты жемегін	Екі жол өлең түсіп қалған	23-24- жолдар
Қара баланы бұл жерде жалтақтатып	Қара баланы әдейі жалтақтатып	30-жол
Әдейі сақтап па едіңдер Қадірлі бектер маған?	Сақтап па едіңдер бектер маған	31-32- жолдар
Дулат қандай?	Дулат, Албан, Суанды	39-жол
Албан қандай?	Қоңырбөрік ішінде	40-жол
Суан қандай?	Кездестірдің жуанды.	41-жол
Ішінде Қоңырбөріктің Жуан қандай?	Екі жол өлең түсіп қалған	42-43- жолдар
Ұзынағашта бидай бағып жатқан кедей,	Ұзынағаштағы егінші	44-жол
Бұл жерге неғып келдің қуанғандай?	Бұл араға келгенге Неменеге қуанды?	45-жол
Егіншінің қосындай	Тіленшінің құнындай	48-жол
Сертпен алам демегін ... Бекер боқты жемегін	Үш жол өлең түсіп қалған	51-53- жолдар
Ноғайбай мен Байболат	Ноғайбай мен Байбұлан	64-жол
Ат-тоныңды тартқында	Бір жол өлең түсіп қалған	68-жол
Жөней бергін дабысқа	Бір жол өлең түіп қалған	69-жол
Домалақтай енеме	Бір жол өлең түсіп қалған	79-жол
Басында бар мазары ... Шырақшы бар қасында	14 жол өлең түсіп қалған	82-95- жолдар
Үміт қылып тұрмысың	Бір жол өлең түсіп қалған	98-жол
Сыртыңнан бағайын ба, ... Ағашыңды к...е қағайын ба?	6 жол өлең түсіп қалған	104-109- жолдар
Қазығұртта Дулатқа ... Тойғызған Құдай сүреңін	14 жол өлең түсіп қалған	115-128- жолдар
Кербездігі ұстаса	Кербездігі осынша	137-жол
Дұшпанды жерді көргенде	Дұшпанды көрсе қарысқан	142-жол
Ақылына қарасаң ... Не демейді дұшпан сыртымнан	16 жол өлең түсіп қалған	144-159- жолдар



Үзеңгісін шіреткен ... Ел жабыла күледі	97 жол өлең түсіп қалған	166-263- жолдар
Сөйлескен кісі сағынған	Сөйлескен кісі жағынған	269-жол
Дұшпанның қолын тұсаған	Дұшпанның қолын шеңгелдеп	284-жол
Дәм татқан жұрт едің	Дәмін татқан жұрт еді	293-жол
Дулаттың төрт ұлына Құдайға қабыл тілеуі	37 жол өлең түсіп қалған	295-332- жолдар
Тілеуқабыл бес ұлы Бір өзенге жинаған	150 жол өлең түсіп қалған	340-490- жолдар
Ана пішпеген тон кетті	Ана пішкен тон кетті	504-жол
Көкбардай талаған	Көктырнадай талаған	535-жол
Кебекеңе жараған	Кебекеңді жанаған	537-жол
Әділдігіне қарасаң	Әділдікке келгенде	540-жол
Шекер, бал мен күріштен	Шекер менен күріштен	547-жол
Үлкен съезд топ болса ... Ешкім аспаған	4 жол өлең түсіп қалған	551-554- жолдар
Жандарал тұрса алдында, ... Қайтпайтын қара піл еді	128 жол өлең түсіп қалған	557-685- жолдар
Жамбыл, сенің айтысамын дегеніңе	Жамбыл, дәмеңе, айтысам деп келгенде	686-жол
Дулат деген ел Тастаса ине үстіне түспеген	2 жол өлең түсіп қалған	692-693- жолдар
Менімен ерегiскен кісілер	Егескендер менімен	694-жол
Бармағын аузына салып тістеген	Бармақтарын тістеген	695-жол
Өңім болса, айтар едім өксініп ... Кім табады ақылын	154 жол өлең түсіп қалған	697-851- жолдар
Қосылған ыстық-сууым	Басылады қарқының	855-жол
О да менің жууым	Езіледі алқымың	857-жол
Жүре бергін жөніңмен	Жүре бергің жолыңмен	861-жол
Неше дуан жерді алған ... Кім басады шеніме	171 өлең жолы түсіп қалған	868-1041- жолдар
Жаны бар кісі жатар ма?	Тірі адам тыныш жатар ма?	1051-жол
Құла мініп, жиренді жетелеп	Жүйрік пен жорға жетелеп	1062-жол
Шапырашты жазған-ай, Қысқа жібің күрмеуге жетпеген.	Шапырашты сықылды Қысқа жібі шолтаңдап, күрмеуіне жетпеген	1067-1069- жолдар



Керең тартар дабысқа, Неменесін айтады?	10 жол өлең түсіп қалған	1073-1083- жолдар
Айта алмасаң еліңді ... Таппаймысың жөніңді	3 жол өлең түсіп қалған	1091-1093- жолдар
Үш ананың баласы ... Қай жеріңде жөнді бар?	12 жол өлең түсіп қалған	1096-1107- жолдар
Тұман болып кетпеймін Шапырашты қасыңнан!	Шапыраштым, абайла, Жеңбей тұрман қасыңнан!	1112-1113- жолдар
Жамбыл, үйге кел деп айтқанда,	Бір жол өлең түсіп қалған	1117-жол
Тамам жақсы ат байлап	Бір жол өлең түсіп қалған	1119-жол
Сыпыра жақсы жайланып, Тамақ ішіп, етін жеп	Екі жол өлең түсіп қалған	1123-1124- жолдар
Домбырамды қойдым да, Отыра қалдым орнына	5 жол өлең түсіп қалған	1128-1132- жолдар
Сөйлемеді шаншымай Өңкей дәудің қасында	17 жол өлең түсіп қалған	1139-1155- жолдар
Сүйінбайым баяғыда	Сүйінбайың бір күнде	1157-жол
Отырдың кеп қасыма-ай	Отырдың кеп шынтақтап	1160-жол
Сөз сөйлеші шошымай	Сөз сөйлеші ашыла	1164-жол
Ұрайын ба басыңа!	Шықыртайын басыңа	1171-жол
Домалақ, Жарықшақтан бастап Таңдайыңнан тозбашы	7 жол өлең түсіп қалған	1172-1178- жолдар
Бұл маған неліктен	Бір жол өлең түсіп қалған	1180-жол
Жылқыдан келсе бір күні	Бір жол өлең түсіп қалған	1203-жол
Бас жағында, басында, Екі қожа шам жағып, Ат басындай Құранды Қатар оқып отырған	Құшақтасып, сүйісіп Әзілмен ойнап-күлісіп Отыр екен бір қожа	1207-1210- жолдар
Сары бәйбішеден жасырынып Анда-саңда түнеді	Сүйікті бір жан екен, түн қойнында оранып, Бәйбішеден ұрланып	1213-1214- жолдар
«Ішіп ауырып отыр, – деп,	Бір жол өлең түсіп қалған	1220-жол
Ертең көшіп барам, – деп, Анам жұртта түнеді. Жұртта көшпей қалады.	Ертең көшіп барамыз, Деп жұртында түнейді. Таң атады күн шығып,	1221-1223- жолдар
Мен батамды берейін	Бір жол өлең түсіп қалған	1232-жол
Барасың, барасың да аласың	Бір жол өлең түсіп қалған	1235-жол



Еңбегім кетер сенде деп, Ісімді Құдай жөнде деп.	Үш жол өлең түсіп қалған	1267-1269- жолдар
Сонда қырғыз қулары	Сонда қырғыз қауды	1297-жол
Атын жиып алады	Жосадай қып салады	1303-жол
Бір ұлымен келеді	Бір тобымен келеді	1305-жол
Барып қара ұлыңды	Барып қара өлікті	1310-жол
Сегіз ұлмен келеді «Тез баламды көмгін» деп,	Дереу жинап өлікті Бір жерге әкеп көміпті	1321-1322- жолдар
Кіші жүз бен Орта жүзге Бәйдібек тоқтар емес мазалап	Үш жол өлең түсіп қаған	1323-1325- жолдар
Ел ұйықтап жатқанда	Бір жол өлең түсіп қалған	1330-жол
Бәрі жосып келеді	Келеді шаңы бұрқырап	1338-жол
Тақап барып қонады	Маңайына қонды кеп	1344-жол
Кіші жүз бен Орта жүзге ... Айтты дағы жөнелді	6 жол өлең түсіп қалған	1345-1350- жолдар
Алып кел» деп еді, Соған Зеріп жөнелді. Сол жаққа кеткенде, Қолын салды балаға. Шошағы қолға түседі, «Еркек екен мынау» деп, Еңбегіне сұқ қолын сұғып алады, Бала талмаусырап қалады. Сары бәйбішеден болғанын, Зеріп сонда біледі. Кіші жүз бен Орта жүз, «Бәйдібекті көшіріп келеміз» деп, Салып ауылға келеді.	Бебеулетіп ананы, Бала келді дүниеге. Қуанды ана масайрап, Қолына алып баланы, Бар денесін қарады. Еркек бала туыпты, Бірақ басы жаралы, Ана болды назалы. Сары бәйбіше қылғанын Сонда ақылменен табады. Түсіп қалған Бәйдібекті көшіріп Аламыз деп ауылға, Ат терлетіп келеді.	1357-1369- жолдар
Құдайдың құдіретін қарашы	Бір жол өлең түсіп қалған	1381-жол
Бәрінен де көп Дулат болды жуан Жуандықтың белгісі сол емес пе, Әр қайсысы болып кетті әрбір дуан	Үш жол өлең түсіп қалған	1386-1388- жолдар
Сарбас ақын менмін деп, қылма жуан, Оңбаған, дағдың жаман	5 жол өлең түсіп қалған	1396-1400- жолдар
Қайда сенің ата-бабаң?	Қайда атаң мен түп бабаң?	1403-жол
Сырттан жорып жүріпсің ... Жақсыларды қоисың	Үш жол өлең түсіп қалған	1423-1425- жолдар



Дардай кісі жалпаңдап Қанын сорған биттей боп.	10 жол өлең түсіп қалған	1430-1439- жолдар
Неге қарап тұрамын. Әуез Атамқұл, Сен бері кел, – деп, Өз қасына шақырған.	Өзгені ертпей артынан, Тек қасына серікке, Сұраншы еді сүйреген, Атамқұлды-ақ шақырған.	1483-1486- жолдар
Жан сауғалап, қорғалап	Бір жол өлең түсіп қалған	1508-жол
Соған басы тығылды, Тығылған жерден келмеді.	Қоянға ұсап ерлері, Сол жерінен келмеді.	1524-1525- жолдар
Шабуылмен түнде хабар береді	Хабар айтқан оған кеп	1533-жол
Қарт бурадай шөмендеп	Бір жол өлең түсіп қалған	1538-жол
Сарыкемерде шабылды	Бір жол өлең түсіп қалған	1540-жол
Тілеуқабыл, Майемердің көші Іленің түбегіне тығылды. Құтырған Қоқан қолдары, Бұларды қоршап алады.	Іле бойын жағалап, Бір түбекке тығылды. Қоқан қолы қоқандап, Сала берді дығырды.	1541-1544- жолдар
Мал мен мүлкің, қазынаң Қызыл қанға ат тұяғы боялды	4 жол өлең түсіп қалған	1558-1561- жолдар
Арыстан туған ерлерден Құдай несін аяды	Екі жол өлең түсіп қалған	1564-1565- жолдар
Аңырақайдан шықпады	Жалғыз басын жүр ұрлап	1573-жол
Ботбайдың шыққан батыры Арғы жақтан келеді	Үш жол өлең түсіп қалған	1574-1576- жолдар
Сұраншы, Саурық дегенде ''' Жылаған баласы жұбанған	Үш жол өлең түсіп қалған	1586-1588- жолдар
Мұртынан күліп қуанған. Қасқарау Кәрібоз, Бауке кеп, Атын тартып жылаған. «Жүргін батыр, ұнаған,	Миықтан күліп қуанған. Сұраншыдай батырға Қасқарауда Кәрібоз, Бәуке келіп жылаған. «Жүр батыр» деп сұраған.	1590-1593- жолдар
Асыл гауһар қылып	Бір жол өлең түсіп қалған	1597-жол
Қатын-бала зар жылап Қырық мың қол келіп қаптады.	8 жол өлең түсіп қалған	1611-1618- жолдар
Дулаттан кісі баспады	Дулаттың өңі, түсі жоқ	1620-жол
Жылап тұрмын өзіңе ... Қалған жанға сен ие	3 жол өлең түсіп қалған	1621-1623- жол
Каламіңді Құдай жеткізген	Бір жол өлең түсіп қалған	1630-жол
Атым тартып жылаймын	Бір жол өлең түсіп қалған	1635-жол



Шапқын батыр, аруаққа-ай ... Шабатұғын жан-жаққа-ай	Үш жол өлең түсіп қалған	1643-1645- жолдар
Жәрдем берер бір Құдай Шуылдап жатыр ел-жұртың	Екі жол өлең түсіп қалған	1647-1648- жолдар
«Тек» дейтуғын кісі жоқ, Көзінен жасы тізілді	10 жол өлең түсіп қалған	1658-1667- жолдар
Қара ағаштай Дулатты Елдей көшісіп әкетті	10 жол өлең түсіп қалған	1671-1679- жолдар
Жігітің сай болған Басына келіп орнаған	361 жол өлең түсіп қағлан	1680-2041- жолдар
Тілеуқабыл Маймердің бәйбішесі ... Құран оқып сарнаған	4 жол өлең түсіп қалған	2046-2049- жолдар
Тамақ жеген Алуа менен шекерден	Бір жол өлең түсіп қалған	2054-жол
Мұрты кетер тікшиіп	Мұрты кетер түксиіп	2056-жол
Әлі төре батысып	Ешбір төре еріксіз	2065-жол
Жұпар шөптей балқыған Сұраншының иісі	Екі жол өлең түсіп қалған	2080-2081- жолдар
Саурықтай нау батыр	Саурықта менің батырым	2085-жол
Аз ауыл туыс Шапыраштыдан	Туысы оның Шапыраштыдан	2123-жол
Қаратал мен Көксудан Жүзелген ердің самалы	571 жол өлең түсіп қалған	2130-2701- жолдар
Даулы жерге барғанда, Сөз толады ішіне.	Екі жол өлең түсіп қалған	2709-2710- жолдар
Намысыңды әперген	Бір жол өлең түсіп қалған	2718-жол
Құдайым берген жүректі Берген Алла тілекті	Екі жол өлең түсіп қалған	2725-2726- жолдар
Бел қылатын ішінде	Бір жол өлең түсіп қалған	2730-жол
Қырғыз-қазақ жүрмейді, Саурыққа жалынбай.	Екі жол өлең түсіп қалған	2736-2737- жолдар
Келсе менің кезегім	Бір жол өлең түсіп қалған	2756-жол
Қайда соғып тұрған дауыл ең	Қашан қара дауыл ең	2785-жол
Жылқы болсаң жауыр ең	Бір жол өлең түсіп қалған	2786-жол
Кешегі сен Сен қайдағы дүр едің?	Үш жол өлең түсіп қалған	2791-2793- жолдар
Қоныс тимей жүр едің	Бір жол өлең түсіп қағлан	2795-жол



Дардай кісі менімен былшылдайсың ... Түзелген менің қонысым	7 жол өлең түсіп қалған	2831-2837- жолдар
Кімге кетті намысым ... Басың пұлға сатылған	Үш жол өлең түсіп қалған	2844-2846- жолдар
Ілескер құсбегінің ... Ақылы бар кісілер	4 жол өлең түсіп қалған	2853-2856- жолдар
Сыпатайды арбаға таңып алып	Бір жол өлең түсіп қалған	2860-жол
Жазықсыз істі қылды деп	Бір жол өлең түсіп қалған	2867-жол
Ісі аққа Құдай жақ ... Қандай адам шақ келген.	115 жол өлең түсіп қалған	2874-2989 жолдар
Найзасын тасқа егеген ... Сұлуды құшқан бұраңнан	Төрт жол өлең түсіп қалған	2999-3002- жолдар
Дұшпаның қашқанда ... Саурықтай батырың.	56 жол өлең түсіп қалған	3010-3065- жолдар
Андас шешен дауды алса	Қиюлы шешіп дауды алса	3068-жол
Шашылғанын жинаған	Бір жол өлең түсіп қалған	3082-жол
Дұшпандарын қинаған ... Бәрі де жүр қасында	37 жол өлең түсіп қалған	3084-3119- жолдар
Тұла бойың кір едің ... Торының бірі едің	5 жол өлең түсіп қалған	3123-3127- жолдар
Қасқараудың бірі едің Барып тұрған өзің сорлы едің	Адамзаттың қоры едің Түн жамылып жүр едің	3131-3132- жолдар
Орыс салған сиядай ... Бұл халыққа сыяма-ай?!	5 жол өлең түсіп қалған	3148-3152- жолдар
Дардай кісі боп қалдың, Былжырап бекер қайтесің?	Екі жол өлең түсіп қалған	3162-3163- жолдар
Ұят ойлап, сақтансаң ... Аузыңа сиейін деп отыр	Үш жол өлең түсіп қалған	3168-3170- жолдар
Кісілік арың жоқ, ... Доланадай күлкілдеп. (айтыс аяқталады).	11 жол өлең түсіп қалған	3171-3181- жолдар



<p>1946 жылғы жинақта басылған айтыс соңындағы 19 жол өлең қолжазбада кездеспейді:</p>	<p>Етек-жеңің жұлынып, Қармағыма іліндің, Аяғыңнан сүріндің, Сөз қадырын білмейтін, Сөзің жаман кісі екен. Жатқандай ін түбінде Көзің жаман кісі екен. Аузыңды сөзбен кілттеймін, Енді өлеңді айтпағын. Осы да жарар өзіңе, Келдің қарпыр кезіме, Жүйрік бауыр жазғандай, Жоқ еді тізгін тартпағым. Айтар сөзім көп еді, Әдейі артық айтпадым. Қызыл тілге келгенде, Бөкендейін желгенде, Ашсаң енді аузыңды – Құрулы тұр қақпаным.</p>	
--	---	--

Баспаға ұсынарда айтыс мәтіндері біршама өңдеуге түскен. Айтыстағы жиі кездесетін «Құдай», «Құран», «Қожа», «Нұр жауу», «Қырық шілтен», «Аруақ», «Әулие», «Жын-шайтан» т.б. діни ұғымдағы сөздердің көбі қысқартылған, не болмаса балама сөздермен алмастырылған. Мәселен:

...Бас жағында, басында,
 Екі қожа шам жағып,
 Ат басындай Құранды
 Қатар оқып отырған, –

деген өлең жолдарын:

Домалақ енем қасында,
 Құшақтасып сүйісіп,
 Әзілмен ойнап-күлісіп,
 Отыр екен бір қожа, –



деп алмастырылған. Аталған өзгертулер сол замандағы кеңестік жүйенің идеологиясына қайшы келетін дүниелер болған соң, редакцияланғаны бәрімізге белгілі. Сонымен бірге, Сарбас ақынның Дулат елін және олардан шыққан жақсыларды, белгілі тарихи тұлғаларды таратып айтатын ұзақ өлең жолдары кесіліп барынша ықшамдалып берілсе, Жамбыл кезегіндегі сөз болатын көп кісі аттары да қысқартылған. Әсіресе оның Сұраншы батыр, Саурық батырлардың батырлық іс-әрекетін сипаттайтын жырлары түгелге жуық алынып тасталған.

Жинаққа мәтін 1927 жылғы С. Шарипов жазып, тапсырған араб әрпіндегі қолжазба нұсқасы (ОҒК: Қ. 645) өзгеріссіз ұсынылды.

Жамбыл мен Досмағамбет. Айтыс алғаш Жамбылдың 1940 жылғы жинағында жарық көрген. Мұнан кейін ақынның әр жылдардағы (1946, 1955, 1957, 1996, 2012 (2014) жинақтарында қайталанып басылды. Тек 1996 жылғы басылымында «ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында және Жамбыл мұражайында сақталған қолжазбалармен салыстырылып, толықтырылып берілді» делінген (ОҒК:Қ.651/5). Алайда, Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалды музейінен табылған, белгілі халық ақыны, Жамбыл мұрасын насихаттаушы, жеткізуші, Жамбылдың төл шәкірттерінің бірі Үмбетәлі жазып қалдырған қолжазбаны басылым көрген нұсқамен салыстыру барысында көптеген редакциялық жөндеулердің орын алғандығы, бірінің сөзі екіншісіне телініп кеткен айырмашылықтардың бар екені анықталды. Мәселен, Ү. Кәрібаев жеткізген айтыс нұсқасының басында айтыстың 1907 жылы Көпесбайдың үйінде өткені туралы қарасөзді түсінікпен қоса, экспозиция түрінде айтыс тарихынан дерек беретін 48 жол өлең кіріспесі бар.

Барлық жарияланымдарда айтысты бірінші Жамбылдың кезегімен бастайды. Шындығында айтыс түнімен нағашысы Көпесбайдың үйінде Жамбылдың өлеңін сабырмен тыңдаған,



ақындығын жасырып отырған Досмағамбеттің таңғы астан соңғы Жамбылға соқтыққан сөзінен басталады. Аталған 48 жолды кіріспеден соңғы Жамбыл кезегіне телінген 32 жол өлең анығында Досмағамбеттің сөзі. Мұны 1940 жылдан бастап, жинақты құрастырушылар өлеңнің әр жолын керегінше өңдеп, икемдеп Жамбыл кезегі етіп өзгерткен. Мәселен, 1940 жылғы жинақта сөзді Жамбыл бастап:

Самғаймын қанатымды, ал, аспанға,
Дүбірлеп дауысым кетсін *бар жаһанға*.
Иірем сені сөзбен, Досмағамбет,
Аяғың тисін жерге анда-санда! – дейді.

Ал, түпнұсқа бойынша Досмағамбет:

Самғаймын қанатымды, ал, аспанға,
Дүбірлеп дауысым кетсін *таласқанда*.
«Отырған төрт түйелі Жалайыр» деп,
Тиеді сөздің шеті анда-санда, – дейді.

Айтыс мәтініне қарап бұл Досмағамбет сөзі екенін аңғаруға болады. Жамбылдың шағып айтқан сөздеріне шыдай алмай, «төрт түйелі Жалайыр деген сөзіңнің ұшқыны мені шағып отыр» деп айтқан уәжі. Тіпті, мұнан соңғы шумақтағы Досмағамбеттің:

Нағашым бұл арада – ер Қарасай,
Келеді айта берсем сөз сарасы-ай!
Ескелді, Балпық бабам жәрдемші бол,
Бақтыбай, жәрдемші боп көз салсай! –

деп нағашысы Қарасай батыр, Жалайырдан шыққан Ескелді, Балпық билер мен Бақтыбай ақынды айтатын жерін:



Арғы атам – аруақты ер Қарасай,
Теңселген дүбіріне тау менен сай.
Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай, –

деп Жамбыл жағына икемдеген. Яғни, Досмағамбеттің «нағашым» дегенін, Жамбыл атынан «арғы атам» десе, Бақтыбай ақынның орнына Сүйінбай ақынды атағаны байқалады. Осындай текстологиялық саралау жүргізу бір жағынан кеңестік идеология өз мүддесі үшін пайдаланған Жамбыл шығармаларын тазартып алу болса, екінші жағынан академиялық жинақтың басты талабы саналады. Сондықтан айтыстың ең бір толық нұсқасы саналатын 2012 (2014) жылғы басылым мен Ү. Кәрібаев жазып қалдырған араб әрпінде жазылған қолжазба нұсқасы салыстырылды:

Қолжазба (Үмбетәлі Кәрібаев нұсқасы)	2012 басылым	Жол реті
Қара сөзді кіріспе бар	Жоқ	
Көпесбай қарынбайда жатқан екен	Көбісбай, Қаранбайда жатқан екен	15-жол
Өлеңнің бастан-аяқ бәрін шатып	Өлеңді бастан-аяқ аңыратып	22-жол
Сөйледі біразырақ шатырлатып.	Жырлады біразырақ дауылдатып	24-жол
Бұл түннен аман шықсам, көрермін, – деп,	Саламат-аман тұрсам, көрермін, – деп	25-жол
Ол түні үндеместен қалды жатып	Ол түні Досмағамбет қалды жатып	26-жол
<i>Баласы Кәрібайдың Үмбеәлі Көрінді ақындарға тым-ақ жақын.</i>	<i>Екі жол өлең түсіп қалған</i>	29-30
Таң асқан іші-бауыры аттай жарап	Таң атқан іші-бауыры аттай жарап	32-жол
<i>Алдымда келіп менің, сөйле! – деді</i>	<i>Алдына келіп қәне, сөйле! – деді</i>	33-жол
Жіберді сыпыра желіп Жамбыл ақын	Сөйледі сыпыра желіп Жамбыл ақын	39-жол
<i>Думан ғып, жүз жыл дәурен сүрген болсаң</i>	<i>Жарандар, жүз жыл дәурен сүрген болсаң</i>	41-жол
<i>Халқына отыр Жамбыл нақыл айтып</i>	<i>Сөйледі сонда Жамбыл нақыл айтып</i>	43-жол
<i>Көп айтты тоқталмастан сары таңға</i>	<i>Сөйледі мүдірместен сары таңға</i>	47-жол
<i>Дүбірлеп дауысым кетсін таласқанда</i>	<i>Дүбірлеп дауысым кетсін бар жаһанға</i>	50-жол



«Отырған төрт түйелі Жалайыр» деп	Иірем сені сөзбен, Досмағамбет	51-жол
Тиеді сөздің шеті анда-санда	Аяғың тисін жерге анда-санда	52-жол
Я, бабам, Қабыл, Иса жәрдемші бол	Жалаңдап аш бөрідей келдің қайдан	55-жол
Халықта киең артық таңдасаң да	Жақсылық Жалайырдан алмасаң да?	56-жол
Нағашым бұл арада – ер Қарасай	Арғы атам – аруақты ер Қарасай	57-жол
Келеді айта берсем сөз сарасы-ай	Теңселген дүбіріне тау менен сай	58-жол
Ескелді, Балпық бабам жәрдемші бол	Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан	59-жол
Бақтыбай, жәрдемші боп көз салсай	Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай	60-жол
Қарқабат, Бұқар жырау, Қабан да өткен	Асекең, Бұқар жырау арманда өткен	62-жол
Абақтың аруағын аузыңа алмай	Солардың аруағы маған қонып	63-жол
Мақтандың «Жүйрік жоқ, – деп, – маған жеткен!»	Ел мұңын жырмен толғап, нөсерлеткем	64-жол
Сөйлейсің, барған сайын өктем-өктем	Сөйлейсің, ерегісsem өктем-өктем	65-жол
Түскендей ата-анасыз аспан көкпен.	жайдың оғы саған көкпен	66-жол
Аралап Абақ-Тарақ жүрсең-дағы,	Шын қызсам, сөзім – жалын, домбырам – найза,	67-жол
Түспепті бұттан шалбар, қаптан шекпен.	Құрсаулы сауыт болар маған шекпен.	68-жол
Болсаң да он ауызды оралтармын, Бұлттай болдырғанда тауға шөккен.	Екі жол өлең түсіп қалған	69-70-жолдар
Атамыз бәріміздің – Абақ, Тарақ.	Баласы Ұлы жүздің – Абақ-Тарақ.	71-жол
Ақынды көргенім жоқ, сенен салақ.	Көтерген ақылғөйге мені балап	72-жол
Бойыңда сыпалықтың ¹⁴ белгісі жоқ,	Аш бөрідей қаңғырған ақын келсе	73-жол
Тал түсте кеткендай-ақ ұры тонап.	Бұл Жамбыл жіберетін сөзбен сабап)	74-жол
Меніменен шайқасып	Ақында шайыр ақпамын	101-жол
Айтысып өлең байқасып	Аспанға ұшқан пырақтай	102-жол
Қалып жүрме ұятқа-ай!	Сөзіңде сенің асыл жоқ, Құбылып тұрған сынаптай	103-жол
Жас ақыннан сүрініп	Меніменен айтысып	104-жол
Оныменен тұрмайсың,	Бір жол өлең түсіп қалған	117-жол
Қайырылып сынса қанатың	Бір жол өлең түсіп қалған	119-жол
Әңгімешіл екенсің	Алақашпа екенсің	122-жол
Табанынан тайырылған	Қанатынан қайрылған	125-жол
Ақынмын деп мақтан ба?	Ақынмын деп сескенбе?	129-жол

¹⁴ Сыпалықтың – «сыпайылықтың» деген сөздің қысқартып айтқан түрі.



Сөзіңде құнды серпін жоқ	Сөзіңде <i>қуат</i> серпін жоқ	130-жол
Ер болып жау шапқандай	<i>Кейпің жаман, Кейқуат</i>	132-жол
Даңғаза, дабыл қаққандай	<i>Дауылпаз</i> , дабыл қаққандай	134-жол
Мойныңа салған салың жоқ	Мойныңа салған <i>салық</i> жоқ	136-жол
Айттысайын деп тұрсың, Менімен қатты қам қылып	Екі жол өлең түсіп қалған	168-169- жолдар
Өнерің болса, бастағын	<i>Еркек болсаң, қашпағын</i>	172-жол
Сөйлеп бір, сөйлеп тастағын	<i>Қайратыңды қарыштап</i>	173-жол
Мықтап бір ойла осы жағын Айт, аян ба, ақыным	Екі жол өлең түсіп қалған	177-178- жолдар
Ақындығың <i>болғанмен</i>	Ақындығың <i>болмаса</i>	179-жол
Жоқ екен <i>биттей тақылың</i>	Жоқ екен <i>басқа нақылың</i>	180-жол
Елден-елді қыдырып, Жауыр боз ат астыңда, <i>Тозып жүрген тақымың.</i>	<i>Үш жол өлең түсіп қалған</i>	181-183- жолдар
<i>185-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ.</i>	Қартайғанша қақылдап, Жел сөзге бір тоймайсың.	
<i>191-жолдан соңғы үш жол өлең қолжазбада жоқ.</i>	Қонақ қонса үйіңе, Тышқан мұрнын қанатып, Тышқақ лақ соймайсың	
Елден-елге қыдырып	Елден-елге <i>тіленіп</i>	196-жол
<i>196-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ</i>	Жамбастай жатып шіреніп, Тентіреуді қоймайсың	
<i>198-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ</i>	Не басыңа күн туды? Бір жаныңда тыным жоқ.	
Халықты кезіп, қаңғумен	Көп сөзіңнің ішінде	200-жол
<i>200-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ</i>	Бір дәлелді шының жоқ. Халықтан дүние сұранып	



<p>210-жолдан соңғы 33 жол өлең қолжазбада жоқ</p>	<p><i>Есігің бар да, төрің жоқ, Алысып әлің келе алмас, Ылдиын кеткен, ерің жоқ. Бір өткен соң дүние, Қайта айналып келу жоқ. Қорықпайсың, бейшара, Өлеріңнің шағынан, Кетер ем ұрып бір жерге, Азырақ қорқып отырмын Сақалыңның ағынан. Отырсың ғой қушыып Қой бакқандай қу кедей. Байлығын айтсам Тарақтың, Қаларсың сен үндемей. Қалдай, Маман, Кәлібай, Байлығы тасқан күнде үдей. Іледен әрман кесілген, Жерін қаптап малы жүр, Кім айтар мұны шын демей. Қалдайдың бағы жанып тұр, Жарқырап ашық шілдедей. Жылқы мен қойы есепсіз, Жұрттан асқан байлықпен, Түйесін жүр жүндемей. Елімдегі байлықты Айта берсем, сөз жетпес, Сусап қалар тіл-көмей. Ақын болсаң, ашық айт Еліңдегі байлықты, Біздің елді күндемей. Елің сенің оңбаған, Енді не деп айтамын, Кедейлікті мін демей?</i></p>	
--	---	--



<p>218-жолдан соңғы 50 жол өлең қолжазбада жоқ.</p>	<p><i>Солай ма, бала, солай ма, Зығырына Жамбылдың Тисең, саған оңай ма! Қуырамын енді мен Ақындықтың апшысын, Көргенім жоқ өмірде Жел сөздің мен тапшысын. Өлеңім асау теңіздей Өрге қарай шапшысын. Толқындай сөзді сапырып, Арыстандай ақырып, Шығайын енді айтысқа. Нажағайдай сөзімді Жарқылдатсам алдыңда, Есің шығып адасып, Біле алмассың әкеңнің Өлгендігін қай тұста. Сөз білмейтін баласың, Ақындыққа шаласың, Меніменен айтыспа. Кемітесің кедей деп, Басқа сөзді таппайсың, Жетісіп жүрген немедей, Еліңді құр мақтайсың. Малды санап мақтанбан, Малыңда емес ел бағы. Қорғаған жаудан халықты, Ерлік пенен даңқты, Елімнің күшті аруағы. Елімде болды батырлар: Қарасай атты ұранды. Асынып жау жарағын, Еліме шапқан қалмаққа Орнатып қара тұманды, Салатұғын ылаңды. Қаһарына шыдамай, Қалмақ кезген Шығанды. Қылышынан өткізген Қаракесір Қаһанды: Жауынан жерді босатып, Осындай атақ кім алды?! Бүгінгідей сөзіме, О-дағы саған күмәнді. Көп сөзіңнің ішінде, Бір сөзің жоқ ұнамды. Байқалып әбден сыналды. Елден алғыс алмайсың, Көтеріп кітап, Құранды. Меніменен ұстасып, Білмейсің Құдай ұрарды.</i></p>	
Қандай іске тұс қылды	Қандай іске тап қылды	224-жол



<p>224-жолдан соңғы 40 жол өлең қолжазбада жоқ.</p>	<p><i>Ерлігің болса мақтанғын, Қалмақты қуып қашырған. Айдарынан жел есіп, Алатаудан асырған, Айбалта, қылыш асынған, Жанындағы жабдығы Наркескен, қанжар асылдан. Қарасайдай батырлар Қиқу салып аттанса, Еліме тиген жаулардың Алмадай басы шашылған. Айтшы, осындай ерлерді Еліңде даңқын асырған! Айта алмасаң бұндайды, Айтыспа, сен антұрған! Қорықсаң неге айтыстың, Ағарған сақал, шашымнан?! Ата-ана сыйлап көрмеген, Биәдеп өскен жасыңнан, Сен бір жүрген сауысқан. Кесірің үлкен басыңнан. Меніменен айтысқан Сендей талай кеппенің Көкірегі басылған.</i></p> <p>Уә, қу таңдай Жалайыр! Менен асқан еліңде Бар ма, сірә, бір шайыр. Жамбыл жырау толғанса, Домбырасын қолға алса, Пар келтірмес ешкімді. Сөз дауылмен соғушы ем Сендей ақымақ мүскінді. Ауылыңа алып бар Шашылған бізден ұшқыңды. Сүйінбай ақын ұстазым Сөз қанжарын суырып, Дұшпанға өстіп күш қылды. Құдай атқан қу молда, Берекеңді ұшырып, Кетірейін пыстыңды!</p>	
Жамбылмен қатты айқасып	Бір жол өлең түсіп қалған	228-жол
Сол айтыста жердей боп	Бір жол өлең түсіп қалған	239-жол
Қараспайтын қабанға	Қараспайтын сараңға	243-жол
Сол күнде-ақ Жамбыл көнген жоқ	Жамбыл әсте көнген жоқ	244-жол
Домбыра байлап беліме	Ел ішінде елірме	246-жол
Алатоным не болды	Жұрттың бәрін ұмытқан	254-жол
Көп оқыған ілімді	Хан, патша, шенеунік	255-жол
Сиқыршы қожа, молдалар	Сен сықылды молдалар	256-жол



<i>Бағындырған халықты</i>	Бетіне ұстап Құранды	257-жол
Өтірік айтып, елді алдап,	Бір жол өлең түсіп қалған	258-жол
<i>Мұхаммед деген ұранға</i>	Таратқан қисық ұранды	259-жол
<i>Зекет, құшыр бергін деп</i>	Аятын оқып ышқынып	260-жол
<i>Сөзіме менің көнгін деп</i>	Ауруға дем үшкіріп	261-жол
<i>Жұрттың бәрін ұйытқан</i>	Молдалар ұқсас жыланға	262-жол
<i>Сағит жазған Құранға</i>	Балуан болсаң, белсеніп	263-жол
Патша мен хан, шенеунік, Би мен болыс, бай-манап, Кедейдің жерін тартып ап, Шенінен ешкім жүргізбей, Кіргізген сызып планға. Нашарың қалып салықта	Алты жол өлең түсіп қалған	264-269- жолдар
<i>Байларың көшкен шығынға</i>	Әліңді білмей алысып	270-жол
<i>Әліңді білмей асығып</i>	Аптығып сөйлеп асығып	271-жол
<i>Жолығарсың ылаңға</i>	Жолықтың қырсық лаңға	272-жол
<i>272-жолдан соңғы бес жол өлең қолжазбада жоқ</i>	Шық күреске сыбан да. Барың болса, қарышта, Емеспін саған құдаңда. Сен – күйкентай, мен – тұйғын, Жүр жайыңа одан да	
<i>Артықша қылып туғызған</i>	Арқа тұтып ақырып	274-жол
<i>275-жолдан соңғы екі жол өлең түпнұсқада кездеспейді</i>	Жаңғырықтырып мен шықсам Алатаудың саласын	
<i>Тау мен шөлдің саласын</i>	Өзен бір сай-саласын	277-жол
<i>280-жолдан соңғы бір жол өлең түпнұсқада кездеспейді</i>	Қу ауызды, қу молда	
<i>Ұзын сарын жүйрікпін</i>	Ұзын сонар жүйрікпін	292-жол
<i>Ой мен жырды тербетсем</i>	Ұзыннан жыр боратсам	294-жол
<i>Қазір естен танасың</i>	Сонда есіңнен танасың	295-жол
<i>297-жолдан соңғы сегіз жол өлең қолжазбада жоқ</i>	Дедің маған кедейсің, Мен қорғасын сақамын, Сен – ұтылғыш кенейсің. Мен – бір соққан дауылпаз, Сен – салмақсыз, к... бос, Ебелек қаққан ебейсің, Бір ұстасып қалсам, – деп, Күшіңді байқап шенейсің.	
Бір ұстасып қалсам деп, Өзіңді-өзің шенейсің. Кеп отырма ойнағың, Алды-артыңды ойлағын	Төрт жол өлең түсіп қалған	305-308- жолдар
<i>Іле бір судың балығын</i>	Қысы-жазы ау салып	309-жол
<i>Жағалай жатқан салығың</i>	Бір жол өлең түсіп қалған	310-жол
<i>Жылдан-жылға қоймадың</i>	Іледен балық қоймадың	311-жол



311-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Шіріген сүйек жесең де	
313-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Сары майдай сақтадың	
314-жолдан соңғы бір жол өлең түснұсқада жоқ	Жайым қалай болар? – деп	
Кедейліктің белгісі, Іледен алған балықты Сары майдай сақтадың. Қонақ келсе үйіңе, Союға мал таппадың	Бес жол өлең түсіп қалған	316-320- жолдар
Жүз жылқыны өргізіп	Өз малыңды өргізіп	321-жол
322-жолдан соңғы үш жол өлең қолжазбада жоқ	Қонақ қонса үйіңе, Союға мал таппадың, Тайдың майын бермейтін	
Жалайырды мақтадың	Несіне байды мақтадың	323-жол
Шығыным деп бересің	Шығыны болып кетеді	327-жол
Мен айтыссам сенімен	Мен ұстассам сенімен	337-жол
Ысқат, Пидия жалмаған	Алып Пидия жалмаған	342-жол
345-жолдан соңғы бес жол өлең қолжазбада жоқ	Кедей өлсе, үйіне. Күңіреніп бармаған. Аттана шауып, бай өлсе, Қирағаттап Құранды, Күні-түні сарнаған	
Зекет, құшыр бергін деп	Бір жол өлең түсіп қалған	346-жол
Аттана шауып бай өлсе, Төрт түлікке сай өлсе, Қирағаттап Құранды, Шариғат айтып сарнаған	Төрт жол өлең түсіп қалған	351-354- жолдар
Өлсе кедей бармаған	Бір жол өлең түсіп қалған	356-жол
359-жолдан соңғы төрт жол өлең қолжазбада жоқ	Өзің де бір күн шүү дейсің, Өлмей қалмас жанды адам. Жарым түнде шабасың, Өліп кетсе малды адам.	
Сиқырлап азғырасың әзәзілді	Сыбырлап азғырасың әзәзілді	362-жол
Қосылмас біз бен сіздің қаның, молда	Қосылмас бізге сенің қаның молда	363-жол
Жол сызған келешекке дәнемең жоқ	Жол сызған келешекке еш нәрсең жоқ	366-жол
Аңлап бас, аяғыңды аңғырттанбай	Аңлап бас, салғыртсынбай аяғыңды	368-жол
«Ер өлер ерегіссе» деген сөз бар	Екінің бірі өлер, ерегіссе, деген сөз бар	370-жол
Іледен ала қыстай балық аулап	Еліңде қысы-жазы балық аулап	374-жол
Созылып көктемге әрең жаны жетер	Тентіреп осыменен күнің өтер	375-жол



<p><i>Бұл елде кедей бар ма балық жеген, Балықты Жалайырда Салық жеген. Қайырлы болса байың, салтанатты Балықты судан алып нағып жеген?</i></p> <p><i>Мақтайсың ауқатың сол балығыңды, Кім айтар «жаманда, – деп, – халығыңды». Роман земескеймен борыш төлеп, Өтейсің әрең зорға салығыңды.</i></p>	Сегіз жол өлең түсіп қалған	376-383- жолдар
Қу молда неге сонша мақтанасың?	Молда ақын, неге сонша мақтанасың?	384-жол
Кедейге қайырсыз бай қараспайтын	Мейірсіз бай кедейге қараспайтын	389-жол
Мойнына ауыр жүкті арта салып	Би мен қу алдап қанын, теспей сорып	390-жол
Иттердің мінезі осы аластайтын	Мінезі бар иттердің аластайтын	391-жол
Жері осы маған мұның жақпайтұғын	Жері осы маған байдың жақпайтұғын	395-жол
Сөйлегін бұлды сөзді құныменен	Болды, сөзді сөйлегін құныменен	401-жол
401-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ.	Жамбылдың айғай салған даусыменен, Тау мен тас ән қосады үніменен.	
Жамбылдың айғай салған даусына, Тау мен тас ән қосады үніменен.	Екі жол өлең түсіп қалған.	404-405- жолдар
Не жеңіп, не жеңіліп тез тоқталық	Не тоқталып, не жеңіп, не жеңіліп	406-жол
Жеңуге үміттісің көңілің дардай	Отырсың айтыспақ боп көңілің дардай.	409-жол
Қабанды Бақтыбаймен ап келмесең	Қабанды Бақтыбаймен ап келсең де,	410-жол
Бұл жаққа күліп келіп, налып қайтсаң,	Бұл жаққа күліп келіп, жылап қайтсаң	414-жол
Алыстан аңсап келіп, ақсап қайтсаң	Алыстан аңсап келіп, шаршап қайтсаң	418-жол



Бас қосқан талай-талай жиын болар	Тағы да бір бас қосқан жиын болар	419-жол
Әр істі кетер көңіл жоғары алып	Бұл істің уағында болғаны анық	420-жол
Бұл істің уағында болғаны анық.	Айтысты көтерелік жоғары алып	421-жол
Кезекті сөзің болса, тағы сөйле	Сөйлеген көңіліңдегі сөзің болса	422-жол
Төгілген тасып дариядай	Төгіліп, тасып дариядай	427-жол
Басылып қалған шәңкілің	Басылып қалған арының	428-жол
428-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ	Кезекпенен сөйлелік, Сөзімді тосқын, Жамбылым	
Шынжырлы балақ көгінен	Бір жол өлең түсіп қалған	432-жол
437-жолдан соңғы сегіз жол өлең қолжазбада жоқ	Молдалығым айып па, Үйреткен саған Құдайды? Құран сөзін ұқпаған Сендей надан оңбайды. Зекет алса, молдалар, Ұжмаққа жұртты жолдайды. Молда өтірік айтпайды, Оны Құдай қолдайды. Елеуретіп сөйлейсің, Алақтатып көзіңді Әзәзілден сабақ ап, Бүлдіріпсің сөзіңді. Құранға тіл тигізсең, Күпір деймін өзіңді.	
Меркіден арғы еліңнен	Бергіден арғы еліңнен	439-жол
Қалың Ботпай керіңнен	Бір жол өлең түсіп қалған	440-жол
Меркіден арғы еліңнің	Әулие ата, Шымкенттен	441-жол
Күнге күйіп ол түскен	Күнге күйіп түскендей	444-жол
452-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ	Салған қыстақ, қаланы. Үй басына бес тауық	
Кірестьян боп қалады	Кірестьян боп қарады	453-жол
454-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ	Таудан бұта алады, Базарға әкеп салады.	
Бестен өріп салады	Ыстап етін сатады	458-жол



467 жолдан соң 11 жол өлең қолжазбада жоқ.	Өткенді айтып, менменсіп, Көтересің көңіліңді. Ол күндегі батырлар, Бәрі жерге көмілді. Елді, міне, бүлдіріп, Жайлады жау жеріңді. Айта бермей өткенді, Шығарып құмар-шеріңді Айтсайшы, Жамбыл, тағы да, Абақтан енді ұл бар ма, Құтқаратын еліңді.	
Кезек ауырып тұрғандай	Бір жол өлең түсіп қалған	474-жол
Тышқан боғын етектеп	Тапқан анам еркек деп	479-жол
Жүк бұрышына жияды, Сары майдай жентектеп. Қорқып сенен қалмаспын, Тапқан анам «еркек» деп.	Төрт жол өлең түсіп қалған	480-483- жолдар
Қорқып, бұғып қалмаспын	Егер қырсық шалмаса	484-жол
Алдыма сені салмаспын	Алдыма жүйрік салмаспын	485-жол
Қалай айтсам сыятын	Бір жол өлең түсіп қалған	488-жол
Өткір құрыш алмаспын	Өткір қылыш алмаспын	489-жол
493-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Құмар болса айтысу	
Ашынса тілді болмай ма	Атысса қолды болмай ма	501-жол
Көшкін басып жыл сайын	Көштерің басып жыл сайын	511-жол
Ақыным, Жамбыл, долықпа	Ақыным, Жамбыл, жалықпа	519-жол
Бұл арада біз көрген	Менменсінген сендейді	527-жол
Біз де ақынбыз ізденген	Біз де ақынбыз іздеген	528-жол
528-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ	Үйінен жылан шыққандай, Жаз кетсе, қаңғып, күз көрген	
Жалған сөзді жымдай ғып	Жалған сөзді дыңдай ғып	546-жол
Бір баланың кесірі	Бір тентектің кесірі	567-жол
Тоқтады Дулат қозғалып	Шулады Дулат қозғалып	568-жол
Не қылайын қозғарып	Әділдіктен озбалық	571-жол



Ал бір жиен, Жалайыр	Албырт жиен Жалайыр	572-жол
574-жолдан соң 41 жол өлең қолжазбада жоқ.	Еліңде бұзық жоқ болса, Қожақан ішті неге арақ? Әулие, сопы көп болса, Көпке тиер кесірің, Кожа мен молда бек болса, Дәулетті ататек болса, Бойыңда арамкек болса, Молда емес, ол әзәзіл, Сүйкімсіз, жұртқа жек болса, Сол Қожақан болысың Мекеге барды қажы боп, Боза, арақ ішкен соң, Айтады несін қажы деп, Пара тағы жейді екен, Ел ішінде қазы боп, Арамтамақ, ақ білек, Қол астын жемей, қолдай ма? Басшы әділ болмаса, Жұртқа әділдік орнай ма? Ел қорғайтын ұл туса, Елді дұшпан торлай ма? Шаңымды менің шалмайсың, Ұрсаң да қамшы борбайға! Қырсық шалса жолыңды, Ісіңді Құдай оңдай ма?! Төрт түлік мал тұрғанда, Сойдырып шошқа соғымға, Шариғат жолы сондай ма?! Сен білмейсің, мен айтсам, Қосшыбайдың атасы, Қайырсыз бай Қалдайың Тоғайдан торай қоймаған, Адалдап жиған малдайын. Ажырата білмеген, Адал мен һарам қандайын. Шариғаттың жолында, Арам жемек бар ма екен? Албырт жиен, Жалайыр, Еліңнің салты мынадай: Жасын көміл толтырып, Қыз өсірдің бұладай.	
Керегенді сатып ап	Бір керегін сатып ап	576-жол
Кездемесін сатылап	Кездемесін сатқан боп	577-жол
Бір төсекте жатып ап	Қыздарыңмен жатып ап	578-жол
Желіккен жүрек тынады-ай	Желіккен жүйрік тынады-ай	582-жол
Кемітіп жұрттың несібін	Кемуге себеп несібең	587-жол
587-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Алты ауызды ала боп	



Еліңді қысты қынадай	Еліңді қысты қанады-ай	592-жол
Абылай атты ханыңды	Бір жол өлең түсіп қалған	597-жол
608-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Көз жасына қарамай	
Бізге қазақ оңай, – деп	Бұқара бізге оңай, – деп,	611-жол
Бай патшаға таялып	Бай патшаға теңеліп	613-жол
622-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Жауға бердің жеріңді	
623-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Жоқтамай намыс, арыңды	
637-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ	Байтақ жатқан кең елге Тиді кесір шарпының	
Ат-тоныңда көп олжа	Ат-тоныңды олжа ғып	640-жол
Басың аман тұрғанда	Бір жол өлең түсіп қалған	641-жол
649-жолдан соңғы екі жол өлең қолжазбада жоқ	Ант ұрған, – деп айтады Жалайырды Қарғалы	
Түбінде тату болмайды	Ауыз бірлік қыла ма	658-жол
Кедей мен бай кектес ел	Ашулы болған кектісің	659-жол
669-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ.	Маман берер сазанды	
694-жолдан соңғы 11 жол өлең қолжазбада жоқ.	Қарсы жауап айтуға Келтірмеген шамаңды. Жалақор деп айтамыз Жұртына бүлік салғанды. Би мен болыс, бай, манап. Пристав, князь, чиновник Шулатты бала-шағаңды, Қай жақсың бар оларға Қарсы тұрған табанды. Қариямын, сұраймын, Сөзіме жауап бер деймін.	
700-жолдан соңғы бір жол өлең қолжазбада жоқ	Бола алмайсың сен, сірә	
Мен боламын нең? – деді	Меніменен тең деймін	701-жол
714-жолдан соңғы төрт жол өлең қолжазбада жоқ.	Сеңдей-сеңдей ақынның Сөзбен жанын емдеймін. Өлеңмен шын тасысам, Ағып бір жатқан селдеймін	
720-жолдан соңғы үш жол өлең қолжазбада жоқ.	Көпшілік – дария көл дейтін Сол дариядан қансам, – деп, Әркім-ақ аңсап шөлдейтін.	
Ерегіскен еңірейтін	Ерегіскен ерлердің	723-жол



<p>Артыңнан түссе қуғыншы Тау мен тасқа батпайсың. Бай-манаптар жоғалып, Жарлы-жалшы оңалса, Кірерге көр таппасың. Барар жер, батар тауың жоқ, Қайтып жаның сақтайсың? Деп айтты Жамбыл сол күнде, Мықтылықтың белгісі, Патша мен хан зор күнде. Темір тордың ішінде Қамаулы қазақ қор күнде. Менің көрген түсімде, Түсімде көрген есімде, Қаптаған қара бұлт басып, Жерді тұман буыпты. Бір мезгілде қарасам, Ай менен күн туыпты. Нұры жұртты балқытып, Жерге түскен тұманды Желпуішпен қуыпты. Жақсы-жаман демейді, Еңбекші тап халықтың Бәрі өзіне жуықты. Тілімнен бал сорғалап, Перне де саусақ жорғалап, Ойымнан өлең жосылар. Ақынның жыры тербелер, Көңілдің болса қосы бар. Алдымызда аңсап тұр, Аман болсақ көрерміз, Халықтың қамқор досы бар. Жанын құрбан қылатын, Табаңды боп тұратын, Ашық досы осылар.</p> <p>Айтысып жүрген дауды алар, Аңдысып жүрген жауды алар, Көпті көрген көнемін, Жүрегім неден шошынар!</p> <p>Ақынның жыры қозғалса, Ағып жатқан тоқтаусыз Бұлақ емей немене? Данамыз ұлы Сталин Бақыттың шамын жандырған, Шырақ емей немене? Жер жүзінің партия – Ұраны емей немене? Қызыл әскер халықтың Қорғайтуғын дұшпаннан Құралы емей немене? Арт жағында жеткіншек, Қаулап өскен жайқалып, Құрақ емей немене? Он жасында секіріп, Жарға ойнаған жас бала, Лақ емей немене?!</p>	56 жол өлең түсіп қалған.	736-791- жолдар
--	---------------------------	--------------------



<p>791-жолдан соң 19 жол өлең қолжазбада жоқ. Қолжазба бойынша «Лақ емей немене» деген сөзбен айтыс аяқталады.</p>	<p>Жегенің көп шашыңнан, Қылмысың үлкен басыңнан, Халыққа тиген пайдаң жоқ, Қайтып тұзын ақтайсың?! Екі ұртыңды қампитып, Сөйлейсің сен аптығып. Еліңде ер бар ма? – деп, Сұрайсың және шаптығып, Жердің шелін сел жуар, Елдің кегін ер қуар. Дауыл тұрса, бұлт қуар, Жердегі жауды жұрт қуар, Ерліктің оты лапылдап. Аспанға шығар күн туар. Сол майданда жарқылдап, Қолына алмас қару ап, Алатаудан ақырған, Жауын жеңіп жапырған Қарасайдай ұл туар.</p>	
--	---	--

Аталған айтыс Жамбыл айтыстарының ішінде аз көңіл бөлінген, қарсыласының өмірбаяндық деректері де толық зерттеле қоймаған айтыс саналады. Дегенмен, Досмағамбет – Жамбылмен айтысқан ақындардың ішінде қатты айтысқан, тең тартысқан ақын. Айтыс мазмұны өте күрделі, алуан тақырыпты интеллектуалдық айтыс. 1946 жылғы жинақта берілген түсініктемеде: «Бұл айтыс Жалайыр ішіндегі бір жиында болады. Айтыста кімнің жеңгені белгісіз. Бұл айтысты естіп жаттап алған Жетісудың ақындары: «Жәкең жеңді» – дейді. Айтыстың өзі де Жамбыл сөзімен аяқталады. Досмағамбет бүкіл қазақ даласына аты жайылған ірі ақын емес, Жалайыр ішіне ғана мәлім жас ақынның бірі. Бірақ мұнда ақындық сөз салмағы бар, Жәкеңмен едәуір жағаласып, аларлықтай өнер көрсетеді. Жалайыр Қалқа және Үмбетәлі ақындардың айтуына қарағанда, Досмағамбет Алматы облысы, Қаратал ауданынікі, революциядан бұрын, 1910 жылдары 27 жасында өлсе керек. Үмбетәлінің Сапарғали Бегалинге айтуына қарағанда, «айтыс Іле бойында Үйсін ішінде болыпты» дейді. Айтысты Жамбылдың замандастарынан (Үмбетәлі, Өтеп, Саяділден) Тайыр мен Есмағамбет 1939 жылы жазып алған. Бұл айтыс алғаш Жамбыл шығармаларының 1940 жылғы бір томдығында (72-94-бб.) басылған», – деген дерек келтіреді.



Айтыстың М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында және Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар және сирек кітаптар қорында кирилл және латын әріптерінде машинкаға басылған нұсқалары сақталған. Бұл нұсқалардың бәрі негізінен басылым көрген айтыс мәтіндерімен бірдей.

Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалды музейінен аталған айтыстың Үмбетәлінің араб әрпінде өз қолымен жазып қалдырған нұсқасы табылды. 1940 жылдан бергі басылымдарда айтысты жеткізуші белгілі халық ақыны, Жамбылдың дарынды шәкірттерінің бірі Үмбетәлі екені айтылады. Сондықтан музейден табылған айтыс мәтіні бұрын жарық көрген айтыс нұсқаларымен салыстырып, текстологиялық тұрғыда зерделеніп, түпнұсқа бойынша өзгеріссіз берілді. Алайда, осы айтыстың соңында «Айтыс шындығында болмаған, айтысты ойдан құрап шығарған Үмбетәлі» деген ескертпе жазу жазылғанын еске саламыз. Шындығын зерттеушілер мен Жамбылтанушы ғалымдардың еншісіне қалдырылды. Себебі, Досмағамбет туралы да, айтыс туралы да зерттеулер аз, деректер жоқ. Болашақта айтыс туралы және оның көркемдік, поэтикалық қабаттарын аша түсетін іргелі зертеу жұмыстары қажет.

Басылым көрген айтыс мәтінін қолжазба нұсқасымен салыстыру барысында көптеген сөздердің, сөйлемдердің, сөз тіркестерінің дұрыс оқылмағаны, түсіп қалғаны, көркемделгені, редакцияланғаны анықталды, әрі Үмбетәлі музейінен табылған қолжазба бойынша өзгеріссіз жинаққа ұсынылды.

Жамбыл мен Шашубай. Айтыс екі ақынның да көзі тірісінде баспа бетін көрген. Яғни, Жамбылдың 1940 жылғы жинағынан бастап, кейінгі (1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012 (2014) әр жылдарда жарық көрген басылымдарында дерлік жарияланып отырды. 1942 жылғы «Сөйле, Шашеке!»¹⁵ атты жинақта

¹⁵ Сөйле, Шашеке! – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Біріккен баспасы, 1942. - 102 б.



басылды. Аталған жинақтардағы мәтіндерді салыстырғанда елеулі өзгеріс жоқ.

1940 жылғы латын әрпінде басылған жинақтың түсінігіне 1939 жылы Өмірзақ Қарғабаев жинап, тапсырған «Жамбыл мен Шашубай» айтысының басындағы және соңғы қарасөзді түсіндірмелерін түсінік ретінде пайдаланған. Яғни, айтыс «1909 жылдары Алматы қаласындағы Байбұлан байдың үйінде үлкен жиында өткен» дейді. Жамбылдың өмір тарихын, ғұмырнама-лық деректерін жазған Сапарғали Бегалиннің бір дерегінде айтыс 1904 жылы өткен дейді. Оған: «Жамбыл мен Шашубайдың айтысына қатысқан Жамбылдың туысы Ыбырайым Бейсімбет баласы сол жылдары 17 жаста екен, ол биыл 28 жаста демек, екі ақынның айтысы 1904 жылы өтті деуге болады», – деген болжам жасайды.

Алайда, айтыстың куәгері Шашубай, сондай-ақ Кенен ақынның айтуынша, айтыс 1908-1909 жылдары болғанға ұқсайды. Осы деректерге және айтыс қолжазбасындағы көрсетілген мерзімге сүйене отырып, екі ақынның сөз жарысы 1909 жылы өткен деп тұжырымдауға болады.

Айтыс қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар және сирек кітаптар қорында сақталған (ОҒК:Қ.645/2). 1939 жылы жинап, қорға тапсырған белгілі халық ақыны – Өмірзақ Қарғабаев. Жамбылдың 1940 жылдан бергі жинақтарында осы нұсқа негіз етілген. Бірақ кейінгі жинақты құрастырушылар қолжазбамен қайталай текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізбегенге ұқсайды. Айтыстың түпнұсқасы мен басылым нұсқаларын салыстырғанда ішінара өзгерістердің бар екені анықталды. Мәселен, қолжазба мен 1982 жылғы басылымды салыстырғанда:

1939 жылғы қолжазба нұсқасы (Ө.Қарғабаев жинап, тапсырған)	Жамбыл Жабаев екі томдық шығармалар жинағы 1982 жыл	Жол реті
Жүрмісің аман-есен, молла Сәтім	Жүрмісің аман-есен, батыр Сәтім	9-жол



Сұңқар болып туыпсың <i>Ниязбектен</i>	Сұңқар болып туыпсың <i>Найзабектен</i>	11-жол
<i>Ыдырыс, Қостүтінмен атаң – Жұбай, Дәреже сендерге де берген Құдай. Шынжырлы жеті атаңнан келе жатыр, Рақым, Молла Мәди, амансың ба-ай?!</i>	<i>Төрт жол өлең түсіп қалған</i>	25-28- жолдар
<i>Сөйлейді сөйле десең, бұл Шашубай</i>	<i>Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай</i>	29-жол
<i>Баласын Орта жүздің айдап жедім</i>	<i>Баласын Орта жүздің айлап жедім</i>	
<i>Саңлағын Жетісудың көргеннен соң</i>	<i>Басқа жолға аусып кеткен</i>	37-жол
<i>Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын, Табаным қызған сайын бұлдырлаймын.</i>	<i>Екі жол өлең түсіп қалған</i>	41-42- жолдар
<i>Өтіпті Сайымбөлек саңлақ айдап</i>	<i>Өтіпті Сайым бөлек саңлақ айдап</i>	44-жол
<i>Еті қызып алған соң тоқтала ма?</i>	<i>Алған соң еті қызып тоқтата алмас</i>	57-жол
<i>Келді де қалың шаңға араласты</i>	<i>Келдім де, қалың шаңға араластым</i>	62-жол
<i>Сол қырдан Құдай айдап келдім мұнда</i>	<i>Сол қырдан дәм бұйырып келдім мұнда</i>	68-жол
<i>«Кәрі орнында бір шырақшы бала» дейді</i>	<i>Кәрі аруақтың орнында бір шырақшы</i>	69-жол
<i>Кедей, бай, дегдар болыс амансың ба?!</i>	<i>Қалың ел, аманбысың Жетісуда?</i>	70-жол
<i>Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды, Еркек қойдай құйрығын салмақтайды. Ақын болса, тез алдыр Байбұлан бай, Болар-болмас немесін ардақтайды.</i>	<i>Біреуді Жамбыл деген мақтайсыңдар, Жасырып оны қайда сақтайсыңдар? Ақын болса тез алдыр, Байбұлан бай, Әйтпесе ел намысын таптайсыңдар.</i>	75-78- жолдар
<i>Шашубай сөз сөйлейді сөзі сара</i>	<i>Шашубай сөз сөйлейді жеке дара</i>	114-жол



Үлкенге саламың жоқ, аманың жоқ	Үлкенге сәлемің жоқ, аманың жоқ	115-жол
<i>Саламың жоқ, үлкенге аманың жоқ</i>	<i>Үндемейсің ұнжұрғаң түскендей-ақ</i>	119-жол
<i>Ақсұңқардай қырындап мен тұрғанда</i>	<i>Ақсұңқар қырындай мен тұрғанда</i>	131-жол
<i>Барлыбек, Бақия, Тұрлыбек хандығымды</i>	<i>Мұнда келсе айтайын бек, төре хандығымды</i>	
<i>Бәрі де бап қосылып отыр екен</i>	<i>Бәрің де қосылыпсың ойдан, қырдан</i>	146-жол
<i>Күйкі тұғыр сияқты неме екенсің</i>	<i>Күйкі тұғыр сияқты сұсы бөтен</i>	147-жол
<i>Келгеннен соң не тұрыс батыр-еке?!</i>	<i>Бір жол өлең түсіп қалған</i>	148-жол
<i>Ұша алмас қара бүркіт қалықтамай, Мал алмас барымташы анықтамай. Айтатұғын кісінің өзіне айтқын, Делбекезек кісідей шалықтамай. Зулжалал, әбілқайыр, Ақтан пәрмен, Жаратты аспан көкті дәнекермен. Мылтықта түтеп тұрған мен бір пестон, Асықсаң ажалыңа келші, бермен!</i>	<i>Сегіз жол өлең түсіп қалған</i>	149-156 жолдар
<i>Без белет, шұбырынды жаман арғын</i>	<i>Без белет, шұбырынды сен арғынды</i>	163-жол
<i>Сен-дағы қимылдадың аямай-ақ</i>	<i>Сен-дағы қимылдадың аянбай-ақ</i>	171-жол
<i>Төрт қырланған жебенің</i>	<i>Төрт қырлы көк жебенің</i>	177-жол
<i>Тойынып кеткен басына</i>	<i>Тойынып кеткен екенсің</i>	181-жол
<i>Берекелі ел едім, Сен қашан меніменен тең едің? Шұбырынды Арқадан, Ақтабан болған неме едің!</i>	<i>Білдім жаңа себебін, Тойындырған талайды, Берекелі ел едім. Қаңғып өткен арғын-ау, Қашан маған тең едің?</i>	182-185-жолдар
<i>Аузыңды байқап сөйле Ұлым енді</i>	<i>Аузыңды байқап сөйле бүгін енді</i>	193-жол
<i>Не қылғанмен бұлардың ақылы өре</i>	<i>Не қылғанмен бұлардың орны өзге</i>	207-жол
<i>Басшы боп Ұлы жүзді сұрап тұр ғой</i>	<i>Басшы боп Ұлы жүзді қарап тұр ғой</i>	208-жол



Бұлардың шар тарапқа даңқы кеткен, Бұл күнде қазы боп тұр әділетпен. Көшедегі орнатқан панардай боп, Жарығы түсіп тұр ғой барша көпке.	Бұлардың шар тарапқа даңқы кеткен. Көшедегі орнатқан панардай боп, Бұл күнде қазы боп тұр әрекетпен. Жарығы түсіп тұр ғой барша көпке.	210-213- жолдар
<i>Сонда</i> Жамбыл сөйлейді	<i>Енді</i> Жамбыл сөйлейді	231-жол
Сендей неме <i>ширегiме келмейдi</i>	Сендей неме <i>немене ежелден</i>	239-жол
Сөйледің сен де аянбай	Сөйледің сен де аямай	240-жол
<i>Елірмегін, Шашубай</i>	<i>Еліре берме, Шашубай</i>	253-жол
Ту түбінде тулаған	Бір жол өлең түсіп қалған	261-жол
<i>Бай болған саудаменен Байбұланды, Буландың неменеге батыр-еке?</i>	<i>Бай болған деп мақтайсың Байбұланды, Есіріп ақ суына әлденеге.</i>	275-276- жолдар
Келді де <i>Алматының</i> дәмін татты. Алма-ата тастағында қара лашық Тікті де үш жыл жатты, <i>Неше жыл қарала атпен отын сатты.</i> Бұл арадан ауып келген кембағал деп, <i>Тері-терсек алсын деп аралатты.</i> Сөйтіп жүріп <i>бай болды Байбұланың, Қойшыменен ұрысқан байлар құсап, Мен жақсылығымды айтқаным жарамас-ты.</i>	Келді де, біздің жердің дәмін татты. Алматы Тастағында қара лашық Тікті де, көң-қоқырда үш жыл жатты. Тексеріп сұрай берсең тегін арғы, Арқадан ауып келген ұры-қары. Тері-терсек жымқырып, ұрлап сатты, Сөйтіп жүріп Байбұлан малға батты. Бай болып ұрлықпенен асып-тасты, Мұнымен мақтануың жарамас-ты.	278-286- жолдар
<i>Ауруға ауру қосар деген жаман бақсы</i>	<i>Дертке дерт қосар деген жаман бақсы</i>	288-жол
<i>Қос сертпелі қақпандай Мәңке, Сәтім, Сәтті күнде туылған азаматым. Сұңқар болып туылды екеуі де, Көп дулаттан тарайды арғы заты.</i>	<i>Төрт жол өлең түсіп қалған</i>	289-292- жолдар



Сен сайлауда көкке қарап ақиясың, Тозақтың ортасында қоқиясың. Мұсылманға тағы жоқ жақындығы, Орыстың баса киіп тақиясын.	Сорлы, сені қатарға қашан алды, Сайлауда көкке қарап, ақиясың. Ішкенің су орнына арақ, боза, Дозақтың ортасында қақиясың!	295-298- жолдар
Түрегеліп сиесің жөні келсе, Дініңе кесек атқан сен бір сұрқиясың!	<i>Екі жол өлең түсіп қалған</i>	299-300- жолдар

Мәтіндерді жолма-жол салыстыру барысында, айтыс ішіндегі діни сөздерді басқа балама сөздермен алмастырғаны не қысқартқаны анықталды. Мысалы, «молла Сәтім» дегенді «батыр Сәтім», «Құдай айдап» дегенді «дәм бұйырып» деп ауыстырса, айтыс соңындағы:

Сен сайлауда көкке қарап ақиясың,
Тозақтың ортасында қоқиясың.
Мұсылманға тағы жоқ жақындығы,
Орыстың баса киіп тақиясын.
Түрегеліп сиесің жөні келсе,
Дініңе кесек атқан сен бір сұрқиясың!

деген шумақ:

Сорлы, сені қатарға қашан алды,
Сайлауда көкке қарап, ақиясың.
Ішкенің су орнына арақ, боза,
Дозақтың ортасында қақиясың!

деп, мәтін ішіндегі «мұсылман», «орыстың тақиясы» деген жолдар өзгеріске ұшыраған. Тіпті, соңындағы «дініңе кесек атқан» деген сөзі бар екі жол өлеңді енгізбеген. Жалпы айтыс мәтінде 20-дан аса жол қысқартқаны анықталды. Сондай-ақ айтыста кездесетін Албан елінің Айт-Сүйіндік руынан шыққан атақты Құдайназар бидің немересі Сайымбөлектің есімін «Сайым»,



«Бөлек» деп екіге жарып берген. Және бір назар аударатын нәрсе, Шашубайдың Жамбылды айтысуға шақыратын сәті, әрі арнайы айтылған өлеңі Құлмамбет пен Жамбыл айтысындағы Құлмамбеттің Жамбылды «шақырыңдар» деп айтқан өлеңіне ұқсайды. Мәселен, «Жетісудің ең жүйрігін шақырыңдар, жаман ақынымен айтыспаймын» деп шамырқанған Шашубай:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса, тез алдыр, Байбұлан бай,
Болар-болмас немесін ардақтайды...

Байбұлан, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға?
Тағалы төрт аяғы мен бір жорға,
Ылайық тар көшеге салдыруға.
Ақын болса тез келсін бұл араға,
Бізбенен жарар ма екен пар қылуға, —

десе, Арбаөткелде тоғыз ақынды бірдей жеңген Құлмамбет:

Құдайберген кісі жібер, Жамбылыңа,
Жамбылды болмады ма алдыруға?
«Жамбыл» деп осы арада жан мақтайды,
Сол неме жарар ма екен пар қылуға?

«Жамбыл» деп осы арада жан мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Көрерміз әуселесін аздан кейін,
Болар-болмас немесін ардақтайды, — дейді.

Екі айтыстағы сөздердің бірдей қайталануы күмән тудырады. Ол тек біреуіне тиесілі болу керек. Сол үшін айтыстардың хронологиялық мерзіміне қарасақ, бұл – Құлмамбеттің Жамбыл



айтысындағы сөздер екені шындық. Бұл жерде кірігуі тек кейінгі айтысты жырлаушылардың, не жазып берушілердің ілгергі айтыстағы сөздерді араластырып қолдануынан кеткен жаңсақтық деп қортындылауға болады.

Жамбыл мен Балық. Айтыс алғаш 2012 (2014) жылғы Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық шығармалар жинағының бірінші томында жарық көрді. Жамбылдың қырғыз ақыны Балықпен айтысы ертеректе болған. Қырғыз зерттеушісі Батма Кебекованың жазуына қарағанда: «Айтыс Бәйтiктің баласы Байсалдың үйінде өтiп, онда Бәйтiк әлi тiрi болған (ол 1886 жылы жылы қайтыс болған). Бірақ ұзақ айтыспаған. Балық бастап жырлап, Жамбыл орынды жауап қайтарып, әрiптесiн ұялтып, айтысты ұзартпай тоқтатады».

2012 (2014) жылғы жинақтың түсiнiгiнде: «Балықтың ұлы Найманбай (1847-1913) жас жағынан Жамбылмен шамалас. Жамбыл қырғызға келiп-кетiп жүрсе де, әке сөзiн ескерген Найманбай ақын басқа ақындармен қанша қағысса да, Жамбылды айтысуға шақырмаған. Айтыстың берiлiп отырған қысқа нұсқасын Б.Кебекова қырғыз ақыны Ысмайыл Борончиевтан естiп, жазып алған. Ал, Ы.Борончиев 1936 жылы Ала аршаны аралап жүрiп, Күнту руының бiр қариясынан естiген» деген дерек келтiредi.

Мәтiн жинаққа 2012 (2014) жылғы басылым бойынша ұсынылды.

Жамбыл мен Молда Бағыш. Айтыс алғаш рет 2012 (2014) жылғы Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық шығармалар жинағының бірінші томында жарияланған. Молда Бағыш Сарыбайұлының «Абақты дәптері» атты жыр кітабынан¹⁶ филология ғылымдарының докторы Бекен Ыбырайым қазақ тіліне аударып жариялаған. Б. Ыбырайым айтыс жайында: «Бұл

¹⁶ Б.Сарыбайұлы. Абақты дәптері. – Бішкек, 1998. – 209-210 б.б.



амандасуды кезінде ақын Молда Бағыш есіне түсіріп, араб қарпімен жазып қалдырған. Бұл жазбаны атасы Базарбай Ражапұлынан Мәнзура Әмірқызы Базарова кириллицаға түсірген. Бұл туынды айтыстан гөрі екі ақынның өлеңмен амандасуына көбірек ұқсайды» дейді.

Қырғыз тілінен тәржімаланған екі айтыс та арада көп уақыт өткен соң ғана хатқа түскені салдарынан, әу бастағы көркемдік деңгейінен айырылып қалған. Оның өзіндік себептері де бар: біріншіден, ауыздан-ауызға таралу барысында айтыстың негізгі мазмұны ғана есте қалып, сөздері мен сөйлемдері өзгеріске ұшыраған, екіншіден, жеткізушілердің ақындық қабілетіне де қатысты деуге болады. Сондай-ақ, қазақша төгілген жырды қырғыз тыңдармандары толық есінде сақтай алмауы ғажап емес.

Жинаққа 2012 (2014) жылғы басылым негізінде ұсынылды.

Тоқтағұл мен Жамбыл. Жамбылдың бұрынғы жинақтарында жарияланбаған, алғаш рет ұсынылып отыр. Айтыс мазмұнына қарағанда, Тоқтағұлдың түрмеден босанып шыққаннан кейінгі Жамбылға шаққан назы, дүниенің жалғандығы туралы сөзі, оған Жамбылдың «сен қырғыздың сұңқарысың, өткен іске өкінбе» деп қайрат беріп айтқан өлеңімен аяқталады. Айтыс мәтінінің соңында Ыманбай Кенжеғұлұлы деп жазылған. Соған қарағанда айтысты айтушы адамның есімі болса керек. Әр ақынның өлеңінен кейін «айтыстың аяғы жоғалған» деген ескертпе жазылған. «Араб тамғасынан орыс әріпіне қотарып басқан және 1969 жылы қорға тапсырған – Жәки Таштемиров». Көшірме Қырғыз Ғылым Академиясының қоғамдық ілімдер бөлімінің фондысынан (инв. 1753) алынған.

Жинаққа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорындағы сақталған көшірмесінен қазақшаға аударылып ұсынылды (ӘӨИ:Қ.713).

Нұрилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі. Айтыс алғаш Жамбыл шығармаларының 1946 жылғы



толық жинағында жарияланған. Осы айтыстың алғашқы үлгісін және Жамбыл Жабаев, Үмбетәлі Кәрібаев шығармаларының кейінгі басылымдарын Орталық Ғылыми кітапханадағы Саяділ Керімбеков жазып тапсырған қолжазбамен салыстырғанда, айырмашылықтар баршылық. 1946 жылғы жинақта берілген түсінікте айтысты кім, қашан тапсырғаны нақты көрсетілмеген. Ал, С.Керімбеков нұсқасын оқып бергенде, Жамбыл айтысқа қатысқан ақындардың саны көбірек екенін еске салады. Айтысты әлденеше рет есіне түсіріп, ұмытылғандарын толықтырып жазған С.Керімбеков деп айтуға негіз бар. Қолжазбадағы (ОҒК: Қ.250/2) көптеген шумақтар 1946 жылдан бергі басылымдарда бар. Солардың қай-қайсысында да С.Керімбековтің жазғандары пайдаланылғаны талас тудырмайды. Ол алғаш жазып бергенде, 400 жолдан аз-ақ артық болған. «Түгел есте сақтағанда, 1500 жолдай болар еді дейді Саяділ»¹⁷, – деп жазады С.Мұқанов Жамбыл шығармаларына арнаған кіріспе сөзінде.

Нұрила Әбенқызы мен Үмбетәлі Кәрібаевтың осы айтысы қашан болғаны туралы пікірлер әрқилы. 1946 жылғы жинаққа берілген түсінікте «1919 жылдары жайлау үстінде» дейді. Үмбетәлінің айтуынша, «Қазыбек деген жерде Мәңкенің інісі Қасеннің әйелі ұл тапқанда, жасаған тойда болса керек»¹⁸ десе, Кенен Әзірбаевтың айтуынша, «1921 жылы көктемде Шамалған өзенінің бойындағы Ащыда (қазіргі Алматы облысы, Қаскелең ауданының территориясы) Қасен Ысмайылұлының тойында айтысқан»¹⁹ делінеді.

Қазақстанның құрметті журналисі Үсенбай Тастанбеков айтыстың 1921 жылы өткенін, ол кезде Нұриланьың 25 жаста екенін жазады²⁰. Үмбетәлі Кәрібаев шығармаларының 2009 жылы

¹⁷ Жамбыл. Шығармаларының толық жинағы. 1 том / Редакциясын қарағандар: С.К. Кеңесбаев, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаев (редактор). – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1946. 29-б.

¹⁸ Жамбыл Жабаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1946. – 684 б.

¹⁹ Әзірбаев К. Аңыздар сыры. – Алматы: Жазушы, 1969.

²⁰ Тастанбеков Үсенбай. Айтыстың ақтаңгерін білеміз бе? // «Жетісу» газеті. – 2011. – 13 қазан.



жарық көрген екі томына енген материалдарда айтыстың өткен мерзімі 1921 жыл екенін білдіреді. 2012 (2014) жылғы Жамбыл Жабаевтың төрт томдық толық шығармалар жинағының бірінші томының түсінігінде белгілі әдебиеттанушы ғалым, Жамбылтанушы Р. Әбдіғұлов осы мәліметтерді ескере отырып: «Олай болса, Нұрилла Әбенқызы бұған дейінгі басылымдарда, мақалаларда айтылып келгендей, 1894 жылы емес, 1896 жылы дүниеге келген болып шығады» деген пікір білдіреді. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында аталған айтыстың халық ақыны Саяділ Керімбеков жазып өткізген екі нұсқасы сақталған (ОҒК:Қ.250/2,3). Қолжазбаның 2-дәптеріндегі араб әрпімен жазылған қолжазбасы көлемді, шамамен 900 жолдан асыңқыраса, 3-дәптердегі айтыс мәтіні кирилл әрпінде машинкамен терілген, көлемі шағындау, 400 жолдай. Айтыстың бірінші нұсқасы қолайлы болғанымен онда Жамбыл ақынның төрелігі айтылмайды. Сол себептен де шағын болса да, екінші нұсқа жинаққа ұсынылды. Бір адам жеткізген екі нұсқа екі түрлі. Мәселен, арабша жазылған нұсқасында айтыстың кімнің үйінде, қалай өткені туралы өлеңмен жазылған кіріспе айтылады, яғни:

Бай болса, баласы жоқ жаман екен,
Шашылып өлгенде мал қалады екен.
Қасымы Сымайылдың деген кісі
Жалғанда баласы жоқ адам екен.
Келгенде жасы алпысқа сол Қасымның,
Қатыны бір ұл бала табады екен, –

деп басталады.

Жетісу өлкесінің бірталай жүйрік ақындары қатысқан осы тойда «қара жорға» атанған өрен жүйрік Үмбетәлі «менімен айттысатын ақын қайда?», «Үмбетке пар келетін ақын бар ма?» деп шабыттанғанда, қызыққа құмартып, делебесі қозған Зейнәділ деген жігіттің (Саяділ Керімбековтің інісі) айтуымен Жұбаньш Бәрібаев Табылтай, Иманбай тағы басқа беделді кісілер арқылы



хат жіберіп, Нұрилань шақыртады. Айтыс осылайша басталады. Ал, екінші кирилл қарпімен жазылған нұсқада бірден Нұрила ақынның өлеңімен басталады.

Бұл айтыс – көлемі мен көркемдігі жағынан қазақ айтысында өзіндік ерекше орны бар, шоқтықты шығарма. Екі ақынның да бұған дейінгі талай сайыстардан, талай сындардан сүрінбей өткені, шыңдалғаны, Жетісу өлкесінде кең танылған, даусыз мойындалған дарындар екені айқын аңғарылады. Нұрилань Байбурыл, Мақыш, Арғынбай, т.б. ақындарды жеңгені, Бармақ, Кенен, Шүкітай сияқты есімі елге мәлім ақындардың жүрексініп, онымен айтысудан бас тартуы – Нұрила Әбенқызының көпке әйгілі жүйрік екеніне дәлел. Көп ақынның ішінен суырылып шығып, тайынбай, тайсалмай айтысқа құлшынуы – Үмбетәлінің де тегіннен-тегін «қара жорға» деп аталмағанын көрсетсе керек.

Жамбыл шығармаларына енген бұл айтыс нұсқасы алғаш ақынның 1946 жылғы жинағында жарық көріп, онан кейінгі жерде әр жылдардағы басылымдарында дерліктей өзгеріссіз жарияланып келді. Сондықтан да түпнұсқа мен басылым нұсқасындағы мәтіндік ерекшеліктерін анықтау үшін Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорындағы Саяділ Керімбеков жазып қалдырған екінші нұсқасымен (ОҒК:Қ.250/3) 1946 жылғы басылымды салыстырылды:

Қолжазба (ОҒК:Қ.250/3)	1946 жылғы басылым	Жол реті
Жантұдағы мен болсам Нұрила ақын	Мен болсам Жантұдағы Нұрила ақын	1-жол
Шырқағанда шығандап шықсын даңқым	Шығандап шырқағанда шықсын даңқым	2-жол
Ынтасымен тыңдайды сүйіп халқым	Тыңдасын, ынтасымен сүйіп халқым	4-жол
Телегей теңізіне көптің малтап	Телегей теңізіне көптің малтып	7-жол
Кетеді екіленіп аруағым	Кетеді көтеріліп аруағым	12-жол
Ақын шіркін, әйткенмен ар қылмайды	Әйткенмен ақын шіркін, ар қылмайды	20-жол
Өлеңімнің шыдамай таяғына	Шыдамай өлеңімнің таяғына	21-жол
Ақсағаның жем түсіп аяғыңа	Жем түсіп ақсағаның аяғыңа	24-жол
Сені білем, Нұрила, кішкентайдан	Сені білем, Нүрік-ау, кішкентайдан	42-жол



Жанту болсаң, Нұрила, Жаныс едім	Жанту болсаң, Нүрігім, Жаныс едім	45-жол
Екі Жаныс жеңгенде бірін-бірі	Екі бақсы жеңгенде бірін-бірі	47-жол
Шапырашты жай тұрсын жүлде алмай-ақ	Шапырашты жай тұрсын жолды алмай-ақ	64-жол
<i>Шапырашты жай ғана</i> тұрсын тыңдап	Жай ғана Шапырашты тұрсын тыңдап	66-жол
Атағымды жоймаймын әнім барда	Атағымды жоймаймын атым барда	85-жол
Жұртқа Кенен қадірлі дәнiм барда	Жұртқа Кенен қадірлі нарқым барда	86-жол
Қима сөздің қиынын табушы едің	Қима сөздің қисынын табушы едік	95-жол
Түлкісін қызыл алтай сөздің қуып	Түлкісі қызыл алтай сөздің қуып	103-жол
Апарып өз ініне індетмін	Апарып өзеніне ендетемін	104-жол
Бір басамын, Нұрила, жалыныңды	Бір басамын, Нүрік-ау, жалыныңды	108-жол
Сұрастырып жүргенде осы керден	Сұрастырып жүргенде осы кезден	109-жол
Ұшырадың, Нұрила, үлкен дауға	Ұшырадың, Нүрік-ау, үлкен дауға	118-жол
Басып озар байталды шыжбаңдатып	Басып озар байталды ынжаңдатып	124-жол
Екі сөзге келмей-ақ «еркек» дедің	Екі сөзге келмей-ақ еркектендің	125-жол
Айтысудың қағысып ығын білмей	Айтысудың қағысып ісін білмей	127-жол
Салғыластым сан қабат сар кідірмен	Салғыластым сан қабат бұлбұлыңмен	148-жол
Шешен десем, Нұрила, шатпақ па едің	Шешен десем, Нүрік-ау, шатпақ па едің	
Жақсы әйелге тең еркек жолғаспаған, Алғашқыда абайлап арбаспаған. Өзіңе сай бір жүйірік көк байталда, Жаман тұғыр тоқтады шалғасқадан	4-жол өлең түсіп қалған	169-172-жолдар
Үмбетәлі ақын, Нұрила, балшық болсын	Үмбетәлі ақын, Нұриланың аты өшсін	179-жол
Сен сықылды жеңілсем кеңкелестен	Сен сықылды жеңілсе жөн білместен	180-жол
Байқап сөйле, антұрған, кеңкелес кім	Байқап сөйле, антұрған, жөн білмес кім	182-жол
Көңіл құсы көкейге тез қонады	Көңілді сөз көкейге тез қонады	197-жол
Диуана, ел қыдырған сен бір бақсы	Ел қыдырған диуана сен бір бақсы	204-жол
Өз бойыңды өлшеспей өмірменен	Өз бойыңды өлшемей өңмең қағып	207-жол
Көргенім жоқ, Нұрила, сендей пірсіз	Көргенім жоқ, Нүрік-ау, сендей пірсіз	209-жол
Шыдамай шын перінің зардабына	Шыдамайтын перінің зардабына	221-жол
Долы қашып, именіп, қорынатын	Долы қашып, тимейтін, қорынатын	222-жол
Қарсы келсең, ісіне аруақ атар	Қарсы келсең, жарқыным, аруақ атар	228-жол
Тәубалаңғын тіліңнің жазасына	Тәуба келтір тіліңнің жазасына	229-жол
Антұрған, әзіл сөзге наза болып	Антұрған, әзіл сөзге ыза болып	239-жол
Табаны жоқ адамдай тарынбағын	Тауаны тар адамдай тарынбағын	240-жол
Ән қосқан домбыраға тырқы тыңқыл	Ән қосқан домбыраға тыңқыл-тыңқыл	262-жол
Сыртыңмен жеңемін деп желпініпсің	Сыртыңмен жеңемін деп желпінесің	263-жол
Ал, Үмбет, жетең болса, ал енді ұмтыл	Ал, Үмбет, жетең болса, көне, ұмтыл	



Сақалдың сәні бар ма бес тиындық	Сәні бар ма сақалдың бес тиындық	286-жол
Аулақ жерге шенімнен, алас-алас	Аулақ кетсін шенімнен, алас-алас	
Қиынға қия шауып, қисын тауып	Қиынға қылыш шаптың, қисын таптың	307-жол
Отыр ма екен осында намыстанбай	Отыр ма екен осы жерде намыстанбай	312-жол
Айдаһарсың, ақынды жылан десем	Айдаһарсың, ақынды жылан десе	326-жол
Ирелеңдеп ініңе кетсең екен	Ирелеңдеп ініңе жарар кетсең	328-жол
Жетең болса жетерлік есең болды	Жетер болса, жетерлік енді қашан	333
Бұл жердегі айтыстың мазмұнынан	Бұл жердегі айтыстың кезегінен	355-жол
Ерден басып екпінді жүлдең озды	Ерден басып екпінді жолың озды	
Жауап үшін осындай жас кезінде	Тамаша үшін осындай бас қосқанда	377-жол
Әркім сөздің ығынан қисын терсе	Әркім сөздің ішінен қисын терсе	
Домбыраға бас қосқан салды әнімен	Домбыраға ән қосқан сәнді әуенін	385-жол
Болмас жерге болмаймын онша бәдік	Теңдесе алман сізге мен, жасым кіші	395-жол
Қинамаңыз, мен сізге ізет қылам	Қинамаңыз, тағы да ізет қылам	396-жол
Келін болып еліңе былтыр түстім	Келін болып еліме былтыр түстім	401-жол
Екіқабат сондықтан жағдай болып	Нәресте бар үйімде және әлсізбін	403

Нәтижесінде, көптеген сөздер мен сөйлемдердің орны ауысқаны, кей шумақтардың түсіп қалғаны, дұрыс оқылмағаны анықталды. Мәселен, «Жантұдағы мен болсам, Нұрила ақын» дегенді «Мен болсам Жантұдағы Нұрила ақын», «Шырқағанда шығандап шықсын даңқым» дегенді, «Шығандап шырқағанда шықсын даусым» деген сияқты мәтіндегі орын ауысулар және «апарып өз ініне індетермін» деген сөйлемді «Апарып өзеніне ендетермін» деп, «Басып озар байталды шыжбаңдатып» дегенді «Басып озар байталды ынжаңдатып» деген сияқты дұрыс оқылмаған сөз, сөйлемдер жиі кездеседі.

Айтыс мәтіні С. Керімбековтің екінші нұсқасы (ОҒК:Қ.250/3) бойынша жинаққа өзгеріссіз ұсынылды.



Есімдер көрсеткіші

Абақұлы Жайнақ (туған жылы белгісіз – 1859) – би, батыр. Тегі – Албан руының Айт-Сүйіндік тармағынан шыққан. Атасы Сайымбөлек атақты Құдайназар бидің немересі. Шешесі Райымбек батырдың қызы Манат. Әйгілі Тезек төренің қол астындағы сенімді билерінің бірі болған Жайнақ 1850-55 жылдары ел аузына ілігіп, көптеген дауларда әділдігімен көзге түседі. Ш.Уәлиханов 1856 жылы Алтынемел сапарындағы жазбаларында Айт-Бозым биі Жайнақтың есімін де атап өтеді. Атақты саяхатшы П.П.Семенов-Тянь Шанский «Путешествие в Тянь-Шань. 1856-1857 г.» деген еңбегінде Албан елінде өткен үлкен бір аста болған жесір дауын айта келіп, Жайнаққа «лучший знаток обычного права» деп баға береді.

Айдосұлы Сарыбай (1821-1864) – Шапырашты – Екей руының беделді биі, Жамбылдың аталас туысы. Жетісу жеріндегі Қоқан билігін құлатуда ерекше көзге түсіп, Ресей патшасынан шен алған.

Айкүміс – Шапырашты, Мырзабек руынан шыққан ақын қыз.

Аққошқар – қырғыздың жорықшы батыры, қырғыз тарихында болғаны мәлім емес. Кейбір шығармаларда қалмақ батыры ретінде кездеседі.

Ақшаұлы Бөгембай, Қанжығалы Бөгембай (шамамен 1680-1778) – Қаратау бөктеріндегі Бөген өзенінің бойында туып, Ақмола облысы Ерейментау ауданы, Қоржынкөл көлінің маңында қайтыс болған. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі тарихында ерекше рөл атқарған батыр. Арғын-қанжығалы руынан шыққан, қазақ әскерінің бас қолбасыларының бірі.



Ақынбекұлы Сұраншы (1815-1864) – қоқандықтардан қазақ жерін азат ету жолында ересен ерліктерімен көрінген халық батыры. Тойшыбек бекінісі, Шомқалған, Сарыкемер соғыстарында қол бастаған сардар. Сайрам үшін болған ұрыста мерт болған.

Алғазыұлы Шарғын (1903 – 1988) – ақын. Алматы облысы Ұйғыр ауданы Ұзынтам аулында дүниеге келген. 1920 – 1921 жылдары ақын Додабаев Маңұтаннан дәріс алған. 1925-1930 жылдары болыстық атқару күнде хатшы болып, ауылды ұжымдастыру науқанына белсене араласады. 1932 жылы асыра сілтеушіліктің қамымен Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болады. 1934 – 1958 жылдары аралығында Қытайдағы қазақ ақындарында ағартушылықпен айналысып, мұғалім, мектеп директоры, ауданы оқу мәдениет бөлімдерінің меңгерушісі, халық кеңесінің хатшысы сияқты қызметтер атқарады. Ақын Таңжарық Жолдыұлымен бірлесіп, Құлжада тұңғыш қазақ газеті «Іле» газетін шығаруға ат салысады. Бұдан кейінгі ашылған «Төңкеріс таңы», «Білім арнасы», «Одақ» т.б. газет-журналдарда шығармалары жарияланып тұрған. Таңжарықпен, Нәсілхан қызбен, Күлшарханмен айтысып, «Шалкөде жырдың жайлауы» дастанын шығарады.

Андас – Дулаттан шыққан батыр, Сұраншымен замандас.

Асан Қайғы (XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі Асан Қайғы мазары делінеді. Асан Қайғының өмір сүрген дәуірі Алтын Орданың ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтарының пайда болып, Ноғай ордасы ыдырап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қымқиғаш талас-тартысты аласапаран кезеңге душар болды.



Асанұлы Қабан (Қаблица) (1733-1824) – ақын, жырау, ұлы жүздегі Жалайыр руының Мырза тармағынан шыққан. 15 жасынан ақындығымен танылып, айтысқа түскен. Жетісу өңірінің Сүйінбай Аронұлы, Бақтыбай Жолбарысұлы, Қалқа Жапсарбаев, т.б. ақындары оны ұстаз тұтқан. Қабан жыраудың бізге жеткен шығармалары – Тұмаршамен және Тауман қызбен (Арқадағы) айтыстары. Сондай-ақ, «Бәрің дағы тыңдаңдар», «Ырыс алды – ынтымақ», «Арғымақ – жабы көрінер», «Тамшыдан теңіз молайып», «Барлы, барлы, барлы тау», «Жер ойпаңы білінбес», «Қарынбай (қисса), т.б. шығармалары бар.

Атыханұлы Бөлтірік (1870-1928) – ақын, жыршы, күйші. Алматы облысы Райымбек ауданы Қарабұлақ ауылында туған. Ұлы жүздің Албан тайпасы Қызылбөрік руынан. Құланаян Құлмамбеттің шәкірті. Бала кезінде ауыл молдасынан дәріс алған. Жасынан ел аралап, өнер қуған. Жетісу өлкесіне шұрайлы өлеңдерімен ақын ретінде танылған. Атақты Жамбыл, Майкөт, Үмбетәлі ақындармен айтысының үзінділері ғана жеткен. Күйлері «Терме күй», «Жыр күй», «Ән күй» шығармалары сақталынған. Ақын жырларының сақталуына үлес қосқандар Байниет Малыбекұлы, Қайырбек Мәңкеұлы, Садықожа Моштайұлы, Бура молда, Саурықов Сыдық, Әбдірасылов Шәуен ауыздан-ауызға жатқа айтып, ұрпаққа жеткізді.

Әбдікәрімұлы Шүкітай – ақын, әнші, сазгер. Алматы облысы, Қаскелең ауданында туған. Руы – Дулаттың ішіндегі Жаныс. Үшқоңыр жайлауында Шамалған өзенінің арғы бетінде отырып, Шүкітай ән салғанда, бергі бетінде тыңдағандар сөзін анық есітетін, даусы аса зор әнші-сазгер, әрі ақын болған. Шүкітайдың әндері Жетісу мен Арқаның дәстүрлі ән өнерінен тамыр алған.

Әбенқызы Нұрила (1896-1921) – Жетісудағы санаулы айрықша дарындардың бірі. 25 жасына дейін он бір ақынды жеңген, сөзден мүдірмеген. Руы – Қаңлы. Алматы облысы, Қаскелең ауданына қарасты Кемертоған ауылында туған. Келін болып



түскен елі – Жаныстың ішіндегі Жанту. Мәліметтерге қарағанда, 25 жасында ауырып қайтыс болған. С.Керімбеков есіне түсіріп, жазып қалдырған нұсқалардан басқа айтыстары сақталмаған.

Әзірбаев Кенен (1884-1976) – Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар станциясының маңында, Мәтібұлақ деген жерде туып-өскен. Халық ақыны, әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның халық ақыны. Жетісу өңіріндегі сал-серілік дәстүрдің, айтыскерлік өнердің көрнекті өкілі. Ән-жырды әуелі ата-анасынан үйренген Кенен 11 жасынан домбыра тартып, өз жанынан өлең, ән шығарады. К.Әзірбаев халқымыздың ауыз әдебиеті нұсқаларын есінде мол сақтаған, оның айтуынан жазып алынған фольклорлық мұралар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Әлі, Хазіреті Ғали (Әзіреті Әлі) – Әли бин Әбу Талиб, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың күйеу баласы, Бибі Фатиманың күйеуі. Хиджраның 40 жылында қастандықпен өлтірілген. Әли Ислам дінін таратуға үлкен еңбек сіңірген дін қайраткері.

Әлібекұлы Төле (1663-1756) – қазақтың қоғам қайраткері, белгілі шешен, Тәуке ханның кеңесшісі, «Жеті жарғы» әдет заңы авторларының бірі, ұлы жүздің аға биі. Ол жорықтарда, соғыста ерлігімен және елді ұйымдастырғыштық қабілетімен де көзге түседі; оны Тәуке хан ұлы жүз ұлысына аға би етіп тағайындайды. Төле би қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан – Орда қонған деген жерде 93 жасында дүниеден қайтқан, денесі өзі он екі жыл басқарған, көркейткен Ташкент қаласына, даңқты Бабұрдың әкесі Юсуп ханның қатарына қойылған.

Байбурыл – Сарыүйсіннен шыққан, өз кезінде белгілі болған ақын. Айтыстарға қатысқан, бірақ сақталмаған. Жекелеген өлеңдерінің үзіктері арагидік түрлі басылымдарда әр жылдарда



жарық көрген. Кейбір шумақтары басқа ақындарға телініп, жарияланып жүр. Туған-өлген жылдары белгісіз.

Балық – қырғыздың манасшысы, айтыс ақыны.

Бәйтiк – ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қырғыздың шоң манабы.

Бұқар жырау (1693-1787) – әйгілі қазақ жырауы. Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп те атаған. Абылай ханды сынап отырып, оның көргендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін тебірене жырлайды. Бұқар жыраудың Абылай ханға, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай батырларға шығарған арнаулары, насихат жырлары ел есінде сақталып қалған.

Дәулетұлы Ноғайбай (1834-1917) – Жетісудағы беделді билердің бірі. Руы – Дулат-Қасқарау. Адал қызметінің айғағы ретінде Ресей әкімшілігінен мойор шенін алған. Ел ішінде ақындық шешендік дарынымен де белгілі болған.

Домалақ ана (Нұрила) (шамамен VI-VII ғ.ғ.) – тарихи тұлға, халықтық шежіреде Ұлы жүз бірлестігіндегі кейбір рулардың түп анасы, абызы ретінде баяндалады. Аңыздарда Домалақ ана – түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Әкесінің есімі – Әли Сылан, анасының есімі – Нұрбике. Бәйдібек биге тұрмысқа шығып, ақылдылығымен, даналығымен, тазалығымен елге аты шығады. Тағы бір аңыз бойынша, түп тегі түрікпен Қара Хайдар Домалақ ананың даналығына тәнті болып, «Диннат мама» (парс. – Әулие ана) деп атапты-мыс. Уақыт өте келе тілдің дыбыстау заңдылығына орай өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Домалақ ана ел арасындағы ушыққан дау, асқынған араздықтың бейбіт шешімін табуға да өз үлесін қосып отырған. Ел билеген азаматтардың өзі кейбір келелі мәселелерді шешерде Домалақ анамен кеңесіп отырған. Домалақ анадан тараған ұрпақтарының бәрі де біліммен, ақылымен көзге түсіп, ел билеген.



Елікбайұлы Жартыбай (1887-1961) – Алматы облысы, Қаскелең ауданында туған. Жамбылдың шәкірттері қатарында саналады. Үмбетәлі, Саяділ, Кенен, Әбдіғали, т.б. айтысқа түскен.

Жантай – XIX ғасырдағы қырғыздың шоң манабы. Кенесарыны өлтіруге атсалысқаны үшін Ресей патшасынан әскери шен алған.

Жарықшак – Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ анадан туған. Албан, Суан, Дулат Жарықшактан тарайды.

Жолбарысұлы Бақтыбай (1842-1902) – айтыс ақыны. Жеті жасында жетім қалып, бірнеше жыл Балқаш, Сексеуіл, Шұрық жақтағы нағашыларының қолында болады. Кейін еліне қайтып келіп, бай ағайындарының малын бағады. Жиын-тойларда өлең құрастырып, ақындығын танытады. Ақыры өнері жалшылықтан құтқарып, өлеңнің соңына біржола түседі. Әсіресе, атақты Тезек төремен айтысы (1861) Бақтыбайдың ақындық даңқын бүкіл Жетісу өңіріне әйгілі етеді. Бақтыбайдың жекелеген толғау, сықақ, жоқтау өлеңдері көп болғанымен, айтыс өнері оны биікке көтерді.

Мәйке қызбен, Арыстан, Жүсіпбек, Әсет, Бәйімбет, Қыпшақбай, т.б. ақындармен айтысы суырып-салма шеберліктің, тапқырлық пен батылдықтың айқын үлгісі. Ақынның «Едіге – Нұран» көлемді дастаны да сақталған. Бақтыбайдың шығармалары 1987 жылы «Жел қобыз» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Қалдай, Маман, Көлібай – Орта жүз, Найман елінің ірі бай-манаптары.

Қарасай – XVI ғасырдағы қазақ елінің сыртқы жауларға қарсы соғысында даңқы шыққан батыр әрі ірі қолбасшы. Руы – Шапырашты. Сүйегі Ерейментау қойнауына қойылған.



Қарашаулы Бәйдібек (шамамен VI-VII ғасырлар тоғысында өмір сүрген) – қазақ халқын құраған тайпалардың аумақтық және этникалық тұтастығын қалыптастыру жолында көп еңбек сіңірген тарихи тұлға. Шежіре бойынша, Ұлы жүздің Үйсін бірлестігі құрамындағы албан, суан, дулат, сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты руларының түп атасы. Бәйдібектің есімі жазба деректерге аз кездескенімен, халық жадында жақсы сақталған. Ол дәулеті шалқыған байлығымен, ұлысты басқарған парасаттылығымен белгілі. Жетісуды, Арыс өзенінің алабын, Ташкент пен Қаратау өлкелерін жайлаған елді басқарған.

Қожағұлұлы Қабанбай, Қаракерей Қабанбай (1692-1770) – Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан батыр. Азан шақырып қойған есімі – Ерасыл. 1717 жылы Аягөз шайқасында ерекше көзге түсіп, Қабанбай батыр атанады. Бірнеше шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналған. 1741 жылы Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін «Дарабоз» атанды. Оның өмірі мен ерлік күресі Бұхар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара т.б. ақын-жыраулардың шығармаларына арқау болған.

Қошқарбаев Шашубай (1865, Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Қоңырат селосы – 1952, сонда) – белгілі әнші, ақын. Жасынан домбыра, сырнай, гармонь тартып, ән салуға, өлең шығарып айтуға, серілік құруға әуестенеді. Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Мәди, Ғазиз тәрізді Арқаның ардагер әнші, сал-серілерімен кездесіп, тәлім алады. Өзі шығарған «Майда қоңыр», «Жетім қыз», «Сырғақты», «Ақ қайың», «Кедейлік», т.б. әндері ел арасына кең тарайды. «Ақтамберді», «Қамбар», «Сұраншы-Бөкей» дастандарын жырлаған. 1909 жылы Жетісуға келіп Жамбылмен айтысқан. 1943 жылы Қарағандыда ақындар айтысын бастаушылардың бірі болды. Көшен Елеуовпен (1943), Болман Қожабаевпен (1944) айтысты. Шашубайға «Қазақ



ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері» (1941) атағы берілді, «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды (1945). «Сөйле, Шашеке» (1942), «Ақ қайың» (1984) атты жинағы шықты. Шығармалары ақындардың жалпы жинақтарында, «Айтыстың» 3-томында (1966) жарияланды. Өмірі мен творчествосы туралы «Қазақ совет энциклопедиясында» (12-т., 1978) жазылды.

Құлмамбет, Құланаян Құлмамбет (1826-1906) – айтыс ақыны. Жетісуда Сүйінбай бастаған айтыс мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Албан ішіндегі Қызылбөрік руының Құланаян атасынан шыққан, Құлмамбеттің Құланаян атануы да содан. Құлмамбеттің айтыстары Жамбылдың жинақтарында, С.Сейфуллиннің алғы сөзімен «Жаңа мектеп» (9.10.1926) журналында, 1942, 1964, 1965, 1988 жылдары жарық көрген «Айтыс» жинақтарында жарияланған. Шығармалары «Сөзімнің қыл сыймайды арасына» деген атпен 1998 жылы жарық көрді. Ақынның өмірі мен шығарм. жөнінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Н.Төреқұлов, М.Қаратаев, С.Садырбаев, М.Жолдасбеков, т.б. ғалымдар зерттеулер жазды. Құлмамбеттің туындылары ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы Орталық ғылым кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталықтарында сақтаулы.

Мұқамбаев Бармақ (1872-1942) – айтыскер ақын, жыршы. Жастайынан Майкөт, Сүйінбай, Майлықожа, Құлыншақ, Жамбыл, Бақтыбай жырларын, халық дастандарын жаттап айтқан. Қазақстанның 10 жылдығына арналған тойда (Әулиеатада) құттықтау айтқан («Еңбекші қазақ», 1935, 7 қараша). 1936 жылы «Қамбар батыр» жырын хатқа түсіріп, ғылыми кітапхана қорына тапсырған. Ол кезінде Сауытбек, Кенжеқожа, Жанат, Арқабай, Оспантай, Үмбетәлі, Жақсыбай, т.б. ақындармен айтысқа түскен. 1919 жылы Ұзынағаш маңындағы бір тойда Үмбетәлі, Шүкітай, Оспантай, Саяділ, Кенен, т.б. ақындармен кезектесіп Нұриламамен айтысқан. Бұл айтысқа Жамбылдың төрелік бергені белгілі («Айтыс», 2-т., 1965).



Өтеген батыр – XVIII ғасырда қазақ жерін сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғаған қазақ батырларының бірі. 1699 жылы Шу өзенінің бойындағы Хантауының онтүстік шығысындағы Ізенді деген жерде дүниеге келген. Шежіресі: Дулат – Жаныс – Жарылғамыс – Бұқар – Сырымбет – Өтегүл – Өтеген. Өтеген батыр он бес жасынан бастап жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа араласқан. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте айбынды батыр болғаны жөнінде Сүйінбайдың бабасы Күсен, Сүйінбай, Майкөт, Жамбыл, Кенен ақындар жырлаған.

Пұсырманұлы Тазабек (Албан Тазабек) (1800-1871) – Алматы облысы Райымбек ауданы Қарқара өңірі батыр, би. Албан тайпасының Сары руының Жәнібек атасынан шыққан. Жетісу өлкесін Жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан Пұсырман бидің ұлы.

Райымбекұлы Мақыш (1865-1931) – ақын, әнші, әрі балуан. Жамбылдың жерлесі, шәкірті, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Жамбыл Балуан Шолаққа барғанда, қасына ертіп жүрген. Нұриламаен, Үмбетәлімен айтысқан. Руы – Шапыраштының ішіндегі Екей.

Сандыбайұлы Майкөт – XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан өңірінде өмір сүрген суырып салма, айтыскер ақын, репертуары бай жыршы. Майкөт «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек» жырларын да айтқан. Кезінде Н.Смирнова оны «Қазақтың мың жылдық тарихын жырға қосушы» деп бағалаған. Алайда Майкөт жырлаған жырлардың дені хатқа түспеген. Оның Түбекпен, Құлмамбетпен, Бөлтірікпен айтыстары, Жамбылмен сәлемдесуі сақталған.

Сарбас ақын (1849-1914) – Жетісудағы айтыс өнерін жалғаушы әрі дамытушы. Руы – Дулат. Атақты Жалайыр ақыны Қабан (Қаблица) жыраудың жиені. Ол – Қуандық, Жамбыл, қырғыз Қалмырза ақындармен айтысып, көптеген қисса-дастандарды



жадында сақтап, жыршылық өнермен де айналысқан үлкен дарын иесі.

Саурықұлы Сыпатай (1837-1899) – Шапырашты Саурық батырдың бел баласы. Ұзынағаш түбінде қоқандықтармен өткен ұрыста көзсіз батырлығымен даңқы шыққан батыр.

Сталин (шын аты Джугашвили Иосиф Виссарионович (1879-1953) – Тифлис маңындағы ауылда етікші Виссарионның отбасында дүниеге келген. Саяси қайраткер, Кеңес Одағының батыры, генералиссимус, маршал, Лениннің үміт артқан үзеңгілестерінің бірі.

Стамбекұлы Саурық (1798-1854) – қоқан және қырғыз манаптарымен болған ұрыстарда атағы шыққан батыр. Қырғыздың Орман манабымен болған соғыста қайтыс болған. Руы – Шапырашты.

Сұлтанқожаұлы Майлықожа (1835-1898) – қазақтың белгілі ақыны. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай елді мекенінде туып өскен. Ақбұлақ өзені, қазіргі Бадам станциясы маңында дүние салған. Мұсылманша хат таныған Майлықожа өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. Оның арнау өлеңдері, термелері, дастандары («Папор патша», «Патша мен үш ұры», «Аңқау мен қу», «Нақыл», т.б.), айтыстары (Құлыншақпен, Ұлбикемен, т.б.) бар. 1883 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының мұғалімі Я.Я.Лютш құрастырып Тәшкенде бастырып шығарған «Қырғыз хрестоматиясында» Майлықожаның бес өлеңі жарияланды. Ақынның бір топ шығармалары «Үш ғасыр жырлайды» кітабында (1922) жарияланған, «Нақыл» атты шығармалар жинағы 1972 жылы жарық көрсе, толық шығармалар жинағы 2019 жылы Алматыда Ғылым ордасында жарияланды.

Сұраншы батыр (1815-1864) – қоқандықтардан қазақ жерін азат ету жолында ересен ерліктерімен көрінген халық батыры.



Руы – Шапырашты, Есқожа. Тойшыбек бекінісі, Шомқалған, Сарыкемер соғыстарында қол бастаған сардар.

Тоқсейіт, Ниязбек, Шойбек, Сәт, Мәңке, Ноғайбай, Алпысбай, Тарпаң, Қожамберді – Жамбылмен замандас Жетісу бойындағы ел билеген атқамінер, ақсақалдар.

Шапырашты Наурызбай (1706-1781) – жоңғарларға қарсы күрескен қазақ батыры. Шапыраштының Төлеміс руынан Абылай ханның ту ұстаған үш батырының бірі (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай), қолбасы – түмен басы. Наурызбайдың 1729 жылы қалмақ батырлары Шамалхан мен Қаскелеңді жекпе-жекте өлтірген ерлігі қазақ даласына кең тараған. 1750-52 жылдары жоңғарларды Тұрфаннан асыра қуып, жеңіске жеткен.



Жинаушылар туралы мәлімет

Әбдігүлов Рафат (1951-2017) – Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Жамбыл ауылында дүниеге келген. 1991-1995 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Жамбылтану және халық ақындары шығармашылығы бөлімінде аға лаборант, кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Осы жылдары халық ақындары шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткіш дайындау жұмыстарымен, Жамбыл айтыстарын зерттеумен айналысты.

Кәкішев Тұрсынбек – 1927 жылы 15 тамызда Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Берлі аулында дүниеге келген. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін, 1960 жылы Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын тәмамдаған. Әдебиетші ғалым, сыншы. Филология ғылымының докторы (1972), профессор (1973), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1979), академик. Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері. Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі. «Парасат» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Кәрібаев Үмбетәлі (1889-1969) – ақын, Қазақ КСР-інің халық ақыны. Қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданы Үмбетәлі Кәрібаев ауылында дүниеге келген. Шапырашты тайпасының Айқым руынан. Жасынан домбыра тартып, өлең-жыр шығарған Үмбетәлі ауылда оқып, хат таныған. Бақтыбай мен Тезек, Жамбыл мен Құлмамбет айтыстарын, «Мың бір түн», «Тотынама» дас-тандарын жатқа айтып, ел арасына таратты. Орынбай, Иса, Кенен Әзірбаев, Саяділ, Есдәулет, Қалқа, Жақсыбай, т.б. белгілі халық ақындарымен айтысқан. Қырғыз жыршылары Оспанқұл, Жаманқұлдармен шығармашылық байланыста болды. Шығыс әдебиетінің мазмұнында «Үш өнерпаз», «Патша мен ұрылар», тарихи сюжетке құрылған «Кемпірбай мен Қисық батыр», бүгінгі



өмірге байланысты «Марқа», «Мәлікбек» дастандарын шығарды. 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, оны жырға қосты. Үмбетәлі шығармалары «Өлеңдер мен дастандар» (1938), «Өлеңдер» (1951), «Өлеңдер мен толғаулар» (1958) деген атпен жарияланды, 1962 жылы таңдамалы шығармалары жарық көрді. Үмбетәліге Алматы облысында ауыл аты берілген және аудан ортасында ақынға мұражай-үй ашылған.

Керімбеков Саяділ (1895-1954) – Алматы облысы, Қаскелең ауданында өмір сүрген. Руы – Жаныс. Өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған. Бірнеше жыр кітабы, жекелеген шығармалары ұжымдық жинақтарда шыққан. «Бес мылтық», «Екі қойшы», «Арқалық батыр» дастандарының авторы. Майса қызбен айтысы бар. Жетісудағы көптеген ақындардың айтыстары мен дастандарын, жырларын хатқа түсірген.

Қарғабаев Өмірзақ (1866-1951) – қазақтың белгілі халық ақыны. Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарақыстақ ауылында дүниеге келген. Өмірзақ ақын жас кезінен ас-тойдың, жиын-тамашаның мақтаулы жыршысы болады. 1912 жылы қырғыз манабы Шәбденнің асында Жамбылмен тағы басқа да ақындармен бірге болып, жаршы-жыршы ретінде ерекше көзге түседі. Отызыншы жылдары ақын жырларының көбін белгілі ғалым Әбубәкір Диваев жазып алған.

Орманов Ғали (1907-1978) – ақын, Жамбыл ақынның әдеби хатшысы. Ол қырғыз эпосы «Манастың» 1-кітабын, А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Ян Райнистің, Ф.Мақтымқұлының, А.Тоқомбаевтың бірқатар поэмаларын, Л.Н. Толстойдың «Анна Каренина» романын, Н.В. Гогольдің «Нева проспектісі» повесін, А.П. Чеховтың әңгімелерін, М.С. Бубенцовтың «Ақ қайың» романын, М.Тұрсын-Заденің «Үндістан балладалары» өлең кітабын қазақ тіліне аударды. Ғ.Ормановтың көптеген туындылары шетел тілдеріне тәржімаланған. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, Ленин ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



Сариев Әбдіғали – 1900 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Аманкелді атындағы совхозда дүниеге келіп, 1964 жылы сонда қайтыс болған. Жетісу ақындарының 1919 жылы Алматыда, 1923 жылы Ұзынағашта болған слеттеріне қатысқан. «Қарасай», «Саурық» атты дастандары бар. Ақынның өмірі жөнінде «Ақын-жыраулар» жинағында кеңірек мәлімет берілген.

Сейфуллин Сәкен (1894-1938) – Қазіргі Қарағанды облысы, Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Ақын, жазушы, көрнекті қоғам қайраткері. 1914 жылы Қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңі жарық көрген. «Жас қазақ» ұйымын құрған. «Тіршілік» атты газет шығарған. Көптеген әңгіме, повесть, роман жазған. «Қызыл сұңқарлар» атты пьесасы, «Жер қазғандар» повесі, «Тар жол, тайғақ кешу» атты романдары бар.

Ыбырайым Бекен (1950 жылы) – Алматы облысы, Қарасай ауданы, Октябрь кеңшарында (қазіргі Байбосын ауылы) дүниеге келген. Әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы. Абай атындағы ҚазҰПУ жанына құрылған «Жамбылтану және халық ақындары» ғылыми-зерттеу институтының директоры болып жұмыс атқарып тұрған кезінде еліміздің әр өңірінде өмір сүрген халық ақындарының шығармаларын құрастырып, баспадан шығаруға көп еңбек сіңірген. Соның ішінде Жамбыл Жабаяевтың төрт томдық толық шығармалар жинағын құрастырып баспадан шығарды. Бердақ өлеңдерін, жекелеген шетел жазушыларының әңгімелерін, ғалымдардың ғылыми еңбектерін, қырғыз, ноғай, татар, тува халықтарының фольклор үлгілерін қазақ тіліне аударған.

Ысмайылов Есмағамбет (1911-1970) – Ақмола облысының Еңбекшілер ауданында дүниеге келген. Әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы. ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (1958). Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.



Жер-су атаулары

Азия – жер шарының ең үлкен бөлігі. Еуропамен қосылып, Еуразия құрлығын құрайды. Еуропамен арадағы шартты шекарасы Орал тауының шығыс етегі, Жем өзені, Каспий теңізі, Кума-Маныч ойысы, Азов теңізі, Қара теңіз, Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі арқылы өтеді.

Ақсенгір – Алматы облысы Жамбыл ауданындағы ауыл, Ақсенгір ауылдық округі орталығы.

Ақтерек – Алматы облысы Жамбыл ауданындағы ауыл, Ақтерек ауылдық округі орталығы.

Алатау – 1) Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгеі Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады. 2) Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы.

Алматы – Алматы облысының орталығы. Республикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Арбаөткел – Қапшағайдың аяқ жағындағы Үшаралдан төмендеу, атпен өтетұғын қылта жер. Бұл Іле өзенінің бұрынғы белгілі өткелі.

Арқа – Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақтанды білдіреді. Шындығында, Арқа –Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и Хамса-и шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Асы – Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының ауқымындағы ауылдық әкімшілік округ орталығы, өзен атауы және Іле



Алатауының шығыс сілеміндегі теңіз деңгейінен 2380-2410 м биіктіктегі жайлау.

Әндіжан – Өзбекстандағы Андижан облысының әкімшілік орталығы Қала Ферғана жазығының шығыс бөлігінде, Андижансай өзенінің бойында орналасқан. Ташкенттің оңтүстігінен 260 км қашықтықта, Ош қаласының солтүстік-батысынан 40 км қашықтықта жатыр.

Байсерке – Алматы облысы Іле ауданындағы ауылдық әкімшілік округінің орталығы.

Еділ (Волга) – Европадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы – 3530 км. Еділ бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Еділге 200-ден астам сала құяды. Еділ өзенінің әдеби – тарихи деректердегі орны ерекше. Оны барша түркі халықтарының ақын – жыраулары құрметпен атап, өз шығармаларына арқау еткен.

Жайық – Каспий теңізі алқабындағы өзен. Ол Ресейдің Башқұртстан, Челябинск, Орынбор әкімшілік аймақтарының және Қазақстанның Орал, Атырау облысының территориясымен ағады.

Жаркент – Алматы қаласының оңтүстік шығысына қарай 300 шақырымдай қашықтықта орналасқан бұл қаланың тарихы әлемге көне замандардан бері танылған.

Жетісу – еліміздегі ең ірі өлкелердің бірі. Жері сулы, нулы Жетісу туралы ғалымдар түрлі пікірде болып келгені белгілі. Кей деректерде Жетісу құрамына Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендері жатқызылса, танымал зерттеуші Ә. Тұрлыбаев Бүйен, Басқан, Сарқант өзендерінің орнына Аякөзді, Талас пен Шуды кіргізеді. Жетісудың аумағында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы Жетісу облысы, 1924 жылы Жетісу губерниясы болып аталып, 1932 Алматы облысы бөлініп шықты.

Қарақастек, Қарақыстақ – Алматы облысының Жамбыл ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі, аудан орталығы. Аудан орталығы Ұзынағаш ауылынан оңтүстік-батысқа қарай



он тоғыз шақырым жерде, Қарақыстақ өзенінің аңғарында, жусан аралас боз, бетеге, сұлыбас, көде өскен тау етегінің бозғылт қоңыр, қоңыр топырақты жонды-белесті келген құрғақ дала-сында орналасқан.

Қаратал – Алматы облысының Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары жерімен ағып өтетін өзен. Балқаш-Алакөл алқабындағы суының молдығы және арнасының үлкендігі жағынан Іледен кейінгі орында. Қаратал Жетісу (Жоңғар) Алатауындағы мұздықтардан басталып, Балқаш көліне құяды.

Қарқара – Алматы облысының Райымбек ауданындағы өзен, тау, жайлау, ауыл атауы. Биік тау етегінен Шырғанақты өзеніне дейін созылып жатқан кең алқапты және сол өзен жағасындағы ауыл атын жергілікті халық Қарқара атайды. Осы жер 1916 жылы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің ошағының бірі болғаны тарихтан белгілі.

Қордай – Қырғыз Алатауының батыс сілемі, Кіндіктас пен Жетіжол жоталары арасындағы асу.

Құлжа – Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы ауданындағы қала. Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы.

Қызылжар (қазіргі Петропавл) – Солтүстік Қазақстан облысының орталығы. Есіл өзенінің оң жағасында орналасқан.

Майтөбе – Жамбыл облысы Талас ауданындағы ауыл. Берікқайнар ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығы Ақкөл ауылының оңтүстігінде 55 шақырым, Қаратау етегінде, Тараз бен Қаратау қалаларының аралығындағы жолдың бойында орналасқан.

Мекке – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.э.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.э.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағ-



дайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Өтеген, Қазбек – Алматының солтүстік батысындағы тау аттары, батырлардың атымен аталған.

Шоқпар – Шу өзенінің шығысындағы жер аты.

Шу – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы 1186 км. (Қазақстан аумағында 800 км), Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері: (Қазақстанда): Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Шу Жоғарғы Ортотоқой және Төменгі Ортотоқой шатқалдарын қалыптастырған. Соңғысының тұсына Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады.



Ру атаулары

Абақ – ұлы жүз Үйсіннен тараған ру. Абақ (Ақсақал), Тарақ (Жансақал) ағайынды болған.

Ақша – ұлы жүз Суаннан тараған ру.

Албан – шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Албан атауы көне жазба тарихи деректерден белгілі. V-VI ғасырларда Албандар Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып, Дулу одағында болған. Қазақ шежіресі бойынша, Бәйдібектің Домалақ ана (Нұрилла) есімді кіші әйелінен туған Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тараған тайпа. Атамекені – оңтүстік-шығыс Жетісу. Кейбір ұрпақтары Қазығұрт тауының (Оңтүстік Қазақстан) бөктерін мекендейді. Ұраны – Бақтияр, тайпалық ұраны – Райымбек, Бәйдібек, таңбасы – дөңгелек.

Бестерек – ұлы жүз Дулат, Шымырдан тараған ру.

Ботбай – ұлы жүз Дулат тайпасының бір руы. Ботбайдан: Құдайқұл, Шағай, Қоралас, Бұйдас.

Дулат – Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ анадан туған баласы. Жарықшақтан тараған тайпа. Дулат Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр болып бөлінеді.

Екей – Шапыраштыдан өрбіген ру. Екей өз ішінен Жәрімбет, Бейімбет болып таралады.

Жайнақ – Үйсіннен тараған Тарақты (Жансақал) кейде Жайнақ деп те аталады.

Жалайыр – Үйсіннің құрамындағы тайпа. Үйсіннен – Тарақ (Жансақал), одан – Жалайыр, Жалайырдан: Сырманак, Шуманак.

Жаныс – Дулат тайпасының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда кең тараған тармағы.

Ошақты – Бәйдібектің Зеріп атты ортаншы әйелінен туған Жалмамбет деген ұлынан Ысты, Ошақты тарайды. Ошақтыдан: Байлы, Аталық, Қоңыр, Тасжүрек.

Сиқым – Дулаттың құрамындағы ру. Сиқым ішінде Мырзасейіт, Байсейіт (Шуылдақ), Тоқсейіт (Қусирақ) болып бөлінеді.

Суан – Жарықшақтан тараған тайпа. Суаннан: Байтүгел, Тоқарыстан, Бағыс.



Тарақ – ұлы жүз Үйсін тайпасынан тараған, «Жалайыр» атанып кеткен ру.

Уақ – Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша уақ керей тайпасымен туыстас. Уақтың алғашқы ата мекені Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға жылжуының салдарынан уақтар өзінің ата-мекенінен ығысып, солтүстікте Тобыл және Үй өзендеріне, Батыста Торғай өлкесіне, ал оңтүстікте Арал теңізінің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жеткен.

Үйсін – Жетісуда кең жайылған ел. Төбе биден – Майқы би, одан – Бақтияр, Бақтиярдан: Үйсін, Ойсыл.

Шапырашты – Бәйдібектің Жалмамбет атты ұлынан тараған тайпа. Шапыраштыдан: Асыл, Шыбыл, Екей, Еміл, Есқожа, Айқым.

Шымыр – Дулаттан тараған рулардың бірі.

Ысты – Жалмамбеттен өрбіген тайпа. Ыстыдан – Жауатар, одан Ойық, Тілік тарайды.

**СӨЗДІК**

Арсы, ғаршы /а/ – тақ; ғарыш; аспан.

Аңлау /т/ – түсіну, білу.

Балшебек /о/ – В.И. Лениннің ізбасарлары, марксистік ілімді тоталитарлық идеологияны дәріптеушілер.

Барпы – улы шөп.

Бейіс – жеңсік ас, таңсық ас.

Белет /о/ – билет.

Бент, бәнд /п/ – бекіту, байлау мағынасында.

Бөз – мақтадан тоқылған жұқа мата.

Ғазал /а/ – соңғы екі жолы ұйқасып келетін шығыс халықтарының лирикалық өлең өлшемі.

Ғаріп, кәріп, кәсір /а/ – бейшара, мүсәпір.

Геп /п/ – сөз.

Жамбы, жамбы ату – қазақ, халқында кең тараған мергендік сынның бір түрі. Атпен шауып келе жатып жігіттер екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлауға тиіс болған.

Жамиғат /а/ – көпшілік, жиналған халық.

Жәуміт – түрікмен халқының арғымақ жылқы тұқымы.

Закоске /о/ – тіскебасар.

Закүн /о/ – заң, қағида.

Здавайттау /о/ – беру; өткізу; тапсыру.

Зекет /а/ – мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық.

Зұлжалал /а/ – мәртебелі; Алланың 99 есімінің бірі.

Кәлам /а/ – сөз.

Кірестиан /о/ – шаруа адамы.

Кіреуке – жейде түрінде жасалған, дөңгелек металл шығыршықтардан өрілген торлы сауыт.

Құшыр – XIII-XIV ғасырларда көшпелі тұрғындардан жиналатын, жан басына салынатын негізгі салық.



Мәуірт – асығыс, тез.

Мизам /а/ – заң, ереже; тура мағынасында қыркүйек айының ескі атауы.

Мұқам /а/ – мақам; сөзді ырғағына келтіріп айту.

Міскін /а/ – бейшара, ғаріп.

Пәрмен /а/ – бұйрық.

Панар /о/ – жарық, сәуле.

Пестон /о/ – қарудың от алдырғыш бөлігі.

План /о/ – жоспар.

Пристов /о/ – Ресей өкіметі тағайындаған заң орындаушы.

Уәжіп /а/ – міндет, борыш.

Өтен – Отан.

Сағит /а/ – бақытты, ырысты; аман-есендік; саулық.

Сафа – жақсы; таза

Сәурік – 3-4 жасар үйірге түспеген айғыр.

Старшын /о/ – Ресей өкіметі тағайындаған ұсақ билеушілер. Ру ішіндегі шағын топтарды басқарған.

Роман земескей – патша өкіметінің жер салығын жинаушы адамы

Тырашмоңке – үш аяқты арба.

Үпірмәлік – дәрі шөптің аты.

Часабай /о/ – күзетші.

Шаһит /а/ – шейіт. Алла жолында құрбан болған, Хақ жолында жан қиған адамды шаһит деп атаған.

Іптида /т/ – бастама; бастау.



Пайдаланылған әдебиеттер

Қолжазбалар:

1. Жамбыл мен Досмағамбет айтысы // ҮКМ
2. Нүрила мен Жамбылдың айтысы // ОҒК: 250/2-бума
3. Нүрила мен Жамбылдың айтысы // ОҒК: 250/3-бума
4. Құлмамбет пен Жамбыл // ОҒК: 317/3-бума
5. Жамбыл мен Шашубай // ОҒК: 645/2-бума
6. Жамбыл мен Айкүміс // ӘӨИ: 160-бума
7. Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы // ӘӨИ: 440-бума
8. Майкөтпен дидарласу // ӘӨИ: 444-бума
9. Тоқтағұл мен Жамбыл // ӘӨИ: 713-бума

Әдебиеттер:

1. Жамбылдың өлең-жырлары. – Алматы–Мәскеу: Қазкөркемәдеббас, 1938.
2. Жамбыл. Шығармаларының жинағы. 1 том. / Редколлегия: Т.Жароков, Ғ.Орманов, Қ.Сағындықов, Е.Ысмайылов, Ә.Тәжібаев. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1940.
3. Жамбыл. Шығармаларының толық жинағы. 1 том. / Редакциясын қарағандар: С.К. Кеңесбаев, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаев (редактор). – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1946.
4. Жабаев Жамбыл. Шығармалар жинағы. 3 томдық. 1 том. / Редколлегия: Н.Сауранбаев, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова (жауапты ред.), Құраст. Қ.Тұрғанбаев, Т.Сыдықов. – Алматы, 1955.
5. Жабаев Жамбыл. Шығармалар жинағы. 3 томдық. 2 том. / Редколлегия: Н.Сауранбаев, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова (жауапты ред.), Т.Сыдықов. Құраст. М.Ғұмарова, О.Нұрмағамбетова, З.Сейтғаппарова.– Алматы, 1955.
6. Жабаев Жамбыл. Шығармалар жинағы. 3 томдық. 3 том. – Алматы, 1955.
7. Жабаев Жамбыл. Шығармалар: (Шығармаларының толық жинағы, үшінші рет басылып шығуы). / Ред алқасы: М.О. Әуезов, М.Базарбаев, Е.Исмаилов, О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова. Құраст. О.Нұрмағамбетова, М.Ғұмарова, Т.Сыдықов. – Алматы: Қазақтың мемл. Көркем әдебиет баспасы, 1957.



8. Жабаев Жамбыл. 2 томдық шығармалар жинағы: 1 том. Жыр-дастандары. / Құраст.: С.Садырбаев, К.Сейдеханов. – Алматы, 1982.
9. Жабаев Жамбыл. 2 томдық шығармалар жинағы: 2 том. Жыр-дастандары. / Құраст.: С.Садырбаев, К.Сейдеханов. – Алматы, 1982.
10. Ескі әдебиет нұсқалары. Құр.С.Сейфуллин. – Алматы, 1931.
11. С.Сейфуллиннің көптомдық шығармалар жинағы. Құр.Т.Кәкішев. 9-том.– Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2008.
12. Құланаян Құлмамбет. Сөзімнің қыл сыймайды арасына. – Құр.Т.Әлбеков. – Алматы, 1998.
13. Сарыбайұлы Б. Абақты дәптері. – Бішкек, 1998.
14. Әзірбаев К. Аңыздар сыры. – Алматы, 1969.
15. Тастанбеков Ү. Айтыстың ақтаңгерін білеміз бе? // Жетісу. – 2011. – 13 қазан.
16. Арабско-русский словарь. Составитель Х.К.Баранов. – М.,1968.
17. Древнетюркский словарь. – Л., Наука, 1969.
18. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.
19. Персидско-русский словарь. – Москва, 1970.
20. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012.
21. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005.
22. Жамбыл Ж. Толық шығармалар жинағы. – 4 томдық. Құрастырған, түсініктемелерін жазған: Р. Әбдіғұлов. Т. 1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат баспасы», – 2012.
23. Жамбыл Ж. Толық шығармалар жинағы. – 4 томдық. Құрастырған, түсініктемелерін жазған: Р. Әбдіғұлов. Т. 1: 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат баспасы», – 2014. – 304 б.



Шартты қысқартулар

ӘӨИ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК – Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ – Қолжазба қоры

Ш – шифр

дәп – дәптер

а – араб

о – орыс

п – парсы

т – түркі, көне түркі

тат – татар

ҮКМ – Үмбетәлі Кәрібаев атындағы әдеби-мемориалды музейі



Түйіндеме

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған академиялық басылымының үшінші томына ақынның айтыстары топтастырылды. Жинаққа «Жамбыл мен Айкүміс», «Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы», «Бөлектің қызы мен Жамбыл», «Сары ақынмен қағысу», «Майкөтпен дидарласу», «Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны», «Жамбыл мен Бөлтірік», «Құлмамбет пен Жамбыл (*Сәкен Сейфуллин жариялаған нұсқа*)», «Құлмамбет пен Жамбыл (*Үмбетәлі Кәрібаев жеткізген нұсқа*)», «Жамбыл мен Сарбас (*С.Шарипов жазып алған нұсқа*)», «Жамбыл мен Досмағамбет», «Жамбыл мен Шашубай», «Жамбыл мен Балық», «Жамбыл мен Молда Бағыш», «Тоқтағұл мен Жамбыл», «Нұрила мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі» сынды айтыстары енді.

Жамбыл айтыстарының ішінде алғаш «Жамбыл мен Құлмамбет айтысы» 1931 жылы Сәкен Сейфуллин дайындаған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарық көрген. Мұнан соң 1940 жылғы ақынның жеке жинағында Құлмамбетпен, Сарбаспен, Досмағамбетпен, Шашубаймен болған айтыс үлгілері жарияланған. Ал, 1946 жылғы басылымында Жамбылдың 12 айтысы берілген. Мұнан кейінгі әр жылдарда жарық көрген (1955, 1957, 1982, 1996) жеке жинақтарында ішінара редакцияланған сөз-сөйлемдер болмаса, осы айтыстар өзгеріссіз қайта басылып отырған. Тек 2012 (2014) жылғы ҚазҰПУ жанынан құрылған «Жамбылтану және халық ақындары» ғылыми-зерттеу институты дайындаған Жамбыл Жабаевтың 4 томдық толық шығармалар жинағының бірінші томында кей айтыстардың нұсқаларын есепке алмағанда (Құлмамбет және Сарбас) 14 айтыс мәтіні жарияланды. Мұнда Жамбылдың қырғыз ақындары Молда Бағыш және Балық ақындарымен болған қағысулары алғаш ақын жинағына енгізілді.

Бұған дейінгі ақынның жеке жинақтарына енген айтыс мәтіндеріне текстологиялық тұрғыдан жүйелеу, сараптау жұмыстары жүргізілмеген. Томды дайындау барысында ҚР «Ғылым ордасы»



Орталық ғылыми кітапханасы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорлары мен Жамбыл Жабаев және Үмбетәлі Кәрібаев әдеби мемориалды музейлерінен табылған айтыс қолжазбалары басылым нұсқаларымен жолма-жол салыстырылып, алғаш рет жүйелі текстологиялық саралаудан өтті. Нәтижесінде Кеңес өкіметі тұсындағы идеологиялық қысымның салдарынан қалып қойған, құрастырушылар жағынан редакцияланған, сызып тасталған өлең жолдары, шумақтары, мәтіндегі өзгерістер толық қалпына келтірілді. Сонымен қатар кітап түсініктер, айтыс қолжазбаларының факсимилесі мен фото-шежіресі, есімдер көрсеткіші, айтушылар мен жинаушылар туралы мәлімет, ру атаулары, сөздіктер сияқты қосымшалармен жасақталды.



Резюме

В третий том академического издания, посвященного 175-летию Жамбыла Жабаева, включены айтысы поэта. В сборник вошли следующие айтысы: «Жамбыл и Айкумис», «Знакомство Жамбыла с поэтом Бактыбаем», «Дочь Болека и Жамбыл», «Спор с Сары акыном», «Встреча с Майкот», «Что ответил Жамбыл старику Шыбылу», «Жамбыл и Болтирик», «Кульмамбет и Жамбыл (версия Сакена Сейфуллина)», «Кулмамбет и Жамбыл (версия, записанная Умбетали Карибаевым)», «Жамбыл и Сарбас (версия записанная С. Шариповым)», «Жамбыл и Досмагамбет», «Жамбыл и Шашубай», «Жамбыл и Балык», «Жамбыл и Молда Багыш», «Токтагуль и Жамбыл», «Нурила и поэтические айтысы и суждение Жамбыла». Один из айтысов вошедший в этот том – айтыс «Жамбыла и Кульмамбета» впервые опубликованный в 1931 году в сборнике «Версии старинной казахской литературы», подготовленном Сакеном Сейфуллиным. Затем в сборнике поэта, выпущенного в 1940 году были опубликованы образцы айтысов с Кульмамбетом, Сарбасом, Досмагамбетом, Шашубаем. Сборник произведений Жамбыла, опубликованный в 1946 году содержит 12 айтысов Жамбыла. Потом эти сборники переиздавались без изменений (если не брать во внимание редактуру отдельных слов и предложений), в разные годы (1955, 1957, 1982, 1996).

В первом томе 4-томного собрания сочинений Жамбыла Жабаева, подготовленного НИИ «Жамбыловедение и народные акыны» и выпущенного КазНПУ в 2012 (2014 г.), опубликовано 14 текстов айтысов, за исключением некоторых вариантов (Кулмамбет и Сарбас). В этом сборнике впервые увидели свет айтысы Жамбыла с кыргызскими поэтами Молда Багыш и Балыком. Ранее при подготовке сборников поэта, не проводилась ни аналитическая работа ни систематизация айтысов с текстологической точки зрения. При подготовке настоящего тома, впервые подверглись системному текстологическому анализу и построчно сопоставлены с печатными версиями рукописи, обнаруженные в Центральной



научной библиотеке РК «Гылым ордасы», в Фонде рукописей Института литературы и искусства имени М. О. Ауэзова и Литературно-мемориальных музеях Жамбыла Жабаева и Умбетали Карибаева.

В результате такой работы были полностью восстановлены вычеркнутые строки, строфы, поправки, имевшие место в тексте стихотворений, в связи с идеологическим давлением в советское время. В книгу также включены в качестве приложений факсимиле и фотохроника рукописей айтысов, указатель имён, сведения о рассказчиках и собирателях айтысов, их родовой принадлежности, подготовлены словари.



Summary

The third volume of the academic issue, dedicated to the 175th anniversary of Zhambyl Zhabayev, includes a collection of the poet's aitys. This volume includes the following aitys: «Zhambyl and Aikumis», «Zhambyl's acquaintance with the poet Baktybay», «Bolek's daughter and Zhambyl», «Dispute with Sary akyn», «Aitys with Maykot», «What Zhambyl answered to the old Shybyl», «Zhambyl and Boltirik», «Kulmambet and Zhambyl (version recorded by Saken Seifullin)», «Kulmambet and Zhambyl (version recorded by Umbetali Karibayev)», «Zhambyl and Sarbas (version recorded by S. Sharipov)», «Zhambyl and Dosmagambet», «Zhambyl and Shashubai», «Zhambyl and Balyk», «Zhambyl and Molda Bagysh», «Toktagul and Zhambyl», «Nurila and poetic aitys with refereeing of Zhambyl».

One of the aitys included in this volume is the aitys between «Zhambyl and Kulmambet» first published in 1931 in the collection «Versions of ancient Kazakh literature» prepared by Saken Seifullin. In the poet's collection, published in 1940, samples of aitys with Kulmambet, Sarbas, Dosmagambet, Shashubai were published. The collection of works of Zhambyl, published in 1946, contains 12 aitys of Zhambyl. Later these collections were republished without changes (if we do not take into account the editing of some particular words and sentences), in different years (1955, 1957, 1982, 1996).

In the first volume of the 4-volume collected works of Zhambyl Zhabayev, prepared by the Scientific Research Institute «Zhambyl works and folk poets» and published by KazNPU in 2012 (2014), 14 texts of aitys were published, with the exception of some variants (Kulmambet and Sarbas). This collection first published the aitys of Zhambyl with Kyrgyz poets Molda Bagysh and Balyk. Earlier, when preparing the poet's collections, neither analytical work nor systematization of aitys from a textological point of view was carried out.

While preparing this volume, for the first time the manuscripts, found in the Central Scientific Library of the Republic of Kazakhstan «Gylym Ordasy», in the Manuscript Fund of the Auezov Institute of Literature and Art and the Literary Memorial Museums of Zhambyl Zhabayev and Umbetali Karibayev underwent systematic textual analysis and compared line by line with the printed versions.

As a result of this work, the crossed out lines, stanzas, amendments in the text of the poems (aitys), due to ideological pressure in Soviet times, have been completely restored. The book also includes as attachments facsimiles and photo chronicles of aitys manuscripts, an index of names, information about the storytellers and collectors of aitys, their genus, dictionaries have been prepared.



МАЗМҰНЫ

АЙТЫСТАР	5
Жамбыл мен Айкүміс	7
Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы.....	10
Бөлектің қызы мен Жамбыл.....	13
Сары ақынмен қағысу.....	15
Майкөтпен дидарласу.....	17
Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны	20
Жамбыл мен Бөлтірік.....	22
Құлмамбет пен Жамбыл (<i>Сәкен Сейфуллин</i> <i>жариялаған нұсқа</i>).....	24
Құлмамбет пен Жамбыл (<i>Үмбетәлі Кәрібаев</i> <i>жеткізген нұсқа</i>).....	33
Жамбыл мен Сарбас.....	49
Жамбыл мен Досмағамбет.....	146
Жамбыл мен Шашубай.....	172
Жамбыл мен Болық.....	184
Жамбыл мен молда Бағыш.....	186
Тоқтағұл мен Жамбыл	189
Нұрилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі	192
АЙТЫС ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ФАКСИМИЛЕСІ	209
Жамбыл мен Құлмамбет ақынның айтысқаны.....	211
Жамбыл мен Сарбас айтысқаны.....	242
Жамбыл мен Досмағамбет ақынның айтысы.....	383
Жамбыл мен Шашубайдың айтысқаны.....	401
ФОТО-ШЕЖІРЕ	421
ҚОСЫМШАЛАР.....	453
Түсініктер.....	455
Есімдер көрсеткіші.....	513
Жинаушылар туралы мәлімет	524
Жер-су атаулары	527
Ру атаулары.....	531
Сөздік	533
Пайдаланылған әдебиеттер.....	535
Шартты қысқартулар.....	537
Түйіндеме	538
Резюме.....	540
Summary.....	542

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ЖАМБЫЛ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

ҮШІНШІ ТОМ

Айтыстар

Фотосуреттер Жамбыл Жабаевтың
әдеби-мемориалды музейінің қорынан алынды

Компьютерде қалыптаған Жұмағалиев А.

Басуға 07.07.2021 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60х90^{1/16}. Баспа табағы 34,0.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды